

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Г. Қ. Қортабаева

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

УДК 11.51.1'362 (075.8)

Қ 66

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл)*

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Р.А. Авакова**

Қортабаева Г.Қ.

Қ 66 Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы / Г.Қ. Қортабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 302 б.

ISBN 978-601-04-2103-5

«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты оқу құралы түркі тілдерінің және жеке түркі тілдерінің дыбыс өзгерістері, түбір мәселелері грамматикалық сипаты мен ортақ жақтарын, ерекшеліктерін, морфологиялық формалары салыстырмалы аспектіде қарастырған еңбек болып табылады.

Оқу құралындағы материалдар мен тұжырымдар гуманитарлық факульттерде түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, морфологиясы, синтаксисі бойынша ғылыми курстардан дәріс оқуда, арнайы курстар мен семинарлар өткізуге, көмекші оқу құралдарын дайындауда септігін тигізеді. Сондай-ақ жинақталған тілдік материалдарды тарихи этимологиялық зерттеулер мен лексикографиялық еңбектерде де пайдалануға болады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен түркітану, қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі: екі шет тілі мамандықтарында оқитын магистранттар мен бакалаврлар, сонымен қатар мен PhD докторанттары мен ізденушілерге, сондай-ақ жалпы тіл мамандарына арналады.

УДК 11.51.1'362 (075.8)

Fed quod potui, faciant meliora potentes!
Мен қолымнан келгенді тындырдым,
басқалар артық жасай берсін!
(Марк Туллий Цицерон)

АЛҒЫСӨЗ

Үстіміздегі ХХІ ғасыр жаһандану дәуірі деп аталып отыр. Жаһандану заманында өзін «мәңгілік ел» еткісі келген әрбір мемлекет өздерінің тіл саясатын барынша күшейтуде. Қазіргі таңда дүние жүзінде 200 миллионнан астам түбі бір түркітілдес, туыстас түркі халықтарының интеграциясының басты мақсаты: батыстану мен жаһанданудың сан түрлі жат пиғылдарынан құтылу ғана емес, сонымен қатар «түркі дүниесі, түркі өркениеті, түркі мәдениеті, түркі тілі, түркі тарихы» деген көкейтесті мәселені жұмыла көтеру болып отыр. Олар қиырдағы Сібірден сонау Қара теңіз бойы мен Еуропаға дейінгі ұшан-теңіз аумақта өмір сүріп жатыр. Осы жау жүрек түркі халықтарының арғы бабалары сақтар мен ғұндар, қыпшақтар мен оғыздар Еуразияның байтақ даласында ұлы қағандықтар мен хандықтар құрып, елі мен жерін, тілі мен ділін, тарихы мен салт-дәстүрін, ата заңын, көшпелі өркениеттің құндылықтарын қалыптастырды.

КСРО тарағаннан кейін әр ел тәуелсіздігін алғалы түркі мемлекеттерінің бірнеше саяси-экономикалық, рухани-мәдени басқосулары іске асырылып келеді. Заманның небір аласапыран жылдарында, бір-бірінен ажырап кеткен туыстас түркі тілдес мемлекеттер мен түркі халықтарының бүгінде бастары қайта бірігіп, мәдени, экономикалық және саяси интеграциялары қарқынды дамуда. Интеграцияға бейімделе бастаған әлем халықтары өзара мүдделес, мақсаттас, тарихы мен тамыры жақын бауырлас, туысқан елдермен бірігуге ұмтылады. Қазақстан үшін түрік, әзірбайжан, түркімен, татар, башқұрт, саха, өзбек, қырғыз сияқты т.б. түбі бір түркі елдерімен бірігу қай жағынан болсын тиімді.

«Түркі мемлекетінің құрылуы – бүкіл адамзат тарихының бетбұрыс кезеңі. Түркілердің қоғамдық өмірі мен әлеуметтік

институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел, меншіктің сатылық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік дәстүрі, сондай-ақ көрші отырған елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы танқалдырады» деп жазған екен ұлы дала халықтарының тарихын зерттеген ғалым Лев Гумилев.

Түркі халықтарының ежелгі мәдениетін білу деген сөз – өз туған халқымыздың, тарихын мәдениетін білу деген сөз, сол сияқты жалпы түркі халықтары тілдерінің, яғни түркі тілінің ертедегі тарихын білу деген сөз – өз ана тіліміздің тарихын білу деген сөз. Түркологияны білудің қажеттігі, міне, осында.

Түркологияда жинақталған орасан мол салыстырмалы материалдар негізінде қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін анықтау, олардың қазіргі қалпын көне тілдердегі тарихи дамуымен салыстыра көрсету, грамматикалық категориялардың қалыптасуының ішкі-сыртқы заңдылықтарын түсіндіру – «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» пәнінің мүддесі болып табылады.

Ұсынылған «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты оқу құралының ғылыми-теориялық зерттеу нәтижелері мен ғылыми гипотезалары, әр дәуірдің, белгілі бір кезеңнің басты ерекшеліктерін көрсететін тілдік материалдарды жаңа үлгі, басқа форматтағы оқулықтар дайындау барысында пайдалануға болады деп ойлаймыз.

Қазіргі түркітанудың міндеттері – осы өзекті де күрделі мәселелерді шешу.

Бұл да – түркі тілдерінің бір феномені.

КІРІСПЕ

Жаһандану дәуірінде түркі тілдерін сақтау мен дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазіргі заманның үрдісі ағылшын тілін меңгертуге ұмтылуда. Түркі әлемі: түркілік мәдениет, түркілік дүниетаным, түркілік философия т.б. әлемдік түркітанушылық ой-түйінін зерделеп, түркі халықтарының ұлттық дүниетанымына негіздей отырып, өзіндік ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын ұғыну, әлемдік кеңістікте түркі тілдерінің қазіргі жетістіктерін салыстырып зерттеу және «кеңестік түркітану мектебі» дәстүрін жалғастырып келе жатқан отандық және ТМД елдеріндегі түркітану зерттеулері негізге алынды. Қазіргі түркітанудың жетістіктері мен жаңа бағыттары әрбір түркі халықтарының өзіндік рухани тәжірибесіне сәйкес маңызды міндеттер мен қызмет атқаратын тарихи-тілдік деректерді зерттеуге жаңа талаптар қойып отыр.

«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» арнайы пән болып жоғары оқу орындарында курс ретінде оқытылғанына жарты ғасырдай уақыт болды. Университеттің шығыстану факультетінің 5В021200 – түркітану мамандығында оқу жоспарына сәйкес 3 кредиттік жүйемен негізгі жұмыс жоспары бойынша жүргізіліп келеді.

Пәннің мақсаты:

«Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» барлық түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтарды айқындап, түп негізін тануға, түркі тілдерінің даму жолдары мен жүйесін анықтауға бағытталады, түркі тілдерінің фонетикасы мен грамматикалық құрылысын, олардың тектестігін дәлелдейтін ұқсастығы мен даму процесінде пайда болған өзгешеліктерін, әр түркі тілінің өзіндік тілдік туысқандық, фонетикалық-грамматикалық ортақ заңдылықтарымен бірге, оларды басқа тілдік жүйедегі тіл-

дерден ерекшелейтін белгілерін, бір тілмен екінші тілді салыстыра зерттей отырып кешенді түрде оқыту болып табылады.

Пәннің міндеттері:

- түркі тілдерінің тектестігін дәлелдейтін ұқсастық пен даму процесіндегі пайда болған өзгешелігін айырып көрсету;
- түркі тілдерінің зерттелу тарихы, олардың топтастырылуы, жүйесі, өз алдына жеке топтастыру ретінде ерекшелейтін белгілерін үйрету;
- түркі тілдерінің негізгі ерекшелігі – жалғамалы тілдерге жататын айырмашылықтар мен ұқсастықтарын меңгерту;
- түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі, вокализмдер мен консонантизмдердің фонетикалық құрамын салыстырып зерттей білу;
- түркі тілдерінің грамматикалық құрылысы жөнінде мағлұмат беру.

«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәні қазіргі түркі тілдерін бір-бірімен өзара салыстырумен қатар ескі жазба мұралардағы ерекшеліктерді, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысын бір-бірімен салыстырып қарастырады және соңғы кездері жарық көрген ғылыми зерттеулердің жаңа теориялық қорытындылары мен тұжырымдары, практикалық еңбектер барынша кеңінен қолданылды.

«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәнінің басты міндеті – студенттерге түркі тілдерінің зерттелу, топтастырылу принциптері, әр түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерінен мәлімет беру, оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету.

Студент курсты бітіргеннен кейін білуі тиіс:

- түркі тілдерінің әдебиеті, тарихы, мәдениетінің қалыптасу жолдары мен түркілердің шаруашылық іс-әрекеті мен өмір сүру құндылықтары мен салт-дәстүрлерінің ортақ мәдени мұраға тоғысатын ерекшеліктерін білу;
- Еуразия кеңістігіндегі түркі тілдес мемлекеттердің мәдени қарым қатынастарының теориялық-әдістемелік негіздерін.

Студент қолдана білуі керек:

- қазіргі түркі тілдес мемлекеттердің әдебиеті мен тарихына, тілі мен мәдениетіне қатысты әдебиеттерді сараптап, саралай және талдай алуда;

- жаһандану үдерісіне өзіндік болмыс-бітімімен араласа алатын, әлемдік ақпараттық кеңістікке ұлттық мүддені ескере отырып, еркін бойлай алатын, бәсекеге қабілетті кәсіби маман ретінде;

Студент меңгеруге тиіс:

- түркітілдес халықтардың қазіргі қоғамда саяси-әлеуметтік және мәдени компоненттерінің негізінде ықпалдауының бағыттарын талдауды;
- түркі әлемінің үлгісі, оның қалыптасу тарихы және әлеуметтік-мәдени, этномәдени, тілдік құрамдас бөліктерінің жалпы филологиялық негіздерін;
- түркітанымдық кәсіби, ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттерде, түркітанудың ғылыми мәселелерін шешуді.
- түркітанушы маманға кәсіби күзiретiлiгi бойынша қойылатын талаптарға сәйкес әртүрлі салада бейімділік.

Салыстырмалы грамматиканың мақсаты – қазіргі түркі тілдерінің жеке және жалпы сипатын, өзіндік ерекшеліктерін бір-бірімен салыстыра отырып, жан-жақты терең қарастыру. Салыстырмалы грамматика деп аталатын оқу пәні тілдің барлық салаларының (фонемалар жүйесі, морфологиялық құрылымын, синтаксисін) қалыптасуы мен даму, өзгеру жолдары мен бағыттарын зерделеп түсіндіреді. Сөйтіп, «Салыстырмалы грамматикада» тек тарихи грамматика емес, тарихи фонетика да қарастырылады. Өйткені дәстүрлі түркітанымдық зерттеулерде тілдің барлық салаларының даму заңдылықтары мен өзгеру бағдарларын айқындауда салыстырмалы фонетиканың рөлі жоғары.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты – түркі тілдерінің кеңестік кезеңдегі және кеңестік кезеңнен кейінгі, жаһандану кезеңіндегі бәсекеге қабілеттілік мүмкіндігін анықтау болып табылады. Бұл болашақ түркітанушыларға түркі мәдени құндылықтарын зерттейтін маман кадрлар, түркітанушылар дайындау лингвистикалық, әдебиеттанымдық, мәдениеттанымдық және әлеуметтік зерттеулер жүргізуді, тарихи және мәдени бағытта түркітанудың пән ретінде даму үдерістерінің тарихи жолын бағамдай білу.

Еңбектің теориялық құндылығы әлемдік өркениеттегі ғылыми жауһарлар, қазіргі түркологиялық ғылымның негізін салған ғылыми зерттеулердің ортақ мұраға айналуы, тегіміз бір, тари-

хымыздың ортақтығын ортақ пайдалану, қазіргі түркі тілдері туралы түркологтардың жеке көзқарастары мен пікір қайшылықтарын саралау, түркі әлемінен көз жазбай, бабадан қалған асыл мұраны – тілді бірлесе игеру, дамыту туралы идеяны маңызды стратегиялық міндет ретінде қоя білуінде.

Оқу құралының практикалық құндылығын түркітілдес елдердің интеграциялау және жаһанданудың үдерістеріне бейімделу, мәдени коммуникацияның мәдениет пен өркениет контекстінде қарастыруында деп санаймыз.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

1. Түркі тілдерін классификациялау принциптері.

Түркі тілдерін генеалогиялық-тарихи тұрғыдан классификациялау – түркі тілдерінің даму жолын анықтаудағы маңызды фактор. Түркі тілдерін тілдік және ареалдық мақсатпен жіктеудегі артықшылықтар мен кемшіліктер. Махмұт Қашқаридың түркі тілдері бойынша жасаған классификациясының тарихи маңызы. А. Ремюза, В.В. Радлов, Ф. Корш, А.Н. Самойлович, В.А. Богородицкий, С.Е. Малов т.б. зерттеушілердің түркі тілдеріне жасаған классификациялары, ұстанған принциптері. Шетел түркітанушылары И. Бенцинг пен К. Менгестің классификациялық тәжірибелері.

Н.А. Баскаковтың генеалогиялық классификациясы және оның жіктеу принциптері. Классификациялаудағы соңғы жаңалықтар. Түркия ғалымы Т. Текин, А.В. Дыбо мен О.А. Мудрак, М.Т. Дьячоктың еңбектеріндегі жіктеме. Қазіргі жіктемелерге шолу.

2. Салыстырмалы-тарихи әдіс.

Салыстырмалы-тарихи әдістің XIX ғ. соңы және XX ғ. басында түркологиялық зерттеулерде қолданыла бастауы. Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің іргетасының қалануы. Тарихи-салыстырмалы әдістің басты ұстанымы – тілдердің, тілдік фактілердің тарихи байланысы мен жүйесін сақтай отырып салыстыру. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің мақсаттарының бірі қазіргі белгілі тілдердің ата тілінің өзгерістерін зерттеу, яғни қайта құру (реконструкция) деген құбылыстың негізгі қағидаларын анықтау. Реконструкцияның тілдік бірліктері – фонема, морфема, лексема, синтаксема, просодема т.б. Алғашқы салыстырмалы-тарихи әдістер: О. фон Бетлинг пен В.В. Радлов, Л.З. Будагов еңбектерінен көрініс табуы.

3. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы.

Қазіргі түркі тілдерінің тіл дыбыстарының жүйесі, жасалу ерекшеліктері. Түркі тілдерінің дыбыстық сипаты, олардың өзгешеліктері, өзіндік ұқсастықтары.

Салыстырмалы-тарихи фонетика және фонологияның мақсат-міндеттері мен аспектілері. Түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі және олардың құрылымдық типтері. Бұлғар, қыпшақ, қарлұқ, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтарындағы дауыстылар жүйесіндегі ортақтықтар мен өзгешеліктер. Прототүркілік дауыстылар вокализм және консонантизмдер.

Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар және олардың шығу тегі жайлы пікірлер. Прототүркілік дауыстыларының қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі. Түркі тілдерінің созылыңқы дауыссыздар жүйесі. Дауыссыздардың арғытүркі қалып күйі. Созылыңқы дауыссыздар сәйкестігі және олардың арғытүркілік реконструкциясы.

«Дауысты-дауыссыздар» сәйкестігі және олардың арғытүркілік реконструкциясы. Жекелеген дыбыстардың тарихи даму жолы. Түркі тілдеріндегі ортақ фонетикалық заңдылықтар және йотация, ламдацизм, ротацизм құбылыстары.

4. Салыстырмалы-тарихи морфология.

Тілдің грамматикалық құрылысының басты ұғымдары. Сөздің морфологиялық құрылымы. Морфема туралы түсінік. Сөз таптары. Зат есім. Көптік категориясындағы реликт қосымшалар. Тәуелділік категориясы. Сын есім және оның шырайлары. Сын есімді салыстыра зерттеудің кейбір мәселелері. Сан есімнің ерекшеліктері. Мөлшер мәнді сөздер. Сандық атаулар және оларды реконструкциялау мәселесі, санау жүйесі. Есімдік. Жіктеу есімдігінің арғытүркілік қалып-күйін реконструкциялау мәселесі. Сілтеу есімдігінің реконструкциясы мәселесі. Үстеу және оның генезистік мәселесі. Етістік және етістік категориясы. Етіс категориясы. Рай категориясы. Шақ категориясы. Етістік. Есімше және көсемше. Көмекші сөздер.

5. Түркі тілдерінің синтаксистік құрылымы.

Түркі тілдерінің типологиялық құрылымы (агглютинативтік). Сөз тіркесі синтаксисі. Сөздердің байланысу тәсілдері. Жай

сөйлем және оның грамматикалық типтері. Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің түрлері, олардың жасалу жолдары.

Түркі тілдерінің жүйесіне тән оларды өз алдына жеке топтастыру ретінде ерекшелейтін белгілері бар салыстырмалы синтаксис, сөйлем мүшелерінің жасалуы, құрмалас сөйлемдердің тарихи даму кезеңдері, құрмаласу тәсілдерінде қазақ тіліне ұқсастық пен өзгешеліктерін лингвистикалық тұрғыдан талдау. Сөйлемдегі оқшау сөздер: қаратпа, қыстырма сөздер. Төл сөздер мен автор сөзінің жасалу жолдарындағы ерекшеліктер.

6. Түркі тілдерінің әлеуметтік лингвистикалық проблемалары.

Түркі әлеміндегі диалектілер мен тілдердің айырмашылықтары; түркі әлемін сақтап қалудағы ортақ тіл мәселесі; түркі тілдес халықтардың әліпбилері; түркі әлемінің ортақ сипатын көрсетуші түп-тамырды іздестіру, түркі халықтарының көне тамырлық мұраларының корпусын құру.

7. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасына қатысты зерттеулер.

«Языки мира» сериясы. Түркі тілдері және түркі тілдес халықтардың таралу ареалы. XX-XXI ғғ. түркі тілдерінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі туралы зерттеулерге шолу. Жекелеген түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы туралы еңбектерге сипаттама.

ДӘРІСТЕР

1-дәріс. Түркі тілдерін классификациялау: ғылым мен саясат принциптері

Сұрақтар:

1. Түркі тілдерін топтастыру принциптері.
2. Тарихи-салыстырмалы әдістің функциялары.
3. Тілдерді реконструкциялау.

Тірек сөздер: түркі тілдері, реконструкция, орыс түркологиясы, хронология

Түркі тілдерінің жіктелімі (классификация)

Түркі тілдерін ХІХ ғасырдың 2-жартысынан бастап орыс зерттеушілері Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринскийлер жан-жақты зерттей бастады. Бұл ғасыр түркі тілдері үшін «алтын ғасыр» болып тарихта қалды: орыс түркологиясы әлемдік шығыстану ғылымының алдыңғы сапынан көрінді. Барлық түркі тілдері сол кезеңде орыс ғалымдарының ғылыми-зерттеу нысанына айналды. Патшалық Ресей қол астындағы шығыс халықтарын орыстандыру арқылы өз үстемдігін жүргізбекші болды, оларды ортақ бір тілде сөйлету жолында миссионерлік саясатты жүзеге асыруға бар күш-жігерін салып бақты: бұл саясат орыс түркітанушылары арқылы жүзеге асырылды. Олардың алдына үлкен міндеттер жүктелді, яғни өз еңбектерін түрік грамматикасымен байланыстыра зерттеу басты нысанға алынды. Орыс және Батыс Еуропа ғалымдары түркі тілдерін тарихи және ғылыми тұрғыдан зерттеуді осы кезеңнен бастап нақты қолға алды.

Түркі тілдерін зерттеудің алғашқы қадамы **Махмұд Қашғаридің** «Диуанынан» басталады. Ол түркі тілдерін фонетикалық, морфологиялық, лексикалық белгілеріне сүйеніп **оғыз, қыпшақ, түрки** деп бөледі: Орта Азияны мекендеген түркі халық-

тарын солтүстік, оңтүстік деп 2 түстікке бөледі, әр түстік құрамына енетін халықтар тізімін береді. Сондай-ақ түркі тілдерін оғуз, қыпшақ, түркі деп аталатын 3 топқа бөледі де, әр топқа жататын тілдердің бір-бірінен дыбыстық, грамматикалық, лексикалық өзгешеліктерін көрсетеді: беженек, қыфжақ, башғырт, татар, қырғыз тілдерін Рүмға жақын орналасқан тілдер қатарына қосады. Тек түрік тілінде ғана сөйлейтіндерге қырғыз, қыфжақ тайпаларын жатқызады, башғырт тілі аталған тілдерге жақын екенін, бұлғар тілі сөздердің соңын қысқартып айтатын түрік тілі екенін көрсетеді [МҚ, 64-66 б.].

Белгілі түркітанушы ғалым Әзиза Нұрмаханованың еңбегінде **Абель Ремюзаның** (1820) түркі тілдерін мынадай топтарға бөлетіндігін атап көрсетеді:

1. Якут группасы – якут тілі0
2. Уйғыр группасы – уйғыр, шағатай, түрікмен тілдері0
3. Ноғай группасы – татар тілі0
4. Қырғыз группасы – қырғыз, қазақ тілдері0
5. Түрік группасы – чуваш тілі [Нұрмаханова Ә., 1971].

Абель-Ремюза бұл классификацияға қосымша кейбір мағлұматтар берген, түркі тілдерде сөйлейтін халықтардың тұратын территориясын да атаған [Абель Овелақ].

В.В. Радлов өз еңбегін XVIII ғасырда Моңғолия, Шығыс Сібір жерінен табылған руникалық жазба ескерткіштерді оқудан (расшифровка) бастап, экспедиция ұйымдастырып жаңа жәдігерліктер табу, оларды тілдік тұрғыдан зерттеумен қатар, көптеген тірі тілдерінен тілдік деректер жинап жариялау, олардың негізінде ғылыми тұжырымдар жасау арқылы түркітану ғылымын жаңа белеске көтерді. В.В. Радлов түркі тілдерінің 4 тобын – шығыс, батыс, ортаазия және оңтүстік тобын атап көрсетті. Ол шығыс тобына Алтай, Барабин, Обь, Енисей түркілері мен шұлым татарларының тілін, сондай-ақ қарақас (тофалар), хақас, шор, тува тілдерін жатқызды. Батыс тобына Батыс Сібір татарлары, қырғыз, қазақ, башқұрт, татар және қарақалпақ тілдерінің (негізгі белгілері сөз басында қатаң q, k, t, p дыбыстарының келуі; сөз басында үяң b дыбысының қолданылуы; сөз басында үяң d дыбысының қолданылуы; дауысты дыбыстың алдында тұрған қатаңдардың үяңдануы; s ~ š, č ~ š, č ~ ts дыбыстарының сәйкес келуі; z, s, š дыбыстарының барлық позицияда қолданы-

луы; і дыбысының жуан-жіңішке нұсқаларының болуы жатқызылды [Радлов В.В., 1915].

Отандық және шетелдік түркітанушылар арасында кең таралып, қолдау тапқан 3 топтастыру бар: біріншісі – түркі тілдерін фонетикалық-морфологиялық белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай топтастырған **А.Н. Самойлович** классификациясы. Ол Радлов пен Корштың классификациясының дұрыс екендігін айтады: «Пытаясь в настоящей работе дополнить существующие классификации турецких языков, а не изменить из нового, а позволяю себе вносить некоторые изменения и в принятую различными учеными номенклатуру отделов системы турецких языков» [Самойлович А.Н., 1890]. А.Н. Самойлович түркі тілдерін фонетикалық және морфологиялық айырым белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай 6 топқа бөліп қарастырады:

I. **Р – тобы** бұлғар немесе чуваш тобы: 1) тыхыр (тоғыз), 2) ура (айақ, р > з>й, у > а), 3) пул (бол, етістік), 4) тау//ту (ағ-у), 5) сары (ғ-о), 6) қалан//йулна0

II. **Д – тобы**, ұйғыр немесе Солтүстік шығыс тобы: 1) токуз, 2) адақ//азақ, 3) пол, 4) тағ, 5) сарығ, 6) қалған негізгі белгілері жағынан бұл топ алдыңғы топқа қарама-қарсы деуге болады. Бұған Орхон-Енисей жазбалары тілі, көне ұйғыр тілі, қарағас, салар, тува, сары ұйғыр, шор, хақас тілдері жатады.

III. **Тау тобы**, қыпшақ немесе солтүстік батыс тобы: 1) тоғыз, 2) афақ, 3) бол//бул, 4) тау, 5) сары, 6) қалған. Бұған алтай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, казак, ноғай тілдері жатады.

IV. **Тағылық тобы**, шағатай, оңтүстік-шығыс тобы: 1) токуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сарық, 6) қалған. Бұған көне шағатай, Қытай Түркістаны тілдері, өзбек, қара татарлар (Сібірлік) тілдері жатқызылады.

V. **Тағлы тобы**, қыпшақ-түрікмен немесе орта топ, айырым белгілері: 1) токуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сары, 6) қалған. Өзбек тілінің хорезм говоры жатады.

VI. **Ол тобы**, түрікмен, немесе оңтүстік-батыс тобы: 1) докуз, 2) аяқ, 3) ол, 4) дағ, 5) сары, 6) қалан. Бұл топқа түрікмен, әзірбайжан, түрік тілдері жатқызылады.

Бұл классификация түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы тұрғыдан кейінгі зерттеулерге негіз болды.

В.А. Богородицкий (1934) барлық түркі тілдерін географиялық белгілері бойынша 7 топқа бөлді: солтүстік шығыс, хақас (абақан), Алтай, Батыс Сібір, Еділ-Орал маңы, ортаазиялық және оңтүстік батыс.

Орта Азия тобы: ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдері, ерекшелігі **š ~ s**;

Волга, Орал бойындағы түркілер тілі тобы: татар, башқұрт тілдері, **e ~ ij, o ~ u**

Батыс Сібір тобы: Чұлым, Барабин, Түмен, Тобыл татарлары

Оңтүстік Батыс тобы: құмық тілі

Солтүстік шығыс тобы: якут, қарағыс (тофалар), тува тілдері. Якут тілінің өзіндік ерекшелігі болып сөз басындағы **с**-ның жойылуы және өсіңкі дифтонгтардың дамуы табылады, **й > ч** және **ч > ш** алмасуы.

Хақас (абақан) тобы: сағай, бельтир, койбал, качин, қызыл говорлары, **ч > ш, с –** сөз ортасындағы алмасуы болып табылады.

Алтай тобы: алтай мен шор тілдері, оны қырғыз тілімен жақындастыратын дыбыстық және тұлғалық сипаттарын көрсетті [Богородицкий В.А., 1934].

Тілдерді топтастыруда ғалымдар тілдердің өзара жақындығын негізге алса, енді біреулері олардың туыстық, географиялық орналасу жақтарын ескереді.

Г.И. Рамstedт түркі тілдерін мынадай 6 негізгі топқа бөледі:

1) чуваш тобы, 2) якут тобы; 3) солтүстік тобы, бұл топқа Алтай өңіріне тараған барлық тілдер жатады; 4) батыс тобына қырғыз, қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарашай-балқар, шығыс-қарайым және батыс-қарайым, татар және башқұрт, ескерткіштерінде сақталған половец (құман) тілі, қыпшақ тілі; 5) шығыс тобы жаңаұйғыр және өзбек тілі; 6) оңтүстік тобы түрікмен, әзірбайжан, түрік, гагауыз тілдері [13].

М.Р. Ряснен қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, көне құман тілдерін түркі тілдерінің солтүстік батыс тобына жатқызады.

И. Бенцинг пен К. Менгес «Classification of Turkisch languages» (1959) атты еңбегінде түркі тілдерін 5 топқа бөліп қарастырды:

- 1) бұлғар тобы (чуваш, өлі бұлғар тілі);
- 2) оңтүстік немесе оғыз тобы (түрік, гагауз, қырым-осман, өзірбайжан, түрікмен);
- 3) батыс тобы (қарайым, қарашай-балқар, құмық, татар, қырым татарлары, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз);
- 4) шығыс немесе ұйғыр тобы (өзбек, жаңаұйғыр, сарыұйғыр);
- 5) солтүстік тобы (алтай, шор, хакас, якут, долған). Бұлғар тобының фонетикалық белгісі ретінде сөз соңында г, ғ дыбыстарының болмауы, (чуваш ту~тав/тау); шығыс немесе ұйғыр тобы сөз соңындағы г/ғ ұяндарының к/қ-ға айналуы, *йайақ/жасая*; оңтүстік немесе оғыз тобының ерекше белгісі ілік және барыс септіктерінің -ин, -а аффикстері болып табылады [Қайдар Ә., Оразов М., 2004].

Академик Ф. Корш қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің солтүстік тобына (негізгі белгісі γ, g дыбыстарының сөз ортасында және сөз соңында қолданылмауы; γ дыбысының сөз соңында, ашық дауыстыдан кейін w дыбысына айналуы белгілерін алған [Корш Ф., 1910].

Атақты түркітанушы **С.Е. Маловтың** классификациясы тек қана тарихи принципке негізделіп, тілдердің «жас мөлшерін» анықтауға құрылған жіктелім деуге болады [Малов С.Е., 1951]. С.Е. Малов түркі тілдерінің ескі жазба ескерткіштерін зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасын, фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда, ескі элементтерді көп сақтағандығын дәлелдейді. С.Е. Малов барлық түркі тілдерін ең көне (древнейшие), көне (древние), жаңа (новые), ең жаңа (новейшие) деп негізгі 4 топқа бөледі. С.Е. Маловтың түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдеріне қатысты жасалған тарихи жіктемесінде құман, қыпшақ, половец тілдері жаңа түркі тілдеріне; башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар тілдері ең жаңа тілдерге жатқызылады. С.Е. Малов ең жаңа тілдер қазақ және алтай тілдері деп есептеді, ал хакас, шор, тоғалар, тува тілдерін көне түркі тілдеріне қатарына жатқызады. Аталған тілдер ескі ұйғыр жазба ескерткіштерінің, көне Енисей қырғыз тілінің негізі болып табылады [Малов С.Е., 1951]. Бірақ С.Е. Маловтың бұл жіктемесі қатты сынға ұшырады. Сол кездегі СССР ҒА-ның корр. мүшесі Б.А. Серебренников «К проблеме классификации тюрк-

ских языков» деген мақаласында «Тілде көне, жаңа құбылыстар қатар өмір сүре береді, бірыңғай жаңа немесе бірыңғай көне фактілерге ие тіл деген болмайды. Сондықтан белгілі бір тілдегі көне фактіге қарап, оны көне тіл, жаңа фактіге сүйеніп, оны жаңа тіл деп бөлу дұрыс емес» дейді.

«Ғалымның принциптерінің бірі көне түркілік *γ*, *g* дауыссыздарының инлаут, ауслаут жағдайларда ілгерімен *w*, *j* дыбыстарымен айтылуы немесе редукцияланып элизияға ұшырауы балаң тілдерге жатқызылып жүрген қыпшақ тілдеріне ғана тән емес, олардан бұрын қалыптасқан деп танылатын қарлұқ, оғыз тілдерінде (өзбек, ұйғыр, түрікмен, әзірбайжан т.б.), моңғол тілінде де кездесуі, ең көне тілдер қатарындағы чуваш тілінде, ұйғыр-оғыз тілдерінде де көнетүркілік *γ*, *g*-нің кей жағдайда сақталмауы түркі тілдерін тарихи қалыптасу кезеңдеріне қарай жіктеуге жаңаша көзқарас қажеттігін көрсетті» [Ескеева М.Қ., 2012].

Қазіргі қолданыстағы классификация – көрнекті түркітанушы **Н.А. Баскаковтың** түркі тілдерін фонетикалық, морфологиялық жағынан және тарихи жағдайларын ескеріп, барлық түркі тілдерін үлкен 2 топқа бөледі: Батыс ғұн бұтағы және Шығыс ғұн бұтағы [Баскаков Н.А., 1988].

Батыс ғұн бұтағы: I. Бұлғар тобы: бұлғар тілі, хазар тілі, чуваш тілі.

II. Оғыз тобы. 1. Оғыз-түрікмен топшасы: X-XI ғасырдағы Оғыз тілі, түрікмен тілі, трукхмен тілі. 2. Оғыз-бұлғар топшасы: печенег тілі, уздар тілі, гагауз тілі. 3. Оғыз-сельжүк топшасы, сельжүк тілі, ескі осман түрік тілі. Қазіргі тілдерден: әзірбайжан тілі, түрік тілі.

III. Қыпшақ тобы. 1. Қыпшақ-Оғыз половец топшасы қыпшақ құман. Қазіргі тілдерден: қарайым тілі, құмық тілі, қарашай-балқар тілі, қырым-тасырдағы батыс алтын орда тілі. Қазіргі тілдерден: татар тілі, башқұрт тілі. 3. Қыпшақ-ноғай топшасы. Бұл топқа қазіргі тілдерден: ноғай, қарақалпақ, қазақ тілі.

IV. Қарлұқ тобы. 1. Қарлұқ-ұйғыр топшасы: қарлұқ-хорезм, шығыс алтын орда тілі, көне өзбек тілі. Қазіргі тілдерден: өзбек тілі, жаңа ұйғыр тілі.

Шығыс ғұн бұтағы: I. Ұйғыр-оғыз тобы 1. Ұйғыр-тукю топшасы: орхон жазуындағы ескі оғыз тукю тілі, ескі ұйғыр тілі, тува тілі, тофалар (қарагас) тілі. 2. Якут топшасы – якут тілі.

3. Хакас топшасы – хакас тілі, қамасын тілдері, шор тілдері, кюэрих тілі, алтай тілінің солтүстік диалектілері туба.

II. Қырғыз-қыпшақ группасы – ескі қырғыз тілі, қырғыз тілі, алтай тілі, телеуіт диалектілері [17].

Ғалым **Р.Г. Ахметьянов** «тілдерге генеалогиялық классификация жасауда олардың синхрондық жағдайын қалыптастырған диахрондық даму жолын айқындап алу қажет. Бұл үшін туыс тілдерден көрініс беретін түрлі фонетикалық белгілердің жалпы кешенінен бір-бірінен туындайтын өзгерістерді, яғни біртұтас тарихи процессті құрайтын фонетикалық заңдылықтарды ажырату аса маңызды» [Ахметьянов Р.Г., 1978] деп қыпшақ тілдерін 2 топқа бөледі:

1. Ассимиляция, диссимиляция құбылыстары күшті дамыған тілдер – қырғыз, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдері;

2. Ассимиляция, диссимиляция құбылыстары әлсіз дамыған тілдер – Қазан татарлары тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, татар, құмық тілдері, Сібір татарларының тілі, қарайым, қарашай-балқар, ноғай тілдері [Ахметьянов Р.Г., 1978].

Туыстық жақындығы жағынан талас туғызбайтын тілдік топтар қатарына **Б. Серебренников** мына тілдік топтарды атайды: 1. Татар, башқұрт; 2. Ұйғыр, өзбек; 3. Түрікмен, Әзірбайжан, түрік, гагауыз; 4. Хакас, шор; 5. Якут, чуваш. Ал қалғандарының қазақ, ноғай, қарақалпақ, алтай, қырғыз, қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары; тува, тофалар тілдерінің туыстық жағынан әлі де зерттей, айқындай түскен жөн дейді [Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З., 1979].

1963 жылы Н.А. Баскаковтың «К критике новых классификаций тюркских языков» атты мақаласы жарияланды. Мақалада шетел түркологтарының соңғы жылдардағы түркі тілдерін классификациялауға арналған еңбектеріне шолу жасайды. Осының алдында сөз болған Б. Серебренниковтің өз еңбегі туралы сынына қарсы сын айтады және оның пікірлерін түгелдей теріске шығаруға тырысады [Баскаков Н.А., 1988].

Түркия ғалымы **Т. Текин** 1976 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық II түркологиялық конференцияда сөйлеген сөзінде түркі тілдерін классификациялауға байланысты өзіне дейін айтылып келген пікірлердің қай-қайсысында сәтсіздіктің барын айта келіп, зерттеушілердің түркі тілдерінің өлі-тірілерін тегіс қамтып жіктегісі келетіндіктерін сынайды.

Орхон, көне ұйғыр, қыпшақ тілдері жазба ескерткіштерін жіктеуге қоспау керек дейді. [Проблема классификации тюркских языков, 1980]. Екінші кемшілік – фонетикалық критерий жүйелі сақталмайды дей келе, олардың фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, мынандай 12 топқа бөледі:

I топ	II топ	III топ	IV топ	V топ	VI топша	VII топша	VIII топша	IX топша	X топша	XI топша	XII
г/г: чуваш	халадж	саха	тува	хакас ортачулы, мрасс, жоғарғы том тілдері сары ұйғыр	Солт. алтай диалекті, қондом төменгі том тілд	алтай (оңтүстік диалектілер)	қырғыз	өзбек жана ұйғыр	қазақ қ.қалп. баш-құрт татар қара-шай-балқар ноғай қараим қырым татар	салар құмық	түрік-мен гагауз түрік

1999 жылы неміс зерттеушісі Клаус Шёниг көптеген тілдік белгілерге сүйене отырып, классификация жасап шықты. Түркі тілдері классификациясының жаңа нұсқалары С.А. Бурлак пен С.А. Старостиннің авторлығымен «Компаративистикаға кіріспе» (2001), «Салыстырмалы-тарихи тіл білімі» (2001), А.В. Дыбо мен О.А. Мудрак, М.Т. Дьячоктың еңбектерінде, «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Аймақтық реконструкция» (2002) және «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка» (2006) атты бір топ ұжымдық монографиялар жарық көрді. О.А. Мурдақтың классификациясы фоно-морфостатистикалық ұстаныммен, ал А.В. Дыбоның классификациясы лексикаға негізделген статистикалық ұстаныммен жасалған.

Тарихшы **А. Тоқтабай** түркі халықтарын орналасуына орай жіктеп, географиялық ұстанымды басшылыққа алып, мынандай классификация ұсынады:

Орта Азия түр	Сібір түріктері	Еділ-Кама түрік	Кавказ түріктері	Еуразия түріктері
Қазақтар	Алтай-лықтар	Башқұрттар	Әзірбайжандар	Гагауыздар
Өзбектер	Долғандар	Татарлар	Балқарлар	Қырым татарлары
Қырғыздар	Шорлар	Чуваштар	Қарашайлар	Кипр түріктері
Ұйғырлар	Саха		Құмықтар	Ұрымдар
Қарақалпақтар	Тыва-лықтар		Ноғайлар	Түріктер
Түркімендер	Хакастар			Қарайымдар

Көне түркі жазуларын зерттеп жүрген Орынбай Бекжан «Этносаралық қарым негізіндегі түркі тілдерінің таптастырымы» деген еңбегінде түркі тілдерін 3-ке бөліп қарастырады:

I. Шығыс түркі тілдері: якут-саха, хакас, алтай, тува, сары ұйғыр, салар, фуной қырғыз тілдері (шор, чулым).

II. Ортаңғы түркі тілдері: қазақ, қарақалпақ, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдері жатады. Шығыс шекарадан Орал та-

уы Жайық өзені Каспий теңізі, одан Ауғанстанның батыс шекарасы бойы.

III. Батыс түркі тілдері: татар, башқұрт, чуваш, ноғай, қарашай-балқар, құмық, қырым татары, қарайым, гагауыз, балқан түркілері, әзірбайжан, түрік тілдері. Ортаңғының батыс шекарасынан Атлант мұхитына дейінгі аумақ.

Түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А. Баскаковтың жіктеуі. Қазіргі таңдағы түркологтар түркі тілдерінің тарихына байланысты зерттеулерде осы классификацияны негізге алады.

Бакылау сұрақтары:

1. В.В. Радлов құрастырған көне түркі тілдерінің классификациясының кемшілігі неде?
2. Ф.Е. Корш пен Н. Баскаковтың классификацияларының айырмашылығы неде?
3. Н. Баскаков классификациясының артықшылығы неде?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова О.М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971.
2. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004.
3. Текин Т. Проблема классификации тюркских языков // Проблемы современной тюркологии: материалы II Всесоюзной тюркологической конференции. – Алматы, 1980.

ФОНЕТИКА

2-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы: басты ерекшеліктер

Сұрақтар:

1. Алғашқы түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикалық еңбегі.
2. Қазақ тілінің зерттелуі.
3. Агглютинациялық фонетикалық белгілері.

Тірек сөздер: тарихи фонология, салыстырмалы-тарихи фонетика, фонема.

Түркі халықтары өміріндегі күрделі саяси-әлеуметтік жағдай, жартылай көшпелі өмір салты ғылымның үздіксіз дамуына қолайлы жағдай туғыза алмағандықтан, лингвистика ғылымы да белгілі бір дәрежеде кешеуілдеп қалғаны белгілі. Түркілік тілтаным тарихында дыбыс өзгерістерінің туыс тілдерді ажыратудың басты белгісі ретінде қарастырылуы XI ғасыр лингвисті М. Қашқаридың еңбегінен басталуы классикалық араб лингвистикасымен сабақтаса дамыған түркі тіл білімінде салыстырмалы-тарихи фонетиканың негізі бұдан мың жыл бұрын-ақ қалана бастағанын көрсетеді.

Тарихи фонология Р.О. Якобсонның атымен тығыз байланысты, 1927 жылы синхронды-диахронды лингвистика зерттеулерінің басын қосып, тілдің тарихи фонологиясы мен оның жүйесінің тарихын бірге қарастыра бастады. М. Қашқари заманынан кейін араға VII-VIII ғасыр салып барып, Батыс Еуропада салыстырмалы-тарихи фонетиканың ғылыми-теориялық негізі салына бастады.

Түркі тілдерін зерттеудің жаңа кезеңі В.В. Радлов (1837-1918) еңбектерінен басталады: ол түркологияның атасы аталды. Ол алғаш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жазып, онда түркі тілдерінің фонетикасының жалпы сипаттамасын көрсетіп, түркі фонетикасының мәселелерін алғаш көтерген.

Оның «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты ғылыми еңбегі 1882 жылы Лейпциг қаласында неміс тілінде жарық көреді, бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан емес.

Түркітану ғылымында салыстырмалы зерттеулер тілдің барлық деңгей, сатысы бойынша жүргізілуде. Осы салалардың ішінде біршама толық зерттелгені – фонетиканы салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің бастау көзі О. Бетлинг, В. Радлов, А.Н. Самойловичтардан басталып, «түркі теңізінің» штурмандары (О. Дзюба) болып саналатын В.В. Бартольд, С.Е. Малов, В.А. Богородицкий, А.Н. Кононов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак, Б.А. Серебренников, М. Рясянен, Э.В. Севортян т.б. ғалымдар тарапынан жалғасын тапты.

Бұл еңбектерде түркі тілдерінің дыбыс жүйесіндегі заңдылықтар: олардың айтылуы, жазылуы, ерекшеліктері, ұқсастықтары салыстырылып қарастырылған. Дыбыстың функционалдық қырларын, олардың тілдік жүйедегі маңыздылығын талдау тарихи фонологияны дүниеге әкелді, әлемдік тіл білімінде бірнеше фонологиялық мектептер қалыптасты. Қазіргі таңда тіл дамуындағы фонемалардың қасиеті, функционалдық қырлары жан-жақты талдануда, фонеманың сөз мағынасын айқындау мүмкіндігі де мол тілдік деректермен, теориялық тұжырымдармен дәйектеледі.

Әлемдік тіл білімінде дыбыстардың артикуляциялық жіктелісі теориялық тұрғыдан көп фокусты болып келгенімен, табиғи тілдерде олардың бәрі байқала бермейді. Түркі тілдеріндегі дыбыстардың фонематизациялану процесін кезеңдерге бөлуде дәстүрлі фонема → аллофон → фонема бағыты негізге алынып келеді. Дыбыстарға акустикалық тұрғыдан сипаттама беруде түркі тілдерінде қалыптасқан фонематизация процесіне керісінше аллофон → фонема → аллофон бағыты да көрсетіледі.

Әдетте, ашық дауыстылардан қысаң дауыстылар, жуан дауыстылардан жіңішке дыбыстар таратылады.

Қазақ тілі және оның түркі тілдері арасындағы орны

Қазақ тілі туыстық белгілері жағынан да, типологиялық белгілері жағынан қалыптасу, даму тарихы жалпы түркі тілдерінің тарихымен тығыз байланысты. Осы себептен де қазақ тілі білімі отандық түркологияның бір саласы болып есептеледі. Отандық

түркологияның табыстарына, жетістіктеріне қазақ тілі білімі де ортақ. Салыстыруда тірек тіл – қазақ тілі болмақ.

Қазақ тілі – дамудың күрделі процестерінен өткен өзіндік грамматикалық құрылымы, қалыптасу тарихы бар тіл. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, қырым татары тілдеріне жақын. Қазақ тілі туралы алғашқы зерттеу – неміс ғалымы Г.Ю. Клапроттың «Қазақ тілі жайында» деген француз тіліндегі мақаласы [Klaproth J. Asia Polyglotta with Language Atlas. 1823] Парижде «Азия журналында» жарияланған. Мақаланың алғашқы бөлімінде қазақ тілі жайлы жалпы шолу жасалса, екінші бөлімінде французша-қазақша сөздік беріліп, сол арқылы қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері, оның моңғол тілінен айырмашылығы, түркі тілдерімен туыстығы салғастырылады.

Содан бері қазақ тілі жөніндегі зерттеулер 1888-1902 жылдары қазақ зиялыларының мақалаларында үзбей жарияланып, мерзімді баспасөз беттерінде сөз етіледі. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860-1861) деген еңбегінде ұшырасады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А. Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897) т.б. еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде, негізінен, қазақ тілінің заңдылықтарын орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты.

Қазақ тілі ғылым ретінде қалыптасуы А. Байтұрсыновтың есімімен тығыз байланысты. Оның қазақ тілі оқулығы ретінде жазған «Тіл-құрал» атты еңбегінде, мақалалары мен баяндамаларында тіл білімінің өзекті мәселелері сөз болады. Қазақ тіл білімінің салалары: әліппе мен емле ХІХ ғасырдың 2-жартысында Ы. Алтынсарин қазақ жазуын орыс графикасына негіздеуге талпыныс жасаса, ХХ ғ. басында Байтұрсынов қолданылып келген

араб графикасын жетілдіре отырып, қазақ жазуына икемдеді. Бұл орайда ғалым қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар санын анықтап, үндестік заңдылығын, тілдің фонологиялық ерекшеліктерін айқындап шықты. Байтұрсыновтың Қазақ тілі білімінің фонетика, фонология салалары бойынша жасаған тұжырымдары Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Т. Шонанов, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов еңбектерінде жалғасын тапты.

Түркі тілдерін, соның ішінде қазақ тілін зерттеуде атакты орыс ғалымдары – Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев, В.В. Бартольд, С.Е. Малов, Н. Лаптев, Е.А. Алекторов және М.Н. Бектемиров сияқты ғалымдар зор үлес қосты. Аталған ғалымдар қазақ тілі білімінің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құрылысын зерттеумен айналысты. «Грамматика киргизского языка» (Катаринский В.В., 1897, 196) еңбегінде фонетика, этимология (морфология), синтаксис салалары туралы мәліметтер кеңірек берілген. Осы кезеңде орыс түркологиясында қазақ тілі туралы мәселе бекер қозғалмаған еді. Себебі, біріншіден, қазақ тілі «туыстас түріктес елдермен салыстырғанда сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түссе», екіншіден, «Ресей үшін Жайықтан Ертіске дейінгі кеңістікте тұрған оның көршілері – қазақтармен қарым-қатынас жасау бәрінен де маңызды болды».

Кеңес заманындағы түркітану ғылымының аса білімпазы беделді ғалым С. Малов қазақ тілін ең жас тілдердің қатарына жатқызады. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінің қай-қайсысымен салыстырғанда да, бастау бұлағы – ортақ, даму жолы – бір, сондықтан оның кейін шыққан жас тіл бола алмайтындығын терең ғылыми пайымдаулармен, тарихи деректермен дәлелдеген ғалым М. Томанов болатын. Тіліміздегі сөз басында қатаң дыбыстардың мол айтылатынын тілге тиек еткен ғалым, қатаң дыбыстардың тарихи көне процесс екенін алға ұстай отырып, қазақ тілі жас тіл деген ғылыми пікірге дау айтады.

Профессор М. Томанов С. Маловтың пікіріне қосыла алмайтынын жасырмады: «...қазақ тілінде ұяңдар мен қатаңдардың арақатынасы да шамалас, рт, лт, нт тәрізді көне дыбыс тіркестері де екі буынды сөздер құрамында сақталған. Бірақ бұл соңғы ерекшеліктер қазақ тілінің де пәлендей жаңа емес, оның қалып-

таса бастауы да сол көне дәуірлерде болғандығының дәлелі болады».

Сондықтан түркітану тарихын білмейінше, қазақ тілі білімінің тарихын жете білу мүмкін емес. Қазақ тілінің құрылымдық-типологиялық сипаттамасы, негізінен, оның агглютинатив тілдерге жататындығымен байланысты. Агглютинатив тілдерді сипаттау үшін фонетикалық қана емес, сондай-ақ морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерді көрсететін белгілер жиынтығы ескеріледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, дауыстылар мен дауыссыздар санын дәл айқындау, қазақ жазуына негіз болатын принцип таңдау мәселесі көптеген талас тудырып, «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», т.б. басылым беттерінде мақалалар жарық көріп, қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланды.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі және зерттеулер

Қазақ тілі жөніндегі XIX ғасырда жазылған елеулі еңбек академик В.В. Радловтың шәкірті Платон Михайлович Мелиоранскийдің (1868-1906) грамматикасы деуге болады. Санкт-Петербург университетінің 4-курс студенті 1890 жылы Орынбор, Торғай далаларын аралап, қазақ тілін үйренеді, қазақ ауыз әдебиетін жинайды. Сол жиналған материалдың негізінде «Киргизские пословицы и загадки», «Краткая грамаматика казах-киргизского языка» деп аталатын еңбектері 1894-1895 жылдары 2 кітап болып шықты.

Бұл қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымын біршама толық баяндауға тырысқан алғашқы да, соңғы жазылған еңбек деуге болады. Кітаптың кіріспесінде орыстар «қырғыз» деп жүрген халық өзін қазақ деп атайтынын, қазақ тілі түркі халықтарының ішіндегі ең таза, ең бай тіл екенін, араб жазуы оның дыбыстық жүйесін дұрыс өрнектей алмайтынын, сол олқылықты толтыру үшін орыс графикасын қолдану ыңғайлы болатынын айтады. Еңбектің 21 беті фонетиканы баяндауға арналған: қазақ тілінде 9 (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) дауысты, 20 (б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, қ, ғ, к, г, н, й, д, ж) дауыссыз бар деп негіздейді.

А. Байтұрсынов «Жазу тәртібі» дейтін мақаласында («Айқап» журналы, 1912): «Оқу құралының ең ұлығы бала оқытатынын кітап, оқу құралы «балалардың жанын қинамайтын» болу

керек. Ондай оқулық жасау үшін алдымен жазу жөнделу керек, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек»,– дейді. Оның айтуынша, «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар», «оның 5-і дауысты, 2-і (й, у) жарты дауысты, 17 дауыссыз. Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді. Мәселен, жарты дауысты й, у тек «дауысты дыбыстардың соңында айтылады» дейді. [Байтұрсынов А., 1992].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен құрамын зерттеуге арналған жұмыстар жеткілікті, әсіресе СЗД (созылыңқы дауыстылар) жүйесі мен құрамын зерттеуге арналған жұмыстар жеткілікті:

1) жасалым белгілері (Байтұрсынов, Жұбанов, Аралбаев, Мырзабеков т.б.);

2) үндесім белгілері (Жүнісбеков, Исаев, Назбиев т.б.);

3) үйлесім белгілері (Қалиев, Қошқаров, Айғабылов, Райымбекова т.б.);

4) тарихи белгілері (Қайдаров, Омарбеков, Нақысбеков т.б).

5) айтылым белгілері (Сыздықова, Уәлиев т.б.);

6) әуен-просидика белгілері (Базарбаева, Есентемирова, Өтебаева т.б.).

Фонетикалық жүйе бойынша:

а) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады. Кейбір тілдерде бұл 8 дауысты дыбыс 16-ға дейін көбейеді. Өйткені оларда дауысты дыбыстар әдеттегідей әрі созылыңқы дыбысталады. Екінші және одан кейінгі буындарда көбіне жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып бөлінетін 6 дауысты дыбыс жұмсалады. Сонымен, бірінші буын вокализмі мен екінші буын вокализмі сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, әртүрлі болып отырады:

ә) біршама жүйелі болып отыратын сингармонизм заңдылығы. Сингармонизм заңдылығы бірен-саран тілдерде, мысалы, ұйғыр тілі умлаутпен күрделеніп отырады;

б) сөз басында 7 дауыссыз фонема айтылады, оның төртеуі – шұғыл дауыссыздар (б т, қ, ч), біреуі – мұрын жолды (м), екеуі – ызың – с, й.

Сөздің ортасы мен соңында 17 дауыссыз айтылады, олардың 7-і шұғыл – п, б, д, к, қ, г, ч, 4-і мұрын жолды – м, р, ң, н. 4-і ызың дауыссыздар – й, с, з, ш, екеуі діріл дыбыстары – л, р, сөз соңындағы шұғылдар екі нұсқасы, ғ, г ұяң дауыссыздары сөз ішінде тұрақты болып келеді. Сөздің абсолют басында бір ғана дауыссыз айтылады, яғни сөз басында дауыссыздардың қабаттасып келуі түркі тілдеріне тән емес.

В.В. Радлов қазақ тіліндегі ДД-дың санын **9 (а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү)** дауыссыздар 20 деп анықтаған. Дауыстыларды ашық (**а, ә, е, о, ө**), қысаң (**ы, і, ұ, ү**), жуан (**а, о, ұ, ы**), жіңішке (**ә, е, ө, ү, і**), еріндік (**о, ө, ұ, ү**), езулік (**а, ә, е, ы**) деп жіктейді.

Ал дауыссыздарды да іштей қатаң (**қ, к, т, п, с, ш**), ұяң (**ғ, г, д, б, з, ж**), үнді (**н, ң, м, р, л**) және аралық немесе жарты дауысты (**у, й**) дыбыстар деп бөлген.

Агглютинациялық **фонетикалық белгілері:**

1. Сөз басы мен соңында СЗД тіркесінің болмауы (немесе ең аз мөлшерде болуы).

2. Дифтонгтар санының өте аз болуы (немесе жоқ болуы);

3. Үндестік заңының бар болуы.

4. Үндестік заңымен жалғасатын фонетикалық сипаттардың болуы.

5. Белгіленген екпін, сөздің фонетикалық тұтастығын сақтауға мүмкіндік беретін ассимиляциялық және диссимиляциялық құбылыстардың ықпалы.

Агглютинациялық **морфологиялық белгілері:**

1. Сөздің морфемалық құрылымының айқындылығы.

2. Түбір морфеманың өзіндік тұрақты фонетикалық қалпын сақтауы.

3. Атау септіктегі сөз негізі (түбір) бүкіл септеу парадигмасының орталығы (негізі) болып табылады, морфемалар арасындағы шектердің айқын сақталуына жағдай жасап, сөз негізінің өзгеріске ұшырауына тосқауыл қояды т.б.

4. Сөзжасам және сөз түрлендіру құбылыстары, негізінен, агглютинативті аффиксация есебінен жүзеге асуы; ол жағдайда аффикстер тіпті өзгермейді.

5. Аффикстердің бір мағыналылығы (гаплосемия) және стандарттылығы.

6. Әрбір тілге тән аффикстердің жалғану тәртібінің тұрақтылығы. Агглютинацияның синтаксистік белгілері: сөздердің сөйлемдегі тұрақты орын тәртібі; анықтауыш айқындалушы сөз алдында толықтырушы сөз толықтауыш алдында, баяндауыш сөз соңында орналасады. Қазақ тілі жоғарыда аталған агглютинативтік тілдердің типологиялық белгілері мен түркі тілдерінің генетикалық ортақ қасиеттерінен бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Қазақ тілінде тек қана постпозитивті аффикстер қолданылады: *Қазақ, қазақ+тар, қазақ+тар+ымыз, қазақ+тар+ымыз+дан*.

Қазақ тілінің қырғыз, өзбек, түрікмен, башқұрт, ұйғыр, сондай-ақ моңғол, бурят, қалмақ және өзге жүйелі орыс, қытай, араб, парсы т.б. тілдермен тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аудартады [Малов С.Е., 1941].

1. Басқа түркі тілдерінде сөз басында *й* келетін орында қазақтар *ж* дыбысын қолданады: *йол ~ жол, йыл ~ жыл, йаз ~ жаз*, т.б.

2. Басқа түркі тілдерінде *б, з, г* келетін орындарда *у, к, қ* дыбыстарын қолданады: *аба ~ ауа, таг ~ тау, гелді ~ келді, гырмызы ~ қырмызы* т.б.

3. Басқа түркі тілдерінде *ш* дыбысы келетін біраз сөздерде *с* дыбысын қолданады: *баи~бас, таи ~ тас* т.б.

4. Басқа түркі тілдерінде *-лар* қосымшасы дыбыс үндестігіне сәйкесті өзгермесе, қазақ тілінде өзгереді: *маллар ~ малдар, атлар ~ аттар* т.б.

5. Басқа түркі тілдерінде сұрау есімдігінде *н* дыбысын қолданса, қазақ тілінде *й* қолданылады: *қанда ~ қайда*, т.б.

6. Қазақ тілінде созылықы дауысты дыбыстар жоқ.

Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерден қазақ тілінің мынандай өзгешеліктері бар:

1. Есімше жасайтын жұрнақ өзге тілдерде *-атаған, -етеген* немесе *-атүгүн, -етүгін* түрінде келсе, қазақ тілінде *-атын, -етін, -итін* түрінде айтылады. Бұлай айтылу – кейініректе пайда болған құбылыс, бұрынырақта бұл жұрнақтар қазақ тілінде де *-түргән, -түгын* түрде айтылатын, қазірде де кездеседі.

2. Басқа тілдерде жиі қолданылатын *-ажак, -ежек, -айақ, -ейек* аффикстері қазақ тілінде *-ашақ, -ешек* түрінде қолданылады: *баражақ-барашақ, кележек-келешек*, т.б.

Түркі тілдеріне қатысты барлық жіктемелерді салыстыра қарағанда, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының ұқсастығы сол тілде сөйлеуші этностардың генетикалық немесе тарихи жақындығы ғалымдар тарапынан қайшылық тудырмайтынын байқауға болады. Батыс қыпшақ тілдеріне тән ортақ лексиканы жалпы түркілік деңгейде салыстыра қарастырған ғалым К.М. Мұсаевтың зерттеулерінде де қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи-генеологиялық жақындығы дәйектеледі [Мұсаев К.М., 1984].

Түркологиялық еңбектерде түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстарының қалыптасуындағы ортақ заңдылықтары туралы айтылады. М. Томанов А.М. Щербак еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, өз зерттеулерінде қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының тарихи сипатын ашып көрсетеді. Ғалым сөз басындағы дауыссыздарды, СЗД жүйесіндегі тарихи өзгерістерді айқындай келе, жеке дауыссыздардың қалыптасу жолына үңіледі. А.М. Щербактың сөз басында 6-8 дауыссыз фонема кездеседі деген пікіріне қарсы дау айтады. Ал профессор М. Томанов айтады: «...түркі негіз тілінде ұяң дыбыстар сөз басында қолданылса да, бір-екіден аспаған. Сөз басында айтылуы мүмкін дейтін ұяң дауыссыздар *б*, кейде *м*. А.М. Щербак беретін алғашқы түркілік бір буынды түбірлер құрамында, дегенмен *б*, *м* дыбыстарынан басталатын сөз жоқ». Қазіргі қазақ тілінде «*б*»-мен айтылатын сөздер көне түркі тілінде «*п*» фонемасымен берілгенін нақты мысалдар арқылы көрсетеді: *па (ба, байла), пай (бай), пақ (бақ, бақыла), пар (бар), паш (бас), па (бей), пен (мен)* т.б.

Бакылау сұрақтары:

1. Чуваш тілінің фонетикалық ерекшеліктері қандай?
2. О-мен сөйлеушілер, А-мен сөйлеушілер қай тілде кездеседі?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Щербак А.К. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
2. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979. – 43 б.

3. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Алматы, 2008.

3-дәріс. Түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесі

Сұрақтар:

1. Қазіргі түркі тілдеріндегі дауыстылар.
2. Жуан-жіңішке дауыстылар.
3. Дауыстылардың редукциялануы.

Тірек сөздер: вокализмдер, редукция, созылықы, фарингалданған дауыстылар.

Қазіргі түркі тілдерінде дауыстылар сан жағынан әртүрлі болып келеді. Мұндай әр қилылық, бір жағынан, сол түркі тілінің негізін салған ру-тайпа тілдерімен үштасып жатса, екінші жағынан, олардың әрқайсысының тарихи дамуының нәтижесі болып саналады.

Оғыздық тип – «Бірінші дәрежелі» созылықылар, дифтонгтар мен полифтонгтарға және біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе;

Алтайлық тип – «Екінші дәрежелі» созылықылар мен біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе;

Қыпшақтық тип – біршама созылықылар мен өте қысқа айтылатын дауыстыларға негізделген жүйе. Қыпшақ тобына кіретін қазақ тілінде дербес қолданылатын моносиллабтар құрамында дауысты дыбыстар өте қысқа (сверхкраткий) болып айтылмайды, тек эмоционалдық-стильдік ыңғайда, императивтік мәнде жұмсалғанда ғана біршама қысқа айтылуы мүмкін.

«Екінші дәрежелі» созылықы, фарингалданған және қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – **тува-тофалар (қарағас) типі** деп бөлініп қарастырылады [СИГТЯ,16]. Қазіргі тофалар тілінде 10 дауысты бар: а – э, ә; о – ө; у – ү; ы – и, і; Мысалы: *уш – ұшы, үш – үш, өш – кек, иш – іс, от – от, ут – ұмыт, эт – жасп.* [Рассадин, 2015].

Түркі тілдерінде ДД-дың бөлінісі мынадай болып келеді: әзірбайжан тілінде – 9, башқұрт – 11, қарақалпақ – 8, қырғыз – 8, татар – 9, түрік – 8, түрікмен – 9, өзбек – 6, ұйғыр – 8, чуваш – 9, якут – 8, алтай – 8, ноғай – 11, тува – 8, шор – 8.

Дауыстылар жасалу орнына, дыбысталуына, еріннің қатысуына және дыбысталу процесінде тілдің көтерілуіне, дәрежесіне қарай бөлінеді.

Башқұрт тілінің бір ерекшелігі – басқа түркі тілдеріндегі сөздердің дауысты дыбыстарының өзгеріп қолданылатындығы. Мысалы, «білім» сөзі башқұрт тілінде «белем» түрінде айтылады. Түркі тілдестерде «билим», «илим», «пилим» түрінде жазады. Қазақ тіліндегі «бұлт» сөзін олар «болот» деп айтады. Басқа түркі тілдерінде бұл сөз «булут» (түркі, түркімен, әзірбайжан, алтай, қарашай-малқар, қырымлы, қырғыз, құмық), «булыт» (ноғай), «болыт» (татар), «пулут» (шұлым) формаларында кездеседі.

Орфографиялық жағынан **о, ө** және **ү** фонемаларының ауысып келетіндігі де бұл тілдің ерекшелігін танытады. Мысалы: башқұртша «төң, һөң, һөт, үт» сөздері қазақша «түн, соң, сүт, өт», ал қазақ тіліндегі «күн» атауы башқұрттарда «көн» болады. Соңғы сөзді татарлар ғана еш өзгеріссіз, сол қалпында пайдаланады, қалған түркі халықтарында ол «үн» (ноғай, қырғыз, қарақалпақ, қырымлы, алтай, шұлым, шор, бараба), «кун» (өзбек, ұйғыр, саха, қарайым), «кюн» (қарашай-малқар), «гүн» (түрік, түркімен, әзірбайжан, гагауз), «гюн» (құмық) тұлғаларында ұшырасады.

А дауысты фонемасы түркі тілдерінің басым көпшілігінде айтылады, а дыбысын айтқанда, тілдің кейін қарай жиырылатыны белгілі. Бірақ тілдің кейін қарай жиырылу дәрежесі тіл атауының барлығында бірдей емес. Соған орай, оның дыбысталуында айырмашылықтар болып отырады. Дыбысталу мен сапасы жағынан *а* фонемасы қазіргі қазақ, алтай, әзірбайжан, балқар, қарайым, қырғыз, қарақалпақ, құмық, түрік, түрікмен, ұйғыр, хакас, шор тілдерінде бірыңғай бір-біріне жақын дәрежеде. Айырмашылық башқұрт, татар және өзбек тілдерінде кездеседі. Башқұрт пен татар тілдеріндегі **а** фонемасы, басқа тілдермен салыстырғанда, біршама «жасық» немесе әлсіздеу естіледі, яғни **о** дыбысына жақындау дыбысталады.

Чуваш тіліндегі бірсыпыра сөздер құрамында, тува, якут тілдеріндегі сияқты, жалпы түркілік *а* орнына қысаң *ы* айтылады; *сыхла* (*сақта*), *хыта* (*қатты*), *пыл* (*бал*, *пал*). Алайда, *а* жуан дыбысының еріндік болуы жалпы түркілік құбылыс емес.

Сондықтан да түркі негіз тілінде сондай ерекшелік болған, немесе *a/o/y* тәрізді еріндік дыбыстардың сәйкестігі болған деп қарауға еш негіз жоқ.

Зерттеушілердің біразы бұл құбылысты субстрат теориясымен, яғни белгілі бір тіл құрамындағы жеңілген тілдің қалдығы деп қарайды. Ал енді бір топ зерттеушілер оны тілдің ішкі даму заңдылығының ерекшелігі деп қарайды. Қазіргі түркі тілдерінен осы екі көзқарастың екеуін де дәлелдейтін фактілер табуға болады [Томанов М., 1986].

Ә дыбысы тек қана татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қазақ тілдерінде, өзбек тілінің сингармониялық говорларында айтылып, фонемалық мәнге ие. Қазіргі түркі тілдеріндегі **ә** дауысты дыбысын қолданбайтын тілдердің қатарына 18 дауыстыдан тұратын **түрік, түрікмен және б** дауыстыдан тұратын **өзбек**, сондай-ақ **якут, қырғыз** тілдері жатады. Әзірбайжан, жаңа ұйғыр тілдерінде қысқа дауысты **ә** дыбысы сақталған: *кәл*, әзірбайжан тілінде *гәл*, ұйғыр тілінде *кәл*. Татар, башқұрт, хакас және чуваш тілінің кейбір сөздерінде дауысты **ә** дыбысы и дыбысына ауысқан: *әт*, *тәт.т.б*.

Өзбек тіліндегі **а**-ның **о**-ға айналуын, сол сияқты чуваш тілінде **а**-ның **у** мен **о** еріндіктеріне айналу құбылысын ішкі заңдылықтың ерекшелігі деп қарауға жеткілікті дәлел жоқ. Бұл тілдердегі **а** езулігінің еріндік дыбыстарға айналуын қалайда олардың құрамына енген тайпа тілдерінің немесе көрші тілдердің әсері деп қарауға негіз бар. Өзбек құрамына тек қана түркі тайпалары емес, иран тектес халықтардың да орта ғасырларда сіңісіп кеткені тарихи факт. Көшпенді түркілер Орта Азияның егін жайы мен қалаларын ғана жаулап алып қоймай, олардың тұрғындарын да ассимиляцияға ұшыратты.

Е фонемасы

Дауысты **е** дыбысы қазіргі әзірбайжан, алтай, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құман, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр, хакас, чуваш, шор түркі тілдерінде сақталған, ал якут тілінде жоқ.

Қазіргі түркі тілдерінде 2 түрлі негізде қалыптасқан: таза түркілік **е**, орыс тілі арқылы енген сөздің құрамындағы **е**. Таза түркілік деп қаралатын **е** немесе түркі сөздерінің құрамында

айтылатын а дауыстысы – көне түркілік а дауыстысының көрінісі.

Алайда көне түркілік Радлов транскрипциясы бойынша дауысты қазіргі түркі тілдерінде бірыңғай сипатта қалыптаспаған. Қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі е дыбысы басқа түркі тілдеріндегі сондай дыбыстан дифтонгіге ұқсастығымен ерекшеленеді, әсіресе тұйық буында айқын көрінеді: сөздің абсолют басындағы е дыбысының алдынан і қысаң дауысты айқын байқалады: *іле, іекі* т.б. Сөз басындағы е айтылуда дауыссыз й-ге жақын дыбысталады: *йәл, йәкі*. Мұндай құбылыс, зерттеушілердің байқауынша, ноғай, балқар, гагауз тілдерінде бар көрінді.

Қыпшақ тобындағы тілдерде де *anī* жіктеу есімдігі тұлғалық өзгеріске ұшырағанымен осы сөзбен түбірлес сілтеу есімдігі кеңінен қолданылады. Аталған сәйкестіктер ішінде $a \approx o$, $a \approx e$ сәйкестігі ескерткіштер тілінің өз ішінде де кездеседі. Мысалы: *ol* \approx *anī* «ол, оны», *jana* \approx *jete* «және» (Айдаров, 212). Сондықтан ескерткіштер тіліндегі а фонемасының қазіргі қыпшақ тілдерінде е тұлғасына ауысуын ерекше белгі ретінде қарауға келмейді, бұл сәйкестіктер Орхон, Енисей, Талас және қазіргі қыпшақ тілдерінің арасында да, бір тіл ішінде де қолданылатын құбылыс.

Жуан-жіңішке дауыстылар – қазақ тіл білімінде қолданылатын атау. Лингвистикада **жіңішке дауыстылар** – палаталь дауыстылар немесе тіл алды не таңдай дауыстылар деп аталады. **Жуан дауыстылар** – веляр немесе тіл арты дауыстылар деп аталады. Жіңішке дауыстылар ауыз қуысының алдыңғы жағында жасалады да, жуан дауыстылар ауыз қуысының артқы бөлігінде жасалады. Бұл ұстаным бойынша бүкіл түркі тілдеріне ортақ ДД-дың мынадай 2 тобы жіктеледі: жуан дауыстылар – **а, о, у, ы**, жіңішке дауыстылар – **а, о, ә, у, і, ә**. Бұл жүйе тек өзбек тілінде ғана түгел емес: **а, ә, о, ұ, у, і**.

Бүкіл түркі тілдеріне ортақ ДД-дың мынадай 2 тобы жіктеліп шығады: жуан дауыстылар – **а, о, у, і**; жіңішке дауыстылар – **а, ө, з, у, і, ә**.

Бұл жүйе тек **өзбек тілінде** ғана түгел емес: **а, э, о, у, у, 'і**. Өзбек тілінде ДД-дың жуан-жіңішкелік жүйесі сақталмайды, яғни дауыстылар ондай топтарға жіктелмейді. Өзбек тілінің бұл ерекшелігі иран тілдерінің әсерімен байланыстырылып жүр. Сол себепті қазіргі өзбек тілінің құрамында өзге түркі тілдеріндегі **ы**

– **i, (-i), y – ү, o – ө** дауысты жұптарының орнына 3 дауысты **и, у, y** ғана айтылады.

Өзбек тілінде дауысты дыбыстардың саны азайды да, олар өз ішінде, басқа түркі тілдеріндегідей, жуан-жіңішке жұптарға жіктеле алмайтын дәрежеге жетті. Алайда өзбек сөйлеу тілінде әдеби тілдің бұл ерекшелігі сақтала бермейді. Өзбек тілінің қыпшақ тілі диалектісінде ДД-дың саны 8 және олар жуан-жіңішке болып **4** жұпқа жіктеледі.

ДД-дың жуан-жіңішке топтарға жіктелуі толық сақталмайтын тілдің бірі – **үйғыр тілі**. ДД-дың жуан-жіңішке түрлері барлық түркі тілдерінде бірдей болып келмейді. Қарақалпақ тілінде – 9 дауысты, 26 дауыссыз дыбыс бар. Үндестік заңына сәйкес езулік, еріндік ДД-дың үйлесімділігі басым, мысалы: не қылып – неғып, кесбе (кеспе).

I дауыстысы қазақ, татар, башқұрт, чуваш, ноғай, хакас тілдерінде ғана фонемалық мәнде қолданылады да, басқа тілдерде фонемалық мәні жоқ **ий** (и) дыбысының (сирек сөзінің құрамындағы – и-ге жақын) нұсқасы есебінде ғана айтылады. Ә дауыстысы тек қана татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікмен, үйғыр, қазақ тілдерінде, өзбек тілінің сингармониялық говорларында айтылып, фонемалық мән береді.

Татар, башқұрт тілдерінде ә ауыз қуысының ашылуымен дыбысталады да, сапалық жағынан орыс тіліндегі а-ға жақындайды. Әзірбайжан, үйғыр, татар, башқұрт тілдерінде ә түбір ішінде де, қосымшалар құрамында да айтылады, ал қазақ тілінде тек қана бірінші буында айтылады. Қолданылу жиілігі тұрғысынан әзірбайжан, үйғыр тілдері алдыңғы орында, одан кейін татар, башқұрт тілдері тұрады. Ең сирек айтатын тілдер – қазақ, түрікмен тілдері.

- әзірб.: әл/қол, әр/ер **мун** /мен, сән/сен, кәс/кес;
- башқ.: этес әхеш тәмәкә/темекі, кәрәк/керек;
- тат.: этәч/әтеш, сәғәт/сағат, тәмәкә/темекі, тәгәрмәч /дөнгелек;
- үйғ.: кәл/кел, кәт/кет, бәр/бер, кән/кең, әрәп/тарап;
- түрікм.: кәтмен/кетпен, *юрч*/дәрі, кәсе/кесе, дәне/дән.

Әзірбайжан, үйғыр тілдеріндегі ә көбінесе түркілік е (**а**) дыбысының орнына айтылады: көне түркі: **мен, сен, кес, кел, тер**, әзірбайжан, үйғыр: **мән, сән, кәл, тәр** т. б.

Сондай-ақ бұл тілдерде ә араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамында айтылады:

- ұйғ.: *мәктәп, шәһәр, дәрәх, кәмбағал*;
- әзірб.: *мәктәб, шәрг (шарқ, шығыс), пәрәкәт (қарекет, әрекет)*.

Аффикстер құрамында ә бұл тілдерде жуан – **а**-мен қатар айтылады: -лар, -ләр, -дан, -дәл (ұйғырда – де-дын), -да, -де. Ұйғыр тілінде бұл айтылғандардан басқа ә дыбысының қолданылуының мына сияқты ерекшеліктері бар: да ә дыбысы бар сөздерге кейбір аффикстер жалғанғанда, бір буынды сөз құрамындағы **о** дыбысы **е-ге** айналады да, ал көп буынды сөздің соңғы буынындағы ә дыбысы и-ге айналады, *бәл – бәлким, белиң, бели; қәләм – қәл-имим, қәл-им-иң*.

Татар, башқұрт тілдеріндегі ә дауыстысы:

1. Басқа тілдердегі а дыбысының орнына айтылады – *бәйлә бағла байла, әйлән айнал, айлан, әйт айт, жәй йәй, жай, йай, жая* т.б.

2. Орыс тілінен енген сөздер құрамында а, о айтылуы а дыбыстарының орнына – *кәрзинке, шәл/шалль, кәрлә/карлик, биварә/шелек* т.б.

3. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер құрамында әзірбайжан, ұйғыр тілдеріндегі тәрізді айтылады: *сәлам, сәләм, қәләм, әгәр /егәр/ мәгәр* т.б.

Алай тілдерінде: мәмләкәт, дәүләт (араб), патшалық (парсы).

Мәселман мәмлә кәтенең көлле тарафыннан жыелған житмеш биш старишина аңа батыр намен бирә.

ДД-дың жуан-жіңішке болып жіктелуі, көне ескерткіштер фактілеріне қарағанда, көне түркі тіліне де жат болмаған. Алайда ол тілде жуан-жіңішке нұсқаларға жіктелу дәрежесі барлық дауысты фонемаларда бір дәрежеде болмаған. Көне түркі ескерткіштерінің фактілеріне жүгінсек, **а/â, о/ö, у/ү** (немесе **ү**) жіктелуі фонологиялық жағынан тұрақты болып келеді де, **і/и** жіктелуі қатаң сақтала бермеген. Тәуелдіктің **III** жағының жалғауы мен тәуелдеулі табыс жалғауы сөз негізінің сапасы қандай болса да жіңішке жалғанған.

В.В. Радлов осы ерекшелік жайлы айта келіп, мынадай мысалдар келтіреді: *қағані, қызі, сачі, субі, қағанін, қызін, сачін, субін*. Сөз етіп отырған дыбыстарының сәйкестігі түркі тілдерінің

ескі жазу ескерткіштерінде де бар. Мысалы, Орхон-Енисей ескерткіштерінде: *кісі – кіші, іс – іш, ас – аш, бес – беш, мыс – мыш*, т.б.

Бірсыпыра түркі тілдерінде:

- өзбек, қырғыз, әзірбайжан: *кіші, іш, аш, беш, мыш*;
- өзбек. – *эрмиш*;
- қырғ. болмұш – *бытис*;
- азер. *йазмыш*;
- қазақ, қарақалпақ тілдерінде: *кісі, іс, ас, бес, мыс* (болмыс т.б.).

Бұл дыбыстарының қатар келуінің бір себебі: тілдің, говордың тарихына байланысты екенін көреміз [Досқараев Ж.А., 1969].

Бұл фактілер сөздің соңғы буындарында *i/i* жіктелуінің сақталғандығын дәлелдемейтіні айқын. Қазіргі түркі тілдерінде ДД-дың жуан-жінішкелігіне негізделген сөздер бар. ДД-дың жуан-жінішкелігіне негізделген, вариантты сөздердің пайда болуы әсте жаңа дәуірлер жемісі болмаса керек. Ондай вариантты сөздер бір тілдің құрамында да, сондай-ақ бірнеше тілдер құрамында да кездесуі аталмыш құбылыстың түркі тілдерінің фонологиялық тұрғыдан, әсіресе дауысты фонемалардың жуан-жінішке варианттарға жіктеліп тұрақталмаған кезінің көрінісі болуы әбден ықтимал.

Қазақ тіліндегі *шай – шәй, жай – жәй, тыйын – тійін* сөздері жуан-жінішкелікке негізделген варианттар. Бірақ бұл мысалдар көне дәуірде қалыптасқандар емес, байырғы сөздерге ұқсастық (аналогия) жасаудан келіп шыққандар, яғни жаңа кезеңнің жемісі.

Жуан-жінішкелікке негізделген вариантты сөздер бірнеше тілдерді салыстыра қарағанда аса көп екендігі анықталады:

- тува – дыл;
- якут – тыл;
- қырғыз, ноғай, құмық, өзбек – тил;
- қазақ, татар – тіл;
- башқұрт – тел;
- якут, тува – ыт.

ДД-дың жуан-жінішке болып жіктелуіне негізделген вариантты сөздердің санын бұдан да ұлғайта беруге болады. Қазіргі түркі тілдеріндегі жуан-жінішкелікке негізделген вариантта

сөздердің дербес мән-мағынаға ие болуы көбінесе бір ғана тіл құрамына тән құбылыс:

- түрік – йәшіл, өзге тілдерде йашыл /жашыл, жасыл;
- қазақ – жас, қырғыз – йаш;
- башқұрт – иеш; қазақ – байланыс, башқұрт – бәйленіш;
- қазақ – жабыстыр, татар – йабыштыр, башқұрт – йәбіштір;
- қазақ – өгүз, түрік – өкүз, якут – оғус;
- қазақ – тында, татар, башқұрт – тыңла, түрік – дінле;
- қазақ – байла, басқа тілдерде – бағла, татар – бәйлә т.б.

Еріндік-езулік дауыстылар

ДД-ды жіктеудің үшінші принципі: ерін қатысына қарай жіктеу. Бірақ ДД-дың еріндік пен езулікке жіктелу дәрежесі барлық түркі тілдерінде бірдей емес. Дауысты е дыбысы қазіргі әзірбайжан, алтай, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құман, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр, хакас, чуваш, шор түркі тілдерінде сақталған, ал якут тілінде сақталмаған.

Жалпы түркі тілдерін салыстырғанда, ортақ құрам мынадай болып келеді:

Езуліктер – а, а, і, і,

Еріндіктер – о, о, у, у.

Жуан-жіңішкелікке негізделген вариантты сөздердің генезисі жайлы түркітануда әртүрлі көзқарастар айтылып келеді. В.В. Радлов вариантты сөздерде жуан ДД-дың жіңішке дауыстыларға ауысуы өте жиі болатындығын көрсете келіп, оны неміс тіліндегі умлаут құбылысымен салыстырған еді. Оның ойынша, вариант сөздер құрамындағы мұндай құбылыс (жуандардың жіңішкеге ауысуы) соңғы буындағы жіңішке дауыстының алдыңғы буынға әсерінен туса керек.

Ұйғыр тілін зерттеушілер вариант сөздер құрамындағы жуан ДД-дың жіңішке дауыстыларға ауысуын сөздің аңлауында **j** дыбысы айтылған жағдайда ғана мүмкін екендігін атап көрсетеді. Ұйғыр тілінің фактілері бұл тұжырымды жоққа шығармайтын тәрізді: йетик//жатқан), йерим//жарым), йезиш//жазу, жазыс, йеңи//жана, йеқин//жақын. Ұйғыр, өзбек тілдерінде, әсіресе жуан **ы (і)** дыбысы құрамында **і** дауыссызы бар сөздерде жүйелі түрде жіңішке **і** дауыстысына айналады. Осындай құбылыс жүйелі түрде болмаса да, әзірбайжан тілінде кездеседі.

Чуваш езуліктің еріндікке айналуы кейде фонетикалық қоршаудың нәтижесі, екінші сөзбен айтқанда, комбинаторлық өзгерістің бір түрі болып келеді. Езулік дауыстыдан гөрі не бір тіркесте айтылатын дауыссыздардың әсерінен алғашқының (езулік а дыбысының) еріндікке айналуы *әзірбайжан, татар, башқұрт, ұйғыр*, эпизодтық ыңғайда *хакас, якут* т.б. тілдерде кездеседі.

Татар зерттеушісі Л. Заляй *Қазан татарлары қыра (қара)* деп айтады, ал *мишарлар қара* деп таза езулік а-мен сөйлейді деп жазады.

Сол сияқты: *әзірбайжан* диалектілерінде – *бош, боба, бормасдован, това, попаг, ұйғыр* тілінде *бовай, момай; хакас* тілінде *обом, побом*; якут тілінде *хотун, хомус, ордух*. Бұларды қазақ тілінде *бас, баба, бармақ, табан, таба, тапа, папақ, бабай, мама, аң* (басқа тілдерде ав, ау), *ағам, папам, қатын, қамыс, артық* (кейбір тілдерде артук) деп, езулік айқын **а** дыбысымен айтатыны белгілі.

Ашық-қысаң дауыстылар

ДД-дың ашық, қысаң топтарға жіктелуі түркі тілдерінің генезистік ерекшеліктерінің бірі деп қарастыруға болады. Мағыналық тұрғыдан оларды вариантты деп қарауға келмейді. Қазақ тілінде бұл топқа мына сөздерді жатқызуға болады: *арсылда – ырсылда, сатыр – сытыр, аңқылда – ыңқылда, маңқылда – міңкілде, жалтыл – жылтыл, шаңқыл – шіңкіл, тайа – тіре, жалтыл – желтіл* т.б. Бұл келтірілген сөздердің қайсысы да бір-бірінен мағынасы жағынан жіктелгендер.

Ал әдеби тіл мен диалектілер арасында осындай айырмашылыққа негізделген нұсқалар кездеседі: *оюу – үяу, сөндіру – сүндіру, өткел – үткел, көңіл – күңіл, тұман – тыман, бұлақ – былақ, мұздау – мыздау, ұрлау – ырлау* т.б.

Соңғы мысалдарда, тек ашық ДД-дың қысаңға айналуы ғана емес, сол сияқты дауыстының жартылай ашық дауыстығы (оюу – үяу) айналуын, ал жартылай ашық дауыстының әбден қысқарып, шолақ қысаңға айналуын көруге болады: *бұлақ – былақ, сөндіру – сүндіру, көңіл – күңіл*.

ДД-дың осындай ауысуы басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Н.А. Баскаков алтай тілінің куманды диалектісінде **о > у, ө > ү** ауысуларының жиі кездесетіндігін айтады. Ал көне түркі ашық

дауыстыларының қысаңдарға ауысуы башқұрт, татар тілдерінде қалыптасып кеткен. Сондықтан бұл тілдерде ашық-қысаңға негізделген паралель сөздер де көп кездеседі. Чуваш, якут тілдерінде сөз басында айтылатын ашық дауысты **а** дыбысының орнына қысаң **ы** дауыстысының айтылуы осы құбылыстың бір көрінісі.

Бұл фактілердің барлығы ДД-дың ашық-қысаң топтарға жіктелуі түркі тілдерінің генезистік заңдылықтарының қатарына жататындығын дәлелдейді. ДД-дың жіктелуінің ашық және қысаң топтарға жіктелуі байырғы да, аралық топтардың – жартылай ашық, жартылай қысаң топтардың кейбір тілдерде қалыптасуы жеке тілдердің тарихи дамуының барысында орныққан.

Тілдердің біразында, әсіресе оңтүстік батыста орналасқан оғыз тобында жартылай ашық айтылатын **э** дыбысы орныққан. Бұл дыбыс, бір жағынан, ашық дауысты сәйкес те, екінші жағынан, аса қысаң **і** дыбысына сәйкес келеді. Әзірбайжан тіліндегі **э** түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде бірінші буында айтылған созылыңқы дауыстының қысқарып, қалыпқа түскен түрі, ал **â** дауыстысы – сол кезеңде қалыпты айтылған дауыстының қазіргі көрінісі. Көне түркі жазуларындағы барлық дауыстылар қысқа дауыстылар, созылыңқы дауыстылар байқалмайды. Өйткені жазуда созылыңқы графикалық жақтары көрсетілмеген.

Түрік ғалымы Тузжу Керим «В кыргызском языке используются долгие гласные, которые не встречаются в древних и современных тюркских языках. Можно заметить что, в кыргызском, алтайском и других тюркских языках долгие гласные появились за счет выпадения некоторых согласных звуков» деген түйінге келіп, мысалдармен дәйектейді.

Буу – зат есім: *суудан буу чыгуу / судан бу шыгу*; өзб., әзір., түркм., ұйғ. *буг*, ноғ. *був*, башқ. *быу. қазанның буы*

Буу – етістік: *орамал байла*; өзір., түрікм., ұйғ., түрік. *боғ. Ак тасма менен оролтуп, кулакты бекем буунуз / Ақ жиекпен көмкеріңіз де, құлағыңызды қатты байлаңыз.*

Түркологиялық әдебиеттердің бәрінде де екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың редуцияланатыны көрсетіліп, оған көршілес дауыссыздардың әсері үлкен рөл атқаратындығы айтылған. Олай болса, дауысты дыбыстардың редуциялануына негіз-

гі әсер етуші күш қайсысы? Екпін бе, жоқ, көршілес дауыссыздардың әсері ме?

Зерттеушілердің айтуларына қарағанда, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редуцияланып түсіп қалуы үшін, екпін мен көршілес дауыссыздардан басқа да толып жатқан факторлардың, атап айтқанда, дауысты дыбыстың өз сапасының, оның сөздегі және екпінге қатысты орнының, буын түрінің, сөйлеу қарқыны мен сөздердің қолданылу жиілігінің, т.б. маңызы зор көрінеді [Қалиев Б., 1984].

Көрнекті ғалым Н.Ф. Катанов өзінің «Урянхей тілін зерттеу тәжірибесі» (1899) деген еңбегінде дауысты дыбыстардың түсіп қалу құбылысы туралы кеңірек тоқталған.

Ф.Е. Корш «Балдақ» сөзі және түркі тілдеріндегі дауыстылардың созылыңқылығы» (1909) деген мақаласында [ы] дауыстысының өте қысқа айтылатындығын және кей жерде түсіп қалатындығын айтып, оған түркі тілдерінен мысалдар келтіреді: *чагырмак – чармак, багырмак-бармак, багылдак-балдақ, ағыз-ағзы, бойун-бойну*, т.б.

Э.В. Севортян «Түрік әдеби тілінің фонетикасы» (1955) деген еңбегінде редуция деп қысаң дауыстылардың екпінсіз буындағы өзгерісі деп түсінген. Оның айтуынша, қысаң дауыстылар ашық дауыстыларға қарағанда әлсіз, тұрақсыз, сондықтан олар редуцияға тез беріледі дейді.

Бакылау сұрақтары:

1. Түркі тілдеріндегі жуан және жіңішке дауыстылар.
2. Дауысты дыбыстардың редуциялануы дегеніміз не?
3. Езу, ерін дауыстылар.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы, 1981.
2. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. – М., 1964.
3. Антонов Н.К. Лекции по тюркологии. – Якутск, 1979.

4-дәріс. Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар (консонантизмдер) жүйесі

Сұрақтар:

1. Түркі тілдерінің созылыңқы дауыссыздар жүйесі.
2. Қосар дауыссыз дыбыстар.
3. Сына дауыссыз дыбыстар.

Тірек сөздер: фонема, созылыңқы дауыссыздар, аффрикат, гелмината.

Түркі тілдерінде барлық тілдерге ортақ болып келетін 23-25 дауыссыз фонема бар. Орхон-Енисей жазбаларының тілінде арнайы графикалық таңбамен белгіленген дауыссыз фонемалардың саны 16-17-і ғана болған. Түркі тілдерінің ішінен созылыңқы дауыссыздар (СЗД) саны бірдей тілді табу қиын. Мысалы:

- қарақалпақ тілінде – 23 дауыссыз;
- өзбек тілінде – 28 дауыссыз;
- ұйғыр тілінде – 24 дауыссыз;
- қырғыз тілінде – 22 дауыссыз.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеуші ғалым Ә. Жүнісбековтің айтуынша: «Қазақ тілінің консонантизмдер жүйесі 17 сингорматиптен (фонема) (б, ғ-г, д, ж, з, й, қ-қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш) немесе 66 синорма дауыссыздан құралады» деп, олардың қатарына в, ф, х, һ, ц, ч дауыссыздарын кіргізбейді. Себебі бұлар жолдан қосылған, байырғы сөздерде жоқ, кірме дыбыстар деп түсіндіреді. Сондай-ақ ол қазақ әдеби тілінде басқа барлық дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі фонематикалық қасиетке ие болмайтынына негізделіп, жуан-жіңішке к/к, ғ/г сыңарларының әрбірі де бір сингеманың (фонеманың) екі түрлі (жуан-жіңішке) көрінісі, яғни к/к бір қатаң дауыссыз сингеманың, ғ/г бір үнді дауыссыз сингеманың реңктері ретінде қарау керек» деп жазды [Жүнісбек Ә., 2009].

Ісмет Кеңесбаев: «Қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар, орыс графикасы негізінде қазақ әдеби тіліне в, ф, х, һ, ц дауыссыз фонемалары кірді» деп көрсетеді [Кеңесбаев І., 1954].

Бұлар: *б, в, г, ғ, ж, д, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, щ.*

Қазақ ғалымдары І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Аралбаев, Ә. Жүнісбеков, Ж. Әбуов, Ғ. Әбуханов, С. Мырзабековтер У

фонемасын буын жасай алмағандықтан дауыссыздар тобына қосады. Бірақ осы 25 дауыссыз дыбысқа түркологтар Ғ. Әбуханов, Ж. Түймебаев 26-дыбыс етіп **Щ** әрпін де қосқан. Осыған қарағанда, щ – дыбыс емес, әріп. Ол созылыңқы ш немесе қос ш дыбысының таңбасы, транскрипцияда оны ш түрінде таңбалайтыны айтылады. Қазақ тілінде щ әрпі тек *ащы, тұщы, кеше* сөздерінде жазылатыны белгілі [Мырзабеков С., 1999].

Тіл қатысына қарай консонантизмдер 3 түрлі айтылады: **тіл алды, тіл ортасы және тіл арты** дауыссыздары.

Тіл арты дауыссыздары: с, з, д, т, р, н, ж, дж, т.б. Әзірбайжан, түрік, қырғыз тілдерінде жалаң ж фонемасынан басқа аффрикат дж фонемасы айтылады.

Тіл ортасы дауыссыздары: к, г, ч, й, т.б.

Тіл арты дауыссыздары: қ, ғ, х. Көпшілік түркі тілдерінде тіл артынан жасалатын қатаң қ дыбысы айтылады.

Біршама түркі тілдерінде консонантизмдердің қосарлануы бар:

- түрікмен тілінде *аррық / арық, ыссы / ыссы), аччы / алуы, уллу / ұлы, гиччи / кіші, қоччақ / батыл;*
- әзірбайжан тілінен *аддым/адым, саггыз / сағыз, әшшек / есек;*
- қазақ тілінде *тәтті, сәтті.*
- чуваш тілі *суққыр / соқыр, атте / ата, анне / ана, кука / көке, чече / шеше.*

Көне түркі тілінде 16 дауыссыз дыбыс болған. Қазақ тілінде СзД саны бұдан әлдеқайда көп. Көне түркі тілінде дауыссыздарының қолданылу позициясы қазақ тілі дауыссыздарымен бірдей бола бермейді. Мұндай өзгерістердің бәрі де жеке дыбыстардың қолданылу жүйесін салыстырғанда ғана байқалады.

1) дауыссыз т – з/с – й-р сөздің ортасы және соңында кездеседі [Антонов Н.К., 1979].

Негізгі мағынасы	Орхон	Тыуа	Саха	Хакас	Батыс түркілік	Чуваш
1	2	3	4	5	6	7
Аяқ	Адах	Адах	Атах	Азах	Айах	Ура
Күйеу	Күдэгү	Күдээ	Күтүө	Кезөө	Күйев	Керу

1	2	3	4	5	6	7
Қайың	Хадын	Хадын	Хатын	Хазын	Хайын	Хуран
Жаяу	Йадаб	Чадаб	Сатыы	Чазаб	Йайах	Суран
Ұйықтау	Уду	Уду	Утуй	Узу	Йохла	Ыйха
Айғыр	Адбыр	Аскыр	Атыыр	Азбыр	Айбыр	Айөр
Қою	Код	Кут	Кут	–	Куй	Хур
Тою	Тод	Тот	Тот	Тос	Той	Таран

Қарақалпақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесіне келетін болсақ, қарақалпақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесінің ең алғашқы дәуірінде – түркі тілдерге араб-парсы тілдерінен көптеп сөздердің келіп кіруіне дейінгі дәуірде Н.А. Баскаковтың көрсетуі бойынша 14 дауыссыз фонема (*м, п, ұ, н, л, р, т, с, з, ш, ж, й, ң, к*) болған. Ал *б, д, г, х, қ, з* және т.б. дыбыстар дауыссыз фонемалардың варианты қызметін атқарған.

Қазіргі қазақ тілінің оқулықтарында ДзД саны – 25.

Чуваш тілінде **л, н, т, р** дыбыстары сөз құрамында әрі «жуан», әрі «жіңішке» болып айтылады. Түркі тілдерінде дауыссыздарды жасалу органдарының қатысына қарай топтағанда **м, б, п** ерін дауыссыздары деп аталады. **в, ф** дыбыстары сөз құрамында болған фонетикалық өзгерістің нәтижесі болып отырады. Мысалы, түрік – барлық, әзірбайжан – барлық (өмір сүру, тұрмыс), әзірбайжан – довман, түрік – тавман /қоян. Башқұрт, татар және қазақ тілінде **в, ф** дыбыстары тек кірме сөздер құрамында айтылады.

«Сына» дауыссыздар

Түркі тілдерінде дауыссыздардың екі дауысты арасында «сына» ретінде қолданылуы біршама кең тараған құбылыстардың қатарына жатады. А.М. Шербак «сына» ретінде қолданылатын дауыссыздар деп мыналарды көрсетеді: **р, ш, с, й**.

Й сына дыбысының қолданылуы көне түркі тілінде кездеседі. Ол тілде жіңішке дауыстыдан басталған сөздердің құрамында жіңішке дауыстыдан бұрын й сына дауыссызы айтылған.

М. Томанов қазіргі тілдердің ішінде бұл жүйені одан гөрі дамытқан тіл – қарашай тілі деп санайды. Көне түркі тілінде й сынасының қолданылуын мына сөздерден көреміз: йумуртқа

(бірсыпыра алтай тілінде умуртқа, умукта), йығач, йамрак (сүйікті), йем (ем), йығла (жыла), йыра (қашу, ыра қашу), йіг (ауыру), йідіз (биік), йіл (іл, ілу), йінічке (жінішке).

Қарашай тілінде: йешік (елік), йөгүз (егіз), йүч (үш), йетгйөр (өткір), йүй (үй), йуренир (үйрену), йер (әр). Қарашай тілінде й сынасының айтылатын орны тек сөздің абсолют басы ғана емес, сөздің орта шенінде ерін дауыстыларының алдында да айтылады: сйоз; гагауз тілінде: йем (ем, емшек ем), йең (ең, ең алды), йүрк (үрк, үрку).

Й сына дыбысы. Бұл сына дыбыстың сөз басында протезалық қызмет атқаратыны чуваш тіліндегі **й+ат/ат**, **й+ене/ін**, гагауыз тіліндегі **й+эл/қол**, **й+эркек/еркек**, **й+эски/ескі**, **й+үш/үш**, өзбек тіліндегі **й+оғаш/ағаш** сөздерінен анық басталады [Сағындықұлы Б., 2012]. Қарақалпақ тілінде й сына дыбысы е, о, ө дыбыстарының алдынан естіледі.

И сына дыбысы басқа түркі тілдерінде кездеседі. Бұл ыңғайда оғыз тілдеріндегі сөз ішінде й дыбысының қолданылуын айту керек. Мысалы, түркі тілінде йазмайыңыз (жазбаңыз) – йазмай-ының, бабайы (әкесі) – баба-й-ы т.б. Бұған қоса ол тілдерде осы шақ есімше тұлғасы – йор түрінде й-мен айтылатындығын қосу керек. Осындай із ескі түркі (орта ғасыр) тілінде болған: сайрайур (сайрайды) – сайра-й-ур, сөзлей-ур (сөйлейді) – сөйлей-үр т.б.

Р, ш дыбыстарының сына ретінде қолданылуы көбіне топтау сан есімдерінің құрамында, түбір мен қосымша шегінде екі дауыстының арасында (дауыстыға аяқталған түбір мен дауыстыдан басталатын қосымша арасында) болады: орта түркі тілінде – іккірер (екеуден), алтырар (алтаудан), татар тілінде – ікішер (екеуден).

Ұйғыр тілінде р дыбысы дауыстыға аяқталған сөзге тәуелдік жалғау жағынан айтылады: тохо-р-ум (тауығым), дүниары (дүниесі). **С** дыбысының сына ретінде қолданылуы түбір мен жалғаудың арасы. Бұл көбінесе, қазақ тіліндегі сияқты, тәуелдіктің III жағынан кездеседі: баласы.

Жалпы түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінің кейбір материалдарына қарағанда б мен п дыбыстарының өзара орын алмасып, әрқилы формада қолданыла беретіндігі заңды құбылыс деуге болады: *она* (шағатай), *оба* (өзбек, түрік, қырым

татарлары, әзірбайжан, қарашай, қарайым, қазақ, қарақалпақ), *ооба* (түрікпен), *обо* (қырғыз, алтай), *обоо* (телеуіт); қапақ~кабақ (үйғыр), *қабак* (қырғыз, татар, телеуіт, қазақ, қарақалпақ), *қапақ* (түрік т.б.) Бұл дыбыстар сөздердің басқа түрлі позицияларында келіп те өзара алмаса береді [Рясянен М., 1955].

✓ Сына дауыссыздардың басты қасиеті фонема бола алмайды, ешқандай мағыналық жүк арқаламайды, бар болғаны қатар тұрған ДД-дың ара жігін ашып, олардың бірін-бірі ығыстырып жіберуіне жол бермейді.

Һ сына дыбысы

Орал-Алтай тілдеріндегі көмейден шығатын һ дыбысының генезисін саралай келе, көрнекті тіл маманы Н.С. Трубецкой: «*Орал-алтай тілдерінде көмей дауыссыз дыбысы тіпті жоқ, егер де кейбір тілдерде һ дыбысы кездесетін болса, ол өзге бір дыбыстың өте ескі түрі болып табылады (мысалы, венгр тіліндегі һ дыбысы көнедегі х болған, бурят және солтүстік эвенкі тілдеріндегі һ – s дыбысынан шыққан)*» [Трубецкой Н.С.].

Башқұрт тілін есептегенде, һ дыбысы бүкіл тілдерінде қолданыстан шығып қалған. Оның орнына аллофондары – **қ, к, ғ, г** дыбыстары жұмсалады. Қазақ тілінде һ көмей дыбысы **аһ, уһ, оһо** сияқты бірен-саран одағайлардың дыбыстық құрамында кездеседі. **У, п, б** дыбыстарымен салыстырғанда **қ, к, ғ, г** дыбыстарының сына болу мүмкіндігінен гөрі, керісінше, фонема болу мүмкіндігі басым.

Әзірбайжан, гагауыз, өзбек, түрікмен, үйғыр тілдерінде кейбір сөздердің алдынан қосылып, протезалық қызмет атқарады. Мысалы,

- әзірб. һүрк-(үрік), һіс (ыс), һөргүш (өркеш);
- гаг. һайғыр (айғыр), һалма (алма), һат (ат);
- түрікм. һін (ін), һәң (ең), һүр- (үр):м
- өзб. һул (ылғал), һүкіз (өгіз);
- үйғ. һара (ара);
- Ирандағы халадж тілінде һот /от, һағаш /ағаш, һай-/айт, һалта/алты, һар /ер, һурун /ақ т.б. [Шцербак А.М., 1977].

Түркі тілдерінде көмей арқылы жасалатын бір ғана дауыссыз дыбыс **Һ** дыбыстар жүйесінде үйғыр тілімен қоса басқа тілдерде (барлық қатаң дыбыстар секілді) фонетикада үяң болып

кездесіп жатады. Мысалы, кимографиялық жазбаларда *h* дыбысы ұйғыр және қазақ тілдерінде интервокалдык позицияда ұяңданады. Ұйғыр тіліндегідей қазақ тілінде де *h* дыбысы негізгі қатаң формасымен қатар ұяңдық ерекшелігі бар. Алайда екі тілде де фарингалды *h* дыбысының ұяңдығы фонетикалық шарттылығымен ерекшеленеді.

Бакылау сұрақтары:

1. Түркі тілдерінің ішінен созылыңқы дауыссыздар.
2. Сына дауыссыздардың басты қасиеті.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – А., 1981.
2. Щербак А. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
3. Антонов Н.К. Лекции по тюркологии. – Якутс . 1979.
4. Қасым Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2014.

5-дәріс. Түркі тілдеріндегі дыбыстық құбылыстар: ротацизм, йотация

1. Түркі тілдеріндегі *p ~ z* дыбыстарының сәйкестігі.
2. Й дауыссызының қолданысы.
3. Сөз басында ұшырасатын дауыссыздардың ерекшеліктері.

Тірек сөздер: ротацизм, йотация, *P ~ З* дыбыстары

Түркі тілдеріндегі **P ~ З** дыбыстарының сәйкестігіне, яғни ротацизм құбылысына алғаш көңіл аударған зерттеуші И. Клапрот болды. Кейін чуваш тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы бұл айырмашылықты В. Шот зерттеулері кеңейте түсті. Жалпы зерттеушілер арасында бұл дыбыстардың қайсысы бұрын деген мәселеде 2 түрлі көзқарас бар: Г. Рамстед, М. Ряснен, Н. Баскаковтар *P* дыбысынан *З* дыбысы дамып шықты десе, В. Радлов, Ю. Немет, Г. Гомбоц, Б. Серебрянниковтер *З* дыбысынан *P* дыбысы өрбіген дейді. Ал Н. Ашмарин, Н. Дмитриев сияқты тюркологтар бұл дыбыстарды нақты талдайды және Н. Дмитриев *P ~ З* дыбыстарының алмасуы абсолютті құбылыс емес екенін көрсетті [Дмитриев Н.К., 1955].

Алайда бүгінгі таңда түркологтардың басым көпшілігі **З** дыбысы **Р** дыбысынан дамып шықты деген пікірде. **Самар // са-мыр // сәміз** сөздеріндегі **р//з** дыбыстарының алмасуы анық болғандығын байқатады.

Махмуд Қашқари заманында **Самарқанд қаласы // Семіз-кенд** деп те аталған, «*Самарқандты үлкендігі үшін Семіз кенд – Семіз шахар форсылар Самарқанд түрінде қолданады*» деп көрсеткен. **Р** дыбысының түркі-моңғол тілдерінде қолданылуы жағынан ұқсастық көп. Бірақ түркі-моңғол тілдеріне тән ротацизм заңдылығы **р~з** дыбысының сәйкестігі сақталған: ихер~егіз, ухер ~ өгіз, түрген ~ тез, херчик ~ кесу (керту сөзі) т.б.

Тарихшы С.М. Ақынжанов қытай тілінің маманы Н.Я.Бичуриннің: «*хи немесе кайлардың тілі қидан тіліне жақын болған*» [Бичурин Н.Я., 1998] дейтін дерегіне сүйене отырып, кайларды моңғол тілдес этносқа жатқызады. Ал моңғол және тунгус-маньчжур тілдерінде жоғарыда атап өткеніміздей, **р-н** сәйкестігі бар. Барыс септіктің **-ған** қосымшасының, **-ғар** форманты көне түркі тілдерінде болған және қазіргі құмық тілінде бар. Басқаша айтқанда көне түркі тілдерінде **Р-Н** сәйкестігі болған және қазір де кейбір түркі тілдерінде реликт сақталған.

Олай болса, көне түркі тіліндегі *Бөрік немесе Борық* есімі XI ғасырға дейін-ақ *Бөнік* немесе *Бонық* болып өзгеруі мүмкін. **Р-Н** сәйкестігі бойынша *Бонік* немесе *Бонық* болып өзгерген половец ханының есімі, көне орыс тілінде *Бонық* болып айтылған. *Бонік* есімінің о бастағы алғашқы нұсқасы *Бөрік*, **к-г** сәйкестігі бойынша *Бөріг* болып та айтылған. Ал *бөріг* сөзі көне түркі тілінде «қасқыр», «бөрі» мағынасын білдірген. Егер де *бөріг* сөзі, «қасқыр» мағынасын білдірген болса, онда *Боняк* есімі де, оның о бастағы алғашқы нұсқасы *Бөріг* те «бөрі» мағынасын білдірген.

Н.А. Баскаковтың топшылауынша, алтай дәуіріндегі біртұтас тілдерден түнғұс-манчжурь, моңғол және түркі тілдері бөлініп шығып, жеке-жеке тіл ретінде қалыптасқан. Н.А. Баскаков ротацизм құбылысын **р ~ з** ол осы дәуірдің жемісі деп қарайды.

Ал Б.А. Серебренников пен А.М. Щербак **Р ~ З** құбылысын басқаша дәлелдейді. Ротацизм түркі тілдерінің өз ішінде де

байқалады: чуваш тіліндегі р-мен келетін кейбір сөздер басқа түркі тілдерінде з дыбысымен айтылады.

Р дыбысы – түркі тілдері консонантизмдер жүйесі дамуындағы ең көне фонемалар қатарында аталатын қатаң дыбыс. **Р ~ З** сәйкестігіне ерекше көңіл бөлген ғалымдардың бірі – Б.А. Серебренников. Ол з-нің р-ге өзгеру механизмін былай негіздейді: «Предположение о первичности г в чувашском построено без учета основных тенденций развития чувашского консонантизма. Одна из наиболее характерных особенностей развития чувашского консонантизма состоит в стремлении к ослаблению смычки, в соответствии с чем, например, древний задненебный q в чувашском языке превратился в х...; Древний ч в чувашском языке превращался в ч'... Подпав под действие дальнейшего ослабления щели затвора, исконный z мог бы дать г, так как несмотря на артикуляционную сложность г степень раскрытия затвора у г больше, чем у z» [Серебренников Б.А., 1960]

Б.А. Серебренников өз теориясын дәлелдеу барысында Г.И. Рамстедтің болжамын теріске шығарады: «Условия постулируемые Г. Рамстедтом, не могли привести в образованию з и ш из г и l у основ с заднерядным вокализмом. Дальнейшая аргументация Расмстедта также не выдерживает критики» [Серебренников Б.А., 1971. – №1, – С. 16]. Сөйтіп, Б.А. Серебренников түркі тілдеріне жуан дауыстылардан кейін жіңішке ДД-дың келуі мүмкін емес екенін ескерте келіп, фин ғалымының елеулі ақау жібергенін ашып айтады. Керісінше өзі чуваш тілінің консонантизмі жалпы түркілік з-нің р-ге ауысуға мүмкіндік беретініне анық сенеді.

Түркологтар **Р** дыбысын ең ескі дыбыстардың қатарына қосады. Татар ғалымы Р.Г. Ахметьянов этимологиялық ізденістерімен моңғол, тұңғыс-манчжурь, чуваш тілдеріндегі **Р**-ді архетип (түбіртек) деп таниды [Ахметьянов Р.Г., 1961].

Бұлғар тілінің ерекшеліктері деп Н.А. Баскаков төмендегі белгілерді атайды:

а) 2 еріндік, 2 езулік ДД-тан құралған дауыстылар системасының (вокализм) болуы;

ә) байырғы не кірме сөздердің басындағы дыбыстың дифтонгқа айналуы (*йерт* > *ерт*, *йекев* > *екев*, *йер* > *ер* т.б.);

б) өзге түркі тілдеріндегі сөз соңындағы *з* орнына *р* дыбысының қолданылуы (ротацизм құбылысы): *пар~буз//мүз*; *хер~қыз* т.б. в) өзіне тән *с* дыбысының орнына *й~ж~дж~ч* дыбыстарының қолданылуы;

г) уяң және қатаң дыбыстармен қатар палатальды дыбыстардың болуы;

д) *д~т~з~й* дыбыстарының *р* дыбысымен алмасуы (*адак~азак~аяқ* орнына *ура* т.б.);

е) *ш~с* дыбыстарының орнына *л* дыбысының қолданылуы (ламдаизм); *хел~қыш~қыс*, *телек~түш~//түс* (сон), *алак~шишк //есик* т.б. көрсетеді [Баскаков Н.А., 1960].

Салыстырайық: *хер ~ қыз*, *хур ~ қаз*, *хуран ~ қазан*, *ватар ~ отыз*, *хантар ~ құндыз*, *самар ~ семіз*, *зер ~ жүз*, *сур ~ жаз*, *чер ~ тізе*, т.б.

Чуваш тілінің Еділ бойындағы тілдермен ортақ болып келетін ерекшеліктерінің қатарына *а* дыбысының еріндік ыңғайда айтылуы, *о > у*, *б > ү* (*ү*) ауысулары, *а* дыбысының әбден қысаңдап *і-ге* айналуы, редуцияланған *у*, *ү*, *і* (*ы*) дыбыс қатарларының қалыптасуы жатады. Ал чуваш тілін Еділ бойындағы басқа түркі тілдерінен ерекшелейтін «*таза чуваш тық*» белгілер қатарына сөздің басқа шеніндегі этимологиялық ДД-дың орнына дауыстылар мен дауыссыздардың тіркесіп айтылуы жатады. Езулік ДД-дың орнына *й-мен* келетін тіркестері, еріндік ДД-дың орнына (*у*)-мен келетін дыбыс тіркестері (дифтонгтар) айтылады. Чуваш вокализмінің 3-ерекшелігі – айрықша комбинаторлы-позициялық өзгерістердің екінші буынды қысаң дауысты әбден қысқарып редуцияланады, *піс – пісу < пыш, пез эр – пісіру, шыв – су < суг шавар – байбалам салу*.

Түркі тілдерінің құрамында, якут тілі секілді басқа түркі тілдеріне ұқсамайтын тілдердің бірі – чуваш тілі. Түрік ғалымы Галат Текиннің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «чуваш тілі түрк тілімен туыс бір тіл болған және Бұлғар тілінен шыққан». Олай болатын болса, чуваш тілі басқа түрк тілдерімен туыс емес, туыс тілдердің балалары болғаны. Чуваш тілінің шыққан тобы, яғни Ана Бұлғар тілінің ең алғаш Түрк тілінен айрылуы шамамен б.з 2000 жылға барады.

Чуваш тілінің фонетикалық жүйесін зерттеушілер оның вокализмінің құрамында Еділ бойындағы түркі тілдеріне ортақ

болып келетін ерекшеліктермен қатар, ол тілдерден өзгеше таза чуваш тық және әр қилы фонетикалық қоршаудың нәтижесінде қалыптасқан өзгерістерді, кейінгі замандарда ауысқан сөздер құрамындағы өзгерістерді ажыратады.

Чуваш тілінің негізгі айырмашылығы: түркі тілдеріндегі з орнына **р**, **ш** орнына **л** әрпінің қолданылуы. Өзге түркі тілдеріндегі *қыз* сөзі чуваш тілінде жіңішке *і* менен *һур*, түрікшедегі *кыш* сөзі чуваш тілінде тағы да жіңішке *і* дыбысы менен *һил* болады. Бұған қарасақ, түркі тілдерінің ішіндегі ең ескі қасиеттерді сақтаған чуваш тілі деп айтуға болады.

«Бұлғар-чуваш» теориясын Н.И. Ашмарин ұсынды, татар ғалымы М.З. Закиев, Ф. Хакимзянов, Ю. Шамилоглы сияқты ғалымдар аталған теорияның негізсіздігі жайлы қарсы теория ұсынды. «Кейінгі бұлғарлардың z-тілде сөйлеуіне байланысты ашмаринистер «бұлғар тілінің ауысуы жайлы» жаңа болжамдарын ұсынды. Бұл болжам бойынша бір кездерде бұлғарлар ескі чуваш тілінде сөйлеген, моңғол шапқыншылығына дейін-ақ өздерінің бұрынғы тілдерін тастап, кейін **z-тілді** тілге айналған дейді. Бұл өзгерістің себебін бұл ғалымдар Бұлғарияға көшіп келген **z-тілді** қыпшақтардың немесе Орта Азиядан келген дін қызметкерлерінің ықпалымен, тіпті оба індетіне байланысты халықтың толық қоныс аударуымен» түсіндіреді және көне бұлғар тілінің жазба ескерткіштері тілінің деректері негізінде бұлғарлар о бастан-ақ қазіргі татар тілінің кейбір белгілері бар **z** тілінде сөйлеген, ешқандай ротацизм, ламдаизм белгілері болмаған» деген қорытындыға келеді [Закиев М.З., 1996].

Махмуд Қашғари XI ғасырдағы түркі тілдердің фонетикалық сипатын баяндай келіп, кей сөздердің алдынан протеза **й** айтылатынына мынадай мысал келтіреді: *ыгла- йыгла, ылыг-йылыг, -ыг-іг*. Бұл сөздер қазақ тілінде *жыла, жылы* түрінде айтылады.

Протеза **й** тек соңғы сөздің (игр) құрамында ғана орнықпаған. Алдыңғы сөздер құрамындағы протеза **й** қазақ тілінде ж-ға айналып орныққан [38,76].

Түркі тілдеріндегі йотация құбылысының қолданысы

Йотация – й дауыссызының қолданысы, кейбір зерттеулерге қарағанда, ежелден келе жатқан құбылыс болмаса керек.

А.М. Щербак сөз басындағы й белгісіз көне заманда сол позицияда айтылған тіс аралық қатаң спирант – дауыссыздың кейінгі замандар бойында өзгерісінің нәтижесінде қалыптасқан деп есептейді [Щербак А.М., 1976]. Егер осы көзқарасты қабылдасақ, онда чуваш тілінде сөз басында айтылатын с мен якут тілінде сол позицияда айтылатын с й дауыссызына негіз болған тіс аралық спиранттың кейбір ерекшеліктерін сақтаған. Ал қазақ т.б. қыпшақ тілдеріндегі **ж** дыбысы да өзінің архетипіне оғыз тілдеріндегі й-ге қарағанда әлдеқайда жақын болып шығады. Алайда бұл көзқарасқа қарсы да пікір айтылып жатыр [Серебренников Б.А., 1960].

Ұйғыр тілінде үндестік заңы сақтала бермейді, сөз басында қазақ тіліндегі **ж** дыбысының орнына й қолданылады: *йәл-жәл, йол-жол*. Бір буынды сөздердегі а, ә дауыстылары сол сөзге жалғанатын қосымшалардың кері ықпалының әсерінен е, о, ө дыбыстарына ауысады: *аты-ети, балық-белик*. Ұйғыр тілінде а, ә дауыстылары редуциясының басымдығы байқалады, сөйлеу тілінде р, л дыбыстары түсіріліп айтылады: *бар-ба, барса-баса, кел-кә* т.б.

Түркі тілдерінің көне дәуірінде сөздің абсолют басында протеза ретінде айтылған **й** сөз құрамына әбден сіңіп, қазақ тілі заңдылығына лайық **ж** дыбысына айналған.

Қазіргі қыпшақ тілдеріндегі **Й** дауыстысының акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктері бар: кейбір сөздердің басында айтылатын **Ж** – сол протезаның өзгерген түрі. Қыпшақ-бұлғар тобындағы татар, башқұрт тілдерінде жартылай қысаң *й* фонемасы *ө* дыбысына жақын айтылса, қыпшақ-ноғай топшасындағы қарақалпақ тілінде баяу және созылық, қазақ тілінде батыл айтылады [Омарбеков С., Жүнісов Н., 1985].

Э.Р. Тенишевтің зерттеулеріне сүйенер болсақ, VII-VIII ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі оғыз, ұйғыр, қырғыз, қыпшақ топтарына бөлініп, көне түркі тайпалары бірдей қолданған, әр тайпаның өзіне тән сөйлеу тілі: мысалы, оғыздар мен қыпшақтар **j-тілді**, ұйғырлар **d-тілді**, ал қырғыздар **z-тілді** болған [29].

Түркі тілдеріне ортақ сөздерді бір-бірімен салыстырсақ: мысалы, «жол» – «сүрлеу».

оғыз, қарлұқ.	тува, хакас, шор.	қарашай– балқар	якут.	чуваш .	Қарайым.
тйол~дйол	чол	дзол~зол	суол	сул	бизым йол

Соңғы жол сөзінің дыбыстық құрамына назар аударалық. Екінші және үшінші дыбыстары барлық түркі тілдерінде бірдей – ол. Ұғымы да тепе-тең – орыс тілінде дорога (жол). Сонда айырмашылық алғашқы дыбысында ғана – й ~ дж ~ ж ~ тй ~ дй ~ ч ~ дз ~ з.

Й-Ж немесе сөз басындағы й ~ дж ~ ж ~ т ~ д ~ ч ~ ш ~ с ~ з сәйкестігі.

Қазақ тіліндегі «жүзік» сөзі диалектілерде – *джүзік, дүзік, йүзік* түрінде айтылады. Бұлардан **ж~дж~д~й** ДсД сәйкестігі пайда болып тұр. Түркі тілдерінің қай-қайсысынан да осы тәріздес дыбыс алмасуларын мол ұшыратуға болады. Бір ғана дыбыстың осыншама тарамданып кетуін ғалымдар 2 түрлі ыңғайда түсіндіріп келді. Түпкітекті (архетипті) В.В. Радлов, В.А. Богородицкий бастаған Ресей зерттеушілері **й** соноры деп, Г.И. Рамстедт бастаған шетел зерттеушілері **дж** аффрикаты деп таныды.

Н.А. Баскаков өзінің «Историко-типологическая фонология тюркских языков» атты еңбегінде тектес **п ~ б ~ ф** **в ~ у ~ м** және **к ~ г ~ қ ~ қ ~ ғ ~ х ~ һ /ң/** дыбыс сәйкестіктерін түркітануда бірінші рет топтастырды. Бұрын бұлар **п ~ б, б ~ м, п ~ б ~ в, қ ~ ғ, к ~ г** дыбыс сәйкестікті түрінде шашыраңқы талданатын еді.

Қазіргі түркі тілдерінде **т** үнді дауыссыз сөздің басында кездеседі: қазақ тілінде *тојун*, қырғыз тілінде *тојун*, түрікмен тілінде *meniz* т.б. Алайда ескі түркі тілдерінде сөз басында **т** дыбысы кездеспеген. Ескі түркі тілдерінде сөз басында **т**-ның орнына **в** дыбысы сәйкес келіп қолданылған.

Мысалы, түрікмен тілінде «т» [туј] деген сөзге бұрын *bejni* деген сөз сәйкес келген, әзірбайжан тілінде «бет» деген сөзге *baniz* деген сөз сәйкес келеді.

Құмық тілінде «мойын» деген сөзге *boјun* деген сөз сәйкес келген. Түркі ататілінде **в**-дан басталатын сөздер тарихи рекон-

струкция өзгерістері арқылы туыстас түркі тілінен **m**-дан басталатын сөздерге айналған.

Мысалы, *bojun* < *mojun*, ескі түркі тілінен реконструкция арқылы қазіргі қазақ тіліне ауысқан мына сөздерді де келтіруге болады: *bun* < *mun*, *ban* < *men*, *bin* < *min* т.б.

Мархабат Томанов: «Қазіргі қазақ тіліндегі мойын сөзі чуваш тілінде май, якут тілінде мой түрінде айтылады, ал қойын (таудың қойны, қойнауы, қолтығы) сөзі осман түріктерінің тілінде қой түрінде айтылады. Сөйтіп, қазақ сөздерінің соңғы буыны (ын) о баста у дыбысынан (яғни қазақ тіліндегі ү) басталған ілік септік қосымшасы болып шығады. Қазақ тілінде түбір мен қосымша бірігіп, сингормонизм заңы бойынша үйлескен. Қазіргі түркі тілдерінің бірсыпырасында ілік септік қосымшасы осы уақытқа дейін у дыбысынан басталады. Мысалы, әзірбайжан тілінде ілік септіктің бір нұсқасы у, ү дыбыстарынан басталады» деп тұжырымдайды [Томанов М., 1988].

Ноғай тілінде көптік жалғау тек л дыбысынан басталады, сөз басында *ж*, *с*, *б* келетін біраз сөздерде *и*, *ш*, *у* дыбыстарын қолданады: *жол-иол*, *бас-баш*, *ауа-аба*, *анау-анаб*. Бұл өзгешеліктер грамматикада да бар: *бара-таған*, *бара-тұрған*, *келе-ежек*, *бар-ажәк*.

Бакылау сұрақтары:

1. Башқұрт, татар және қазақ тілінде в, ф дыбыстары.
2. Әзірбайжан, түрік, қырғыз тілдерінде жалаң ж фонемасы.
3. Ғалым А.М. Щербак «сына» ретінде қолданылатын дауыссыздар.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
2. Аралбаева Ж.А. Вокализм казахского языка. – Алматы, 1970.
3. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Алматы, 2007. – 102 б.

МОРФОЛОГИЯ

6-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы

Сұрақтар:

1. Түбір морфема мен суффикстер.
2. Күрделі сөз мәселесінің зерттелуі.
3. Күрделі сөздердің түрлері.

Тірек сөздер: бір буынды түбірлер, синкретизмдер, біріккен сөз, қос сөздер, қысқарған сөздер.

Морфологиялық құрылыстың егізі – аффиксация. Мәні мен қызметі әртүрлі аффикстер бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Сөздің морфологиялық құрылымы үш элементтен: түбір мен суффикстен және жалғаудан құралады. Осы бөліктерден құралған сөздер, негізінен, 3 типке бөлінеді:

1. Тек қана түбірден құралған сөз.
2. Түбір, бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөз.
3. Түбір, бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөз.

А. Ысқақов: «Түбір морфема мәселесіне қазақ тілі (сондай-ақ түркі тілдері) тұрғысынан келсек, түбір белгілі бір мағынаны білдіруімен байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде, түбір деген ұғым мен сөз деген ұғым сайма-сай келеді де, сөз деген ұғымға енетін туынды түбір дегендер ғана одан өзгеше болады. Сондықтан да түбір жеке сөздің баламасы ретінде ешбір түрленусіз түбір күйінде тілде қолданыла да алады», – дейді.

Түбір морфеманың табиғатына жіті назар аударған зерттеулерге ең алдымен, Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков», Н.А. Баскаковтың «Историко-типологическая морфология тюркских языков» (структура слова и механизм агглютинации), А.Н. Кононовтың «Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв.», К.М. Мұсаевтың «Лексико-

логия тюркских языков», Ә.Т. Қайдаровтың «Структура одно-
сложных корней и основ в современном казахском языке»,
М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», К.Ш. Хұ-
сайыновтың «Звукоизобразительность в казахском языке»,
Е.З. Қажыбековтың «Глаголо-именная корреляция гомогенных
корней в тюркских языках», Н.И. Букетованың «Реликтовая кор-
невая морфема как языковая универсалия», Б. Сағындықұлының
«Фонологические закономерности развития лексики тюркских
языков», профессор Ж.А. Манкееваның «Реконструкция мерт-
вых корней глагольных основ», М. Ескееваның «Көне түркі жә-
не қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері» және т.б.
еңбектерін мақтанышпен атауға болады.

Түркі сөздерінің байырғы түбір морфемасы бір буынды бо-
лып келеді. Тіліміздегі негізгі сөздік қордағы сөздердің басым
көпшілігінің ерекшелігі – олардың бір буынды түбірден жаңа
сөз тобын жасауға икемділігі. Сөйтіп, түбір морфема екінші жа-
ғынан, буын ретінде де ұғынылады. Тілдің негізгі құрылымын
анықтауда бір буынды түбірлердің арқау екендігі дау тудырмаса
керек.

Түркі тілдеріндегі түбір теориясын, түбіртану, түркіта-
ну мен алтаистика мәселелерін «індете» зерттеген академик
Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казах-
ском языке» (1986) атты монографиясы отандық және әлемдік
тіл білімінде жоғары бағаланған аса құнды еңбек ретінде таныл-
ды. Әлемдік түркітанушылар арасында түбір мәселесімен айна-
лысатын ең белгілі мамандардың бірі болып табылатын ғалым-
ның бұл еңбегі оның ғылыми беделін бұрынғыдан да арттыра
түсті. Монографияның 5 тараудан тұратын ғылыми-теориялық
зерттемелік бөлігінде түркі тілдеріндегі түбір мәселесі, *түбірлер*
мен негіздердің құрылымы, этимологиялық реконструкция
жасаудың әдіс-тәсілдері, қазақ тіліндегі *бір буынды* түбір-негіз-
дердің лексика-грамматикалық және семантикалық түрлері жан-
жақты жүргізілген тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы зерт-
теу негізінде талданады.

Сөзді тану үшін оның түбірін тану керек деп тұжырымдаған
ғалым **бір буынды түбірлер, синкретизмдер, бір текті түбір-
лер, бір түбірлес сөздер, өлі түбір, тірі түбір, біріккен және
қос сөздердің этимологиясы мәселелерін зерттеп, тірі түбір,**

біріккен және қос сөздердің этимологиясы мәселелерін зерттеп, «сөзтану», «түбіртану» сияқты терминдерді ұсынады.

Қазақ сөзінің құрылымы зерттеле бастағанына ғасырлар өтсе де оның шешімін таппаған мәселелері аз емес еді. Осы мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген де академик Ә. Қайдар болды, ол *бір буынды* түбірлерді өзі ғана зерттеп қоймай, төңірегінде түбіртанушылардың отандық мектебін қалыптастыра білді, шәкірті профессор Ерден Қажыбековтің «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явления синкретизма)» синкретикалық бір буынды түбірлерге, түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіссім омонимиясы тұрғысынан зерттеліп, синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берді [Қажыбек Е., 1986].

Қарақалпақ тілінде «жүрнақтар қызметіне қарай сөз жасаушы, форма өзгертуші, сөз түрлендіруші болып үшке бөлінеді» [Хәзирги қарақалпақ тили, 1974].

Қырғыз тілі грамматикасында қосымшалар функциясына қарай сөз өзгертуші, сөз жасаушы, форма жасаушы мүшелер болып бөлінеді де, сөз өзгертуші мүшелерге (қосымшаларға) септік (жондомо), тәуелдік (таандық) және жіктік, жақ категорияларының тұлғалары жатады. Сөз жасаушы қосымшаларға бір сөз табының ішінде жаңа сөз тудыратын лексикалық және бір сөз табын екінші сөз табына айналдырып жіберетін лексикалық-грамматикалық функциядағы қосымшалар еніп, форма жасаушы қосымшаларға сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған кейбір реңк (отенок) үстейтін не грамматикалық мағына үстейтін, бірақ сөздерді бір-бірімен байланыстыра алмайтын қосымшалар, атап айтқанда, рендік мәнді білдіретін тұлғалар, көптік тұлғасы, шырай, есімше, көсемше, шақ т.б. тұлғалары жатады [Давлетов С., Құдайбергенов С., 1980].

Қарашай тіліндегі **-чакъ//цакъ -чыкъ//цыкъ жүрнақтары**. Бұл аффиксті Ж. Дени және Э.В. Севортян шығу тегін жеке **чакъ** сөзінен шыққандығын алға тартады. Беретін мағынасы *сан, уақыт мөлшері, уақыт, жас, жас шамасы* дегенді білдіреді. Ж. Дени **чакъ** формасының өте көне екенін және *чанг* сөзінен шыққанын келтіреді [Щербак А.М., 1962].

Бір буынды түбірдегі ДД-дың сапалық тұрақтылығын ескерсек, бір буынды жарыспалы түбірлердегі **а ~ е** сәйкестіктері тіларалық төмендегідей сөздерден байқалады:

- чув. *так*;
- як. *таах*;
- қаз., 'қ. 'қалп., қырғыз т. «*тек босқа, текке*»;
- қ. 'қалп. 'қаз. 'т, қырғ. 'т. *тақ- гаг. 'т.* тек «*жүп* сөзіне қарсы; мағына»;
- чув. 'так;
- өзб. 'қаз., қырғ., күм. теке сар *така*.

Ғалым түбірге «Тюркская корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога. Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слово – динамики» [Кайдаров А.Т., 1986] деп анықтама береді.

Бір буынды түбірлердің өзін **түбір-негіз** деп қосарлап атап, *кү+л, кү-й, кү-н* тарихи тұрғыда оларды одан әрі де морфтарға бөлу мүмкіндігін дәлелдеді.

Академик Ә. Қайдар *самарқау* сөзінің морфологиялық құрамын 3 бөліктің қосындысы деп қарайды: *сам-мар-қау*. Мұндағы бірінші элемент барлық түркі тілдеріне ортақ, бірақ әртүрлі формада кездесетін дербес сөз: сау (қаз.), сау (қ.қалп.), соғ (өзб.), сағ (үйғ., әзірб.түр), сав (ноғ.) – *бәрі де сау, аман-есен* мағынасында.

Ал көне тұлғалы сөздерді өзінде көбірек сақтаған чуваш тілінде бұл түбір *сыв//сыва* түрінде айтылады. Мысалы: *сыв//сыва* – сау, аман; *сывал//сывла* – сауығу, тәуір болу, сақаю; *сывах* – сауық, тәуір бол; *сыва-сторова* – аман-есен, сау-сәлемет. *Самарқау* сөзінің құрамындағы екінші компонент – чуваш, якут тілдеріндегі болымсыздықты білдіретін *ма//ме*, емес тәрізді – *мар* демеулігі.

Мысалы: якутша *пайан лапра мар* – *бүгін батпақ емес; таса мар* – *таса емес; дені сау емес.*

Бұл қазақ тіліндегі *қытымыр* сияқты біраз ғана сөзді салыстыруға болады.

Ал чуваш тілінің өзінде -мар демеулігі – өнімді жұрнақ. Ол арқылы, мысалы, жоғарыдағы *сыв//сыва* – сау түбірінен *сымар //сывамар* – ауру, саулығы жоқ, сау емес, сырқау; *сымарла* – ауыру, науқастану, *сырқаттану* тәрізді туынды түбір жасалған.

Академик Ә. Қайдар «ауру, сырқау, науқас» деген ұғымды ертеде *сымар // сывамар // саумар* формасы арқылы айтқан және осы күнге дейін солай айтып келе жатқан чуваш, якут тілдерінен қазақ тіліне ауысуы ғажап емес деп топшылайды [Қайдар Ә., 1986].

Дыбыстардың тарихи ауысулары арқылы өзгерген түбірлер қазіргі тілде дербес күйінде емес, тарихи негіздердің құрамында ғана сақталғандығы да байқалады. Оның бірсыпыра іздері қазақ тілінде де бар. Кейбір фактілер келтірейік: жақын, жуық – соңғы -ық, -ың қосымша екі сөзге де негіз болған. Қазақ тілінің оңтүстік говорында *таға* сөзі – нағашы аға мәнін береді. Көне түркі жазбаларында да осы мәнде айтылған: «Тағай /аға».

Радлов сөздігінде бұл сөздің үш түрлі фонетикалық нұсқасы берілген: *таға, тағай, тай*. Осы түбірдің негізінде қалыптасқан мынадай күрделі сөздер кездеседі: *тайеже* – *нағашы апа, тайеке* – *нағашы аға*. Соңғы сөздер құрамында таға сөзі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, өлі түбір ретінде қалып қойған. Өйткені қазақ тілінде *нағашы* мағынасында жеке *тай* дейтін дербес қолданылатын сөз жоқ.

А.М. Щербак жалғамалы тілдерге жататын бірнеше түркі тілдеріндегі түбір мен қосымшаның әр тілдегі көрінісі әртүрлі болып келетінін салыстырмалы түрде зерттей отырып, морфонология құбылысынан туындайтын түбір мен қосымша аралығындағы өзгерістерді төмендегідей мысалдар арқылы береді [Щербак А.М., 1977].

қазақ	чувашта	өзбек	үйғыр	қарашай-балқарда	шор	үйғыр
<i>кэлатір</i>	кілэт	<i>кэладі</i>	<i>кэліду</i>	<i>кэлэ тураді</i>	<i>кэлча</i>	<i>кіліватаду</i>

Көне түркі материалдарын, қазіргі кейбір түркі тілдерінің фактілерін барласақ, қазақ тіліндегі *секір* етістігі де ежелгі түбір мен -р қосымшасына ажырайтындығын көреміз: «сек – секіру». Түсініктемеде «Құдатғу білікке» сілтеме берілген. Сонымен қатар осы түбірдің туынды тұлғасы беріліп, «секірт – секірту» деп анықталады. Радлов осман түріктері тіліндегі сек етістік түбірін «1. скакать как птица, 2. скоро ходить» деп түсіндірген (4 т. 1-б.). Қазақ тіліндегі секең (секең-секең етті, секеңдеді) осы түбірден жасалған есім тұлғасы екені анық.

Қазіргі қазақ тілінде **н** қосымшасымен қалыптасқан сөздер де үлкен топ. Бұл тұлғалы сөздерге негіз болған түбірлердің біразы қазіргі тілде өз дербестігін сақтамай, тарихи туынды түбір құрамында ғана қалуы мүмкін. Б. Юнусалиевтің белгілі зерттеуінде осы аффикс арқылы қалыптасқан 7-8 түбір сөз келтіріледі: *келін, сауын, сан, жалын, құйын, жақын, жуан*.

Б. Юнусалиев этимологиясын, негізінен, қостай отырып, кейбір жерлерде дәлдік қажеттігін айтпасақ болмайды. Қырғыз тіліндегі *жоон*, қазақ тіліндегі *жуан* бір ғана түбірдің екі түрлі фонетикалық нұсқасы. Көне түркі тілінде осы мәндес сөздің үш түрлі нұсқасы кездеседі: йаған, йоған, йоғун. Көне түркі тілінде де етістік осы есім тұлғаларынан арнаулы аффикс арқылы жасалған: йоғунад (жуанда). Мұның бәрі жуан есімі қоюлану мәнін беретін *йог* түбірі негізінде қалыптасқан дейтін пікірді дәлелдемейді.

Түбірлердің фонетикалық сипатының өзгеруі тілдің даму барысында олардың көнеруіне себеп болады. Мысалы *бәйбіше* сөзі бірнеше түркі тілдерінде ұшырасады: шағ. *баибічә* бірінші әйелі, үлкен әйелі` қаз. *бәйбіше* 1) үлкен, бірінші әйелі, 2) барлық әйелдерге берілетін лауазымды атақ [Рясянен М., 1955], байбише (бәйбіше) – бірінші әйел. Қаз. бәйбіше үлкен әйел, бірінші әйелі, күйеуінің ең басты қожайыны және екінші әйелі тоқалға қарағанда көп заңдылыққа ие болады, бәйбішенің балалары тоқалдың балаларына қарағанда өте көп мұраға ие болады [БСл., 239].

Бәйбіше сөзінің этимологиясын түркологтар бірнеше рет қарастырды: Будагов: чағ. *биче*, үйғ., *абеші*, тоб. тат. *биця* – әйел, башқ. *баба қарапайым әйел*, үйдәгі *бай биче* үйдің *қожа-*

йыны, бишелкке алмақ әйелдікке алу, үйлену [БСл, с. 299]. Өзбек. *baybiçö*, қаз. *baybişä* үлкен әйелі А.Н. Самойлович *вау бай, қожайын және biçä* немесе *bikä ханша*, әйел атауына байланысты қарастырады.

Л. Покровская тат. бичә (ауз) әйелі, жұбайы дегенмен бикә (ауз) бикеш, ханым, бәйбіше дегендегі ә арабтың әйел жынысын көрсететін форма бек екенін айтады [Покровская Л., 1964].

А.М. Рясянен: *bi + kä ханша bij + sä ханша т.б.* Бұл пікірді басқа да ғалымдар қолдайды. Салыстырайық : қар-балқ. *бий + че / бий + це ханым, ханша бийден княз, мырза; бийче шығармадағы юй там, юй биийче*, демек *қожайын әйел, әйелі, құмық бий + ке княз ханым бий-ден княз* [Хабичев М., 1971].

Қарайым тілінде *бикеше* деген сөз әйелдің аты, *ханым, ақылшым* сияқты: *bi (j) мырза, өктемдік + ке + се – афф.* Әйел жынысты немесе диминуттар. Бұл компонент *бәйбіше, бише ~ biçse әйел, жұбай, ханым, апай, өгей шеше* сияқты мағына береді.

Э.В. Севортян бийке, бийче және бийкеш ~ бикеш туралы М. Рясяненнің -қа, -ча и- (а) м формасы әйел жынысын айыру үшін қолданылады дегені анағұрлым ықтимал дейді [Севортян Э.В. ЭСТЯ, 1978].

Бише / пише лексемасы *әйел, әйелі, кемпір* мағынасында ноғай тілінде де қолданылады Салыстырайық: *үйг., алт., тел., әрсі әйел, әйелі,, шув. пичче ага, жасы үлкен ага, хак. пиже апайы* [Ахметьянов Р.Г., 1978].

А.Қ.Тұрышев *бише ~ бише* құрылымы мынадай мағынада болуы мүмкін деп тұжырым жасайды: *ханым, ханша, әйелі, әйел, үй шаруасындағы әйел* ал *бәйбіше ~ байбише* композициясы *бег > бей, биг > бий; > бей > бий; бий > би: > би* [Тұрышев А.Қ., 2008].

Ғалым А. Ысқақов морфология саласындағы күрделі сөздер турасында: «Күрделі сөз деп кемінде екі я онан көп дара сөзден (жалаң я туынды түбірлерден) құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөзді (я сөз тіркесін) айтамыз» дейді [Ысқақов А., 1991].

✓ Түркі тілдерін зерттеушілер сөздің жоғарғы көрсетілген үш типінен басқа төртінші, аралас типін де көрсетеді. (Де-

ни т.б.) Сонымен, түбірлердің дамуын оның тарихи өзгерістерінен бөліп алып қарауға болмайды. Фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде:

а) көне түбір тарихи негіздің құрамында ғана сақталады;

ә) көне түбір дербес те, тарихи негіз құрамында да қолданылуы мүмкін. Соңғы жағдайда бүкіл сөз құрамының көнеруіне байланысты оның дербес қолданылатын тарихи сыңарымен бірдейлігін салыстыра талдау арқылы ғана байқауға болады;

б) көне түбірдің тарихи өзгерісін анықтау үшін дыбыс өзгерістерінің түрлерін айқындау керек.

Түркі тілдеріндегі күрделі сөз мәселесінің зерттелуі туралы А.А. Юлдашев былай дейді: «Сложные слова которыми избытуют тюркские язык, особенно их терминология до сих пор не получили удовлетворительной разработки ни в словарях, ни в грамматических описаниях» [Юлдашев А.А., 1997].

Түркі тілдеріндегі күрделі сөз мәселесінің зерттелуі Самойловичтің «Краткая учебная грамматика современного османотурецкого языка» (1925), В. Гордлевскийдің «Грамматика турецкого языка» (1928), С. Ястремскийдің «Грамматика якутского языка» (1938), И. Батмановтың «Грамматика киргизского языка», (1939), А. Кононовтың «Грамматика турецкого языка» (1941), Н. Дмитриевтің «Грамматика кумыкского языка» (1940), Л. Харитоновтың «Современный якутский язык» (1947) еңбектері дәлел. Аталған еңбектерде қос сөздер әр сөз табының аясында қарастырылады, аздаған мысалдар келтіріледі.

Күрделі сөзге қатысты пікірлерді басқа түркологтардың да еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Н. Кононов «Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы» деген еңбегінде құрылысы жағынан сөздерді жалаң және күрделі деп екіге бөліп, жалаң түріне *от, қизил, езмок*, ал күрделіге *оққуш, қулорра, муз ерар, күз еши деген* мысалдарды келтіреді де, күрделі сөздерді өз ішінен біріккен сөз, жалғыз күрделі сөз, қос сөз деп үшке бөледі [Кононов А.Н., 1960].

30-жылдардан бастап түркітануда қос сөздерге байланысты көптеген мақалалар жарық көріп, диссертациялар мен монографиялар жазылды. Түркі тілдеріндегі күрделі сөздер мәселесін Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Е.И. Убрятова, Н.В. Баскаков, А.Н. Харитонов т.б. қарастырды. Н.К. Дмитриев жалаң сөз-

дермен қатар екі немесе одан да көп сөздердің тіркесінен пайда болатын күрделі сөздердің де болатынын айта келіп, оған мысал ретінде *билбеу, аққош (аққу), ташбаиш (тасбас)* кейбір жалқы есім (Темирбулат) сөздерді келтіреді.

Сонымен қатар *күміс белбеу, тас үй, ағаш қасық, темір есік* тәрізді тілдік құбылыстарды сөз тіркесі, бастапқысын заттың тегін немесе неден істелген материалын білдіретін анықтауыш, соңғысын анықталатын сөз белбеу, алжапқыш, күншығыс тәрізділер күрделі сөз деген дұрыс деп тұжырым жасайды.

Біріккен сөзге мысал ретінде қай оғайни, билагузук, алабуға тәрізді сөздерді келтіреді. Мұның басқалардан айырмашылығы компоненттері кейбір құрылымдық, дыбыстық және мағыналық өзгеріске ұшыраған, сыртқы пішіні жағынан жай сөз тәрізді құрамындағы дауыстылары үйлесімді, бір екпінге ие. Кейбіреулері дыбыстық, мағыналық өзгеріске ұшырау салдарынан бастапқы түр-түрпатын өзгерткені соншалық, оны этимологиялық талдау арқылы болмаса, қандай сөздерден біріккенін білу қиын дегенді айтады.

Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың (1971) авторлығымен «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты зерттеуі жарияланды. Мұнда түбір сөздер, туынды сөздер, біріккен сөздер, күрделі сөздер, көптелу, тәуелдену, септелу, жіктелу категориялары әңгімеленеді, нақты мысалдар келтіріледі [Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М., 1971].

Түркі тіл білімінде: Н.А. Баскаков (қарақалпақ) З.А. Аликулов (өзбек тілі), С.Н. Мұратов (башқұрт тілі), М. Адилов (әзірбайжан), Ахунзиянов Э. (татар) тілдеріндегі күрделі сөздерді зерттеді. Түркі тілдерінің сөз тіркесі жүйесіне алғаш рет талдау жасаған ғалымдар Н.З. Гаджиева, Б.А. Серебренников еңбектерінде бұл тұлға бағыныңқы сыңары қолданыстан шыққан етістікті сөз тіркесінің сыңары ретінде қарастырылып, бірқатар тілдерде *ішкері, ічері (түрік)* тәрізді үстеулер құрамында, ұйғыр жазба ескерткіштерінде жіктеу есімдігінің жатыс, барыс септігі тұлғасында (*аңар – оған*) сақталып, қолданыс аясы тарылып, қолданыстан шыққан септік ретінде көрсетіледі.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің жалпы теориялық мәселелерін зерттеген академик А. Ысқақов «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрамы мен есім сөз таптары» деген доктор-

лық диссертациясында және ғылыми зерттеулерінде «күрделі сөздердің құрамындағы компоненттері үнемі семантикалық бірлікте жұмсалады, қызметі жағынан бөлшектенбейді, ол компоненттер ритм-ырғақ жағынан бір ұдай болып, өзара ыңғайласа құралып отырады» дей келе күрделі сөздерді мынадай топтарға жіктеген:

- біріккен сөз: *қарлығаш, биыл, бүгін*;
- құрама сөз: лексикаланған құрама сөздер;
- идиома: *ала аяқ, босбелбеу*;
- фраза: *асқар тау, темір жол*.

Күрделі сөздер (сабақтала құралған):

- күрделі сын есімдер: *ақ сары, ақ сұр, сары ала*;
- күрделі сан есімдер: *он екі, жиырма екі*;
- күрделі етістіктер: *ала кел, бара бер, ала қой*;
- қос сөздер: *әке-шеше, ыдыс-аяқ*;
- құранды сөздер: *құрмет қыл, үлгі ет, көз сал, құлақ қой*

Күрделі сөздер

Қазақ тілі күрделі сөз мәселесін алғаш сөз еткен профессор Қ. Жұбанов: күрделі сөздер қанша сөзден біріксе, кіріксе де тұтас бір ғана мағынаны білдіреді, бір ғана заттың атауы болады, сөйлемде де сол жұбын жазбай, бір ғана мүше болады, кейбіреулерінің құрамындағы сыңарларының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы түр-түрпаты басқаша болып қалыптасады, бір ғана екпінді иеленеді деп дұрыс тұжырымдайды.

Күрделі сөздер жасалу жолына қарай кіріккен сөздер, біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер, тіркесті сөздер болып бөлінеді.

Қос сөздер

Әзербайжан тіл білімінде М.И. Адилловтың еңбегінде түркі тілдеріндегі сөздердің ерекшеліктеріне тоқталады:

- қырғ. *сары-сары гүлдөр – сап-сары гүлдер*;
- қ. қалп. *бийик-бийик таулар – биік-биік таулар*;
- өзб. *ширин-ширин асал – тәп-тәтті бал*;
- әзірб. *қизгин-қизгин салом – ыстық-ыстық сәлем*;
- тат. *кызыл-кызыл чөчәкләр – қып-қызыл гүлдер*;
- башқ. *зур-зур машиналар – үп-үлкен машиналар*;

- тыуа қараңғы-қараңғы дүн – қап-қараңғы түн;
- чуваш шура-шура самарта – аппақ жұмыртқа;
- алтай: сып-сылыг – сүп-сүлу [Адилов М.И., 1968].

Үстеуден жасалған қос сөздер: *тез-тез/яваши-яваши, серт-серт ауыр, джорта-джорта/жорта-жорта, агъыр-агъыр/ауыр-ауыр, енгиль-енгиль жеңіл-жеңіл, бирер-бирер/бір-бірден, сыкъ-сыкъ/жиі-жиі, япалакъ-япалакъ/жапалақтап, акъырын-акъырын/ақырын, шень-шень/қуанышты, бирилей-бирилей/бір-бірлеп, кескин-кескин/бөлек-бөлек, сербест-сербест/еркін, къат-къат/қат-қабаттап, дане-дәне/бір дана, адым-адым/қадам, т.б.*

2. Біріккен сөздер: *топгалах (топ, галах), гашикизәнмә (гаши, кизәнмә), йешишбачы (йешин, бачы), бешдаш (беш, даш), шалагулу (шала, гулу), тәрәкәмә (тәрә, кәмә), ховәнтләшмак (ховәнт, ләшмәк), хошкувар (хош, кувар), тойнайы (той, найы), гарабайрам (гара, байрам) және т.б.*

3. Құрамды атаулар: *узун артырма, йатыб хоппанма, ат-дардан киминаты, ады көзәли және т.б.чейран бала, гачай бала, халабачы.*

4. Қарама-қарсы мағына беретін қосарлануы арқылы: *гачды-тутду (қашты-ұстады) түрік тілінде качтут), сичан-пышык (тышқан-мысық).*

5. Ойын атауларында кездеседі: ханкәлди, гозатды, гапы-пусду, гуршагтутду, гычымсынды, вурчатласын, гызгачырды,

6. Дыбысқа еліктеу: *пыр-пыр, гырғыр, чумрухчумрух.*

Ойын атауларының арасында байырғы әзірбайжан сөздерімен берілген атаулар көп: *үчдаш, дөрдаш, бешдаш (үш, төрт, бес тас), коса-коса, лал-динмәз, гачаг-гачаг, гозатды, ешишәкбелли, топалдыгач, кизләннач, итгусду және т.б., оған қоса кірме сөздерден пайда болған ойын атаулары да кездеседі: дәсмал-алдыгач, галадан-галайя, вича, бәзиркан (көпес мағынасында) және т.б.*

Тува аал-чурт ел-жүрт, елуг-дириг өлі-тірі, дус-иш (іскер достар), кыйык-мыйык (қисық-қисық), бар-чок (бар-жоқ), мал-мул (мал-жан) [Ондар Н.М., 2004].

Гагауыз тілі. Мысалы, *қып-қырмызы қып-қызыл, құп-қуру құп-құрғақ, дум-дуз теп-тегіс, узун-узун ұзын-ұзын, биаз-биаз аппақ* т.б. [Покровская Л.А., 1978].

- қ.қалп. *бийик-бийик таулар биік-биік таулар;*

- өзб. *ширин-ширин асал тәп-тәтті бал*;
- әзірб. *қизгин-қизгин салом ыстық-ыстық сәлем*

1. **Қырым-татар тілінде.** *Кунь-куньден юкъудан эртелеп тура // Күн сайын ерте тура бастады* [Аджимамбетова Г.Ш., <http://www.nbuu.gov.ua>].

Күрделі сөздер мәселесі түркі тілдерінде түрлі дәрежеде зерттелген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қос сөздер қалай жасалады?
2. Біріккен сөздердің жасалу жолдары қандай?
3. Бір буынды түбірлерге анықтама беріңіз.
4. Синкретизмдер, бір текті түбірлер деген не?
5. Бір түбірлес сөздер, өлі түбір, тірі түбірлерге анықтама беріңіз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Юлдашев А.А Башкирский язык // Языки мира. Тюркские языки. – М., 1997.
2. Кононов А.Н. Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы. – Ташкент, 1960.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы, 2010.
4. Гордлевский В.А. Грамматика турецкого языка. – М., 1928.
5. Гаджиева Н.З. Природа изафета в тюркских языках. – СПб., 1970.

7-дәріс. Түркі тілдеріндегі жалғаулардың қызметі

Сұрақтар:

1. Жалғаулардың функциясы.
2. -Із, -із, -з формасы.
3. Жалғаулардың түрлері және ерекшеліктері.

Тірек сөздер: көптік, септік, жіктік, тәуелдеу жалғаулары.

Көптік категориясы

Жалғаулар – сөйлемде тек грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық формалар. Түркі тілдерінде көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары бар. Көптік категориясы жайлы С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Н.К. Дмитриев еңбек-

терінде біраз баяндалған. Ал қазақ тілінде бұл мәселеге алғашқылардың бірі болып арнайы тоқталған ғалым-профессор М. Балақаев (1940), сондай-ақ Н. Оралбаева (1959), А.Д. Данияров (1965), А. Ысқақов (1965) еңбектерінде жалғасын табады. С. Исаевтың қазақ тіліндегі көптік жалғаудың негізінен жұрнақтық функциясы жайлы айтқан пікірі шын мәнінде тілдік жүйеге, оның тілдік заңдылықтарына сүйеніп жасалғандығы анық. Көптік жалғаудың басқа түрлерінен ерекшеленетін осы белгісі қосымшаларды жіктеу мәселесінде ескерілуі қажет.

Орхон-Енисей жазбаларының тілінде көптік жалғауларының екі түрі кездеседі: **-лар, -лер, -тер, -тар** жалғауы көптік мағына тудырудың негізгі тәсілі. Мысалы, *беглер/бектер, қунчуылар /әйелдер, ханымдар* т.б. [Сапашев О., 2000].

Жинақтақ мән беретін сөздер көбіне **-лар** жалғауынсыз да қолданылған: *Тоқуз оғуз бегілері будуну бу сабымын егүті есід қатығды тыңла* деген сөйлем құрамында бег (бек) сөзі көптік жалғаумен келсе, жинақтық мән беретін будун (халық) сөзіне жалғанбаған. Кейінгі дәуір жазбаларында да **-лар** көптік мән берудің басты тәсілі есебінде қолданылған: *Білге кетік кішілер енім сөзүм ешідіңдер*. Қазіргі қазақ тіліндегі -лар жалғауының қолданылуымен салыстырғанда, көне түркі тілінің біраз ерекшеліктері бар. Олар мына төмендегідей: сан есіммен бір тіркесте келген зат есімдер де кейде -лар жалғауын қабылдайды: *маңа төрт йеклер йақын келті*.

Көптік жалғаулар көптік ұғымды білдіретін сөздер. Қазақ тілінде көптік жалғауының дыбыс үндестігіне қарай алты нұсқасы қолданылады:

- -лар, -лер: *қала+лар, мекеме+лер.*
- -дар, -дер: *ғалым+дар, өзен+дер.*
- -тар, -тер: *ат-тар, шөп-тер.*

Көптік ұғымды білдіру үшін жалғанатын бұдан басқа екі түрлі морфологиялық форма бар. Оның бірі -ыз (-із, -з) формасы қазіргі тілімізде көне заманнан қалған сарқыншақ ретінде біренсаран сөздерде кездеседі. Мысалы, *мен* сөзінің көпше түрі *біз* есімдігіндегі -з формасы сөздің бөлінбейтін бөлшегіне айналған.

- қарақалпақ -лар, -лер;
- қырғыз -лар, -лер, -лор, -лөр, -тар, -тер, -тор, -төр,-дар,-дер, -дор,-дөр;

- өзбек-лар;
- ұйғыр -лар,-ләр;
- түрікмен-лар,-лер;
- долған тілі -лар, -лер, -лор: **одолор**;
- тофа, тува -лер;
- долған-лар (табалар-бұғылар, эбелер-өзендер, оголор-балалар.);
- алтай-лар-лер, -дар-дер, -тар-тер;
- хакас -лар, -лер, -тар, -тер, -нар, -нер.

Чуваш тілінде *-sem//сем* түрінде кездеседі, Корниловтың зерттеуінде селкуп тіліне, кюнна камасин, галкин мари тілдеріне ұқастығын айтады.

Долған тілі қазақ тілі сияқты түркі тілдестердің құрамында болғандықтан, ұқастықтар аз емес. Мысалы, көбінесе көптік жалғаулары ұқсайды: **-лар, -лер**. Бұл жалғаулар екі тілдегідей дыбыс үндестік заңына сай қолданылады. Бірақ долған тілінде қазақ тілінде қолданылмайтын **-лор** жалғауы сол дыбыс үндестігіне сай жасалған: *одолор*.

Хакас тілі, басқа түркі тілдері сияқты әрбір есім сөзге жалғанған аффикстер сингармонизм заңдылығына бағынады. Мысалы:

-лар, -лер: пала+лар, кізі+лер, тағ+лар, көл-лер.

-тар, -тер: агас+тар, чистек+тер.

-нар, -нер: тон+нар, тӧңнер.

Хакас тіліндегі көптік жалғаудың жалғануының өзіндік ерекшеліктері бар. Кез келген есім сөздерге көптік жалғаулары өз алдындағы дауысты дыбыстардың ғана емес, ДзД-да ерекшеліктеріне қарай жалғанады. Мысалы, егер сөз дауысты дыбысқа немесе үяң дауыссызға аяқталса **-лар, -лер** жалғаулары жалғанады. Ал, сөз қатаң дауыссызға аяқталса, **-тар, -тер** жалғаулары жалғанады. Зат есім *м, н, ң* дауыссыздарына аяқталса, **-нар, -нер** жалғауы жалғанады.

Алтай тілінде негізгі көптік мағынаны білдіретін жалғаулар мыналар: *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер*. Егер сөз дауысты дыбысқа және *р,й* дауыссыздарына аяқталса, *-лар,-лер* жалғауы, ал сөз *о, ө* ашық жуан дауыстыларға аяқталса, *-лор, лӧр* жалғауы жалғанады. Мысалы: *теке // текелер, кижі// кижилер, аю // аюлар, қыр // қырлар, ай // айлар, кой //койлор, дьер//дьерлер*

-дар, -дер көптік жалғауы *л, м, н, нь* дауыссыздарынан, сондай-ақ жуан о және ө дауыстыларынан кейін жалғанады. Мысалы: *Дьыл / «жыл»*.

Қырғыз ғалымы Жапаров айтқандай, «Бул тилде дүйнөдө теңдеши жок көркөм дөөлөт – улуу «Манас» эпосу жана кенже эпостор: «Эр Төштүк», «Эр Табылды», «Кожожоши», «Ол-жобай менен Кишимжан», «Курманбек» сыяктуу дагы башка өзгөчө керемет элдик оозеки көркөм чыгармалар жаралган, жашап жатат» Қырғыз тілінде зат есімдердің көпше түрі мынадай жалғаулармен жасалады:

1. -лар (-лер, -лор, -лөр) алма – алмалар, терезе – терезелер;
2. -дар (-дер, -дор, -дөр) эл-элдер, көл – көлдөр;
3. -тар (-тер, -тор, -төр) тоок – тооктар, өрдөк – өрдөктөр.

Егер зат есімнің алдында сан есім тұрса, жалғау жалғанбайды. Мысалы, *беш қарандаш, үч кой*.

Көптік есімдердің сөз тіркестері арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Сан есімдер *көп, аз, әлденеше, бірнеше, бірталай, қыруар* тәрізді сөздер зат есімдерден бұрын анықтауыш тұрып, ешқандай да қосымша формасыз-ақ көптік ұғымды білдіре береді: *бес кісі, ондаған адам, қыруар ақша т.б.*

Сөздердің қосарлануы арқылы да жинақтау, топтау, жалпылау, ұғымдары айтылатыны мәлім. Мыс: *бала-шаға, көріжас, ас-ауқат, туған-туыстық, қазан-ошақ* т.б. Қос сөздер синтаксистік тәсіл арқылы туған күрделі сөздер болғандықтан, олардың көптік ұғымды білдіруін лексика-синтаксистік тәсіл деп атауға болады. Көптік ұғымдардың сөздерге тиісті қосымшалар қосылу арқылы берілу жолы морфологиялық тәсіл деп аталады.

Түркі тілдерінде дауысты аффикстердің қолданысы тұрақсыз түрде болғандықтан, олар қамтыған ДзД сипаттамасына сүйенген жөн. Және түркі тілдеріндегі ұжымдық көптік мына элементтерді қамтиды, *з, қ к, л, м, н, р, с, ч, ш*. Бұларды біз ұжымдық көптіктің көрсеткіштері деп атаймыз.

– 3 көрсеткіші

Бұл элемент жеке есімдіктің көпше түрін көрсетеді: *біз – мен, сіз – сен*. Жіктеу есімдігінің көпше түрін көрсету үшін қолданылады. Түрікше *биз ~ біз, бен ~ мен, сиз ~ сіз, сен ~ сен*.

Кейбір ғалымдар (ы) з , (і) з аффиксі бастапқы кезеңде екілік мағынаны білдірген деп есептеген: *икиз (егіз), гөз (көз), гөгуз (кеуде), тиз (тізе), омуз (шық), мегіз (мүйіз)* т.б.

Бұл көрсеткіштер этнонимдердің құрамында болуы мүмкін, мысалы, *оғ-уз* (оғыз), *қыр-ғыз* (қырғыз) және т.б. сонымен қатар аффикстің 2 жақ көпше түріндегі бұйрық райында –*ғыз*: бармағыз (бармаңыз). Бұл форма ілік аффиксінің 2 жақ көпше түрінде қоданысқа ие болуы мүмкін.

-қ, -к, -х көрсеткіші. Ұжымдық көптік көрсеткішінің бұл формасы кезінде кең таралғаны байқалады. Алайда қазіргі кезде бұл форманың тек кейбір реликтілері сақталған. Якут тілінде *талах*, құм. *талақ* тал, якут *қумах*, шор *қумақ*, құм. *қумақ* (құм). *Талақ* сөзі басында *талдар, орман* деген мағына білдірген, ал *қумақ құмды жер, дала*.

Қазақ тілінде көптік ұғымды білдіру үшін жалғанатын үш түрлі морфологиялық форма бар. Олардың *бірі ыз, із, з* формасы, екінші *қ (к)* формасы, үшінші *лар/ лер, дар/ дер, тар/тер* формасы.

Ыз, із, з формасы әуелде көптік жалғау емес, жұп, егіз, екеу болып келетін заттардың аттарына жалғанатын қосымша болған.

Жіктеу есімдігінің көпше түрін көрсету үшін қолданылады. Түрікше «биз» ~ «біз», «бен» ~ «мен», «сиз» ~ «сіз», «сен» ~ «сен».

-қ// -к// -х көрсеткіші. Бұл жинақтық көптелу көрсеткіші кең таралым алған, бірақ қазіргі уақытта оның тек аздаған реликтері сақталған. Якут тілінде *талах ~ тал, қумах ~ құм. Талах* сөзінің алғашқы мағынасы *тал*, ал *қумақ* сөзінің мағынасы *құм* болған деп айтуға негіз бар.

Құмық тілінде *-лар (-лер)* суффиксі көптік мағына береді, мысалы: *кағъыз – кағъызлар, иш – ишлер, ат – атлар*. Бірақ *-лар // -лер* суффиксімен келген сөздер екі түрлі мағына беруі мүмкін.

Мысалы: *Али базардан алма алды // Али базардан алмалар алды* деген сөйлемдерді салыстырып қарайық. Бірінші сөйлемде *Али базардан мысалы килограмм, пұт алма алды* деп те айтсақ болады, екіншісі – *Али базардан айырып-айырып бірнеше алма алғанын айтады*.

Тәуелдік жалғау иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория.

Тәуелдік жалғау, әдетте, бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретіндіктен, негізінде, зат есімге тән қосымша бола тұрса да, зат есім қызметін атқаратын, демек, субстантивтенетін (заттанатын) сөздердің барлығына да жалғана береді. Мысалы: әкем, дәптерім деген сөздер зат болса, *Түйенің үлкені өткелде таяқ жейді* (мақал) деген сөйлемдегі үлкені деген – субстантивтеніп тұрған сын есім. Сын есім, үстеу, сан есім болсын, көбіне тәуелденгенде субстантивтенеді.

Тәуелдік жалғау қосымшалары мыналар:

Сөздің соңғы дыбысы	I жақ	II жақ	III жақ
Дауысты болса, одан кейін	-м	-ң (-ңыз, -ңіз)	-сы, -сі
Дауыссыз болса, одан кейін	-ым, -ім	-ың, -ің (-ыңыз, -іңіз)	-ы, -і

Бұл қосымшалар жалғанған сөздер, әдетте, өздерінен бұрын ілік септік жалғауда тұрып тіркесетін жіктеу есімдіктермен тікелей байланысты болады. Сол себептен тәуелді сөздің жақ жалғаулары да жіктеу есімдіктерінің жақтарына сәйкес келіп отырады. Мысалы: *менің қаламым, сенің қаламың сіздің қаламыңыз, оның қаламы*.

Сөйлемде белгілі бір заттың тәуелділігін, тәуелдік жалғаулардан басқа, ілік септіктің көмегімен де білуге болады.

Бұл құбылыс басқа да түркі тілдеріне тән. Хакас тіліндегі тәуелдік жалғау ілік септігінің – **нынъ/-нінъ, -тынъ/-тінъ** аффикстерімен де сипатталады.

Хакас тіліндегі тәуелділікті білдіретін жалғаулар мыналар:

Жақ	Жекеше түр	Көпше түр
I жақ	-м, -ым, -ім	-быс, -біс; -ыбыс, -ібіс
II жақ	-нъ, -ынъ, -інъ	-нъар, -нъер; ынъар, інъер
III жақ	-ы, -і; -зы, -зі	-ы, -і; -зы, -зі

Жоғарыда қазақ тілі тәуелдік жалғауының жалғану ережесі де хакас тілінде сақталған, яғни, сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, I жақта -м, -ң, -зы, -зі жалғанады. Мысалы:

I. Мининъ паба-м «менің әкем»

Мининъ іче-м «менің анам»

II. Сининъ паба-нъ «сенің әкең»

Сининъ іче-нъ «сенің анаң»

III. Анынъ паба-зы «оның әкесі»

Анынъ іче-зі «оның анасы»

Сөз дауыссызға аяқталса, -ым, -ім, ың, -ің, -ы, -і жалғаулары жалғанады. Мысалы:

I ж. Мининъ хол-ым «менің қолым»

Мининъ тіл-ім «менің тілім»

II ж. Сининъ хол-ынъ(ң) «сенің қолың»

Сининъ тіл-інъ «сенің тілің»

III ж. Анынъ хол-ы «оның қолы»

Анынъ тіл-і «оның тілі»

Алтай тілінің зерттеушісі Н.П. Дыренкованың «Грамматика ойротского языка» атты еңбегінде жеке зат есімнің тәуелденуі ілік септігінде сөз болады, яғни ілік септігі «притяжательный или родительный падеж» деп берілген [Дыренкова Н.П., 1940]. Ол зат есімнің септелуінде қарастырылды.

– Қ.қалп. -м, -ым, -ім;

– Қырғ. -м, -ым, -им;

– Өзб. -м, -им;

– Үйғ. -м, -им, -үм, -үм, -миз, -имиз;

– Түрікм. -м, -ым, -им, -үм, -үм, -мыз, -миз, -ымыз, -имиз.

Men ylgatok / Мен жүгірмеймін.

Men ylgatadum / Мен жүгірмедім.

Men ylgajak дәл / Мен жүгірмек емеспін

Якут тіліндегі тәуелділік категориясы өзінің тәуелділік аффикстері арқылы бірден көрініс табады. Якут тіліндегі тәуелдік жалғаулары басқалардан ерекшеленеді.

Түркі тілдерінің көбісіне ортақ болған III жақтағы -ы, -сы (-а, -та) болып қолданылады.

III жақ, көпше түрі -быз, орнына -быт қолданылады.

II жақ -сыз, орнына -быт қолданылады.

Қазіргі якут тілінде тәуелдік жалғаулары төмендегідей болып қолданылады:

I жақ, жекеше түрі. -м, -ым (-мм, -ум, -ум);

II жақ, жекеше түрі. -ч, -н, -ыгг, (-иц, -ун, -ун);

III жақ, жекеше түрі-а, (-э, -о, -в), -та (-тэ, -то, -те);

I жақ, көпше түрі. -быт (-бит, -бут, -бут);

II жақ, көпше түрі. -шт (-шт, -дут, -дут);

III жақ, көпше түрі лар+а (-э, -о, -в).

Тәуелдік жалғауы:

✓ Егер тәуелдік жалғауы соңы дауыссызбен аяқталған түбірге жалғанатын болса, онда ассимиляция пайда болады:

I жақ, көпше түрі. ат+быт/аппыт – біздің ат;

тиит+бит/тииппит – біздің жапырақшамыз;

мурун+бут/муруммут – біздің мұрнымыз;

II жақ, көпше түрі. ат+дыт/аккыт – сіздің атыңыз;

тиит+ит/тииккит – сіздің жапырақшаңыз;

орон+нут/орон-нут – сіздің төсегіңіз.

✓ **Соңы п, к, х** біткен сөздерге, III жақ, жекеше түрі. -а (-э, -о, -о) тәуелдік жалғауы жалғанған кезде дыбыс алмасуы пайда болады п/б, к/г, х/ту. Сап+а / саба – оның жібі, утулук+э/утулугэ – оның қолғабы, харах+а/ харақа (харатуа) харақа – *менің көзім*. Соған ұқсас дыбыс алмасу I жақ тәуелдік жалғауының және II жақ жекеше түрі жұрнақтары жалғанған кезде саи+(ы) м / сабым – менің жібім, утулук+э / утулугэ – қолғап онікі, харах+(ы) м / харадым – менің көздерім.

I жақ, II жақ тәуелдік жалғаулары

III жақ жекеше түрі жұрнақтары с дыбысына біткен түбірге жалғанған кезде с/ь дыбыс алмасуы пайда болады: *кыыс+(ы)м, кыым қызым менің, кыыс+(ы) / кыыын – оның қызы.*

Тәуелдік жалғауы кейбір қос түбірлерге жалғанған кезде дыбыс алмасу пайда болады: р/к-сарын+а/санна – оның иығы, мурун+а/мунна – оның мұрны, харын+а/ханна – оның қарны.

Тәуелдік жалғауы *хоой қолтық және моой мойын* сөздеріне жалғанған кезде дыбыс алмасу пайда болады: **й/йнь** *моой+(у) м/моонньум – менің мойным, хоой+(у) нг / хоонньунг – сенің қолтығың, моой+о/моонньо – оның мойны.*

Тәуелдік жалғауы *сурун жота және сурун желін* сөздерге жалғанған кезде дыбыс алмасу пайда болады: **рн/йнь**: *сурун+(ум / сунньум менің жотам, сирин+э / синньэ – оның желіні.*

Кейбір қос түбірлерге тәуелдік жалғауы жалғанған кезде түбірдегі дауысты дыбыс түсіп қалады: балыс+(ы) м / балтым – менің әпкем кесус+(у) м/ кехсум – менің арқам.

Тәуелділік аффикстерімен тәуелдік жалғауын түсіндіру мақсатында көбінесе жіктеу есімдіктері қолданылады: *бу ат минэнэ – бұл ат менікі / бу ат эйшэнэ – бұл сенің атың, бу ат киниэнэ – бұл оның аты; бу ат би! Тэнэ – бұл ат біздікі, бу ат э! гиэнэ – бұл сіздің атыңыз, бу ат кинилэр, киэннэрэ – бұл олардың аты.* Осы тәуелдік аффикстерінің сөздерге жалғануы нәтижесінде олардың грамматикалық мағынасын анықтайды және есімдік ол заттың қандай да бір тұлғаға тәуелді зат екенін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген тәуелділікті көрсететін аффикстерден басқа тағы тәуелділікті білдіретін *–лаах, аттах деген мағынада – аттың иесі, -таары, куораттаады - қаланікі* деген мағынаны беретін аффикстер де бар.

3. Сандардың тәуелдік формадағы мағыналарының 4 формасы бар:

- субъект пен объект жекеше түрдегі иелену формасын: *мин олом – менің ұлым, эн олон – сенің ұлың, кини оцото – оның ұлы* деп көрсетеді;
- иелену субъекті жекеше түрді көрсетеді., объект – көпше түрін: *мин одолорум – менің ұлдарым, эн одолорун – сенің ұлдарың, кини оцолоро – оның ұлдары;*
- иелену субъекті көпше түрін көрсетеді, объект жекеше түрін: *бибьиги одобут – біздің баламыз, этитги огогур – сіздің балаңыз, кинилэр оголоро – олардың баласы;*
- иелену субъекті мен объекті екеуі де көпше түрді көрсетеді: *биьиги оцчорбут – біздің балаларымыз, эьиги оголоргут – сіздердің балаларыңыз, кинилэр одолоро – олардың балалары.*

Кинилэр аттара формасының тәуелділік контексті 2 мағынаны беруі де мүмкін:

а) ол объектің бірлігін көрсетеді, яғни сөздің бір зат немесе бір тұлға жайында болып жатқанын білдіреді: *Кулубалара, кырдык, бу куннэгрэ хаамардыын эрчимирдэ // Олардың бастықтары осы күндерде күштірек жүре бастады;*

б) көптік мағынаны өңдейді, объектің жалғыз емес екенін білдіреді: *Ыт оцлоро кун тура-тура улааталлар/Кішкентай күшіктер күн сайын өсіп барады;*

в) субъектің көптігін көрсетеді: *кинилэр улэлэрэ – олардың жұмысы* [Данилова Н.И., 1993]. Тәуелдік категориясы деп бел-

гілі бір заттың, нәрсенің кімнің меншігі екенін білдіретін грамматикалық категорияны айтамыз.

Түрік тілдерінің барлығында зат есім тәуелденеді. Тәуелденіп тұрған зат есімнен әрі біреудің иелігіне жататын сол заттың өзі, әрі оны иемденуші адам – мұның екеуі де қоса ұғынылады. Қазақ тілінде сөзге тәуелдік мағына үстейтін арнаулы қосымшалар – тәуелдік жалғаулар. Тәуелдік жалғауының әрқайсысы жіктеу есімдіктерімен (мен, сен, ол, біз, сіз) мағыналық іліктестікке айтылып, грамматикалық үш жақтың үшеуіне де тән болып келеді. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөз жекеше мағынада да, көпше мағынада да қолданылады [Сағындықұлы Б., 2012].

Н.К. Дмитриев В.В. Радловтың пікіріне сүйене отырып тәуелдік жекеше I жағы **-м** мен жіктеу есімдігінен II жағы **-ң** сен жіктеу есімдігінен шықты деп болжам жасайды.

Бірінің соңғы, екіншісінің басқы дыбыстары қысқаруы табиғи жағдай екендігін якут тіліндегі басқы дыбысы қысқарған ең (сен) жіктеу есімдігінің болуымен түсіндіреді.

А.М. Щербак та осы пікірді қостайды. Оның ойынша, **ман, саң, ын-ін** архетиптері тәуелділік жалғауларына негіз болған [Щербак А.М., 1962].

Кейінгі буын зерттеушілерінің бірі В.Д. Аракин бұл болжамға күмән келтіреді. **Мен** есімдігінің құрамындағы дыбыстар соңынан басына қарай элизияға ұшырап, ықшамдалса, керісінше, **сен** есімдігінің құрамындағы дыбыстар басынан соңына қарай ықшамдалған. «Оказавшись в положении аффиксальных морфем и приняв на себя второстепенные ударение, эти морфемы стали упрощаться в фонетическом отношении, при этом второстепенные ударение падавшее на второй слог аффиксальных морфем, по видиму допускало выпадение первого слога при тяжательного аффикса, т.е. форма **маниң** сокращается до одного **-м** как результат губной ассимиляции **ң>м** под влиянием начального **-м**, а форма **санин** сокращается до **-ң**» [Тенишев Э.Р., 1988].

«Түркі тілдерінің, тіпті жалпы алтай тілдерінің тарихын зерттеушілер өте көне дәуірде екпін түскен буыннан кейін айтылған жіктеу есімдіктері бара-бара өзінен бұрын тұрған, негізгі логикалық екпін түскен сөздің энклитикасына айналған дейтін пікірі» (М. Томанов) бекерге шықты. Жіктеу есімдіктерінің

тәуелдік жалғауына елеулі ықпал етіп, сыртқы пішінін өзгерткені рас, бірақ олардың өздері (**мен, сен, сіз, ол, біз**) ешқашан тәуелдік жалғауларына айналмаған. I жақта тәуелдік мағына беретін **-ын/-ін** формасының соңғы дыбысы **н** ілік жалғаулы менің есімдігінің алғашқы дыбысы **м**-нің әсерінен **м**-ге айналған. Дыбыс үндестігі заңының ықпалынан пайда болған **м** дыбысы бірте-бірте тұрақтанған.

Бұрын «менің қолым» деген тіркес «қолын маниң» болса, үндесу себебінен «қолым маниң» болған: **-ын**>-ым. «Менің» есімдігінің лексикалық мағынасы әбден дерексізденіп, I жақтық мағына ретінде жаңадан пайда болған **-ым** формасына бекіген. **-ым** формасына әрі тәуелдік, әрі I жақтық мағына сіңіскеннен кейін «менің» есімдігін тіркестіріп айтудың қажеті болмай қалады. «Қолым менің» деп айтудың орнына «қолым» деп айтса да түсінікті болатын дәрежеге жетеді.

Тәуелділіктің көптік тұлғаларының түзілуіне **біз/сіз** есімдіктерінің қатысы болмағанын профессор М. Томанов дұрыс аңғарған: I жақтың көптік тұлғасы **-мыз** жекелік тұлға мен көптік жалғаудың қосындысынан (**-м+ыз**) қалыптасқандығы айқын. Қазіргі норма оның біріншісі анайы тұлға (**н**) есебінде түсінеді де, екіншісін (**-ыңыз**) сыпайы тұлға есебінде түсінеді. Ал осы тұлға тарихи тұрғыдан II жақ тәуелділік жалғауы мен көптік жалғаудың қосындысы: **-ың+ыз** [Томанов М., 1988].

«Қазақ тілінің академиялық грамматикасында» (1967) «Асылында, зат есімге тәуелдік жалғауының жалғануы сөзге грамматикалық тәуелдік мағынасын үстеудің бірден-бір ғана жолы емес. Тілімізден тәуелдік мағынасын тудырудың бұдан өзге де амал-тәсілдерін кездестіруге болады. Солардың бірі тәуелдік мағыналық сөзге **-лық/-лік,-дык/-дік,-тық/-тік** жұрнағының жалғауы арқылы пайда болуы.

Мәселен, жетісулық, семейлік дегенде де бәрі бір тәуелдік мағына бар. Мұндағы **-лық** қосымшасының зат есім түбірге адамның жеке басының белгілі бір өлкеге тән екендігі тәрізді мағына үстеп тұрғандығы шүбәсіз. Сол сияқты жіктеу есімдігі мен есімге жалғанатын **-дікі(-тікі,-нікі)** жұрнағы да, әлбетте, сөзге тәуелдік мағына беруші жұрнақ болып есептеледі. Мысалы, *Алматынікі, Абылайдікі*.

-лық жұрнағының құрамындағы, **-ық/-дікі** жұрнағының құрамындағы **-ік** ең көне тәуелдік жалғауының сарқыншағы. Қай+сы есімдігінің құрамындағы **-сы** тәуелдіктің III жағының формасы. Бұл форма әбден ескіріп, көнергеннен кейін түбірге сіңіскен. Осы себепті тәуелдіктің III жағының формасы аталған сөзге екінші мәрте үстеледі: қай+сы+сы. Осы сипаттас менікі, сенікі жіктеу есімдіктерін морфемаға бөлшектесек: мен-түбір, **-ік**-тәуелдіктің ең көне формасы, **і(н)**-тәуелдіктің жаңа формасы болып шығады.

-ын/-ін зат есімнің қосымшалары болғандықтан, ондай жалғаулар жалғанған сөздер есімді тәуелдену, **-ық/-ығ/-іг** етістіктің қосымшалары себепті, ондай жалғаулар жалғанған сөздер етістікті тәуелдену деп аталғаны дұрыс. Себебі, **-ын/-ін** есімдер мен есімдерді қатынасқа түсіріп, байланыстырушылық қызмет атқарады, **-ук/-ығ/-іг** те есімдер мен етістіктерді қатынасқа түсіріп, байланыстырушылық қызмет атқарады: *астаналық келді*, Астанада тұратын кісінің келгені хабарланып тұр. Бұдан **-ын/-ін** мен **-ығ/-іг** формаларының қатарласып өмір сүргенін аңғарамыз. Соңғы ең ескі тұлғаның «Кодекс Куманикусте» сақталып қалуы татар, башқұрт, құмық, қарашай-балқар халықтарына бір табан жақын екендігін байқатады.

Соңғы дыбысы **н**-ге аяқталатын сөздер мен қосымшалар **к**, **к** дыбыстарынан басталатын сөздермен тіркесе, тағы басқа да қосымша факторлардың себебінен **н** соноры **ң** сонорына айналады. **ң** дыбысының **н** дауыссызына қарағанда айтылуға жеңілдігі де **ң**-ді фонема ретінде тұрақтандырады. Өте жиі айтылғандықтан, сөз соңында келетіндіктен ілік септігінің грамматикалық мағынасын беретін **-ын/-ін** формасы бірте-бірте **-ын/ -ін** пішініне өзгереді. Бұл пішін оны атау септігі және тәуелдік жалғауы формасынан айырып-ажыратады. Сөйтіп, **-ын/-ін** ілік септігінің тұлғасы ретінде тарих сахнасына шығады.

Ежелгі және көнетүркі жазба ескерткіштері тіліндегі, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі фактілерді өзара салыстырып, тәуелдік жалғауын арнайы зерттеген ғалымдардың пікірлерін сараптай келгенде, мынадай жаңа болжам ұсынуға болады.

Тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде атау септігінің де, тәуелдік жалғауының да, ілік септігінің де **-ын/-ін** тұлғалары бір болған. Бұл форма ең алдымен есім (зат есім, сын есім, сан есім,

есімдік) көрсеткіші бола жүріп, зат есім категориясында атау септігінің формасына айналады. Қатар тұрған **-ын/-ін** тұрғалы екі атау тіркескенде изафеттік құрылым пайда болады. Тарихи даму барысында изафеттік тіркестердің бір сыңары тәуелдік жалғауына, екінші сыңары ілік септігінің жалғауына айналады.

Жіктік жалғаулар

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктердің септелуіндегі ерекшеліктер морфонологиялық құбылыстар қатарына жатады. Есімдік сөздердің септелуінде, әсіресе жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде, септеу категориясының қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан бірыңғай жүйесінің жалпы заңдылығынан біраз ауытқу бар.

Жіктеу есімдіктерінің септелуі

Атау	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>ол</i>
Ілік	<i>менің</i>	<i>сенің</i>	<i>оның</i>
Барыс	<i>маған</i>	<i>саған</i>	<i>оған</i>
Табыс	<i>мені</i>	<i>сені</i>	<i>оны</i>
Жатыс	<i>менде</i>	<i>сенде</i>	<i>онда</i>
Шығыс	<i>менен</i>	<i>сенен</i>	<i>онан//одан</i>
Көмектес	<i>менімен</i>	<i>сенімен</i>	<i>онымен</i>

«Бұл ерекшеліктер, – дейді А. Ибатов, – негізінде грамматикалық көрсеткіштердің молырақ сақталып қалумен тікелей байланысты».

Ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктерінде түбір морфеманың соңындағы н, л дыбыстарының түсіп қалуы (менің-меннің).

2. Мен, сен түбірлерінің барыс септігінде ма/н/,са/н/ болып өзгеруі (немесе түбір морфемаларының ертеректегі көне дыбыстық қалпының сақталуы).

3. Барыс септігі жалғауының -ған (немесе -ға- н) формасында келуі.

4. Көмектес септік жалғауының -ған алдындағы -ның -нің морфемасының құрамындағы қ түсіп қалып ықшамдалуы: менімен ме+нің+менен, сенімен се+нің+менен, онымен оның +мынан).

Көмектес септік жалғауының алдындағы -ның (-нің) көмекші морфеманың толық сақталып айтылуы халықтың сөйлеу ті-

лінде әлі күнге дейін кездеседі. Мысалы: *Оныңмен неш дәулеті артып кеткен жоқ// онымен еш дәулеті асып кеткен жоқ.*

5. Ол есімдігінің соңындағы л дыбысының жатыс септікте н- ге айналуы (онда, олда)

6. Шығыс септік жалғауының одан // онан түбірлерінде айтылуы.

Башқұрт тілінде **сығана килеш** -дан /-ден, -тан/-тен, -зан/-зен, -нан/-нен жалғаулары арқылы жасалады.

Ақылһызан кеңеш һорау – үзе ақылһызлык Ақылсыздан кеңес сұраудың өзі ақылсыздық. Ауыру аяқтан, қайғы йәрәктән алып //Ауру аяқтан, қайғы жүректен алар.

Міне, бұдан қазіргі тіліміздегі жіктеу және кейбір сілтеу есімдіктерінің осы күнгі септелу жүйесі түркі тілдерінің тарихи даму барысында сан қилы морфонологиялық өзгерістер нәтижесінде келіп қалыптасқанына анық көз жеткіземіз.

- қазақ тіліндегі: *мен, сен;*
- түрікм., құмық қарашай, ққалп., өзбек, шор, қырғ., алт. тілд.: *мен, сен;*
- гагауыз, қараим, ноғай тілдерінде: *бән, сән;*
- әзірбайжан, үйғыр, тува тілдерінде: *мин, син;*
- башқұрт тілінде: *мин, һин;*
- үйғыр: *мән;*
- әзірбайжан тілінде: *мән, сән;*
- башқұрт тілінде: *мін, пін.*

Құмық тіліндегі:

Мен баргъай эдим

Сен баргъай эдинг

О, ол баргъай эди

Биз баргъай эдик

Сиз баргъай эдигиз

Олар баргъай эди(лер).

Шор тіліндегі:

Эртен мен маттап терең узуп парчыгамда, мени ускады-быстылар кадаачы полган ооллар/Таңертең қатты ұйықтап жатқанымда мені қарауылдағы балалар оятты.

1 көпше: *Эде от кажында эрбектешкенмисче, улуг кижилер одаца чылыжа пердилер // Біз оттың жанында әңгімелескенде, үлкендер күркенің айналасына жинала бастады. 2 жеке-*

ше: *Сен мнда ныбак угуп одурғада, коп тем эрт парды // Сен мында ертегі тыңдағанша, көп уақыт та өтіп кетті.*

2 көпше: *Силер мееңме талашканнарында, меең чурегим ачынды // Сіз менімен сөз таластырып тұрғанда, жүрегім ауырып кетті.*

3 жекеше: *Машина оймакка кирген оделе, соонаң чугур пар чапсындым.*

Түркі тілдерінің тарихи даму барысында сан қилы өзгерістер жоғарыдағы мысалдар арқылы көз жеткіздік.

Бакылау сұрақтары:

1. Хакас тіліндегі көптік жалғаудың өзіндік ерекшеліктері.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктердің септелуіндегі ерекшеліктер.
3. Якут тіліндегі тәуелдік жалғаулары басқалардан қалай ерекшеленеді?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Юлдашев В.А. Башкирский язык // Языки мира. Тюркские языки. – М., 1997.
2. Кононов А.Н. Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы. – Ташкент, 1960.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі / Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов. – Алматы, 1971.
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы, 2010.
5. Басаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Части речи и словообразование. – М.: изд-во АН СССР, 1952.

8-дәріс. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жүйесі

Сұрақтар:

1. "Сөз таптарын классификациялау мәселесі.
2. "Зат есім және оның белгілері.
3. "Сан есім және сан есім болу шарттары.

Тірек сөздер: сөз таптары, классификациялау.

Түркі тілдері жүйесінде сөз таптары – өз заңдылықтарымен, ерекшеліктерімен түрліше сипатқа ие. Әрбір сөз табы тек өзіне ғана телінген лексика-семантикалық, морфологиялық-синтак-

систік белгілерімен ерекшеленеді. Сөз таптарының шығуын, қалыптасуын бірсыпыра ғалымдар сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалып барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді.

Әрине, бұл үдерісте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының да әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы, (бұл сөздердің белгілі тәртіппен орналасуынан қалыптасады), екінші жағынан, белгілі сөздерінен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындалу арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие бола бастайды. Сол грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеле бастайды. Тілдің көне балаң шағында сөз таптары бүгінгідей бір-бірінен грамматикалық тұлғалары арқылы да, семантикалық сипаты арқылы да онша ажырап тұрмаған. Ол кезде грамматикалық тұлғалардың деривациялық қызметінің өзі дамымаған, тіпті грамматикалық тұлғалар қалыптаспай тұрғанда сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы таза аналитикалық жолмен ғана байланысқан.

А.Н. Кононов «Қазіргі түркі әдеби тілінің грамматикасы» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі сөз таптарының классификациясы жайлы пікір айтады: «Түркі тілдеріндегі зат есім мен сын есімнің ара-жігін ажырату тек морфологиялық белгілер арқылы мүмкін емес, сондықтан сын есімді зат есімнен бөліп көрсететін белгілердің жиынтығын ескеру қажет» дейді. Бұл белгілерге ғалым морфологиялық белгілермен қатар атрибутивті семантика мен изафетті немесе изафетсіз тіркестерді жатқызады.

Сөз таптары мәселесі М. Томанов, Ж. Сарбалаев, Ж. Түймебаев, Е.Б. Саурықов, Н. Мырзазаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Түркі тілдерінде сөз таптары саны жағынан бірдей емес:

- қазақ, түркімен тілдерінде сөз табы – 9;
- қарақалпақ тілінде – 10;
- қырғыз тілінде – 11;
- ұйғыр тілінде – 12 т.б.

Түркі тілдерінде барлық сөз таптары түр жағынан басқа тілдердегі сондай типтерді, негізінен, қайталағанмен, олардан өзге

шылаулар (предлогтардың орнына) тобының бар екенімен ерекшеленеді. Сонымен бірге роман-герман тілдерінде кең қолданылатын артикльдер жүйесі түркі тілдерінде жоқ.

Түркі тілдерінде сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілерін есепке алу сөз таптарын жүйелі бөлудің негізгі белгісі болып есептеледі.

Қазақ тілінде атаулы сөздер, көмекші сөздер және одағайлар болып үшке бөлінеді.

Зат есім түркі тілдерінде зат есімдер заттық ұғымға ие болған, өз алдына дербес мағыналы сөздер болып есептеледі. Зат есімдерден зат есім жасайтын қосымшалар басқа да түркі тілдерінде қолданылады:

1. -шы, -ші жұрнағы түркі тілдерінің көпшілігінде -ч дыбысынан басталады, мысалы – *чы (аңшы) авчы, (балықшы) палықчы* (хакас тілінде).

2. -м, -ым, -ім – зат есім жасайтын өнімді жұрнақтардың бірі. Бұл жұрнақ арқылы салт және сабақты етістіктерден, біріншіден, әртүрлі абстракт заттық ұғымдардың атаулары туады. Мысалы: *алым, білім, сенім, тойым, тыйым, тыным, төзім, келісім, байлам, кешірім* т.б., екіншіден, мекендік ұғымды білдіретін зат атаулары және конкретті заттардың атаулары туады. Мысалы: *күзем, құрылым, соғым, алым, өнім, ұйым, киім, тізім, иірім* т.б.

Бұл форма арқылы жасалған туынды зат есімдер стильдік мақсат үшін қосарланып та еркін қолданыла береді. Мысалы, *өрім-өрім, тарам-тарам, күлім-күлім, шөкім-шөкім* т.б.

Осы жұрнақ (-ым, -ім) арқылы кейбір етістіктерден туған сөздер кейбір зат есімдерден (ет, сүт, бие, тай, шай, ат т.б.) дәйім тіркесіп, қазақтың бұрынғы өмірінде өлшем, мөлшер атаулары есебінде халық терминдері ретінде жұмсалған. Мысалы: *бір асым ет; екі-үш қайнатым шай; сүт пісірім уақыт; ат шаптырым жер; аяқ аттам; таяқ тастам; бие сауым; көз көрім; бес-алты ұрттам* т.б.

Алтай тілінде бұл жұрнақтар **-м** түрімен келеді. Мысалы: *буулам/буула/байлау, тудам қалам, уыс/тут-ұстау, алтам қадам, кайкам таңғалу.*

Ал **-м, -ым, -ім** жұрнақтары хакас тіліне тән. Мысалы: *тудым уыс тут/ұстау көрім/бейне, көзқарас, көр/көру.*

Бұл қосымшалар **-қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек** туынды сөздер жасаудағы өнімі де мол, қызмет өрісі де аса кең омонимдес жұрнақтар деп есептеледі.

1. Заттық атаулар мен құрал-жабдық атаулары. **-қ, -к, -ық, -ік** жұрнақтары арқылы етістіктен мынадай зат есімдер жасалады: *тарақ, күрек, қазық, пышақ, табақ, қайрақ, төсек, тамызық, қармақ, сызық* т.б.

2. Алуан түрлі абстракт заттық ұғымдардың атаулары: *сұрақ, тілек, қылық, ысқырық, үскірік, бөлік, бұйрық, жаңғырық, түсінік, өксік, санақ* т.б.

Бұл жұрнақтар алтай тілінде де кездеседі: **-ық, -ик, -к** жұрнақтары. Алтай тілінде бұл аффикстер белгілі бір істің біткенін, оның нәтижесін білдіреді. Мысалы: бичик-жазу бичи-жазу, тежик-тесік, теш-тесу, дьарык-жарық, дьар-жар, шымшу, дьелик сілеусін дьел-желу, бөлүк-бөлік, бөл-бөл, керттик-керттік, керткерт, шабу, аксак-ақсақ, акса-ақса, кылык-қылық, кыл-қылу

Осы қосымшалар хакас тілінде де бар: **-х, -ғ, -ығ, -ых, -к, -г, -іг, -ік** жұрнақтары. Мысалы: чарых-жарық, чары-жарықтану, илгек-елек илге-еле, чыылығ-жиналыс, чыыл-жиналу, хоных – кону, түнеу, хон-түнеу, өмір сүру, пөлік-шарбақ, бөлік, пөл-бөлу, [6; 53].

1. Аффиксті тәсілдер.

а) **-ач/ -ач/-бач/-пач/-гач**: кизләнпач (-кизләнмак - тығылу), атланбач (-атланмаг - аттап кету, қарғу), (дәсмал) алдыгач (-алмаг-алу);

б) **-ча/-ча**: көзбағлыча (-көз бағламағ - көзді байлау, жабу); говмалача (говмаг - қуу);

в) **-ма** аффиксі: топатма (атмаг-лақтыру); күләбастырма (бастырмаг-тығылу, көму).

Зат есімдер басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсу үшін көптік, септік және тәуелдік жалғауларын қосып алады.

Есептік:

- түрікше *birer-birer* бір-бірден; *ikişer- ikişer* екі-екіден;
- гагауыз *бешар-бешар* бес-бестен;
- татарша *икешәр-икешәр* екі-екіден;
- өзбекше *икки-икки* екі-екіден;

- әзірбайжан *бир-бир* бір-бірден;
- тыуаша *он-он* он-оннан т.б.;
- қырғызша *эки-экиден* екі-екіден;
- түрікменше *бир-бирден* бір-бірден.

Зат есімдер түркі тілдерінде лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады.

1. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге байырғы зат есімдер, сондай-ақ басқа тілдерден енген зат есімдер, бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тарылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен өзге сөз таптарынан субстантивтену арқылы пайда болған зат есімдер жатады:

- қазақ тілі *нақыш*, өрнек;
- түрік тілі *Nakış*;
- әзірбайжан тілі *Nahiş*;
- башқұрт тілі *Näkış*;
- қырғыз тілі *Оуї, оуум*;
- өзбек тілі *Nakş*;
- татар тілі *Näkış*;
- түрікмен тілі *Nağış*;
- ұйғыр тілі *Näkış*;
- орыс тілі *Ornament*.

2. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге кемі екі я одан астам түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесіп құралуы, қысқарып құралуы арқылы және лексикалану негізінде пайда болған күрделі зат есімдер жатады.

Қазақ және алтай тіліне ортақ синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сөздер:

- Қаз.: ата-ана; алтай.: ада-эне.
- Алтай.: аяк казан-ыдыс-аяқ; қазақ.: қазан-аяқ немесе ыдыс-аяқ.
- *Энъирде ижсиненъ ада-энени дъанып келди.*
- *Агаиш-таиштынъ ортозы дъаар качып дъуре бердилер// орманға қашты.*
- *Атту-чуулу той болды/аты шулы той болды.*
- *Ачу-корон кыйгырды, ама-томо сыгырды / қатты айқайлады, қатты ысқырды.*

Хакас тіліндегі зат есімнің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуының ерекшеліктері:

а) түбірлер фонетикалық өзгеріске ұшырамаған: *хара хус бұркіт, хара хузурух / қара құзғын*;

ә) түбірлер фонетикалық өзгеріске ұшыраған: *хызылгат < хызыл хат / қызыл қарақат; пүүн < пу күн < бүгін*;

б) қосарланған сөздер: *ідіс-хамыс; ир-ипчі / ерлі-зайыпты*;

в) анықтаушы және анықтауыш екі сөзден құралған зат есім, мыс.: *тимір чол темір жол, тізі хозан / қоян*.

3. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге зат есімнің өзінен, өзге сөз таптарынан тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады. Мысалы: атшы, басшы деген туынды зат есімдер ат, бас деген зат есім түбірлерінен жасалса, *атшылық, басшылық* деген туынды зат есімдер атшы, басшы деген зат есім негіздерінен жасалған.

Ал *жақсылық, үлкендік* деген зат есім *-лық (-дік)* жұрнағы арқылы жақсы, үлкен деген сын есімдерден туған. Сондай-ақ *егін, сауын* деген туынды зат есімдер *ек, сау* деген етістік түбірлерінен жасалса, олардан *-шы (-ші)* жұрнағы арқылы *егінші, сауыншы* деген туынды жаңа зат есімдер жасауға болады т.б.

Бұл сөзжасам тәсілдері басқа түркі тілдеріне де тән. Зат есім тудыратын жұрнақтардың бір саласы өздері жалғанған сөздердің лексикалық мағыналарының үстіне қосымша семантикалық рендер ғана жамайды: мұндай қосымша ренде тұту, құрметтеу, сыйлау, кішірейту, еркелету, қомсыну, кемсіну, кекету, мысқылдау тәрізді әр алуан мән-райларды білдіреді: әкей, шешей деген сөздер мен әке, шеше сөздерінің араларында да лексикалық айырмашылықтары жоқ, бірақ аз да болса семантикалық ерекшеліктері бар екені даусыз.

Сын есім

Түркі тілдердің барлығына ортақ сын есімдер деп аталатын топ өздерінің табиғаты бойынша заттың сан түрлі сыр-сипатын білдіреді. Кейбір сөздердің арғы негізі әр түрлі есім де, етістік те болуы мүмкін. Сын есімдердің етістікпен тіркесінің қалыптасуы туралы тюркология және қазақ тіл білімінде әртүрлі пікірлер айтылып келе жатыр. XIX ғасырда-ақ А.К. Казем-Бек «Число прилагательных имени обращаются в наречие, когда-нибудь глагол», – деп жазғаны мәлім [Казем-Бек А., 1939].

Н.К. Дмитриев «Яхшы бала яхши уный» деген мысалды талдай келіп, көптеген зерттеушілердің бірінші «яхшы» -ны сын есім (өйткені заттың алдында тұрғандығынан) екінші «яхшы» – ны үстеу (өйткені етістік алдында тұр) деп қарастыруы орыс грамматикалық іліміне еліктеудің салдары дей келіп, «а башкирские яхшы и яхшы не различаются и поэтому ее без всяких колебаний надо отнести к прилагательным» деп дұрыс көрсетті [Дмитриев Н.К., 1948].

М. Балақаев «Негізгі және туынды сын есімдер етістікке қатысты болып пысықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар бұрынғы лексикалық мағынасын өзгертіп үстеуге айналмайды» деп мұндай құбылыс олардың тіркесу аясының кеңеюінің нәтижесі деп тұжырымдайды. Бұл пікірді Н.А. Баскаков, И.А. Батманов, А. Ысқақов, Г.Ф. Зейнолов, С. Кенесбаев сол сияқты қазақ тілінде сын есімді арнайы зерттеген Ф. Мұсабаев, Ж. Шәкенов т.б. ғалымдардың да қолдайтынын көруге болады [Шәкенов Ж., 1961]0

Сын атауының шығу тарихы жайында ғалым С. Аманжолов: «Кейбір сын есімдердің әлі күнге шейін әрі зат есімдік, әрі сын есімдік мәні бар мысалы: «көк» әрі нәрсенің түсі, әрі «аспан» мәнінде; «қара» әрі «мал» мәнінде: «қызыл» әрі нәрсе түсі, әрі қоғамдық топтың символы т.б. Кейбір түркі тілдеріндегі материалдарды салыстыра тексерсек, бір тілде зат есім болып жүрген сөз екінші тілде сын есім орнына қолданылады екен.

Көне ұйғыр жазба нұсқаларында кездесетін сын есімдер мағынасына қарай 2 түрлі.

1. Сапалық сын есімдер.

2. Қатыстық сын есімдер.

Сапалық сын есімдер. Ескерткіштерде ешбір аффикссіз түбір күйінде заттың түр-түсін, сыр-сипатын көрсететін сапалық сын есімдер де кездеседі: Заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер. Қатыстық сын есімдердің қазіргі түркі тілдеріндегі семантикасы мен қолданысы көбіне ыңғайлас болады, түркі тілдерінде бұл жөнінде өзгеше құбылыс байқалмайды.

Бұндай тұлғалы сөздер белгілі бір іске, әрекетке, әдетке ыңғайлылықты, икемділікті білдіреді: -шак/-шек, -чан/-чен/-ча).

– **қазақ:** бойшаң, алтай: соғушчан /төбелесшіл, ұрысқак;

- **татар:** талайчән/талайшыл;
- **өзбек:** сүзчан/сөзшең т.б.

Қазақ тағы басқа тілдерде бұл мәнде -қақ, -кек аффикстері айтылады, мысалы ұрысқақ түрінде кездеседі.

Есім түбірлерден сын есім жасайтын аффикстер мыналар: -ы, -кі

- қазақ: қысқы, жазғы;
- әзірбайжан: ахшамқы ~ кешк;
- түрік: сабаһқы ~ ертеңгі;
- чуваш: сурки ~ көктемгі;
- тыва: часқы ~ көктемгі т.б.
- карашай-балқар: *Сууукъ кюнле къыш аслам болуучудула // Қыста суық күндер әдетте қыста болады; Ауур жүк кәтюрюрге жарамайды ауругъаннга // Ауруга ауыр жүк көтеруге болмайды; Бизни бахчада татыулу алмала битедиле // Біздің бақта тәтті алмалар өседі.*

Қазіргі түркі тілдері құрамында сын есім жасайтын аффикстердің жалпы саны біраз. Қазіргі тілдің синхрондық деңгейінде туынды сөздер құрамында кездесетін жұрнақтардың біразы шырайдың құрамынан шығып, сөзжасамдық жұрнақтардың қатарында кездеседі.

Көп жағдайда сын есім сөздер өздерінің тұлғалық сипатын сақтай отырып, контекстік мағынасына, функциясына байланысты үстеуге айналады. Мысалы, башқұрт тілінде кездесетін *алыс, қыйын, йәтеш, яқшы* т.б. тұлғалар кейде контекстке байланысты үстеу болса, кей жағдайда сын есім ретінде қолданылады. Мұндай сөздер тек башқұрт тілі емес, барлық түркі тілдеріне тән құбылыс.

Сөз сөйлем ішінде есіммен тіркесіп, анықтауыш ретінде заттың сапасын, сынын білдірсе, сын есімге телініп, ал етістікпен тіркесетін болса қимылдың белгісін білдіріп үстеу болады. Сын есімдер мен үстеулерді ажыратудың бірден-бір белгісі ретінде осы анықтаманы айтуға болады.

Сын есім: башқұрт тілінде *Яқшы һуз таишты иретә ~ Жақсы сөз тасты ертеді.* Бұл жерде *жақсы* сөзі сын есім функциясын орындап тұр.

Үстеу: *Көн яқшы уқйылытқан – Күн жақсы жылына бастады.* Бұл жерде *жақсы* сөзі үстеу функциясын орындап тұр.

Ал өзбек тіліндегі адвербиалдану құбылысын зерттеуші А. Гулямов сын есімдердің сөйлемдегі қызметтерін атай келіп, етістікпен жақындасқан тұлғаның үстеулер қатарына ауысып кететін бейімінің бар екендігін айтады. Мысалы, *яхшы уқийды – жақсы оқиды*. Ғалымның айтуынша, бұл жердегі сөз синтаксистік қызметінің арқасында өзге сөз табына ауысу барысында.

Бұл **-ығ// -ығ** аффиксі көне түркі тілдерінде кеңінен тараған. Мысалы,

- қазақ сарығ~сары, кішіг/ кіші, ұлық/ұлы,
- хакас хатығ~қатты, ажығ~ашты,
- шор қадығ~қатты, изиг~ыссы т.б.

қазақ:	ноғай:	құмық:	ұйғыр:	түрік:	өзірбайжан:	чуваш:
жаңа,	йаңы,	йаны,	йени,	йени	йени	джіні

Түр-түс атауларының семантикалық ерекшеліктеріне алғаш рет көңіл бөліп зерттеген академик А.Н. Кононовтың «Семантика цветообозначений в тюркских языках» атты ғылыми зерттеуі бар.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген – академик Ә.Т. Қайдар. Сөз семантикасының бір халықта аз мағыналы, бір халықта көп мағыналы болуы әрбір халықтың белгілі бір сөз белгілейтін нысанды аз немесе көп тануымен, қолданылуымен байланысты.

Мәселен, Сібір халықтары мұздың 11 түсін, қазақ халқы малдың 30-дан астам түсін айырады. «Ақ» сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында түркологтар арасында тиянақты пікір жоқ. М. Менгес, М. Ряснен т.б. «ақ» сөзінің қытай тілінен енген кірме сөз деп қарайды. Бұл көне де байырғы түркі сөзі. «Ақ» сөзі қазақ тілінде аса бай, соншалықты нәзік сан қырлы мағынаға ие. Жалпы халқымыз киелі нәрселермен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Себебі бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Сондықтан да сүттің түсі қазақ ұғымында көптеген жағымды ұғымдардың рәмізіне айналған.

Бұл сөз басқа түркі тілдерінде:

- құмық. акъ сакъал, *акъ сакъал-лы гиши*;

- татар *ақ*;
- азербайджан *аг*;
- түрікмен *ак*;
- тува *ок*;
- якут *юринг* формасында қолданылады.

Қазақ тілінде «ақ» – негізгі түстік мағына. Бұдан басқа ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, жарық түс шаштың, сақалдың ағы, ақ боз өңсіздік сүт тағамдары боз түсті кездеме т.б. мағыналар туған; «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, айыпсыз ақ жүрек, адал-керемет, тамаша, ғажайып мағынасында кездеседі.

Көк сөзінің шығу төркініне қатысты айтылған ғалымдар арасындағы пікірлерде бірізділік жоқ. Көк – төңір, найзағай, от, жоғары, аспан, жас, шөп мағыналарын беретіні белгілі. Алғашқы зат болмыс ретінде бастау негіз, өмір беруші мәнінде көктем; көктеу; көгер; көкөрім т.б. бар.

Қызыл сын есімі әртүрлі сын есіммен тіркесіп күрделі сын есімдер болып тұр. Л. Будагов әр түстің баламасын дәл беріп отырады: *күрең қызыл, ашық қызыл, тұнық қызыл, сұйық қызыл, ақшыл қызыл, қызыл сары, қызыл-көк, қызыл марал*. Жас марал жас адамның денсаулығына қатысты қолданылады.

Бир тужында бис те кызыл марал кыстар болгон эдис ле. Эмди ле чырчыйдыс, эмди ле карыдыс.

Манды Шире сегенип, каткырып ийген, айтқан: «Менде мылтык жок, саадак жок, жыда жок, елде жок, жапыс ла кызыл кол канайып мен барарым? // Манды Ширеқуана күліп былай деді: «Менде мылтық жоқ, садақ жоқ, семсер, қылыш жоқ, құр қол қалай барамын?»

Мысалы, «қызыл» әзірбайжан тілінде зат есім, «алтын» деген сөз, бізде ол сын есім мәнінде, ал әзірбайжан тіліндегі «қырмызы» – жібектен істелген товардың аты, зат есім» деген пікірді білдіреді. Бұл тұста сындық түстердің аталым жасаудағы қызметі сол кездің өзінде мәні зор екенін байқауға болады [Баскаков Н.А., 1960].

Сары: *сап-сары – сап-сары, сарша – сарша, сарша тамыз – қыркүйек, сары ара – ара, сарала ат, сары ала жон, сары дала, сары су.*

Қара түсі:

Табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл – тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ құбылыс. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының мағынасын арнайы зерттеген академик А.Н. Кононов тек «қара» сын есімнің өзінде ғана 20 шақты қосымша, қосалқы, ауыспалы мағыналар бар екенін көрсеткен: түс, сын есім, халық, зат есім; бұйрық райлы етістік:

- татар *қара*;
- әзірбайжан *гара*;
- түрікмен *гара*;
- өзбек *қора*;
- қырғыз *қара*;
- тува *қара*;
- якут *хара* тұлғаларында келеді.

Саха тіліндегі хроматизмдер: *қызыл – кыһыл; қызылсары – кыһыл арагас, арыы саһархай; сары ð арагас, саһархай; жасыл – от куэх; көгілдір – халлаан куэх; көк – унаар куэх; күлгін – эһэх кыһыл; қара – хара»* дьодум хара, кэнкир хара – жап-жасыл, унаар хара – ашық жасыл [Айдаров Ғ., 1968].

Алтай тіліндегі түсті білдіретін сөздер: *ак//ақ, бараан//қою, буурыл//бурыл, жажыл // жасыл, кажсагай ақ, кара қара, кок көк, куба бозгылт // бозгылт сары, куу, бозгылт, бозгылт сары кургул қоңыр (көз түсі); қоңыр (шаш түсі), курен қоңыр, кызыл қызыл, ногоон жасыл, оошкы қызгылт, салаа ашық сары, сары сары, солоон түрлі түсті, кемпірқосақ түсі, соознак жұпаргүл түсі, чанкыр көк.* Жоғарыда көрсетілген сын есімдерден қос сөздер болады: *кызыл-күрек қызыл-қоңыр, жажыл-чанкыр жасыл-көк, кок-жажыл//көк-жасыл, кара-кок//қою-көк, куу-сары // бозгылт-сары* т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде -лық және -лы аффикстері арқылы жаңа сөз тудыру қатыстық сын есімдер (яғни туынды сын есімдер) жасалуының ең өнімді тәсілдері болып табылады.

- тыва: даштығ (тасты), дағлығ (таулы), суғлығ (сулы),
- өзбек: куркинчли (қорқынышты),
- хақас маллығ (малды), тоннығ (тонды, киімді),
- башқұрт: ішлі (етті) т.б.

Қазіргі таңда ұйғыр тілінде **-лығ// -ліг** жұрнақтарындағы «г» әріптері «қ» әрібіне айналғандығы байқалады. Ал қырғыз тіліндегі **-лығ// -ліг** жұрнақтары **-лу, -лү, -ту, -тү** жұрнақтарына айналған: ташлығ сөзі – ташту. Алтай тілінде созылыңқы айтылса, саха тілінде **-лағ, -тағ, -дах, -нах** секілді жұрнақтардың мағынасында қолданылады.

Қазіргі заман түркі тілдерінде кездеспейтін немесе өте сирек кездесетін пассивтік тіл қорындағы өнімсіз жұрнақтар: **-лак/-лек -дақ/-дек, -так/-тек, /-нак/-нек** аффикстері.

Қырғыз топонимисі Қ. Қоңқабаев осы аффикске байланысты былай дейді: «Бұл аффикс (-лак) қазіргі қырғыз тілінде қолданылмайды. Бірақ оның варианттары бар, салыстырыңыз: таштақ/тастақ, құмдақ/құмдақ».

Қазақ ғалымы да қазіргі қазақ тілінде жоғарыдағы тастақ, құмдақ және саздақ сөздеріндегі **-дақ, -тақ** формаларының сақталуы да **-лы** варианты жұрнақтың арғы, көне түрі **-дақ, -тақ** болғанын дәлелдейтінін көрсетеді [Әбдірахманов А., 1975].

Өзбек топонимисі Л. Каримова Шорнақ топонимін морфологиялық тұрғыдан келесі компоненттерге бөледі: Чур+нок (л+ак). **-Лак/-лоқ** аффиксін өзбек тілінде кем қолданылатын тарихи аффикс деп қарайды да, *чақолоқ, қизлоқ, буталоқ* сөздерінің құрамындағы **-лоқ** аффиксі жоғарыдағы **-лак/-лоқ** аффиксіне омоним болып, еркелеу, кішірейту мағынасын білдіреді деген [Каримова Л., 1982].

-Лак жұрнағы мен оның варианттарының якут тілінде өте дамығанын көреміз.

Зерттеуші К.Ф. Гриценко өз мақаласында якут тіліндегі **-лаах** жұрнағы түбірде аталған нәрсенің бар екендігін білдіріп, есімнен сын есім жасайтындығын көрсетеді. Якут тіліндегі және басқа түркі тілдеріндегі **ДД-дың** үндесу заңымен прогрессивтік ассимиляция ықпалдарымен **-лаах** аффиксі өз формасын өзгертіп, бір топ: **-лоох, -лоох-лээх, -таах, -тээх, -даах, -доох, -дээх, -наах, -нээх, -ноох** сияқты фонетикалық варианттарын тудыратынын айтады да, мысалдар келтіреді: Ылаганнах, ылаган/ жапырақсыз шөп, Хатынгнах, хатынг/қайың (қаз. «қайыңды») [Гриценко К.Ф., 1966].

-шақ аффиксінің шығу тегі жайлы Ж.В. Севортян *чақ/сапа, уақыт, жас* шаманы білдіретін *шақ* сөзімен байланыс-

тырады. А. Фон Габеннің айтуынша -шақ аффиксы -ч+ақ деген екі кішірейткіш жұрнақтан құралады.

-жақ, -шақ, -шек. Бұл жұрнақ көбінесе Қазақстанның батыс облыстары тұрғындарының тілінде жиі кездеседі: **-жақ, -шақ, -шек** жұрнақтары жалғанған етістіктер келер шақ формасының қызметін атқарады да, көбіне бару, келу, алу, беру етістіктеріне жалғанып айтылады. Мысалы: *алажағым* болса да, *бережағым* болмасын (мақал). Ол алдағы демалысқа дейін осында оралып *кележақ* [Қалиев Ф., Сарыбаев Ш., 2002].

Бұл тұлға Қазақстанның батыс аймақтарында туып өскен жазушылардың тілінде де кездеседі:

Адайлар әлде бүгін шатты ғажап,
Әлдебір өліспекке ант қылажақ
Он-он бес ошарылған әр төбеде,
Сардары садағы бар атты казак (Х. Ерғалиев).

М. Хабичев аффикстің карачай-балқар тіліндегі **-чакь, -джакь, -чек, -чыкь, -чик, -джик, -чукь, -джук, -чюк, -джюк** варианттарын құмық тіліндегі **-чак, -чан, -чык, -чык, -чек, -чик, -чук**; карайым тіліндегі **-чак, -цак, чык, - чяк, -чек, -чюк, -цех, -цюк, -чих, -цык, -чух, -цук**; қырым татарлары тіліндегі **-чакь, -джакь, -чек, -чик, -джек, -джыкь, -чикь** және орта түркі, көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі **-шақ** аффиксінің фонетикалық варианттарымен салыстыра келіп: «Карачаево-балкарские стоят особняком: они соединили в себе черты как куманского, так и болгарского и огузского языков. Ближе стоят к карачаево-балкарскому языку куманский и караимский языки, за ними следуют кумыки, древние тюрки и кыпчаки» [Хабичев М., 1971].

-шық, -шік. Бұл **-шақ, -шек** жұрнағының қысаң түрі болып есептеледі: **-шық (-шік)** формасы етістікке жалғанып, туынды зат есім (*бүршік, бүркеншік* т.б.) тудырады, сонымен қатар ол есімдерге де (*төбешік, түйіршік* т.б.) жалғанады және етістіктің грамматикалық формасы ретінде (*ушық, түршік* т.б.) қолданылады.

-шық, (-шік) жұрнағы кішірейту және еркелету мағыналарын үстейді [5; 158].

1) нақты зат есімдерден кішілік мағынасын білдіретін атаулар тудырады. Мысалы: *үйшік, төбешік, көлшік, кіршік, қапшық, қарашық, ойыншық, далашық, айшық, тығыншық, төрешік, қалашық* т.б.

2) санауға келмейтін зат атаулардан әрі даралық, әрі кішілік ұғымын білдіреді: *талшық, ірімшік, түйіршік, қиыршық, бұршік, шыршық* т.б.

Алтай тілінде де-чак, -чек (-чок, -чөк) жұрнақтары кішірейту, еркелету мағынасында қызмет атқарады. Мысалы: *балачак «сәби» букачак «бұқашық», тбөчөк «боташық», ббөрүчек «бөлтірік», уулчак «ұл».*

Хакас тіліндегі кішірейту жұрнақтары мыналар: *-(ы)чак, -(і)чек. Тура/үй, турачак/үйшік; киме/қайық, кимечек/қайықша; ат/ать; адычак/құлыншақ; көс/бұрыш, көзічек/бұрыштама.*

Қазіргі қазақ тіліндегі кішірейткіш *-шақ, -шек; -шық, -шік: -ша, -ше* жұрнақтарының мағыналық ерекшеліктерін сипаттай келе, профессор Қ. Жұбанов *-шақ* жұрнағы жөнінде: «Самым характерным является суффикс уменьшительности *-шақ* (в смягченном оформлении – *шек* с редуцированными гласными *-шық, -шік*, в усеченной форме *-ша, -ше*), наличный в формах: *құлыншақ* – ласкательная форма от основы *құлын* (жеребенок); *келіншек* (келін, жас, әйел) негізі (*келін, жеңге*); *қап-шық* (*қапшық*) *қап* (*қапшық*); *ер-шік* (*ер*) *ер*; *өгіз-ше* (*өгіз*); *інген-ше* (*інген*) *атан-ша* (*інген-ше*) от *атан* и т.д.»

Түркі тілдеріндегі шырай категориясы

Шырай категориясы – тілде сан-мөлшер ұғымын репрезентациялайтын морфологиялық категориялардың бірі, адамның сан мен сандық қатынастар туралы танымы көрінеді. Шырай категориясы заттар мен құбылыстардағы белгілердің сапалық қатынастарын білдіреді: салыстыру негізінде көрініс тауып, зат белгілерінің үқсастық-айырмашылығын сипаттайтын тілдік формалар арқылы беріледі.

Шырай түрлері – жалпы тіл білімінде де, түркітануда да, қазақ тіл білімінде де ең даулы мәселелердің бірі. Өйткені ғалымдар шырайдың түрлерін түрліше топтастырады, 2 кейде 4-5 түрге дейін топтастырылады, бұл көбіне түркі тілдеріне қатысты.

Сын есімнің шырайлары

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде төмендегідей 3 түрлі шырайлар кездеседі.

Жай шырай: *узун – ұзын; қара – қара; йашыл – жасыл; бегрек – бегірек; артуқрақ – артығырақ; күнтег – күндей*

Күшейтпелі шырай: *ең кішігі – ең кішісі; ең ұлуғы – ең үлкен; ең ілкі – алғашқы*

Салыстырмалы шырай: *едгү – игі; көк ò көк*

Сын есімдер, әдетте, сөйлем ішінде анықтауыш болады. Кейде сын есімдер етістіктен бұрын келсе, анықтауыш та болады. Сын есімдер сөйлем соңында көмекші етістіктермен тіркесіп, баяндауыш та болады [Айдаров Ғ., 1986].

Салыстырмалы шырайдың өз көрсеткіштері бар. Қазақ тілінде салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар: **-рақ, -рек, (-ырақ, -ірек), -лау, -леу (-дау, -деу, -тау, -теу)**. Бұл жұрнақтардың *-рақ, -рек* түрі түркі тілдерінің бәрінде бар деуге болады, ол түркі тілдерінің грамматикаларында үнемі көрсетіліп келеді. Оған жұмыста келтірілген бірнеше түркологтардың еңбектері дәлел. Түркі тілдерінде *-рақ, -рек* жұрнағы салыстырмалы шырайдың көрсеткіші ретінде әбден танылған жұрнақ.

– әзірбайжан	<i>ködarak</i>	қысқарақ.
– башқұртша	<i>aöerak</i>	қышқылдау.
– гагауызша	<i>kürütak</i>	кішірек.
– қарайым	<i>büürak</i>	жақсылау.
– қарақалпақ	<i>alaraq</i>	алалау.
– қырғызша	<i>qatyraq</i>	қаттырақ.
– ноғайша	<i>qyzylyraq</i>	қызылырақ.
– қарашай-балқар	<i>agyraq</i>	ақшыл.
– түрікше	<i>inzerek</i>	жұқарақ.
– түрікменше	<i>ovnugraq</i>	ұсақтау.
– татарша	<i>maturraq</i>	әдемірек.
– өзбекше	<i>aqllira</i>	ақылдырақ.
– чувашша	<i>azarax</i>	жылырақ [СГТЯ., 154 б.].

Сын есім: а) күшейтпелі шырай толық немесе жартылай қайталану көмегімен жасалады: *кып / қып-қызыл, ямь / ямь яшел, сар / сар-сары, қап / қап-қара, нәп-нәзік, ап-ак / апнақ, жаан-жаан / үлкен-үлкен*

- кырг. *сары-сары гүлдөр* сап-сары гүлдер;
- тат. *кызыл-кызыл чәчәкләр* кып-кызыл гүлдер;
- башк. *зур-зур машиналар* үп-үлкен машиналар;
- тыуа *қараңғы-қараңғы дүн* қап-қараңғы түн;
- чуваш *шура-шура самарта* аппақ жұмыртқа.

Ә) асырмалы шырай (эн, суреен, сыранғай, сурекей, тын, торт) күшейткіш шылауларының көмегімен жасалады: *эн жақшы / ең жақсы, суреен бийик / тым биік.*

Түркі тілі сын есімнің шырайының 2 түрлі берілу тәсілдері бар: аналитикалық және синтетикалық. Аналитикалық тәсіл сөздің «күшейткіш сөз» не «күшейткіш буын» деп аталатын сын есіммен тіркесі арқылы беріледі. Түркі тілінің барлығында кездесетін тәсіл – ең сөзінің сын есімдермен тіркесі:

- қазақ тілі: ең жақсы;
- түрікмен : иң яғшы;
- шор тілі: ен чакшы;
- ұйғыр тілі: ең яхшы;
- тува тілі: әң эки;
- құмық тілі: иң де яхшы;
- ноғай тілі: эң яксы т.б.

Ең күшейткіші қазіргі түркі тілдерінің бәрінде бар. Тек қана якут, чуваш тілдерінде жоқ.

- **якут** тілінде: саамай (орыстың *самый*) саамай үлүгәй – өте жақсы;
- чуваш тілінде *чи лайых* (өте жақсы)
- әзірбайжан тілінде *лай, чох лап ах ты, лай чырмызы* (кып – кызыл);
- якут, алтай, тува тілдерінде *лай* сөзі бар. Бірақ ол тілдерде күшейткіш қызметінде емес, дербес сөз табы ретінде қолданылады;
- татар тілінде: *ямь-яшел ~ жап-жасыл; сап-сары ~ сап-сары; қап-қара ~ қап-қара; нәп-нәзек ~ нәп-нәзік; ап-ак ~ аппақ.*

-сыз//сіз аффиксі арқылы беріледі. Бұл аффикс чуваш тілінде ғана басқаша **з ~ р** сәйкестігінің негізінде **-сър/-сір**:

- чув.: *утсър* (атсыз), *тіпсір* (түпсіз) түрінде дыбысталады;
- әзірб.: *йағсыз* (майсыз) *сусуз* (сусыз),

– түрік: татсыз (дәмсіз).

Бұл аффикс екі тілде – саха, шор тілдерінде жоқ.

Ол тілдер сын-сапаның жоқтығын синтаксистік оралымдар (конструкция) арқылы білдіреді. Екінші жақ бұйрық рай мағынасын күшейту мақсатында *-чы, -чи, -са, -сана, -сене* деуліктерін тіркеп те қолданады. Бұл *-сана, -сене* морфемасы түркі тілдерінің біразында қолданылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:

Қой-сана, батыр, қой-сана.
Ашуы жоқ бол-сана,

деп, сана бұйыру мағынасында қолданылып тұр.

Хак. *Пултар тигірче улуг салгахтар чти тарапчатхан/ Бұлттар аспанда үлкен толқындар секілді тарап кетті тув. Базаанчы база дириг кижиниң сеткили ышкаш дыцраргыр/ Базаанчы тірі адамның жаны секілді сақ.*

тув. идикте-римни кеткеш, авый-шавый шидиттиниппте-рим-ге, чалыг, чымчан канчаар боор ону: буттарым анна каттыра бергилэ – эн ышкаш болган де/бөтөңкемді кигенде, бауын крестеп байладым, жылы, әрі жұмсақ: дөп аяғым демалып қалгандай;

- **алт.** *сэн оицош/сен секілді;*
- **хак.** *пудуттар осхас/бұлттар сияқты;*
- **тув.** *чнда пицааш/кен тәрізді;*
- **шор.** *абам оицааш/әкем секілді;*
- **түрік.** *аç kurt gibi/ аш қасқырдай;*
- **якут:** *бөрөм бөтөһө, бағам батаһа /бөрідей күшім, бақадай қылышым.*

Қазіргі түркі тілдері сын есімдердің, негізінен, ескі құрамын – лексикасы мен грамматикалық құрылысын сақтап қалған. Сонымен қатар әрбір тілдің өз ырқымен бірқатар фонетикалық өзгеріске түскен.

Бақылау сұрақтары:

1. Сын есімнің шырайлары.
2. Сан ұғымының әртүрлі берілуі.
3. Хакас тіліндегі ерекшелікті ата.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.
2. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л., 1960.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. Қалыбаева А. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.
5. Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент, 1997.

9-дәріс. Түркі тілдеріндегі есімдіктер

Сұрақтар:

1. Есімдіктердің зерттеулері.
2. Түркі тілдеріндегі есімдіктің қалыптасуы мен дамуы.
3. Түркі тілдеріндегі есімдіктің мағыналық топтары.

Тірек сөздер: түбір есімдіктер, есімдіктердің септелуі, субстантивті есімдіктер.

Жеке тілдерге тән есімдіктер жүйесі мен ондағы есімдіктердің жеке топтарын сөз етуге арналған зерттеулер қатарында: Н.К. Дмитриевтің «Указательные местоимения в османском языке», «Об указательных местоимениях в башкирском языке», Ф.Д. Ашниннің «Принципы дифференциации туркменских указательных местоимений», «Принципы дифференциации турецких местоимений»; Н. Сауранбаевтың «Есімдіктер»; Ш. Сарыбаевтың «К вопросу о местоимении в казахском языке», «О местоимениях ту, тунеу»; А. Төлеуовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер»; А. Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер»; А. Боржаковтың «Түрікмен тіліндегі есімдіктер» деген сияқты еңбектерін атауға болады [Ибатов А., "1966].

Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, ең алдымен, олардың мағыналарының жоғары дәрежеде абстракциялануынан, яғни мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, екіншіден, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді.

Морфологиялық жағынан есімдіктер түрленетін сөздердің тобына қосылады. Ал олардың түрленуінде, жалпы алғанда,

есімдерге ұқсастықтар болмағанымен, өздеріне тән ерекшеліктері де бар. Мысалы, қазақ тіліндегі мен, сен

- түрікм., құм., қарачай., қалп., өзб., шор, қырғ., алт. тілдерінде мен, сен;
- гагауыз, қарайым ноғай тілдерінде бән, сән;
- әзірбайжан, ұйғыр, тува тілдерінде мән, сән;
- түрік тілінде бен, сен;
- татар, хакас тілдерінде мин, син;
- башқұрт тілінде мин, һин болып қолданылады.

Субстантивті есімдіктер қолданылу ретіне қарай зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданыла беретін болса, атрибутивтік есімдіктер дәл өз мағынасында, нағыз сын есімдер ретінде қолданылып тұрғанда грамматикалық жағынан түрленбейді, демек, грамматикалық формаларының ешбірін де қабылдамайды.

Есімдіктер шығу тәркіні жағынан екі топқа бөлінеді: оның бір тобына өте ерте заманнан келе жатқан байырғы (көне) түбір есімдіктер енеді де, екінші тобына тіліміздің даму, жетілу процестерімен байланысты, кейінгі замандарда пайда болған, демек, соңғы кездерде туып қалыптасқан есімдіктер жатады.

Есімдіктер мынадай түрлерге бөлінеді: **жіктеу, сілтеу, сұрау, белгісіз, жалпылау, анықтау-бөлшектеу, өздік, болымсыз**. Есімдіктердің өзіне тән сөзжасам жүйесі жоқ. Сондай-ақ есімдіктердің өздеріне тән грамматикалық категориялары жоқ.

Шор: *Сен пис-ке тарынма! / Сен бізге ренжіме!*

Есімдіктерді семантикалық жағынан біріктіретін белгі – затты, нәрсені, кісіні білдіруі, ал грамматикалық мағына тұрғысынан біріктіретін белгі – контексте бастауыш, кейде толықтауыш қызметінде жұмсалады. Барыс, шығыс септіктерінде де басқа түркі тілдерінде көп кездеспейтін -иңдин, -иңда түрлері бар. Бұл қосымшаның құрамындағы *-иң* элементі барыс септігінің қосымшасының құрамында да кездеседі. Мысалы, *униңға, мениңгә, сениңдә, униңда, мениңдин, сениңдин, униңдин*, т.б. [Қайдар Ә., 2004].

Сіз есімдігі қазіргі қазақ тілінде көптік мағынада қолданылмайды, тек өзінен үлкен немесе құрмет еткен адамдарға ізет

есебінде қолданылатын жеке ұғымдағы сөз түрінде саналады. [Малов С.Е., 1959]. Көптеген түрік тілдерінде:

- башқұрт – һез;
- өзбекте – сиз;
- әзірбайжанда – сиз;
- қарачай-балқарда – siz;
- түрікменде – сіз болып көптік мағынада қолданылады.

Ал татар тіліндегі сіз есімдігі туралы В.Н. Хангельдин: «Сез сузе, гадәттә, берничә, тынлаучыны белдере» деп жазады [Хангельдин В.Н., 1954].

Болымсыз есімдіктер – қазақ тілінде ерте заманнан-ақ қолданылып келе жатыр.

Хакас, тыва, якут тілдерінде болымсыз есімдіктер тек **да, де, даа, дее, дағаны** қосымшалары (частицы. – Л.Н. Харитонов) арқылы жасалады. хакас тіліндегі *кем дее* – ешкім, *ниме дее* – ештеңе, *хайдаг даа* – ешқандай, *хачан даа* – ешқашан; [Дыренкова Н.П., 1948].

Якут тілінде *ким дағаны* – ешкім, *ханник да* – ешқандай, *ту-гу дағаны* – ештеңе, *хайдах да* – ешқандай т.б. [Харитонов Л.Н., 1947].

Чуваш тілінде болымсыз есімдіктер тек **ни** жалғаулығы арқылы ғана жасалады. Мысалы: *нимен* – *ештеңе*, *никам* – *ешкім*, *нименлә* – *ешқандай*, *никаман* – *ешкімдікі* (р.н. нимақ) т.б. [Резюков Н.А., 1954].

Осындағы **ни** – қосымшасы түп негізінде қазақ тіліндегі дә, не қосымшаларымен тектес, бірақ әр тілдің өз ерекшелігіне байланысты айтылу жүйелерінің өзгеше болып келетіндігінен дыбыстық алмасуға (д > н немесе н > д, и > е немесе е > и) ұшыраған тұлға болу керек. Мұндай дыбыстық алмасулар – түрік арасында өте жиі кездесетін заңды құбылыс дейді А. Ибатов.

Жалпылау есімдіктері – түгел дерлік бертін келе пайда болған сөздер.

Бар есімдігі тюркологтардың (Н.К. Дмитриев, Н.П. Дыренкова) айтуы бойынша, лексикалық тәсіл арқылы «бар сөзінен пайда болған.

Бар есімдігі *бар* нәрсенің бәрін толық қамтып, жалпылай көрсетіп тұр. *Бар* есімдігі құмық, қарақалпақ, құмық, қазақ тіл-

дерінде *бар*, алтай тілінде *пар* түрінде қолданылады. *Бар* сөзі басқа да жалпылау есімдіктерінің жасалуына негіз болған.

Барша сөзі *бар* және *-ша* аффиксынан құралған. *Барша* қазіргі татар, өзбек тілдерінде *барча*; қарақалпақ, қазақ тілдерінде *барша*; ұйғыр – *barsь*, шор – *парчын* және алтай тілінде *парчан* боп қолданылады.

Белгісіздік есімдіктері

Біреу сөзі *бір* және *-еу* қосымшасынан құралған. *Біреу* де сан есім қатарында қолданылатын «*біреу*» сөзінен лексикалық тәсіл арқылы ауысқан.

- татар тілінде – *берэу*;
- ноғай, қарақалпақ тілдерінде – *бирев*;
- өзбек тілінде – *бирев* сияқты болып әртүрлі фонеткалық өзгерістерімен ғана айтылады [Ибатов А., 1966].

Күллі сөзі араб тілінен ауысқан күллүн *күллі*, *барлық* және *бәрі*, *барлығы*, *әрбір*, *кез келген* деген мағыналарда қолданылады. *Күллі* қазіргі түрік тілінде *küllü*, қарақалпақ тілінде *гюллен* болып айтылады [Казем-Бек А.К., 1839]. Жалпылау есімдіктерінің негізгі түрлері түркі тілдерінің барлығына дерлік ортақ болып келеді:

- әзірбайжан тілінде: *вар*, *вары*, *бүтін*;
- қырғыз: *бары*, *барыта*.

Болымсыздық есімдіктері

- алтай: *эгинемэ*;
- башқұрт: *ніс*, *кім*, *ніс*, *нөме*, *һис* *ні*; *түрік:һич* *кімсә*, *һич-һір*.

Кейбір түркі тілдерінде контексте болымсыздық мағынада белгісіздік есімдіктері қолданылады.

Мысалы:

- **алтай** тілінде: *кімде* (ешкім), *нәде* (еш нәрсе),
- **башқұрт** тілінде: *біркімде* (ешкім), *бір* немесе (еш нәрсе),
- **татар** тілінде: *біркім* (ешкім), *бірмы* (еш нәрсе) т.б.

Жіктеу есімдіктер

Алтай тіліндегі жіктеу есімдіктері: **мен**, **сен**, **ол**, **бис**, **бистер**, **слер**, **слерлер**, **олор**. Ал септелгенде төмендегідей өзгерістерге ұшырайды: *мен*, *сен*, *ол* – *мениң*, *сениң*, *оның* – *меге*, *маа*,

мее, сеге, саа, сее, ого, ага, оо – мени, сени, оны – менде, сенде, ондо, анда – менең, сенең, оноң.

Жіктеу есімдіктерінің септелуінде де аздап өзгешелік бар, барыс септігінің қазақ тіліндегі маған, саған, оған түрінің орнына *маңа, саңа, уиңға* формалары қолданылады. Бірінші жақта жекеше түріндегі есімдікте **b ~ m** дыбыстарының ауысуы байқалады.

Қазақ	Әзірбайжан	Башқұрт	өзбек	Ұйғыр	түркмен	түрік	Татар	қырғыз
мен	мән	мін	мән	Mén	мен	Ben	мін	мен
сен	сән	пін	сән,	Sén	сен	Sen	сін	сен
ол	о	ул	у (ул)	U	ол	O	ул	ал
біз	біз	бізде		Biz	біз	Biz	без	біз
сіз	сіз	hidəə		Siler	сіз	Siz	сез	сіз
олар	онлар	улар		Ular	олар	Onlar	алар	алар

Бірақ түркі халықтарының барлық өкілдері **men**'нің **ben** мағынасында қолданылғанын, ал **ben**'нің де **men** мағынасында қолданылғанын білуде:

Мән һәр йөкшөнбө күн театрға баридиғанмән.
Аждиһар от чечип ширға қарап умтулди

Біз, сіз есімдіктері *би – си* (биз) және *си–си* (сиз) сияқты бөлшектерден тұрады деген пікір бар. Бұл пікірді алғаш рет Бетлингк айтады да, оған В.В. Радлов пікірлес болады. Осы гипотезаны С.Е. Маловтан да кездестіреміз: «Можно и по-другому объяснить этимологию местоимения *biz* и *siz*:

- *bi+si -biz /мен+сіз-біз*
- *si+si-siz сен+сен-сіз»* [Малов С.Е., 1951].

Біз, сіз есімдіктеріндегі – з морфемасы жұптық мағынаны білдіретін көрсеткіш болған дейді Бұл пікірді қолдаушы ғалымдардың бірі В. Котвич түрік тілдеріндегі *miz*//және *biz siz* сөздерін бір кездерде жұптық мағынада қолданылған сөздер деп, *köz, omuz*, (йық), *ikiz* сөздерімен салыстырған болатын [Ибатов А., 1966].

Бұл -з морфемасын А.Н. Кононов жұптық мағынаны білдіруші көрсеткіш деп таниды, яғни «Показатель двойственно числа – з сохраняется в ряде слов, выражающих преимущественно парные части тела: куз – «глаза», оғиз – «рот», «близнецы», «двойня и т.п.» деп түсіндіреді [Кононов А.Н., 1948], ал кейінгі кездегі грамматикаларында -з морфемасын жұптық-көпше мағынаны білдіруші формант деп көрсетеді.

Осы пікірді А.М. Щербактың басқа еңбектерінен де кездестіреміз [Щербак А.М., 1961].

Г.И. Рамстедт, В. Банг, Л. Лигети сияқты бір топ ғалымдар *біз, сіз* есімдіктерінің -з морфемасын көптік мағынаны білдіруші ерекше бір көрсеткіш деген пікірді айтқан. Бұл пікірді қолдаушы Н.К. Дмитриев 1940 жылғы грамматикасында: «...биз и сиз разлагаются на *би-з* и *си-з* и архаичным показателям -з -**ыз** -**из**; -**уз**–**уыз**; [Дмитриев Н.К., 1940] деп жазды. Ал 1948 жылғы грамматикасында -з аффиксы жайлы: «...он является архаичным показателям множественности» дегенді айтты [Дмитриев Н.К., 1948].

Сіз сөзі көптеген түркі тілдерінде:

- башқ. *hez*;
- өзб. *сиз*;
- әзір. *сиз*;
- қарашай-балқ. *siz*;
- түрікм.*сіз*.

Татар тіліндегі *сіз* есімдігі туралы В.Н. Хангельдин: «Сез сузе, гадәттә, берничә, тынлаучыны белдерә» деп түсіндіреді [Хангельдин В.Н., 1954].

Сиз билән хошлашқили кәлдим // Сізбенен қоштасқалы келдәм.

У биздин илгири кәлди // Ол бізден ілгері келді.

Әзерб. Мян юз китабымы алдым // Мен өз китабымды алдым.

Сян юз китабыны алдын // Сен өз китабыңды алдың

О юз китабыны алды // Ол өз китабын алды

Қазіргі якут тіліндегі жіктеу есімдігі затты сілтеу арқылы сипатталады. Олар тілдегі компоненттердің өзектендіру қызметін атқарады. Сондай-ақ *мү/мен, Дьийүмү* сөйлеуші мағынасын білдіреді, «сен», «сіз» тыңдаушы, яғни *қарсылас* мағынасында болып келеді. 3 жақтағы есімдік сөйлем тақырыбына сілтейді, одан басқа анафорлық қарым-қатынас көрініс табады,

яғни нақ осы шақты шектетіп, болашақты айту. Алайда якут тіліндегі «кини», яғни *ол* сөзі тек қана адамға сілтеу үшін қолданылады. Алайда соңғы кездерде оның қолдану аясы кеңейе түсуде.

ДД-дың э/и және дауыссыздардың кезектесуі әлі де якут тілі говорларында сақталып келеді [Ибатов А., 1966].

Шор тіліндегі жіктеу есімдігі

1 типтегі: *мен-мен, сен-сен, пис-біз, силер – вьг ылар- олар, мын~мым сыц ~ зыц-пис = саар = лар ым*. Атау (есім) қосымшалары **м ц ~ ыц =ибис - лар-ыц = лар-ы**.

2 типтегі: **м ~ьш ц~ыц – ибис – лар-ыц = лар = ы мын~мым сыц~зыц – пис = саар =лар**.

Шор тіліндегі 1-жақ жекеше түрдегі етістіктің фонетикалық қосымшаларының предикаттық түрлері: = *бас – сым ~сим формалары үшін пын ~ пин ~ пым ~ пим ~ бын ~ бин ~ бым ~ бим ~ мын ~ мин ~ мым ~ мим* қосымшалары. Шор тілінде сөйлеуші ауызекі тілде *мин* қосымшасымен анықталатын аффиксті қолданады.

Түркі тілдеріндегі соңғы **м** аффиксін А.М. Щербак ұқсастың заңдарымен түсіндіреді (салыстырып көрейік, = *м – 1-жақ жекеше түрдегі посессивті жіктеу түрі*). 2-жақ жекеше түрдегі соңғы дауыссыз аффикс тіларты ерекшелігін алған қосымша А.М. Щербактың пікірінше, тәуелдік жалғаулардың (аффикстердің) әсерінен болған .

Шор тіліндегі есімше (лі) (отпричастный) формасында аффикстердің посессивті (*пар- ган- ыш /мен жүрдім, «менің жүрісім», пар- ган- ыц «сен жүрдің» / «сенің жүрісің») және предикативті (пар- ган- лин «нақты мен жүрген», «мен жүрдім», пар-ган-?ш «дәл, нақты сен жүрген», «сен жүрдің») түрлері кездеседі.*

Аффикстің «посессивті» түрі уақыт аффиксімен бірігіп жаңа сөз құрайды: *пар-ган-ыш > пар-гал, пар-ган-ыц > пар-га* заттанған (субстантивтенген) формада (1-жекеше): *Эртен мен маттап терец узуп пар-чыга-м-да, мени ускады-быстылар кадаачы полгон ооллар / Таңертеңгісін мен қатты ұйықтап жатқанда, қарауыл балалар оятып жіберді.*

В «отпричастных» формах в шорском языке употребляются аффиксы и посессивного (пар-ган-ыш «я шел/ ср. также «мое

хождение», пар-ган-ыц «ты шел», «твое хождение») и предикативного (пар-ган-лшн «я есть ходивший», «я ходил», пар-ган-ш «ты есть ходивший», «ты ходил») типов. Аффикс «посесивного» типа контаминирует с аффиксом времени: пар-ган-ыш > пар-гал, пар-ган-ыц > пар-га [Поцелуевский А.П., 1975].

Сілтеу есімдіктері мен жіктеу есімдіктерінің генетикалық байланыстары жөнінде жазған А.П. Поцелуевский *бу (му)* жіктеу есімдіктері мен *шу* сілтеу есімдігінің шығу тегі бір екендігін (*м-ун, ш-ун*), олардың бір түбірден тарағандығын, яғни түбірдің *ин//ын* екендігін айта келе, *б* немесе *м, ш* форматтарының перефикция арқылы жасалғандығын жазады [Поцелуевский А.П., 1975]. Автордың *би//бе, ми//ме* жіктеу есімдіктеріне қосылған *н* дыбысы жайлы мынадай пікір бар: «...Присоединяемый к отмечанной выше основе местоимений согласный звук *н* (так называемый местоимений *н*) считается особым формантом, значение которого не установлено» [Поцелуевский А.П., 1975].

- башқ., тат., шул;
- қырғ., ошол, ошо;
- құм., шол, со;
- түрікм., шу;
- якут. сити.

Татар тілінде *шушы* деген сөз бар. Бұл сөзді В.Н. Хангельдин: «Шушы сузе шу (шул) алмашлығын кабатлау юлы белян ясалған тиеш: *шушу* < *ушы*, – деп көрсеткен болатын. Бірақ соған қарамай, Ф.Д. Ашнин М. Рясненнің пікірін қостай келе, бұл *шушы* сөзін татар тіліндегі *тушы* сөзімен жалғастыра отырып, *те-ушы* > *ту-шы* > *шушы* жолымен қалыптасқан дегенді ұсынды. Сол сияқты ноғай тіліндегі *шошы /сосы* сілтеу есімдіктерін де *те-ошу /ушу* > *тушы /тошы* > *шушы* > *шошы* > *сосы* [Ашнин Ф.Д.] жолымен қалыптасқан деп көрсетті.

А. Ибатовтың пайымдауынша, бұл сөздердің қалыптасуы жөнінде В.Н. Хангельдин ұсынған *шушы* сөзінің жүйесімен *шо-шо* > *шошы /сосы* сияқты ізбен қалыптасқан деген пікірі орынды сияқты [Ибатов А., 1966]. Сонымен сол есімдігінің қалыптасуы жолы: *ош-ол* → *ос-ол* → *шол /сол*.

Б. Сағындықұлы жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің бір-бірімен генетикалық байланысы бар екені түркология ғылы-

мында әлдеқашан айтылып келе жатқанын жаза келе: «Жіктеу есімдігінен сілтеу есімдігі бұрын пайда болған» деген пікір ақиқат. Әуелі ман – Сам (Мына мен Самын), (қ)ан – Хам (ол тұрған – Хам) тіркестері қолданыста болып, кейін *ман, сан, ан* есімдіктері пайда болғанға ұқсайды. Бұлай болған жағдайда (осы кезге дейін жұмбақ болып келе жатырған) жіктеу, сілтеу есімдіктерінен кейін қосылатын **-н** элементін бір кездегі силлабофонема, артикуль қалдығы деп тануымыз қажет» деп тұжырымдайды [Сағындықұлы Б., 1994].

Осы орайда А.П. Поцелуевскийдің түркімен тіліндегі *ин-е* (міне), қазақ тіліндегі *мі-н-е*, шор тіліндегі *м-ин-е, м-ын-а* сөздеріндегі *ин/ин* бөлігін сілтеу есімдіктерінің түбірі ретінде танытындығын айта кететін болсақ [Поцелуевский А.П., 1975], оның өзі жіктеу есімдіктері бойындағы **н** дыбысын еске түсіреді.

Сұрау есімдігі: *ким «кім», нәме «не», нәхили «қандай», хайсы «қандай, қайсысы», нәче «неше, қанша», хачан «қашан» және т.б.*

Кім?

- түрікмен, әзірбайжан, құмық, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілдерінде – ким;
- түрік, қарайым, қазақ, үйғыр, қырғыз тілдерінде – кім;
- татар, башқұр, хакас, шор, ойрат, алтай тілдерінде – кем;
- тува тілінде – кым.

Кім сөзін **кі** және **-м** деген тұлғалардан құралады деп қарауда, тұлғасын **-ма, -ме** сұрау шылаулармен тектес деп тану. Бұл пікірді қолдаушы ғалымдар В. Котвич, Г.И. Рамстедт және М. Рясянен сөз етеді.

Не?

- әзірб. тілінде – нә;
- гаг., қар. тілдерінде – на;
- түрік, құм., ноғ., ққалп., қаз., ойр., алт. тілдерінде – не;
- тат., башқ. тілдерінде – ни;
- шор тілінде ноо, тув.тілінде – чуу;
- түрікм. тілінде – нәмә;
- башқ. – нәмә;
- өзб. – нима;
- үйғ. – піта;
- хак. – ниме;

– алт. – неме.

Бұл айтылу формаларын фонетикалық ерекшеліктерімен жүйелейтін болсақ:

1) *nima/nəme/nəmə/nима/неме;*

2) *ноо, чуу және*

3) *на/нə//ни/не* сияқты топтардан құралған болар еді.

Не сөзінің даму жүйесіндегі бұл күрделі 3 жіктің алғы *nima / nəme / nəmə / нима / неме* формалары жөнінде ғалымдар арасында мынадай пікірлерді кездестіруге болады. Мысалы, В.В. Радлов, В. Котвич, Г.И. Рамстедт *нама, нима* сөздері, *на, ні* сұраулы сөздер мен *ма* аффиксінен құралады деп көрсетеді.

Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі *нəmə* сөзі туралы: «Нəmə?» (не?) вообще может рассматриваться, как так называемое «местоимение существительное». Исторически было, повидимому, существительным в значении «предмет, вещь» и потом уже превратилось в вопросительное местоимение. Этимологически *нəmə*, возможно, разлагается на два элемента... На эту мысль наводит то обстоятельство, что в некоторых тюркских языках *нəmə* звучит, как *нимə*» дейді [Дмитриев Н.К., 1948].

Өздік есімдігі – өте ерте кезде пайда болған сөздер, бір ғана өз сөзінен тараған *өзім, өзің, өзі* сияқты тәуелдік жалғаулы сөздер жатады.

П.М. Мелиоранский: «Собственно говоря «өз» местоимение, а существительное, первоначальное значение которого есть «лучшая часть, сердцевина, сущность» деп көрсеткен [Мелиоранский П.М., 1854]. Қазақ тілінде «өзің өз болғалы, етек-жеңің сөз болғаны» деген мақал бар. Осындағы өз біреудің белгілі бір тұлғаға ие болып, белгілі мүсінге келуін көрсету мақсатында қолданылып тұр. Сонда «өз болу» белгілі бір тұлға, мүсінге келу, яғни *өз* «пішін» мағынасында қолданылады. Әзірбайжан, құмық, қазақ, ұйғыр, қырғыз тілдерінде – *өз*; татар, башқұрт тілдерінде – *үз*, қарақалпақ – *ез*, өзбек – *уз*, тува тілінде *бот боп*, хакас – *поз*, ойрат – *бой*, шор – *поз//пой*, алтай тілінде – *пой*, түрік тілінде *kendі* түрінде қолданылады.

Белгісіздік есімдігі

Әр есімдігі «һәр» деген парсы сөзінен алдыңғы *h* дыбысын түсіріп айту негізінде пайда болған. Бұл заңдылық күншығыс

тілдерінен енген сөздердің көбінде кездеседі [Баскаков Н.А., 1952].

Әр:

- әзірбайжан, түрік, татар, башқұрт тілдерінде – *һер*;
- құмық – *һар*;
- ноғай, шор, қырғыз тілдерінде – *ар*;
- қарақалпақ – *һар*,
- өзбек – *һар* және ұйғыр тілінде *һә* (р) болып қолданылады.

Болымсыздық есімдігі.

Қазіргі қазақ тілінде еш, ешкім, ештеңе, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы т.б. болымсыз есімдіктер бар. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде болымсыздық, белгісіздік мәнді неғ «еш» есімдігі: *Ötüken jir olurip, arqış-tirkiş isar, neñ bunıy joq // Өтүкен жерінде отырып, қазынаға керуен жіберсең, еш мұңың жоқ* [Айдаров Ғ., 1986].

Бақылау сұрақтары:

1. Сөз таптарының саны және түрлеріндегі айырмашылық.
2. Түбір мен суффикстің ерекшелігі бар ма?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
2. Қайдаров Ә.Т., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004.

10-дәріс. Түркі тілдеріндегі етістік категориясының түрлері

Сұрақтар:

1. Етістік категориясы.
2. Рай түрлері.
3. Етіс категориясы.

Тірек сөздер: түбір етістіктер, етістік тұлғалардың қызметі.

Етістік – сөз таптарының ішінде ең ауқымды, кең өрісті, бай семантикалы, көп формалы тілдік құбылыс және орасан бай

категория. Түркі тіл білімінде етістік туралы зерттеулер мен теориялық негіздердің қалыптасуы тіпті ертеден басталады. Ескі ескерткіштердің бірі 1069 жылы Юсуф хас Хадисиб Баласағұнның «Құдатғу білігінде шартты райлы, қалау райлы, бұйрық райлы, көсемшелі, есімшелі сөздер кездеседі». Түркі тіл білімінде етістіктер туралы нақтылы ережелер жазылған зерттеулердің ең алғашқысы, ең көлемді де құндысы түркі әулетінен шыққан ғалым Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түркі сөздігі». Етістік тұлғалардың қызметі, түрлі мағыналық реңктері, нақыш-бояулары, экспрессивті көркем шығарма тілінде айқындалады. Мәселен, шақ, рай, көсемше т.б. тұлғалы етістіктердің, болымсыздық формасының стильдік жұмсалып мүмкіншіліктері кең. Етістік тұлғаларының модальдылығын, экспрессивтілігін күшейте түсетін элементтер де (демеулік шылаулар, одағай, қыстырма сөздер, есімдік, үстеу) айрықша қызмет атқарады.

Түркі тілдерінде етістікті түбірлердің құрылымын зерттеу жалпы түркітануда маңызды орын алады. Салыстырмалы тарихи зерттеулерде етістікке байланысты да көп мәселелер қарастырылады. Соның бірі – етістіктің түбір тұлғасы. Есімдер мен етістіктердің түбір тұлғасы о баста мағына жағынан ажыратылмаған, яғни кейбір түбірлер әрі етістік, әрі есім мағынасында қолданылған деушілер бар. Бұл теорияны қолданушылар – Ж. Дени, К. Гриебек, К. Броккельман, кеңес ғалымдарынан Э.В. Севортян, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Б.М. Юнусалиев т.б. Етістік категорияларының салыстырмалы-тарихи зерттеулерде ең көп сөз болатын мәселе – шақ категориясы. Шақ категориясынсыз бір де бір тіл жоқ. Бірақ олардың даму, өсу жолдары, мағына көлемі барлық туыс тілдерде бірдей емес.

Өткен ғасырдың 30-40 ж. бастап түркі тілдерінің грамматикалары бірінен соң бірі үздіксіз жариялана бастады: А. Доровковтың «Учебник уйгурского языка» (1935), Ястремскийдің (1938), Бетлинг еңбегі негізінде жазған «Грамматика якутского языка», 1940 жылы Н.К. Дмитриевтің «Грамматика башкирского языка», А.Н. Кононовтың «Грамматика турецкого языка» (1941), «Грамматика узбекского языка» (1948) жарияланды.

А.Н. Кононовтың «Очерк истории изучения турецкого языка» деген 1973 жылы жарық көрген еңбегінде түркі тілдері-

нің зерттелуі Батыс Европада, Ресейде, Түркияда, Америкада әртүрлі кездерінде болғаны айтылады.

1845 жылы А. Казем-Бектің «Общая грамматика турецкого-татарского языка» деген еңбегінің етістікке арналған бөлімінде – түркі тілдеріндегі етістікке тән етіс, рай, шақ, түрік, татар, тілдеріндегі «де» етістігінің көсемше формаларының синтаксистік қызметіне көңіл аударды. Баяндауыштың сөйлемдегі орны туралы: «Глаголы в турецком языке вообще полагаются на конце предложения, потому что они излагают состояния и обстоятельства главного предмета, составляют сказуемое и в большие периодах всегда занимает последнее место. Вот вторая экиола фразеологии турецкого языка» [Казем-Бек А., 1939].

Түбір етістіктердің даму эволюциясын анықтау – тіл тарихы мен сөзжасам үшін аса маңызды мәселе. Қазақ тіліндегі етістіктердің фонетикалық, морфологиялық, семантикалық құрылымын терең зерттеу барысында олардың ұзақ мерзімді агглютинативті үдерістердің әсерінен (II жақтағы бұйрық рай формасындағы жекеше түрдегі етістіктер) өзгерістерге түскені аталған еңбектің негізгі өзегі болып табылады.

М. Қашқари етістікке қатысты көптеген зерттеулер жасады. Онда, әсіресе өткен шақтың жедел түрі **-ди, -ды, -ді** аффиксі негізге алынады. Ол өз ережелерінде үнемі өткен шақта беріліп отырған етістіктердің түйық райы **-мақ, -мек,** келер шағы **-ар, -ер, -ыр, -ір** екеніне жан-жақты тоқтайды. Қимыл екендігінің аффиксі негізінен **-мақ** формасы дей тұра, қазіргі қазақ т.б. тілдердегі **-у** тұлғасының архетипті **-з, -г, -қ, -к** форматтары екенін де ескереді.

Анық зармақ тәрігі көр таз кәлігі барчигә деген сөйлемдерді қимыл есімдері деп көрсеткенінің ғылыми талдауын береді. Етістіктерге қосылып жақ мәнін туғызатын қосымшалардың шығу тегі бір болғанымен, сыртқы пішіні әртүрлі болып келеді.

Жекеше I-жақ қосымшалары кейбір тілдерде мына сипатта кездеседі:

- қазақ **-мын, -бын, -пын;**
- якут, қырғыз **-мин, -мән;**
- ұйғыр тілінде **-ым, -эм;**
- әзірбайжан тілінде қолданылады.

2 жақ **-сын, -сін** – қырғыз, қарайым; **-сын, -сін** – түрік, гагуз; **-сын, -сін** – қазақ, башқұрт, татар, қарақалпақ, ноғай; **-сен** тува тілінде қолданылады.

Түркі тілдерінің етістік жүйесінде ерекше орынға ие құранды етістік күрделі етістік құрамына енетіндігі бекітілді. Кейбір түркі тілдерінде олардың саны 100000-ға дейін жеткені белгілі.

Түркі тілдеріндегі рай категориясы

Қарақалпақ тілінде «мейил», қырғыз тілінде «ыңғай», өзбек тілінде «майл», ұйғыр тілінде «мәйил», түрікмен тілінде «форма» деп аталады.

Түркі тілдері грамматикаларында рай түрлері саны түрліше: 4-тен 14-ке дейін жетеді, бірақ бүкіл түркі тілдеріне ортақ, тән болып келетін 4 рай түріне топтауға болады.

Қарайым және қазақ тілдерінде 4 түрлі рай: ашық, бұйрық, қалау, шартты рай бар. Гагауыз тілінде 5 рай бар: ашық, бұйрық, қалау, шартты, міндеттеу райы.

Якут тілінде **10** түрлі рай айтылады: 1) ашық, 2) мақсат, 3) болмаған, 4) бұйрықты, 5) шартты, 6) мүмкіндік, 7) бекіту, 8) әдеттегі болған істі білдіру райы, 9) үндеу, 10) болжау райы. Якут тіліндегі **-ыһы** тұлғасы осы **-асы** тұлғасының фонетикалық нұсқасы (ы, а, һ, с).

Бұл тұлға саха тілінде нақтылау, мақұлдау райын білдіреді, мәні мен қызметі тұрғысынан қалау райдан онша ерекшеленбейді: *бар-ыһы-бын (баруым керек), бар-ыһы-гын (сірә, барайын).*

Бұйрық рай және нөлдік тұлға

Түркі тілдерінде бұйрық рай тұлғалары жоқ деп саналады. Мысалы, *кел, сен кел, айт, сен айт* т.б. 2 жақ түбір тұлғалы бұйрық райға қосылып жұмсалатын қосымшалар мына төмендегі: **-қыл, -ғыл**. Көне жазба ескерткіштер тілінде осы аффикспен келген мынадай сөздер бар: *сөзлегіл, бергіл, болгұл, әзірбайжан тілінде: гелгіл, гөргіл, т.б. өзбек тілінде келгін* т.б. қазақ тілінде де *келгін* формасы кездеседі.

Бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрі қазақ тілінде әрқашан нөлдік формада қолданылады. Салыстырып көрейік: **кел-о, кел**. Бұйрық райдың нөлдік формасы сыртқы тұлғасы жағынан тү-

бір етістікпен бірдей, алдыңғысы грамматикалық форма да, ал соңғы түбір етістік – сөздік құрамға енетін лексикалық бүтін.

Бұйрық райдың жекеше түрінің екінші жағы нөлдік аффиксті иемденіп тұр. Мысалы: *сен ал, сен кел, сен бар*. Септелуде, жіктелуде, тәуелденуде нөлдік тұлға аффиксті тұлғалармен қатар қызмет атқарады. Нөлдік тұлға басқа да категорияларда да, мәселен, рай категориясында, сандық категорияларда қолданылады.

Есім сөздер мен қалып етістіктері, есімше тұлғалы етістік, модаль сөздер III жақта жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында тұрады. Сөйтсе де, бұлар III жақтық, қолданысқа қарай көптік не жекелік мағына беріп, сөйлемді тынақтап, баяндауыш қызметін атқарады. Көсемше тұлғалы етістіктің III жақта жіктік жалғауы нақты болады: *-ды/-ді, -ты/-ті*.

Бұйрық райлы жіктік жалғау тек етістіктерге қатысты, етістіктерге жалғанып, бұйрық рай грамматикалық мағынасын үстейді; жекеше түрдегі II жақта – **нөлдік тұлға**. Жедел өткен шақ жұрнағындағы етістіктер мен шартты райлы етістіктер жіктік жалғауының қысқа түрін қабылдайды, III жақта – **нөлдік тұлға**. Нөлдік форма термині ғылымда **нөлдік жалғау, нөлдік морфема, нөлдік форма, нөлдік қосымша, нөлдік таңба** т.б. терминдермен белгілі болды.

Нөлдік форма теориясының пайда болуына Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңба теориясы негіз болды. Нөлдік форма жайлы мәліметтер алғаш Ф.Ф. Фортунатов еңбектерінен басталады. Ол атау септік формасын ең алғаш рет басқа септік формаларымен бірдей грамматикалық мағына бере алатын көрсеткіші жоқ нөлдік форма деп таныған.

1960 ж. бастап нөлдік форма теориясы ғылыми айналымға түсті. Орыс ғалымдары Ю.С. Маслов, П.С. Кузнецов, И.П. Иванова, А.М. Пешковский т.б. ғалымдар нөлдік форма туралы пікірлерін ортаға салып, әртүрлі терминдер ұсынды. Профессор Ы. Маманов нөлдік тұлғаға өзіне тән форма тудырушы қосымшамен түрленбей, түбір сөз тұлғасында қолданылатын грамматикалық формаларды жатқызу керектігін айтады.

Мәселен, жедел өткен шақтағы етістіктің жіктелуінің үлгісі:

I жақ – м *алдым.*

II жақ – ң *алдың*

III жақ – о алды (нөлдік аффикс).

«Алды» етістігі III жақтың грамматикалық мағынасын көрсеткенмен, III жақтың нақты морфемасын иеленіп тұрған жоқ, III жақтық мағына нөлдік тұлға арқылы берілген.

Іліктің жасырын келуі: Махмүд Қашғарида мынандай сөйлем кездеседі: *Іле суын кечтіміз*.

Табыс септігінің жасырын келуі: *Таи тоқытдым*.

Құралдық септіктің жасырын келуі: *Хиндін Герім бардыңыз // Хиндиден Герімге бардыңыз*.

Шығыс септігі «жасырын» қолданылады: *Кегмен аша*// Кегменнен аса.

Ж. Балтабаева табыс септіктің қосымшасыз формасының сонау көне дәуір ескерткіштерінде де қолданылуына қарап, табыс септігінің қосымшасыз формасы оның қосымшалы формасы шыққанға дейінгі форма болуы ықтимал дегенді айтады.

Қалау рай мағыналарының берілу тәсілдері бірдей емес. Сібір мен Алтайдағы түркі тілдерінде қалау рай мәндері жекеше, көпше I жақта, кейде I, II жақтарда көрінеді. Ал I, II, III жақтарда бірдей қалау рай мәні өте сирек ұшырайды.

Түркі тілдерінде көп таралған қалау рай тұлғалары -ғай, -ай көне түркі тілінде келер мәнінде жиі қолданылады. Мысалы, *алғаймын, алғайсың, алғайсыз, алғай*.

«Қазақ, қарақалпақ тілдерінде -ғай, -гей, -қай, -кей қырғыз тілінде гай, өзбек тілінде -ай, -ғай, ұйғыр тілінде -ғай, -гей, -қай, -кәй аффикстері етістіктің түбіріне қосылып қалау рай жасайды» деп көрсетеді Ө. Нұрмаханова.

Шартты рай тұлғалы етістікті қатыстырып бұйрық мағыналы баяндауыш жасау басқа түркі тілдерінде де бар. А.Н. Кононов түркі тілінде *ашсана /ашсаңшы, сөйлесене /сөйлесеңші* деген бұйрық мағыналы етістіктерді шартты рай тұлға негізінде жасалған деп есептейді: *ашса-н-а*.

Қой сана, батыр, қой сана, Ашуы жоқ бол сана. Қой дегенде қоймасаң, Түсіремін ой-сана! Айналдырған алтауың, Бір кісідей бол сана!

Шартты рай түркі тілдерінде 3 түрлі тұлға арқылы жасалады: **-сар, -са, -сан**. Бұлардың ішіндегі ең көнесі **-сар** тұлғасы, **-сан** тұлғасы тек чуваш тілінде, **-сар** қосымшасы Орхон-Енисей жазбалары тілінде қолданылған.

Шақ категориясының даму, өсу жолдары, мағына көлемі барлық туыс тілдерде бірдей емес. Қазіргі түркі тілдерінің барлығы да 3 шаққа (өткен, келер, осы) ие болса, көне түркі тілдерінде осы шақ пен келер шақтың ара жігі онша айқын болмаған. Сондықтан К. Фай, В. Баиг, А.П. Поцелуевский, М.Н. Хогдров, т.б. ғалымдар «осы шақ пен келер шақ мағына жағынан XIII-XIV ғасырларда ғана ажыратылған» дейді.

Көне түркі тілінде мәселен, А.Н. Кононов осы шарттың бір ғана ауыспалы осы шақ түрін ғана атаса, Ғ. Айдаров 2 түрі: нақты осы шақ, келер шақ бар деген пікір айтады.

А.М. Щербак X-XII ғасыр Шығыс Түркістан текстерінің тіліне сүйене отырып, нақ өткен шақ -ды//-ді, - дук//-дүк, келер шақ -ғай//-гей, -ға//-ге; ауыспалы осы шақ (переходно-настоящее), белгісіз келер шақ (будущее неопределенное: -ар//-ар), ежелгі өткен шақ (давнопрошедшее: -мым//-мім), нәтижелі өткен шақ (прошедшее результативное) бар деп көрсеткен.

Қазіргі түркі тілдерінің барлығы да 3 шаққа (*өткен, келер, осы*) ие болса, көне түркі тілдерінде осы шақ пен келер шақтың ара жігі онша айқын болмаған.

Татар тілінің маманы И.Б. Бәширова татар тіліндегі осы шақтағы ашық райдың -а жұрнағы, көне татар тіліндегі қалыптасқан -г жұрнағы және оғыз-түрік тілінде жиі кездесетін **-maqda** жұрнағы кеңінен орын тапқан дейді.

Оғыз-түрік тіліндегі осы шақты білдіретін -maqda жұрнағы, дәл осы шақтағы жалғасып жатқан қимыл-әрекетті білдіреді. -maqda жұрнағы көбінесе Р. Фахретдиннің еңбектерінде көрініс табады [Фахретдин Р., 1971].

Түркі тілдерінде **көмекші етістік** деп аталатын *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің мағына, форма жағынан шақ қосымшалары қатарына өткелдігін түркітануда ғалымдар мойындайды. Көне түркі тілінде бұл етістіктер осы шақта *турур, жүрүр, олурур, иатур* түрінде қолданылған. Бірақ олардың грамматикалану жолын, сөзден қосымшаға айналу эволюциясын толық анықталды деп айту қиын. Қырғыз тілінде етістік этиш деп аталады, басқа түркі тілдері сияқты 3 шағы бар: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Етістіктің келер шағы эмне қылат? / не істейді? деген сұраққа жауап береді: *Ал эртең айылга барат // Ол ертең аилга барады.*

Қарақалпақ тілін арнайы зерттеп, құнды еңбектер жазған профессор Н.А. Баскаков: «Нередки случаи, когда при образовании других временных форм в живой речи, а иногда и в литературном языке за основу берется не корень глагола *джат*, а его основа в форме настоящего времени *джатыр*, от который и образуются форма условного наклонения *джатырса*, (джаткьан), форма условного наклонения *джатырса*, (джатырар)» [Баскаков Н.А., 1952].

Басқа түркі тілдерінде нақты осы шақ 3-жақта тура мағынасында негізгі етістік, күрделі етістік болып, көмекшілік те қызмет атқарады:

- өзбек. *япти < ятибди < ятибдир < ятиб тур < ятиб турур*;
- ұйғыр. *атуду оқуатуду* – оқып жатыр;
- қырғыз. *атат* (оқыбатат) – оқып жатыр;
- татар. *ята (уқып ята)* т.б. грамматикалық модельдердің төркіні көсемше тұлғалы *жат* етістігі мен *тур* сөздерінің тіркесе қолданылып, бастапқы формаларының өзгере кірігіп кетуінен пайда болған.

Аналитикалық немесе перифрастикалық формалардың грамматикалық мәнді білдіруі, басқа тәсілдермен салыстырғанда, өзгеше болып келеді.

1) абстрактілі мән көмескі болып келеді де, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән беру басым болып отырады, екіншіден, грамматикалық тұрақтылық лексикалық тұрақтылықпен үштасып жатады да, екеуін бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін бола бермейді;

2) мұндай тіркестер 2-3, кейде одан да көп сөздерден құрала береді: *жүгіріп бара жатыр едім*. Қазақ тілінің осы үлгісі барлық түркі тілдерінде ұшырайды;

3) перифрастикалық формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалады. Әйтпесе, олар басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алады;

4) аналитикалық формалар әдеттегі грамматикалы формад-ай, жан-жақты емес, олардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтардың айналасында ғана болып отырады. Мысалы, тура формасы қалып етістіктерінен ғана жасалса

(башқұрт тілінде осындай), -п, -жүр формасы созылыңқы қимыл етістіктерінен жасалады т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Пысықтауыш болып жұмсалатын сөздер.
2. Үстеу немесе адвербиалдану құбылысы.
3. Чукот тілінде қанша рай бар?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
2. Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек, 1997.

II-дәріс. Үстеулердің морфологиялық белгілері және адвербиалдану құбылысы

Сұрақтар:

1. Түркі тілдеріндегі үстеудің зерттелуі.
2. Үстеулердің қалыптасуы.

Тірек сөздер: үстеу, адвербиалдану, сөзжасам.

Үстеулер – қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгілерінің жүзеге асу тәсілін, мекенін, мезгіл, жай-күйін білдіретін сөздер, бұл сөздер әр стильде өзінің белгілі стильдік салмағымен ерекшеленіп отырады. Сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратын етістікпен жанасып, кейде сын есім, кейде үстеу түрінде келетін сөздер табиғатын талдау оңайлыққа түспейді. Үстеулердің стилистикалық мәні мен мағынасын көрсетуде оны жеке-дара алып қарағаннан гөрі басқа сөз таптарымен селбестіре қарастыру арқылы стилистикалық мүмкіндіктерін ашуымызға болады.

Түркі тілдерінде үстеулерді құрамына, құрылысына, жасалу жолына қарай түбір үстеулер, туынды немесе адвербиалданған, құрамында грамматикалық формалары бар және морфологиялық тұрғыдан формалардың көнеленуі негізінде жасалған үстеулер, сол сияқты семантикалық мағыналарының өзгеруінен жасалған үстеулер деп бөліп қарастыруға болады.

П.М. Мелиоранскийдің айтуынша, түркі тілдеріндегі үстеудің зерттелуі туралы алғашқы деректерді XIII-XIV ғасырларда жазылған Джамал-Эд-Дин ибн Мукананың «Хилат ул-инсан ва халибат ул-лисан» деген еңбегінен кездестіруге болады.

1801 жылы жарық көрген И. Гигановтың татар тілінің грамматикасында Сібір татарларының тілдік негізіне сүйене отырып, сөз таптарына қатысты сөз тудыратын: *-даш, -лық, -лы, -чил, -ан, -ач, -ма, -ган, -гыр* т.б. жұрнақтарды қамтыған.

1869 жылы Қазанда жарық көрген «Алтай тілінің грамматикасында» алғаш рет алтай тілдеріндегі үстеулердің синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, аналитикалық және адвербиалдану арқылы жасалуынан мәлімет береді.

Синтетикалық тәсіл бойынша үстеу сөзжасамы:

а) **-қары / -кері, -ры / -рі, -ын / -ін, -ртын / -ртін** қосымшалары арқылы;

ә) **-йоло, -йол, -йана** тәрізді өлі көсемше формалары арқылы жасалатынын айта келіп, алтай тілінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулы есім сөздердің адвербиалдануға бейім екенін құптайды.

«Якут тілі грамматикасының» авторы С.Б. Ястремский үстеуге жататын сөздердің тізімін берумен шектелмей, олардың қазақ, өзбек, ұйғыр, алтай тілдеріндегі этимологиясын салыстырмалы түрде бере отырып, үстеу сөзжасамында өнімді жұрнақтардың бірі **-дық, -дік** түрінің о баста толық мағыналы лексема *тек* (тегің кім?) деген сөзден шыққанын, одан шылауға, шылаудан жұрнаққа айналғанын айтады. Сол сияқты әлі күнге дейін ғалымдар бір шешімге келе алмай жүрген **-ын, -ін** жұрнақтарының шығу төркіні туралы басында толық мағыналы қышын, сайын сөздері болғанын, кейін түбірдің алдындағы буыны (қыш, сай) ығыстырылып, екінші буыны жұрнаққа айналғанын айтады.

Ал түрікмен тіліндегі үстеулердің жасалу жолдары туралы П. Азымов «Об образовании наречий в туркменском языке» (1944) деген зерттеу еңбегінде туынды үстеу жасайтын мынадай өнімді жұрнақтарды көрсетеді: **-лығына / -лигине, -ына / -іне, -ча / -че, -лай / -лей, -лайын / -лейін**.

Өзбек тіліндегі үстеулер сөзжасамы туралы С. Фузаиловтың «Наречие в современном узбекском языке» (1953) деген зерттеу еңбегінде: *-ча* (хозирча, узбекча), *-ларча* (оталарча, орсизларча),

-часига (очикчасига), -дек, -дай (сурадтай), -лаб (ойлаб), -ига, -сига (чинакамига, кутарасига) жұрнақтарын келтіреді.

А.Н. Кононовтың зерттеулерінде өзбек тіліндегі үстеу сөзжасам жүйесі туралы айтқан пікірлері терең де мазмұнды. Ғалым үстеу сөзжасамының 4 тәсілін көрсетеді: 1) морфологиялық: янгасига, бүтнлай; 2) морфология-синтаксистік: охирда, эртага; 3) аналитикалық тәсіл: хар дам, кулма-кул; 4) лексика-синтаксистік тәсіл: кеч етасын, эрта турасын.

Қарайым тілінің грамматикасында үстеулердің морфологиялық және синтаксистік тәсілдермен жасалатыны берілген. Морфологиялық тәсіл бойынша жасалған туынды үстеудің мынадай өнімді сөзжасам жұрнақтары бар:

1) **-лэй, -лей, -лай** – есім сөздерден үстеу тудыратын: *йалынлай* (жалындай), *авалдагылэй* (бұрынғыдай), *алэй* (олай), *булэй*;

2) **-лайнн:** *олайнн* (октайын);

3) **-ча, -ца, -це:** *лэхча* (полякша), *бунча, тигелице* (түгелдей), *тезце* (тез);

4) **-чах, -чех, чик:** *битрачичех* (аздан).

Гагауыз тілінің грамматикасында көрсетілген үстеулердің сөзжасамдық жұрнақтары көп емес *-жа, -жә, -ча, -че:* *молдованжа, кааржа, еникунужа* (ақырындап) [Казем-бек А., 1846].

Үстеудің түрленбейтіндігі, сөз түрлендіруші формаларды қабылдамайтындығы туралы И.И. Мещанинов еңбегінде сөз таптарынан ауысып келіп бастапқы нақты мағынасынан айырылып жалпы дерексіз мағынаға ие болуы және түрленбейтін сөз табы бола тұра, түрленетін сөздердің барлығымен грамматикалық қатынасқа түсуі жөнінде нақты дәлелдер келтірілген. Өзбек ғалымы С. Файзуловтың кандидаттық диссертациясында (Наречие в современном узбекском языке), «Ноғай тілі грамматикасында», А.М. Щербактың түркі тілдерін салыстыра жазған еңбегінде де айқын көрінеді [Щербак А.М., 1987].

Адвербиалдану құбылысы лексика-грамматикалық, морфология-синтаксистік тұрғыдан зерттеу объектілеріне ілінді.

Үстеулердің қалыптасуында есім сөздер елеулі рөл атқарды. Әрбір сөз табы үстеулерді туындатуда түрліше ерекшеленеді, танылады. Тілдегі аталмыш процесс көне түркі жазбаларынан

белгілі. Көне заманның өзінде түрлі сөздер үстеулер қатарына осындай жолдармен өте бастаған. Мұндай сөз формаларын тарихи тұрғыдан ғана бөлшектеуге келеді. Адвербиалданған зат есімдердің құрамындағы грамматикалық көрсеткіштерді сөз түрлендіруші септік формалары деп есептеуге болмайды. Олар тек тарихи тұрғыдан ғана септік формалары деп аталады. Қазіргі уақытта мұндай жалғаулар формалық нормада ауытқып кеткен өлі элементтер түрінде ғана қаралады.

Мысалы, көне түркі ескерткіштері мәтіндерінде кездесетін, қазіргі түркі тілдерінің барлығында үстеулік тұлға, тек үстеулік мағынаға ие сөз ретінде танылған *йоқару/жоғары, ілгеру/ілгері, керу/кері, ташқару/сыртқа, тысқа* т.б. сөз құрылымдарын алайық. Ескерткіштердегі *йоқару/жоғары* сөзі V-VIII ғасырларға толық мағынаға ие болған, қызметі жағынан да үстеулік мәнге ие. Сөздің құрылымдық-семантикалық сипатына келетін болсақ, мынадай ерекшеліктерін көруге болады: сөздің түбірінен септік жалғауын бөліп алайық.

Түбір *йо* – *йоқ* сөзінің қысқарған түрі. Форма еш өзгеріске түспеген, ал түбірдің мағынасы, тұлғалық сипаты өзгерген. Көне түркі деректерін салыстыра зерттеу барысында *йоқ* – «қырат, шоқы» деген мағынада қолданылған.

Қимылдың әр алуан белгілері мен заттың сынының белгілерін білдіру, сөйлем ішінде пысықтауыш функциясында жұмсауы оның басты ерекшелік белгілері болып табылады. Мысалы:

- көне түркі: *Канун субча иөгүрті, сүңкүң тагча йатды // «Қаның суша ақты, сүйегің тауша үйілді».*
- қазақ тілінде: *Ол кезде таңертең бір уәкіл, кешке бір уәкіл, төтенше уәкіл, уәкілдердің үстінен қарайтын уәкіл дегендер болған. Керек үйді сұрай-сұрай зорға таптым.*
- башқұрт тілінде: *Шақтай арыған морозымдың күңеле күтәрелеп китте*
- түрік тілінде: *Иавашча шокога чытым // Бу тедебир сийасетче чок догрудур.*
- ұйғыр: *Униңға қариганда бу әрзәнәрәк әмәс му?*

Хакас: *пуун // бүгін, пуунгі // бүгінгі таньда // ертең таньдағы // ертеңгі чоғар // жоғары чоғархы // жоғарғы.* Осыған қарап, үстеулердің қалыптасуындағы алғашқы белгілер көсемше формаларымен байланысты болса керек деген пікір туын-

дайды. Тілде үстеулердің бастапқы пайда болу белгілері есімдермен қатар етістікті түбірлерден де жасалып отырғандығын байқаймыз. Сол көне дәуірдің өзінде көсемше формалары етістікті түбірмен грамматикалық байланысқа түсіп, сөйлем ішіндегі қолданысына байланысты өзінің бастапқы мағынасынан алшақтап, үстеулер қатарына өтіп отырған.

Бакылау сұрақтары:

1. Пысықтауыш болып жұмсалатын сөздер.
2. Үстеулік мәнге ие көне сөздер.
3. Адвербиалдану құбылысы дегеніміз не?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
2. Казем-бек А.Л. Общая грамматика турецко-татарского языков. – Казань, 1846.
3. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – М., 1977.
4. Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек, 1997.

12-дәріс. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш сөздер

Сұрақтар:

1. Еліктеуіш сөздердің зерттелуі.
2. Еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын аффикстер.
3. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің табиғаты.

Тірек сөздер: еліктеуіш сөздер, күлкі, фоносемантика

Еліктеу сөздер адамның әртүрлі кейпінен, жүріс-тұрысы, күлгені, қуанғаны, қорыққаны, қозғалысынан қалыптасады. Тілдегі еліктеуіштер деп аталатын сөздер тобының шынайы табиғатын тануда әлі күнге дейін бір жақты пікір қалыптаспай келеді.

Түркі тілдерінде де аталмыш мәселені айтарлықтай зерттелді деуге болады. XX ғ. 20-жылдарына дейін түркі тілдерін қойып, орал-алтай тілдерінде де еш зерттеле қоймаған ЕС-ді көне

түркі тілдерінің бірі чуваш тілінде алғаш зерттеген Н.И. Ашмаринды ғалымдар түркологиядағы еліктеуіш сөздердің атасы ретінде таниды. Осыдан түркі тілдеріндегі ЕС-дің зерттелу тарихы ХХ ғ. 20-жылдарынан басталған деген пікір қалыптасты. Одан кейін 1950 жылдардан бастап тыңғылықты зерттеле бастады: өзірбайжан тілі бойынша С. Абдуллаев, Т.А. Эфендиева, Э.А. Багирова, А. Денирчизаде, А. Охундова, Ю. Сандова; өзбек тілі бойынша Ш. Казанов; якут тілі бойынша В.И. Лиханов; қазақ тілі бойынша С.К. Кеңесбаев, Н.Т. Сауранбаев, М.Б. Балакаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.І. Ысқақов, Ш.Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Ш.Ы. Нұрғожина, Х. Нұрмұханов, Ф.М. Мұсабекова т.б.

Еліктеуіш сөздер қазақ тілінің ұлттық дүниетанымының негізгі басты қасиеттерін анықтайды. Олар – көне тілдік қор, бейнелі көркемдік қасиеті, стильдік мәнері арқылы ұлт тілінің нақышты шұрайлы бөлігі болып табылады, сондықтан әлі ашылмаған ұлттық тілдің бояулы өрнегін стилистикалық тұрғыдан бағамдауға, түсінуге көмектеседі. Әсіресе, еліктеуіш сөз дыбыс ұйқасымдылығына құрыла келіп, сезімді селт еткізер мәнерімен айрықша қолданыста жиі ұшырасады.

Еліктеуіш сөздерді (фоносемантика) зерттеген Н.И. Ашмарин (О подражательных словах в чувашском языке, 1918), Н.К. Дмитриев (Строй тюркских языков, 1962), А.И. Искаков (О подражательных словах в казахском языке, 1951), С. Кудайбергенов (Подражательные слова в киргизском языке, 1957), Л.Н. Харитонов (Современный якутский язык: фонетика и морфология, 1947), К.Ш. Хұсайынов (1998) сияқты ғалымдарды атауға болады. Бұл бағыттың орыс тіл біліміндегі Н.И. Ашмарин, Н.К. Дмитриев, Г. Рамстедт еңбектерінен басталып А.М. Газов-Гинзберг, Г.Е. Корнилов, С.В. Воронин еңбектерін атауға болады (Алтайстика және түркология).

- **татар:** *кarr-кarr, мияу-мяу, гыр-гыр;*
- **ноғай:** *чув-чув, чоррей-чоррей, тар-тар, жалт-жулт, гурт-гурт;*
- **түрік:** *сауул ақтақ/сылдырлау, qys qys «хи-хи»; qys qys gülmek/сықылықтау «ках ках» ха!ха!; ках ках gülmek/қарқ-қарқ күлу;*
- **гагауыз:** *халба етмек/қарқылдап күлу;*
- **хакас:** *раај параруа жүру «бай-бай» [СИГТЯ, 1988].*

Еліктеу сөздерді жете зерттеген академик Шора Сарыбаев казактың күлкі түрлерін «жіктеп-жіліктеп», 70-тен астам түрлерін тапқан.

А. Баскаков еліктеуіш түбірлерге жалғанғандай мұндай форматтар **-ыр, -ир,-ыл-, -іл** еліктеуіш сөздердің атауыш сөздерге айналдыруына негіз болады және бұл форматтар кез келген еліктеуіш сөздерге жалғана бермей, таңдап жалғанатынын айтады, бір түбірлерге **-ыл/-іл-**, ал бір топ түбірлерге **-ыр/-ир-** аффикстері қабылдануға бейім болады дейді.

Сөз таптарының стилистикалық қызметін зерттеген Д. Әлкебаева одағайлар туралы «сөз таптарының ішінде адам эмоциясының өте нәзік қатпарларын беруде, стильдік мәнерін танытуда одағайлар ең қуатты эмоционалды-экспрессивтілік көркемдік дәрежесіне көтеріле алады» дейді [Әлкебаева Д., 2007].

Одағайлар мен бейнелеуіш сөздер: а) дыбыс еліктеуіштік одағайлар: *тaрс* – найзағайға еліктеу, *сығыр* – ысқырыққа еліктеу; ә) лепті білдіретін одағайлар: *калак* – өкініш, *жоо* – ауру; б) бейнелеуіш сөздер: тозыр – бақырауға байланысты (мысалы, көз), *бурт* дөңгеленіп жиналуға байланысты (мысалы, ерінге қатысты және т.б.) колданылады.

Еліктеуіш сөздердің табиғатында осындай **-ыр,-ір-** секілді форматтар белгілі бір топ көлемінде ғана жалғанады. Олар етістік жасауда кейде III дәрежелі форматтар қажет етсе, кейде қажет етпей, тікелей етістік тудыратын жұрнақтарды жалғай береді. Кейде тікелей ілкі түбірге жалғанады. -ал-, -ел – сөз жасалу үдерісінде рет қатарын (ілкі түбір+модификатор+ал, ел+III дәрежелі грамматикалық көрсеткіш + IV дәрежелі грамматикалық көрсеткіш) сақтай отырып дамиды.

Б.А. Серебренников түркологиялық әдебиеттерде -ylda, -yгда түркі тілінде кең таралмаған -la сөз тудырушы аффиксінің фонетикалық бір түрі ретінде түсіндірілетінін сөз ете келе, мұндай еңбектерде бірінші құрылымды элемент -yг- мүлдем бөлінбейтіндіктен, оны еліктеуіш сөздердің құрамына жатқызады. Жеке аффикс ретінде кей кездері -ylda айқындалады деп, өзі де -ylda, -yгда- аффикстерінің -la-, -ga- аффикстерімен генетикалық жақындығы бар екенін ескерте келе, оларды осы аффикстердің бір түрі ретінде қарастырады. Татар тілінде еліктеуіш етістік тудыратын -yуг-, -qyг- аффиксінің бар болуы назар аудартады.

Осы кезде дүркінділік аффиксі -уг басқа көне дүркінділік аффиксі -q- мен бірге қолданылып жүр дейді. Бұл жерде жоғарыдағы ғалымдар **-ыр** форманты бірде етістік тудыратын аффикстердің құрамында, бірде олардың құрамын **-қыр** деп қарастырса да, тарихи тұрғыдан бұл форманттардың **-ыр** екенін мойындайды.

Әзірбайжан тілінің деректері бойынша Э.В. Севортян да осындай ұқсас көзқарасты береді: «әзірбайжан және басқа да оңтүстік батыс тілдерінің тобында, етістік формасы -да емес, -ылда немесе -ырда деп, бірақ -ыр-ыл- грамматикалық көрсеткіштерін модификатор деп бөліп, олар еліктеуіш түбірлерге созылықтық мағынасын үстейді» деп, олардың бойында дыбыс немесе бейненің бейнеленуінде процестің ұзақ уақыт болғандығын білдіретін қасиет бар екенін айтады.

Еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын аффикстер

М. Худайкулиев: «Еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын өнімсіз аффикстер қатарына **-ыр, -ир, -ур, -гыр, -гур, -гүрді** жатқызады. Еліктеуіш түбірлерге және өте сирек бейнелеуіш сөздерге жалғанған бұл аффикстер, негізінен, сол немесе басқа дыбыстар туғызатын мағынадағы түрленбейтін етістіктер жасайды» дейді.

Түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктеріне еліктеуіш сөздер етістіктерде ерекше аффикстердің болуы жатады. Ең көп тараған аффикстер: -ылда - ырда:

- **әзірб.** вызылда/ызылдау, гурулда/гүрілдеу;
- **түр.** гүрүлде/шулау, дабырлау, мырылда/пырылдау;
- **гаг.** гыжырда/сықырлау;
- **қар.** гүрүлде/шулау, хырылда/шулау;
- **ноғ.** дьбърда/тарсылдау, уwьлда/үлу, ьрълда/күңкілдеу;
- **тат.** Бақьлда/бақылдау, бьғьрда/бығырлау, лабьрда/тықырлау;
- **қ.қалп.** барьлда/тарсылдау, дарьлда/айқайлау;
- **қазақ.** Бақьлда/бақылдау, бьлшьлда/шапалақтау;
- **қырғ.** Бадылда/тықырлау, бышылда/пышылдау;
- **үйғ.** Вақьлдамак/бақылдау, гүрүлдү/дүбірлеу;
- **алт.** бапылда/бақылдау, боржылда/бүрқылдау, тынылда/шапалақтау.

Чуваш тілінде еліктеуіш сөздерге тән аффикстер кездеседі: -ылда// -ырда, бірақ осы аффикстерге ие етістіктер -т аффиксімен күрделенеді, мысалы, *кажърдат/қытырлау, мьгърдат/міңгірлеу, пагълдат/бұрқылдау, тагърдат/тықылдату* және т.б.

Кейде еліктеуіш сөздер етістіктерде **-ла** аффиксі қолданылады: *қавғала «шулау», қақыла «қақылдау», өзб. вақърла «бақылдау», зууғлла «ызыңдау», хак. хырла «қорылдау», тув. дириңле «дабырлау», тат. шурла «құрылдау», чув. чашла «ысылдау», қ.қалп. жабърла «шулау», алт. дабырла «дабырлау»*. Еліктеуіш сөздер етістіктерді **-ра** аффиксі де кездеседі: *хак. пыдыра «міңгірлеу», пылчыра «шыпылдау», тат. жаңыра «сыңғырлау», алт. бырқыра «бұрқылдау»* және т.б.

Еліктеуіш сөздер 2 топқа бөлінеді: 1) дыбыстық еліктеуіш сөздер, 2) бейнелеуіш сөздер. Сөйлеуде бұл сөздер көсемше тұлғасындағы де- «деу, айту», эт- «ету, істеу» етістіктерімен тіркесіп келіп, көсемшелі оралымдар жасайды: *Аны жүрегі дып, дып деп ура эди/ «Оның жүрегі дүрс-дүрс соғады»*.

Көп етістіктер еліктеуіш сөздерден жасалған:

1) *-ыл-да/-илде/-улда/-юлде*, -ырда қосымшалары арқылы: – *гюрюлде/гүрілдеу, хурулда/қорылдау, ынгырда/маңырау/ маңырау, шыбырда/сыбырлау,*

2) *эт/ет, істе, бол/бол* етістіктерімен тіркесуі арқылы: *шыршыр эт/шыр-шыр ету, дон-дон эт/дабырлау, жык бол/жығылу, гыр-гыр бол/керісу,* т.б.

Көмекші сөздер – сөз таптарының ішіндегі ерекше аталатын сөздер. Алғашқы грамматикалық оқулықтардың авторларының өздері де сөздерді топтастырғанда атауыш сөздермен барабар көмекші сөздерді де жеке топ етіп ажыратып алғандығы тіл білімі тарихынан белгілі. Түркі тілдерін зерттеген ғалымдар да бұл тақырыптан шет қалмаған.

Өткен ғасырдың 30-жылдарына дейін көмекші есімдер жеке топ ретінде бөлініп алынбай шылаулар құрамында қаралған. Қазан төңкерісіне дейінгі кезде түркі тілін, тарихын, географиялық ортасын зерттеуде орыс ориенталист ғалымдарының еңбегі мол болғандығы рас. Шын мәнісінде I Петрден бастап орыстар Сібір, Қазақстан мен Орта Азия жеріне «көз алартып», жоспарлы түрде басып алу мақсаты негізінде олар өздерімен көршілес түркі тайпаларының тілін, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен тарихын

үйренді. Орыс академиясының мүше-корреспонденті О.И. Сенковский «Карманная книга для русских воинов в турецких походах» деп өз кітабына ат беру сыры осыдан.

Қазіргі күнде көпшілік орыс тілінде жазылған түркі тілдерінің грамматикаларында, ғылыми еңбектерінде қолданылып жүрген **послелог** термині де жоғарыдағы мағынада орыс түркітанушылардың бірі болып саналатын И. Гигановтың грамматикасындағыдай (1801) қолданылған. «Предлог есть часть речи, поставляемая перед именами, местоимениями и причастиями, употребляющаяся падежами, предлоги в Российском языке полагаются на переди речи, а в татарском позади речи» дейді И. Гиганов. Ол орыс тілінің предлогтарына татар тіліндегі послелогтар сәйкес келеді деп, жай көмекшілерге септік, жіктік жалғауларын, **сыз-сыз** сияқты жұрнақтарды да қосады.

Ал күрделі көмекші сөздерге **қарсы отыру (отуру), бұрын, ілгері, ілік, ана, басқа, ұза, аст, үст, арқа, жақын, ары, бері** сияқты сөздерді енгізеді.

Профессор А. Казам-Бек «Общая грамматика» еңбегінде «В тюркском языке совершенно нет предлогов, этот род слов означающий отношение может предметами, тюрками полагается позади слова: поэтому мы его называем послеслогами, как иные после речами и после положениями» дейді. Бұл еңбек өз кезінде де, одан кейінгі кезде де түркі тілін зерттеуші ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды. Сонымен профессор Казам-бектің көмекші сөздер туралы айтқан түйіндері төмендегідей:

1. Көмекші сөздердің қатарына қосымшаларды да енгізген.

2. Көмекші сөздерді морфологиялық белгісіне қарай екіге бөледі де, бір тобын түрленбейтін, қосымша қабылданатын көмекшілер десе, екінші тобын тәуелдік жалғауын, септік жалғауын қабылдамайтын көмекшілер деп көрсетеді.

3. Көмекші сөздердің тізімін береді де, оларды тұрақты (нағыз) көмекші сөздер және көмекші сөз сияқты қолданатын сөздер деп 2-ге ажыратады. «Из этих послеслогов несклоняемые **суть, учун, иле, биле, бери, дегин, гюре, сиз**, которые могут называться постоянными послеслогами: остальные суть имена и наречия, которые несклоняются только тогда, когда они употребляются как послелоги» [Казам-Бек А., 1939]. Автор түркітанымда алғаш рет көмекші сөз қызметінде қолданылатын зат

есім мен үстеулердің бар екендігін көрсеткен. Сонымен бірге ол көмекші сөз қызметінде қолданылған зат есімдер қосымша қабылданбайды, өзгермейтін сөз болып есептеледі деп О. Сенковскийдің пікірін қолдайды.

4. «Общая грамматикада» көмекші сөздер тіркесіп келген жетекші сөздің тұлғасына да назар аударылған: **узре, ашре, сизь** дегендер атау септікті сөздерге, **учун, йле, гиби** сияқтылар тәуелдік жалғауы сөздерге не ілік септікті сөздерге: **дек, тек, дегин, гюре, дайру, нисбет** сияқты сөзде барыс септікті сөзбен; **ұтру, ата, бири, сонра, хали, башка** шығыс септікті сөздермен тіркеседі дейді.

5. Көмекші сөздердің құрамында кірме сөздер бар: араб тілінен енген эввел, ачкдам, гайра, маада, сива сияқты араб сөздері көмекші сөз қызметінде қолданылады.

6. Көмекші сөздердің бір тобы зат есімдер сияқты септеледі: *ара, ард, ашага, аст, орта, уст, ич, ичери, илери, гери, гаршы, ен, йокгори, чауре.*

7. Профессор Мырза Мұхаммед Әли Қазам-Бек өзіне дейінгі ғалымдар жіберген пікірлерді қайталады, септік жалғаулары мен -сыз, -сиз сын есімнің жұрнағын көмекші сөздің қатарына қосты. Одан кейінгі еңбектердің ішінде О. Бетлингтің грамматикасы мен «Алтай тілі грамматикасының» ерекше орны бар. «Алтай тілі грамматикасының» авторлары В.И. Вербицкий, Махарий-Невекий, Н.И. Ильминский көмекші сөздерді «послелогтар» деп атайды, «Грамматиканың» авторлары түркі тілдерін жақсы білген, сондықтан түркі сөздерінің орысша баламасын дұрыс көрсетеді [Томанов М., 1988].

1. Көмекші есімді ерекше қасиетке ие болған зат есім деп есептеген.

2. Аст, үст сияқты сөздердің қолданылуы ерекшелік барлығы ескерілген.

3. Септік жалғауларын ажырата тұрып, оларды есептік көмекші деп атаған.

Л.А. Покровская гагауз тілімен байланысты пікір айта отырып: «В функции послеслогов выступают также так называемые служебные имена, которые передают пространственные отношения между предметами. Эти имена, выражающие пространственные понятия (например, уст, «верх», аст «низ», «перед», арт

«зад», «задняя сторона» и т.д.), наряду с использованием служебной функции сохраняют в языке самостоятельное значение» деп оларды зат есімдердің тобына қосқан [Покровская Л.А., 1964].

«Алтай тілі грамматикасында» ерекше зат есімдердің тәуелденіп барып септелетіндігін де дұрыс көрсеткен. А.Н. Кононов көмекші есімдерді послелогои – имена деп атаған. Ол өзінің соңғы еңбегінде де: «послелогои – имена существительные, обозначающие, как правильно, пространство (верх, низ, перед, зад, бок, середина, сторона и т.д.), снабженные афиксам принадлежности 3-го л. (или любого другого лица, местного и исходного падежа)», – деп анықтама береді. Өзбек тілінде жазылған оқулықтарда да бұл термин аударылып от кумакчи термині қолданылады [Оразов М., 1997].

Тек демеулік шылаулар ғана, бірнеше фонемалық варианттары **-ма, -ме, -па, -пе, -ба,-бе**. Мысалы, «Лексикалық мағынасынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болғандықтан демеуліктер, өзге шылаулармен салыстырғанда, аффикстер сияқты жуықтау жақындау) болады. Бірақ бұдан, әрине, олар аффикстер екен деген қорытынды шықпаса тиіс» дейді А. Ысқақов.

Старчевский көмекші сөздерді: «Послеловие и восточно-тюркском языке суть частью несклоняемые слова и частицы», – деп анықтама береді. Бірақ А.Старчевскийдің еңбегінде өзіне дейінгі авторлар жіберген қателіктер қайталанып, септік жалғауларын да, сын есімнің шырай қосымшаларын да, септеуліктерді де көмекші есімдерді бір топқа қосқан. Өзіне дейінгі авторлардан айырмашылығы сол, біздің көмекші есім деп жүрген сөздеріміздің тәуелденіп барып септелетіндігін, оның алдындағы сөздің (зат есімнің) ілік септік формасында қолданылатындығын ашық айтады.

XIX ғасырдың соңында жазылған және қазақ тілінің материалына негізделген құнды еңбектің бірі – П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика» еңбегі: ол көмекші сөздерді орыс тіліндегі предлогтармен салыстырады: «К послеслогам обыкновенно относятся некоторые слова в сущности самостоятельные слова как например, алд, (перед), арқа (спина), арт (зад), уст (верх), аст (низ)» дейді.

Ж. Денидің «Түркі тілі грамматикасы» (1915) түрік тіліне аударылғаннан кейін Осман түріктерінің оқулықтары мен ғылы-

ми еңбектеріне зор ықпалы болды. Сын есімнің -сыз, -сіз, үстеудің -ша, -ше жұрнақтарын көмекші құрамында қарау осы Дениде айтылды. Автор өз оқулығында түрік тіліндегі көмекші сөздерді 3-ке бөліп қарастырады: көмекші сөздерге жеке-жеке тоқталып, олардың мағынасын анықтайды, әр сөздің мағынасы, тарихи дамуына ерекше ден қояды.

Мысалы, *үшін* шылауын талдағанда оның көне түркі тілдерінде де қолданылатындығын, *үш* және *ін* морфологияларынан құралатындығын көрсетеді. Кітапта мысалдар түркі тілдерімен салыстырыла берілген [Дени Ж., 1915].

Көмекші есім мен талдауды ажырата көрсету акад. В.А. Гордлевскийдің еңбегінен басталады. Ол 1928 жылы «Түркі тілі грамматикасы» деген еңбегінде көмекші сөздерді арнайы қарастырады. В.А. Гордлевский көмекші сөздерді **послеслоги-имена, послеслоги-частицы және союз** деп 2-ке бөледі. *Таудың басы, ауылдың маңы, елдің іші* сияқты тіркестердің мағына жағынан бір бүтін болуы, сөйлемде атқаратын қызметіне де тұтастықты талап ететіндігін автор ескермеген. Оқулықта *ичь, ичери, джыш, дышары, уст, аст, илери, арқа, ири, ян, орта, юкары, бери, оте, қаршы, аша* сияқты сөздерді төл түрік тілінің послелог-имена деп; *дахиль, тараф, бейін, инд, таһт, зарф, һак* сияқтылары араб-парсы тілінен енген послелог-имена деп көрсетті. Послеслог-частицы деп алып, олардың қатарына *ле, ичин, гиби, қадар, узре, горе, догру, қаршы, казарен, нисбетле, мебни, рагмен, башка, сонда, эвель* сияқты сөздерді енгізеді.

А. Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» атты еңбегінде сөздерді атауыш сөздер, шылау сөздер деп 2-ге бөліп қарастыру бар, шылауды үстеу, демеу, жалғаулық, одағай деп 4-ке бөледі. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап көмекші сөздерді орыс түркологтарымен қатар түркі тілдерінің төл өкілдері де зерттей бастады. М. Балақаев «Қазақ тілінің кейбір мәселелері» (1941) деген кітапша жариялады: бір ұтымды жері шылау сөздердің этимологиясына талдау жасаған. «Академиялық грамматикада» (1954) көмекші есімдер туралы арнайы тарау жазып: «Тілімізде көлемдік ұғымы бар бірқатар зат есімдер көбінен көмекшілік қызметте жұмсалынып, өзі қатысты сөзіне, негізінен, көлемдік мағына ұстап, оның орнын, мекенін, айналасын дәлдеп көрсетіп

тұрады. Олар мынадай сөздер: алд (ы), арт (ы), аст (ы), үст (і), арқа, жан, ара, орта, тіл: ауыз, жаға, төбе, қарсы, бой» деп нақтылайды.

Қазақ тіліндегі көмекші есімдерді зерттеуде академик А. Ысқақовтың еңбегі зор. «Көмекші есімдер деп өздеріне тән лексикалық мағыналары бірде сақталып, бірде жартылай сақталып, я әртүрлі дәрежеде солғындап, соған лайық өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтасистік жағынан кейде жеке-дара мүше есебінде, кейде күрделі мүшенің құрамындағы дәнекер элемент есебінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп отыратын жәрдемші сөздерді айтамыз» [Ысқақов А., 1991].

М. Оразовтың айтуынша, қазақ тіл біліміне қарағанда өзбек тіл білімінде көмекші сөздер толығырақ зерттелген, бірақ өзбек тіл білімінде көмекші сөздер даулы мәселелердің бірі болып саналады: көмекші сөздерді сунг кумакчи, ердамчи сузлар және кумакчи сузлар деп түрліше атау кездеседі. А.Н. Кононов, Ш. Шаабдураманов, Т. Рустамов, А. Асқарова, Р. Расуловтардың монографиялық еңбектерін айтуға болады. А.Н. Кононов өзінің өзбек тілі туралы жазған соңғы еңбегінде де послеслоги-имона терминін ұсынады. «Послеслоги-имена суть имена существительные, обозначающие, как правило, пространство (верх, низ, перед, зад, бок, середина, сторона и т.д.), снабженные аффиксам принадлежности 3-го лица (или любого другого лица, если это требуется контекстом) и аффиксом дательного, местного и исходного падежа» деп анықтама береді.

Сунг кумакчи терминін алғаш У. Турсин қолданған болатын. Бұл терминді тек өзбек тілшілері ғана емес башқұрт, татар, ұйғыр т.б. өкілдері де қолданады. Өзбек тілінде кумакчи термині қолданылады. Ш. Шаабдурахманов **кумакчи от** терминін қолданып, «Кумакчи отлар тарихан ё от, ё сифат булганлар. Бундай кумакчи азифасида қулланиладиган отлар предмет ёки предмет белгиларини англатмайдилар, балки эгалик ва келишиклар билан турган холда турли грамматик муносабатлари ифодалаш учун ишлатиладилар» деп анықтама береді [Шаабдурахманов Ш., 1983].

Р.Т. Рустамов **от-кумакчи, ёрдамчи от, кумакчи от** терминдерін де қолданады, бірақ олардың мағыналарындағы негізгі

айырмашылықтарды көрсетпейді. «Бу хил кумакчилар отлардан кумакчиларга кучган сузлар булиб, учинчи шахс эгалик кушимчасини, урин-пайт, чикиш жуналиш келишикларидан бирининг аффиксини кабул қилади: устида (лан, та) ичида (га-лан) юзасида (га, -да) каби» деп анықтама береді [Оразов М., 1997].

«Грамматика тувинского языка» деген окулықтың авторлары Ф.Г. Исхаков пен А.А. Пальмбахер «Служебные имена употребляются не иначе как только в формах пространственных падежей, впрочем одно и то же служебное имя в зависимости от контекста принимает аффикса исходного, местного, направительного, дательного, падежей» деп жазады.

Н.Е. Петров саха тіліндегі көмекші сөздерді арнайы зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған. «Служебные имена склоняются по всем падежам, но особенность этих имен заключается в том, что они активно употребляются только в форме отдельных падежей притяжательного склонения» деп анықтама береді.

Қырғыз тілінде шылаулар жандоочтор деп аталады. Көбінесе менен шылауы қолданылады: *Мен көргөзмөгө Жамбылменен бирге бардым. Жөнүндө, тууралуу* шылаулары да атау септіктегі зат есіммен келеді: *Мен сочинениеде лагерь жөнүндө жаздым.* Чейин шылауы зат есіммен барыс септігінде: *Майрамга чейин беш күн калды. Кийин* шылауы шығыс септігімен тіркеседі: *Дәріс дан кийин концерт болот. Алдында, артында, үстүндө, астында, жанында* шылаулары зат есімнің ілік септігімен тіркеседі: *Үйдүн алдында гүлдөр отургузулган.*

✓ Бұдан шығатын түйін: түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың қайсысы болса да, көмекшілерді сөз деп қарайды, яғни қосымшалардың қатарына қоспайды. Ғалымдардың көмекшілерді сөз деп есептеуіне оның тұлғалық құрамының тұрақтылығы да себепші болған.

Одағай сөздер

Одағайды зерттеудің көне тарихы бар екені белгілі. Оның тарихы сонау римдік тілтанушылардан бастау алады (Варрон б.з.д I ғасыр). Тағы бір айта кетерлігі: әр дәуірдің, әр елдердің лингвистері одағай мәселесіне өзінше қараған. Одағайдың лексико-грамматикалық табиғатына деген түрлі көзқарастар, тіпті

сипатына сай келмейтін, қарама-қайшы пікірлер де баршылық. Одағай лингвистердің бітпейтін дауы болып келеді. Әркімнің талқылауы оның лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін айқындайды және өзіндік қызығушылық көрсетеді.

Одағайды алғаш зерттей бастаған М.В. Ломоносов болатын. Ф.Ф. Фортунатов одағайды, сөзге ауыспайтын тек эмоционалды сигнал деп кесіп айтты. Ф.И. Буслаев болса, одағайды сөз табы ретінде мойындады. Ол оны айтушының эмоционалды-ерікті реакциясына қызмет ететін сөздік бірлік деп қарастырды. К.С. Аксаков болса, одағай ол сөз емес, эмоция мен сезімді білдіретін бір нәрсе деп есептеді. А.А. Шахматов одағайды сөйлеушінің ниетін білдіретін ішкі көрінісіне жатқызды. В.В. Виноградов одағайды түрлі эмоционалды реакцияның шындыққа негізделген субъектісінің лебізі ретінде қарастырды. Қазақ тілінде оқшау сөздерге қаратпа, қыстырма, одағай сөздер жатады.

Одағай мен мимемалар:

а) көңіл-күй одағайлары: вай-вай! «*ax!*» «*ox!*»;

б) ишарат одағайлар: *хей!* «*эй!*»;

в) дыбыстық еліктеуіш сөздер: *қунқ-қунқ* «қоңқ-қоңқ», ыр-ыр – иттің ырылы; бейнелеуіш сөздер: *солқ-солқ* «солқ-солқ», уйпа-жуйпа «үйпа-түйпа».

Көптеген ғасырлар бойы одағайды зерттеумен айналысқан «Русский язык» энциклопедиясының авторларының айтуынша: «Одағай – не көмекші сөздер тобына, не атауыш сөздер тобына жатпайтын, көңіл-күйді, экспрессивті, ерікті жағдайды білдіретін (атауын емес), өзгермейтін сөздердің (сөз таптары) лексико-грамматикалық тобы».

Одағай сөздерді зерттеген Ш.Ш. Сарыбаев еліктеуіш сөздерден 8 түрлі ерекшеліктерімен айқындалатынын нақты дәлелдермен көрсетіп, одағайлар мен еліктеуіш сөздерді жеке-жеке сөз табы ретінде қарауды ұсынады [28].

Будагов сөздігін зерттеуші Бәтінш Атабай сөздіктегі одағайларды былайша топтайды: көңіл-күй одағайлары: *апырмай, ойбай, ой, уай, қап, пай-пай, майда-майда (қап!), әй, айхай, әттеген-ай, ту, еміл, бәлі, бәрекелді, көйт* (асық ойнағанда айтылады); шақыру одағайларынан адамға қатысты айтылатын *сапсап* сөзі кезекті; малға қатысты айтылатын одағайларға қолға

үйретілген хайуанаттарды шақыру, қайыру, токтату, суару, айдау, үркіту сияқты мақсаттармен қолданылатын сөздер. Ғалым Б. Атабайдың зерттеуінше, жекіру немесе ишарат одағайлары кезікпепті [Атабай Б., 2015].

Башқұрттардың сенімі бойынша қасқырдың ұлуы жақсылыққа әкеледі. Мысалы, шопандар малға «Сорайт, Сорайт, киу!» дейтін. Бұл сөзді аналар соғысқа кетіп бара жатқан ұлдарының артынан айтатын. [Илимбетова А.Ф., 2000]. Бұл сөзді талдап көрсек, «Кор+ай+т», «Кор» сөзі ескі түркі тілінде «қасқыр»; -т көптік жалғауды білдірген; *ай-айы* якуттар мен долғандардың сенімі бойынша, жоғарғы және орта әлемнің мейірімді құдайлары саналған. «Сорайт!» сөзін айту арқылы, башқұрттар қасқыр құдайынан көмек сұраған [Ефремов П.Е., 1978].

Одағай сөздер мағынасына қарай 2 топқа бөлінеді: көңіл-күй одағайлары және ишарат одағайлары. Көңіл-күй одағайларына таңдану, тамсану (*тоба-тоба, асто, хой-хой, аллах-аллах, оллах*), шаршау, жан-дүние күйзелісі, өкіну (*ух,ох,ой,ах,оу эшигим, оу, кюнюм*), қорқу, үрейлену (*уай, уй,оу, ай, ах*), ашулану, жек көру, өкіну (*тфу, пу, фу анасыны*), бағалау, табалау (*аха, ма санга, бар алай, ыхы, угьай да*) т.б. көңіл-күйді білдіретін сөздер жатады.

Ишарат немесе жекіру одағайлары шақыру үшін айтылатын (*э, оха-хай, хей*), бұйыру немесе әрекетті тыю мағыналарын беретін (*тс,чиш,и-и*), сондай-ақ үй хайуанаттарына арнап беретін (*учух – есекті айдау, чуу-чуу – тауықтарды шақыру, уш – тауықтарды айдау, кыт – қораздарды айдау т.б.*) сөздер жатады.

Татар: *ура ура; аһ ах; их эх; ай – һай – ну ину, вьяд ли; и э – э; тфү тьфу; уф ух, абау ой; һм гм; әһә ага; чү стоп; тсс тсс; әйдә айда; алло алло; әй ай.* **Алтай:** Ай-калак!

Апырай. Бұл сөзді а+пыр (пір)+ым (ім)+ай деп 4-ке бөлшектеуге болады. Осындағы а – одағай сөз, *пыр//nin-nip* түту дегендегі пір-иран тілдерінен енген «діни қауымдастық бастығы, магтардың әулиесі» деген мағынада қолданылатын сөз. «Апырмай» сөзіне жалғанып тұрған -ым/ім аффиксі (апырмай болып тәуелдік жалғаусыз айтылатын түрі де бар) – тәуелдік жалғау, -ай – одағай төркінді шылау. Сөз басындағы жуан айтылып тұрған шылаудың ықпалымен «пір» сөзі мен -ім жұрнағы -пыр, -ым

болып жуан айтылып кеткен (бұл сөз кейде «я, пірім-ай» болып жіңішке түрде де айтылады [Қортабаева Г., 2013]).

Қазіргі өзбек әдеби тілі синтаксисінде **содда гап синтаксисі, мураккаб гап синтаксисі, қушма гап синтаксисі** деген 3 бөлім қаралады. Ал мураккаб гап, болмаса қиындасқан, кеңейтірілген сөйлем деп қарау жай сөйлемнің синтаксисі мен құрмалас сөйлемнің ортасындағы категория сияқты болып көрінеді. Өйткені мураккаб гап жай сөйлемнен гөрі кеңірек, көлемдірек, ал құрмалас сөйлемдерден гөрі кішірек болып есептеледі. Орхонда жазбаларында одағайлар кездеспесе де, Енисей ескерткіштерінде одағайдың 2 түрі кездеседі: **йыта** – өкінішті! **ыйу** – өттеген-ай! [Айдаров Ф., 1986].

Бақылау сұрақтары:

1. Көмекші есімдер қай тілде жеткілікті зерттелген?
2. Саха тіліндегі көмекші сөздердің қандай ерекшелігі бар?
3. Көмекші сөздер түркі тілдерінде қалай аталады?
4. Көмекші сөздердің түркітанудағы зерттелу дәрежесі.
5. Қазақ тіл білімінде монография көлемінде жарияланған еңбек.
6. Қырғыз тіліндегі көмекші сөздерді қазақ тілімен салыстырыңыз.

Оқуға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Бишкек, 2011.
2. Казем-Бек А. Общая грамматика турецкого-татарского языка. – Казань, 1939.
3. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка: Фонетика и морфология. – М., 1964.
4. Молгаждаров Қ.К. Түрк тилдериндеги көмөкчү сөздөрдүн қалыптанышы. – Бишкек, 2012.

СИНТАКСИС

13-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы синтаксисі

Сұрақтар:

1. Синтаксистік құрылыс.
2. Сөйлем, оның белгілері.
3. Предикативтік категория.

Тірек сөздер: сөз тіркестері, сөйлем, предикативті сөз тіркесі

Түркі тілдеріндегі сөз тіркестері және олардың даму тарихы

Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді: грамматиканың бір бөлігі ретінде синтаксис және сөз тіркестеріндегі және сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыруды зерттеу, сөз тіркестерінің түрлерін және сөйлем түрлерін зерттеу болып табылады.

Сөз тіркесінің нақты әрі дұрыс анықтамасы академиялық «Грамматика русского языка» еңбегінде былай деп берілген: «Сөз тіркестері деп, негізінен, белгілі сөз табына жататын және белгілі бір біріккен, бірақ сонда да көрініс пен ұғымның бөлінгендігін білдіруде қызмет атқаратын екі немесе одан да көп сөздердің саны арқылы жасалатын грамматикалық бірлікті айтады».

Сөз тіркестері – сөйлем үшін таптырмас құрылыс материалы, бірақ сонымен қатар олар сапалы түрде сөйлемдерден ерекшеленеді, өйткені сөз тіркестері предикативтен айырылған және коммуникативті тіл құралы жүйесіне кірмейді.

Сөз тіркесі дегеніміз – сөз бен сөйлемнің қатынасынан болатын басты синтаксистік бірлік. Демек, ең алдымен сөз тіркесінің сөзден айырмашылығын айқындау қажет. Өйткені сөз тіркесіне де, сөйлемге де материалдық негіз – сөз.

Кез келген сөз тіркестері «бағыныңқы мүше + басыңқы мүше» қағидасы бойынша құрылады, нақтырақ айтсақ «анықтауыш + анықталушы». Предикативті сөз тіркесі мен предикативті емес сөз тіркесінің арасында (анықтауыш + анықталушы) белгілі изосемантизм байқалады, салыстырсақ: *келген кісі және кісі келген, кісі келді*. Бұл жағдайда изосемантизм бірінші мысалда да, екінші мысалда да мағына ашылатындықтан тұрады. Дегенмен предикативті сөз тіркесінде бұл белгі қосымша сипаттаманың белгілі санының болуымен күрделенеді (саны, шақ, және т.б.).

Онда сөздердің өз ара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Кеңестік тіл ғылымында сөз тіркесі синтаксисі мәселесі жөнінде Н.К. Дмитриевтің, А.Н. Кононовтың, Е.И. Убратовалардың еңбектері жарық көрді. Олар қиыса, қабыса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестері түрінде сипаттайды. Сөз тіркесінің басты белгілері туралы ғалым Н.А. Баскаков оның мынадай басты белгілерін атап көрсетеді: оларда атрибутивтік, релятивтік және объектілік қатынастар тән, предикативтік қатынас болмайды. Сөздердің грамматикалық байланысының меңгеру, қиысу, қабысу, матасу, жанасу түрінде келеді; Сөз тіркесінде интонация болмайды. Сөз тіркесі белгілі бір сөз табына жататын сөздің негізінде жасалады. Осыған орай сөз тіркесі не есімді, не етістікті болып есептеледі; Сөз тіркесі синтаксистік ыңғайдан бағыныңқы және салалас ретінде жіктеледі» дейді.

П.М. Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» деген еңбегінің екінші бөлімі синтаксис мәселелеріне арналған.

Қазақ тілі білімінде сөз тіркесі (сөйлем мүшелерінің байланысы) 1950 жылдарға дейін тек мектеп грамматикаларының көлемінде айтылып келеді. Онда да сөз тіркесінде толық анықтама беріп оның түрлі жақтарын егжей-тегжейіне дейін зерттеген ешкім болған емес.

М. Балақаевтың еңбегі – түркі тілдерінде сөз тіркестері туралы бірінші туынды, мұнда автор сөз тіркестерінің көптеген теориялық мәселелерін жан-жақты ашып берді. Негізінде сөз тіркестері туралы жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл

білімінде профессор М. Балақаевтың еңбектерінен толық мағлұмат алуға болады.

М.А. Балақаев – қазақ тіліндегі сөз тізбектері мен жай сөйлемнің синтаксисі бойынша күрделі зерттеулердің авторы: сөз тіркесін ғылыми негізде тексеріп, оның түрлерін, сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формаларын толық зерттеген.

М. Балақаев сөз тіркестерін жалпы есімді, етістікті деп екіге бөліп, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, олардың басыңқы компоненті мен бағыныңқы компонентінің қандай сөз таптарынан болғандығын және ондай кездегі тіркесу қабілетін дұрыс қорытындылайды [Балақаев М., 2008].

Н.К. Дмитриев құмық және башқұрт тілдеріне арналған грамматикаларында сөз тіркестерінің және сөйлемнің синтаксисіне тоқталады.

Е.И. Убрятова якут тіліне арналған монографиясында синтаксисінің негізгі объектісі ретінде сөз тіркестері мен сөйлемді зерттейді.

Башқұрт тілі синтаксисін зерттегендер: А. Хазраткулов, С. Халдарова, Р.С. Амиров, Б. Уринбаев, Ф.С. Сафиуллин. Мысалы К.А. Ахметов башқұрт тілінің синтаксисіне арналған еңбегінде предикативтік және предикативтік емес сөз тіркестері деп екіге бөледі. Ғалым Абдикарим Нүрзия қазіргі қазақ және моңғол тілдерінің жай сөйлем құрылысын синхрондық тұрғыдан салғастырмалы аспектіде қарастыра отырып, екі тілдегі біршама ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, ғылыми айналымға енгізген [Абдикарим Н., 2015]. Ол қазіргі жазылған еңбектерден «Синтаксистік категориялар топ ішіндегі немесе олардың тарихи ескерткіштерінің синтаксистік деректері талданғандығын және жекелеген тілдердің синтаксистік құрылымы сипатталғандығын көруге болады» дейді.

Басқа түркі тілдеріндегі сияқты башқұрт тілінде де сөз тіркестерінің 2 түрі қарастырылады: есімді және етістікті. Есімді сөз тіркестері 2 түрлі әдіспен жасалады: арнайы -тың, -тең, -дың, -дең аффикстері арқылы: атайымдың өйө – менің әкемнің үйі. Басқа түркі тілдеріндегі сияқты сөз тіркестері зат есіммен бірге басқа есімдер арқылы жасалған кезде зат есім әрқашан соңында келеді. Мысалы башқұрт тілінде: *һары яһрақ /сары жапырақ*.

Етістікті сөз тіркестері есімдер, үстеулер және басқа да сөз таптарымен тіркесе алады. Етістік зат есім және сын есіммен белгілі бір аффикстердің көмегімен және жанасу арқылы тіркесе алады (*атлап барырга – жаяу жүру*).

Түрік ғалымы О.С. Караджаның «Түркі тілдерінде нумеративті сөз тіркестері (қазақ-түрік тілдері негізінде)» атты кандидаттық диссертациясы туыстас қазақ және түрік тілдеріндегі нумеративті сөздер құрайтын сөз тіркестерін зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында екі тілдегі нумеративті сөздердің семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалған. Қазақ және түрік тілдерінде зат немесе нәрселердің дана санын (*дана/tane, бас/bas/*), мөлшерін (*қарыс/karış/" батпан/" batman/*, т.с.с.) немесе етістіктердің жасалу, қайталану дүркіндігін т.б. зерттеген [Караджа О.С., 2005].

Түрікше: *Kurt gibi – ішiни bilir; Kurt geçinip tilkilik etmek жігіттігі де бар, түлкі сияқты қулық жасау; kurda varan – батыл кісі; çötelip üriyep – қорқақ адам; Kurt yağmuru – ашық күнде жаңбыр. (Сенім бойынша, жаңбырлы күндерде қасқыр балалайды); Kurdunu kırtak – қалаған нәрсесіне қол жеткізу немесе жасату;*

Көне түркілерден әлі күнге дейін жалғасын тапқан сөз тіркесі: *Tilki mi togdı, azu böri mi? – қасқыр ма, түлкі ме? Ақ kurt gibi – аш қасқырдай Kör kurttan bile vazgeçtemek – ең кішкентай нәрсеге көңіл бөлу; Kurdunu döktmek (kırtak) – көптен бері істемеген нәрсесін, сағынышпен істеу; Kurt ağzı bağlamak – далада қалған жануарларды қасқыр аузынан қорғап қалу үшін түрлі әдістерді қолдану; Kurt gibi – өз ісінің маманы.*

Түркі тілдерінде сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер, негізінде, мыналар:

1. Жалғаулар (септік, тәуелдік, көптік, жіктік). *Жастардың міндеті* деген сөз тіркесіндегі екі сөздің алдыңғысы ілік жалғаулы, соңғысы тәуелдік жалғаулы.

2. Шылаулар (демеулер, жалғаулықтар). Отаным үшін аттанам, көрген сайын сұрайды дегендер шылаулар арқылы байланысқан.

3. Сөздердің орын тәртібі: биік тау, темір күрек, хат жаз, білім ал деген сөз тіркестері жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысқан.

4. Интонация. *Бұл – планшет, Айзере – менеджер* – интонация арқылы байланысқан. Синтаксистік құрылыстағы тарихи өзгерістердің тілдің басқа салаларына әсері мен ықпалы. Синтаксистік байланыс тәсілдерінің дамуы. Байланыс түрлерінің қалыптасуы.

Сөздер арасындағы синтаксистік қатынас көбіне олардың орналасу тәртібі арқылы беріледі. Синтетикалық тәсілдер арқылы синтаксистік қатынастардың берілу аумағы орын тәртібіне қарағанда әлдеқайда тар; ә) сөз тіркесі құрамында болсын бағынышты мүшелер бірінші, алдыңғы орында тұрады: анықтауыш анықталушының алдында, толықтауыш пен пысықтауыш баяндауыштың алдында, сол сияқты бастауыш баяндауыштың алдында келеді:

б) сын есіммен, сан есімдер анықтауыш қызметінде зат есім анықталушымен ешбір қосымшасыз қабыса байланысады (алтын қасық, темір күрек, ағаш үстел);

г) толықтауышқа логикалық екпін түсіру үшін оны табыс септіктің ашық түрінде айтып, сөйлемнің басқы шетіне шығарады;

д) халық тілдерінде түсіндірмелі есімдіктер жоқ. Әдеби тілде (жазба тілде) ондай сөйлемдердің орнына сөйлемге ұқсас конструкциялар – сөз тіркестері қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ тілін зерттеуші синтаксис ғалымдар.
2. Синтаксис бойынша еңбектердің түркі тілдеріндегі зерттелуі.
3. Синтаксистік қатынастың берілу жолдары.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Тикеев Д.С. Основы синтаксиса современного башкирского языка. – М., 2004.
2. Тикеев Д.С., Хабибуллина Ф.Я. Пунктуационная система современного башкирского языка. – Уфа, 2006.

14-дәріс. Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлем синтаксисі

Сұрақтар:

1. Құрмалас сөйлемдердің зерттелуі.
2. Қазақ тілінің синтаксисін зерттеушілері.
3. Құрмалас сөйлемнің даму тарихын зерттеушілер.

Тірек сөздер: компонент баяндауыштар, күрделі сөйлемдер, синтаксис.

Түркі тілдес халықтар ғалымдары да құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеу нысаны етіп алып қарастырды. Олардың қатарында М.З. Закиевтің «Синтаксический строй татарского языка», А. Жапаровтың «Синтаксический строй киргизского языка», Н.З. Гаджиева, Б.А.Серебренниковтардың авторлығымен жарық көрген «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис», Г.Г. Саитбатталовтың «Синтаксис сложного предложения в башкирском языке», К. Чонбашиевтың «Сложные предложения в русском и киргизском языке», Н. Нартыевтің «Строй сложного предложения в современном туркменском языке», сондай-ақ «Грамматика хакасского языка», «Грамматика татарского языка» т.б. еңбектерді атап өтуге болады.

Соңғы кездері құмық тілін зерттеуде оң өзгерістер туындады, тілді барлық деңгейде зерттеу толықтай қалыптасты. Құмық тіл білімі осының арқасында, салыстырмалы фонетика, салыстырмалы морфологиялық еңбектермен толыға түсті (Д.М. Хангишев, Н.Х. Ольмесов, Н.Э. Гаджихмедов, К.С. Кадыраджиев), И.Х. Ахматовтың «Главные члены предложения и средства их выражения в современном карачаево-балкарском языке» (1968), У.Б. Алиевтің «Синтаксис карачаево-балкарского языка» (1973). Бұл мәселелер татар (Закиев 1987, 1995), алтай (Тыбыкова 1991), башқұрт (Тикеев 1999), шор (Телякова 1994) т.б. Н.Ч. Серээдар «Основные типы предложений с именным сказуемым в тувинском языке» (1995) еңбектерінде қарастырылды.

Аталған мәселе төл ғалымдарымыздың да назарынан тыс қалмады. Қазақ тіліндегі ҚС-ге қатысты алғашқы пікір, тұжырымдар П.М. Мелиоранский [5], Н.И. Ильминский [6] т.б. түркітанушылар еңбектерінде көрініс табады. Авторлардың құрмалас деп көреткен сөйлемдері бүгінгі таным түрғысынан алғанда

жай сөйлемге жататындығына қарамастан, бұл еңбектердің сөйлем табиғатын танытудағы рөлін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ тілі ҚС-нің даму тарихын, синтаксистің аса күрделі де күрмеуі мол нысаны құрмалас сөйлемдерді зерттеп, зерделеу, оның тілдік табиғатын таныту мен құрылымдық-семантикалық белгілерін зерттеушілер деп А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Т. Қордабаев, Қ. Есенов, Р. Әмір, М. Серғалиев, Т. Сайранбаевтардың есімдерін ерекше атаймыз.

Қазақ тілі ҚС-ін ана тілімізде зерттеу А. Байтұрсынұлы оқулығында: («Тіл құралы», 1924) «Қазақ тілі сөйлемдері арасында 2 түрлі жақындық болады: оның бірі – мағына желісі жағындағы жақындық, екіншісі – сөйлемдердің сыртқы қисын жағынан жақындығы. Мұның алдыңғысы, яғни тек ой іргесі, ой желісі жағынан ғана жақын болатыны іргелес сөйлем, ал әрі ішкі мағына, әрі сыртқы қисын жақындығы бар сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады» дейді.

С. Аманжолов еңбектеріндегі ҚС мәселесіндегі ғылыми табыстары да ұшан-теңіз. Ғалым ҚС-нің түрлерін анықтауда ғылымға мынандай жаңалықтар қосты: сөйлемнің аралас құрмалас түрін ғылымға енгізді және сөйлемнің бұл түрі С. Аманжоловтан бұрын ғылымда танылмады. Құрмалас сөйлемнің 4-түрі тиянақты бағыныңқысыз сабақтастар термині: бұл – поэзиялық шумақтармен келетін сөйлем түрі, ол қазіргі грамматикамызда тиянақты бағыныңқысыз демей, көп бағыныңқылы сабақтас түрінде қолданылып жүр. Салыстырылған тілдердің барлығында да салалас құрмаластарды жалғаулықты, жалғаулықсыз деп 2-ге бөледі.

«Қазақ тілінің грамматикасы» жалғаулықсыз салаластарды байланыстырып тұратын төмендегі амал-тәсілдерді көрсетеді:

- 1) жай сөйлем мағыналарының бір-біріне байланысы, ілік-тес, сабақтас болып келуі арқылы;
- 2) интонация тұтастығы арқылы;
- 3) компоненттердің бәріне қатысты, бәріне ортақ бір сөздің болуы арқылы;
- 4) компоненттердің бір бастауышқа ортақтасып келуі арқылы;

5) белгілі бір сөздің компонент сайын қайталанып айтылуы арқылы;

6) бірінші компоненттегі бір сөздің екінші компонентте есімдік түрінде қайталану арқылы;

7) компонент баяндауыштары қызметіндегі етістіктердің жақтық, шақтық жағынан бірыңғай болып келуі арқылы;

Қазақ тілінде салалас ҚС-дер жалғаулықтың ыңғайына қарап, мезгілдес мәнді салалас, қарсылық мәнді салалас, себептес салалас, жалғаулы салалас, кезектес салалас болып бөлінеді. Басқа да салыстырылған түркі тілдерде салалас сөйлемдердің жалғаулықтары оның байланысу тәсілдері, негізінен, бір-біріне ұқсайды [Орузбаева Б.О., 1964].

ҚС-дер екі немесе онан да артық жай сөйлемдердің грамматикалық және мазмұн жағынан бір-бірімен байланысқа түсуінен пайда болады. Салалас сөйлем екі жай сөйлемнің салаласуымен жасалады және үтір арқылы ажыратылады.

ҚС-дер қарақалпақ тілінде *қоспа гәп*, қырғыз тілінде *та-таал сүйләм*, өзбек тілінде – *кушма гап*, ұйғыр тілінде *қошма жүмлә*, түрікмен тілінде *гошма сөзлемлер* делінеді.

Тофалар тілі

Кыыш чыкъгъынча, хыйлы сув агъар/ қыс өтпей, талай су агар; Ол директор болгъанлы, школа алышына бара/ Қалай директор болды, мектеп те өзгерді.

Академик М.З. Закиевтің «Синтаксический строй татарского языка» монографиясында синтаксистің өзекті мәселелері егжей-тегжей талданады: сөз тіркесі, жай чөйлем, құрмалас сөйлем, қысқасы татар тілінің синтаксистік құрылымы қарастырылады [Закиев М.З., 1963].

Татар. *Дәрес бәткәс, өйгә бергә қайтырбыз // Дәрис біткен соң, үйге бірге қайтамыз. Әгәр һин булмаһаң, мин уқып бәтә алямас инем // Егер сен болмасаң, мен оқуымды бітіре алмас едім. Күлдә күп балык була, ә чүлдә балык булмый // Кәлдә балык көп болады, шәлдә балық болмайды. Үрдәк күп ашарга ярата // Үйрек көп тамақ жейді. Ул үлән ашыһ һәм тиз үсә // Ол шөп жеп, тез өсуде. Үткән елны мин үзәккә бардым, анда бәтенесе үзгәргән // Өткән жылы мен орталыққа бардым, онда бәрі өзгеріп кетті. Мин үзем дә үзешчән артист кына // Менің өзім де*

эртиспін. Күпер башында күп күркө, күп күркөгө кирөк күп көрпө (скороговорка) // Көпір басында күрке күс көп, ал күркелерге дөн де көп керек.

Өзбек тіліндегі «боғланган құшма гап» (салалас құрмалас сөйлем) құрамындағы жай сөйлемдер біріктіру жалғаулықтары арқылы; қарсы мәнді жалғаулықтары арқылы; талғау мәнді жалғаулықтары және теріске шығару мәнді жалғаулықтары арқылы байланысып келеді.

Біріктіру жалғаулықтары арқылы байланысатын ҚС-дер. Бұл жерде **ва**, **хам** (және, әрі) жалғаулықтары, сол сияқты **-да**, **-у (-ю)** жүктемелері (демеулік) саналады. Мысалы: *Тожибой қизил алвон билан ёпилган стол ёнига чиқди ва унинг овози залда гулдиреди // Тәжібай қызыл матамен жабылган столдың жанына шықты және оның даусы залда дүрілдеді.*

Акаскин қиз билан рус тилида гаплашар хам Комила унинг фикрларини жуда тез англап ва амалга оширишига тиришар эди (Ойбек)//Акаскин қызбен орыс тілінде сөйлеседі әрі Камила оның пікірін тез аңғарып және оны амалға асыруға тырысатын еді).

Осы мысалдарда **ва** және **хам** деген жалғаулықтар жай сөйлемдерді байланыстырып салалас құрмалас сөйлем жасап тұр.

Қарсы мәнді жалғаулықтары арқылы байланысқан ҚС-дер. Өзбек тілінде салалас ҚС-дер өзара **аммо**, **лекин**, **бірақ**, **а**, **хөлбуки** сияқты жалғаулықтар және осы жалғаулықтармен қызметтес болған **-у (-ю)**, **-да** жүктемелерімен (демеулік) де байланысуы мүмкін.

Мысалы: *нима воқеа бұлганини ҳеч ким аниқ билмас эди, аммо бепоен сахронинг қоқ ўротасидаги бу ерга аллақандай миш-миш гаплар эшитилган эди. // Не оқиға болғандығын ешкім анық білмес еді, бірақ кең сахараның қақ ортасында бұл жерге өлдеқандай мыш-мыш сөздер естілген еді.*

Ўзимнинг ўғлимсан-у, аммо сенга ҳеч тушунолмай қолдим. // Өзімнің баламсың ғой, бірақ саған еш түсіне алмай қалдым. Газетани бугун битирмоқчи эдик, бірақ материал оздай кўринди (Ойбек) // Газетті бүгін бітірмекші едік, бірақ материал аздай көрінді.

Талғау мәнді жалғаулықтар арқылы байланысқан ҚС-дер. Талғау мәнді жалғаулықтары арқылы байланысатын ҚС-дер

– бірінен соң бірі пайда болатын немесе бірімен бірі алмасып келетін сөйлемдер.

Құмық. *Къыйналып ишлегенингни къуванып ашарсан // Қиналып істесең, қуанышпен асарсың. Ёлавчу бусанг, ёлгъа тюш // «Жолаушы болсаң, жолга шық». Гелгенче – гелешебиз, гелген сонг – уьлешебиз // «Келгенше қарыз аламыз, келген соң қайтарамыз».*

Белгілі құмық ақыны және аудармашы Абусуфьян Акаевтың сөздерінің көбі халықтық қанатты сөздерге айналып кеткен: *Ял алым болмай гъай адам, шимыде болмай // Дұрыс демала алмайтын адам, жұмысын да бітіре алмайды. Молланы кеп гюнагълары бар // Молданың да күнелары бар; Яхшылыкъ кълар яманлыкъ гетер, «Жақсылық қалар, жамандық кетер.*

Шартты бағыныңқылы:

Өзбек: *Тог тоғқа қовушмас, Киши кишига қовушур // Адам мен адам кездессе де, тау мен тау кездеспейді. Ким бировга чуқур қазса, унга узи йиқилади // Кім біреуге ор қазса, оған өзі түседі.*

Ұйғыр: *Киши йуртида султан болгучә, өз йуртуңда ултан бол // Бөтен жүртта сұлтан болганша, өз еліңде ұлтан бол.*

Кезектес салалас құрмалас

Тува: *Даарта мен Қызылче азы Абаканче чоруур мен // Ертең мен Кызылга не Абаканга кетемін. Ховуда бараан көстүр, мал бе азы хараган бе, ылгавайндар мен // Егістікте бірдеме қараңдайды, мал ма әлде қарагаиш па?*

Тува тілін зерттеген Ш.Ч. Сат салалас құрмалас сөйлемдер бірнеше жай сөйлемдердің жалғаулықсыз немесе жалғаулық көмегімен бірігуі арқылы жасалатынын айтып, мынандай мысалдар келтірген: *Мен сеге торко тон кийдирерим, чыйрак акшы атка міндирерим // Мен саған жібек тон кидіріп, сені ең жақсы атқа міндірермін. Салалас жалғаулықтары: қарсылықты – «бірақ», је «бірақ», жалғаулықты: ай «ал» [Сат Ш.Ч., 1955].*

Салалас құрмалас сөйлемдердің сыңарларының арақатынасы салыстырушы интонация, жалғаулықтар және бірқатар басқа да тәсілдермен беріледі, мысалы:

Ак кыс студентилерниң түдуг отрядында келген, эжи аалында хой кадарып турар // Ақ қыз студенттік құрылыс отрядына келді, оның дос қызы үйінде қой багады.

Май бирниң байырлары чоокишулаан болгаиш кудумучулар каастаныпкан // Бірінші май мейрамы жақындады да, көшелер безендірілді. Таг таққа қошулмайду, адәм адәмгә қошилду // Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады // Жаңбыр басталды, сондықтан көгершіндер жасырынып қалды [Донидзе Г.И., 1997].

Шор тілінде бір құрамды сөйлемдер мынандай болып келеді:

- бастауышсыз – жақсыз: *Пуун соок // Бүгін суық;*
- белгісіз – жақты: *Ол тайгада албыга аньнапчалар // Сол тайгада бұлғындар аулайды;*
- жалпылау-жақты: *Козаннань себис эт сактаба // Қояннан семіз ет күтпе; баяндауышсыз – атау сөйлемдер тән: Каран. Соок. Уннербис шана ыгырғына угулбаанча // Түн. Аяз. Шаналардың сықырынан даусымыз естілмейді.*
- *Чуваиш тілінде басқа түркі тілдеріне тән жақ көрсеткіштері сөйлемде көрінбейді: Эпе чаваш // Мен чуваиш пын, Эсе самрак // Сен жассың, Атте вата // Менің әкем кәрі.*

Башқұрт тілінде: *Минең атайым – инженер. Мин – ташсы. Фелиекберзең үз һүзе менән ейткенде – үй меңгерушісі. Үзе – горздрав. Уларзың икеһенеңде аталары – нефтсе. Юлдаиштың атаһы Буранбай ағай – инженер. Әагаһы Кинйебай – комбайнер.*

Чуваш: *Олор јаан оромды кечире базала, карануй тыйрык бурылчыкка кирип келдилер // Олар үлкен көшені кесіп өтті, қараңғы қисық көшеге бұрылып кетті. Ку сурт манан // Бұл менің үйім.*

Чуваш: *Петер Шумашкартан // Петр – шыбықсарылық.*

Кулаиш – кулаиша, пулаиш – пулаиша

Ғалым А. Нұрмаханов ҚС-дердің мақалдардан жасалған түрін паратаксис, гипотаксис деп қарастырады. Мақалдардың құрамындағы тармақтар шылау сөздермен байланыспайды. Бұл олардың табиғатына тән қасиет, өйткені мақалдардың құрамындағы әрбір сөздің қалыптасқан өз орны бар, артық сөзге орын жоқ. Ғасырлар бойы халықтың құлағы да үйренген, көңіліне де жақын мақалдар салаласа байланысқанда, олардың әрбір тармағы мағынасы жағынан жақын, бір-бірінен ажырату мүмкін емес.

Мысалы:

Иштегеним анам билә адама, уренгеним пойыма.
Үста курган шәкірт һәр мақамайды йургалур,
Үста курмаган шәкірт андан мұндан қармалур.

Келтірілген мысалдардан салаласа құрмаласқан тармақтардың баяндауышы тиянақты болып келетіні байқалады.

Құмық тілі:

Атам мағъа футбол ойнама кәп заман кьоймай турду // Атам маған футбол ойнауға көпке дейін рұқсат бермеді.

Ахырда о мағъа ихтияр берди // Ақырында маған рұқсат берді. Ол кәп гезиклер халкъны алдында сөйлеген, яшланы алдында буса ол биринчилей сөйледи // Ол халық алдында жиі шығып сөйлеген, ал балалардың алдында тұңғыш рет сөйледи. Гьар заман мен ону шулай сорав булан кьаршылай эдим: «Къачан сиз мағъа кюлай савгъат этежсексиз?// Үнемі мен оны мынадай сұрақтармен қарсы алатынмын: Қашан сиз маған күшік сыйлайсыз? Ол оғьар биринчилей инанды // Ол оған бірінші рет сенді.

Қазіргі чуваш тіліндегі шылаулар көнеден пайда болған: пулсан «егер»

- пулсан та «ең болмаса»
- пулин тс «ең болмағанда»
- тесе «үшін»
- тесен «егер қаласаң түрінде»
- мәншён тесен (ма тесен) «сондықтан»
- хуть (хать) «ең болмағанда»
- эхер, енчен «егер»
- так «сонымен» т.б.

Чуваш тілі грамматикасының басым көпшілігін сабақтас құрмалас сөйлемдер құрайды, яғни бағыныңқы сөйлемдерде алдыңғы орында сұраулы есімдіктер мен үстеулер тұрады. Мысалы, кам «кім», мән «не», хашё, аста «қайда», хадан «қашан», епле «калай», мән чухлё «қанша», мәнле «калай» және де басқаларын жатқызуға болады.

Түркі тілдерінің грамматикасы үшін ең маңызды болғаны – салалас құрамалас сөйлемдердің өз ішінен емес, екі жай сөйлем-

нің салаласа отыра бір бүтін болып дамуы. Олай болмаған жағдайда тек жай сөйлемдер өзара есімшелі, көсемшелі, етістікті сөз тіркестерімен ғана тек бір ғана бастауышты анықтап қалатын еді. Н.А. Баскаков өзінің «Историко-типологическая хаактеристика структуры тюркских языков» атты еңбегінде құрмалас сөйлемдерді трансформация термині арқылы түсіндіреді [Баскаков Н.А., 1975].

Трансформацияның II типі – құрылымның нысаналы трансформациясы. Бұл типтің пайда болуы Н.А. Баскаков изафеттің дамуымен байланыстырып қарастырады. Соңғысы кездейсоқтық емес, себебі анықтау құрылымының пәні 1 мүшесі анықталған. Екінші кезеңде III типтегі изафеттің даму үдерісі болған, ал онымен қоса трансформацияланған құрылымның қосымша безендірілуі де бар.

Трансформациялық құрылымның III типі ретінде көбірек өз беткейлігін сақтаған пысықтауыштың абсолютті айналымы болып табылады. Пысықтауышты трансформацияланған құрылымның дамуына әсер еткен екі тенденция:

- 1) шынайы есімше құрылымының моделі бойынша дамыған трансформалар;
- 2) трансформ моделі бойынша дамыған көсемшелі құрылымдар.

Сонымен, түркі тілдеріндегі трансформды құрылымдар белгілі бір катализаторлардың іс-әрекетінің арқасында дамыды. Олар:

- 1) базада екі жай сөйлемнен бір бүтін құрмалас сөйлем құру бейімділігі;
- 2) жай сөйлемдерді жайылған топтарға, көсемшелі сөз тіркестерге, бірыңғай баяндауышты сөйлемдермен безендірілуі;
- 3) түркі тілдерінің изафеттік құрылымының жекеленуіне теңеуге ұмтылу, әсіресе қосымшалы сөйлемдер, III типтегі изафеттің изафеттік құрылымның арқасында дамуы болып табылады.

Трансформацияның I типі – құрылымның атрибутивті трансформациясы. Екі жай сөйлемнің бір-біріне бағынуымен баяндауыш арқылы адъектіленіп бір бүтін болады. Осы арқылы трансформның -ған арқылы дамуын кең түрде анықтауға болады.

Башқ. *Йәлил йығылған урынанын тора алманы // Жалал жығылған орнынан тұра алмады.*

Трансформалы процестің өзі есімшенің -ған, -мыш, -тың етістікті формаларды берген кезіне сәйкес келеді.

Түр. *Aralarında yok senindi, yok benimdi, diye bir toprak kavgası mı veyahut bir kadın kaçırma meselesi mi çıktı kim bilir! // Kim біледі, «сенің-менің» деген жер мәселесі соңғысы ма, әлде бұл әйел алып қашу мәселесімен байланысты ма?!*

Жалпы Н.А. Баскаковтың «Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков» атты еңбегінде құрмалас сөйлемдерді түсіндіруде көбіне қарақалпақ тілін мысал ретінде алып отырған.

Бақылау сұрақтары:

1. Сібірдегі түркі тілдес халықтардың синтаксисінің зерттелуі.
2. Трансформ моделі бойынша дамыған көсемшелі құрылымдарға мысал келтіріңіз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Серебrenников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.
2. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. – М., 1962.
3. Абдурахманов Т.А. Основы синтаксиса сложного предложения современного узбекского литературного языка: автореф... дисс. докт. филол. – Ташкент, 1962.
4. Сапашев О.С. Көне түркі тілі. Сөйлем мүшелері. – Алматы, 2000.

15-дәріс. Түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлем

Сұрақтар:

1. Түркітануда сабақтас құрмаластың зерттелуі.
2. Қыпшақ тобындағы тілдерге тән бағыныңқы формалар.
3. Сібірдегі түркі тілдес халықтардың синтаксисінің зерттелуі.

Тірек сөздер: сабақтас құрмалас, бағыныңқылық, жалғаулықсыз құрмалас.

Құрмаластың салаласынан гөрі сабақтас түріне байланысты зерттеу еңбектер түркітануда өте көп зерттелген. Бұндай ерекшелік сонымен қатар қазақ тіл біліміне тән.

Жалпы тіл білімінде сабақтастардың бағыныңқыларын бір топ ғалымдар деформацияға ұшырап, басыңқының құрамына сіңісіп кеткен деп санайды (В.А. Богородский, А.А. Шахматова, А.М. Пешковский, Г.П. Ломтев, М.С. Бархадуров, Г.В. Кольшанский, Е.В. Гулыга, т.б.), басқалары бұларды сөйлем деп таниды [Есенов Қ., 1995]. Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы сабақтастың бағыныңқысын «бітпеген шала сөйлем», «басыныңқының шылауындағы қосшы сөйлем» деп, басыныңқыны «сөйлемдік қасиеті молырақ» деп көрсеткен болатын [Байтұрсынұлы А., 1925]. Профессор С. Аманжолов «Қазақ тілінің қысқаша курсында» (1940) салалас сөйлемдерді 20 түрге, сабақтас сөйлемдерді 18 түрге бөліп қарастырған.

Кейін ғалым С. Жиенбаев салаластарды «ойдан шығарылған жасанды сөйлемдер», «кездейсоқ белгілерге қарап жіктелген» деп, бұл 20 түрдің ішінде бірінің шеңберіне бірі еніп кететін түрлері бары» деп сынаған. Қазақ тіл білімінде Н. Сауранбаев сабақтас құрмалас сөйлемдердің негізгі белгілерін, құрмаласу тәсілдерін көрсетудегі пікірлері өз құндылығымен ерекшеленеді. С. Жиенбаев сияқты Н.Т. Сауранбаев: «... бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі бір жай мүшенің қызметін атқарады, я соның орнына жүреді» [Сауранбаев Н.Т., 2000] деп түсініктеме берген.

Өзбек тіл білімінде Г.А. Абдрахманов «Основы синтаксиса сложного предложения современного литературного узбекского языка» еңбегінде құрмаластарды – жалғаулықсыз құрмалас, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлем деп үшке бөледі, соған сәйкес жасалу жолдарын, мағыналық өрістерін саралап көрсеткен де, пікірлері Н. Сауранбаевпен үндес келеді.

Өзбек тілінің грамматикаларында, басқа да құрмалас сөйлемдер бойынша дербес монографиялық зерттеулерде «боғловчисиз боғланған кұшма гаплар» құрамына енген жай сөйлемдердің біріншісінің баяндауышы көсемшеден, есімшеден немесе есім сөздерден болып, екінші жай сөйлеммен байланыстындығын көрсетеді. Осымен қатар бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болуына қарамастан, оның басыңқы сөйлемге бағынбайтындығын дәлелдейді.

Қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде себеп бағыныңқылардың *ушын, себепли, шунинг учун, шусабабли,*

чүнки, себаби, андыктан, ошон-дуктан, ошол үчүн, счиол себептүү, анткени, себеби т.б. көмөкші сөздөрдүн колданылуусу аркылы себеп билдиретиндиги көрсөтүлгөн.

Мысалдар: *Мектебимиздин айналасы, қалың тереклик болганы себепли, ол көринбей туратуғын еди*

– Қырғ. *Быйыл күн жаанчыл болду, ошол себептүү эгин сугатты аз талап кылды. Бирок Саиа менен жолдош болгондон бери ал адатын койду, анткени Саиа бир нече жолу кызуу болуу керек эместигин эскерткен.*

Шамол орқадан эсарди, шунинг учун уйга қараб боришим унча қийин эмас эди. Уйда мех.монлар куп булди, шу сабабли кизлар ён кушниникида бир хонани эгалладилар. гыш коп яганы себэпли, ёллар батга болупдыр. Мен сапакларымы говы окаянылыгым учин, мугаллымыларымыз мени говы гөрийэрлер. Мен дүйн сизе гелип билмедим, чүнки өйде ишимкөп болды.

Өзбек тилинде себеп бағыныңқы сөйлем *-ки, -ми* аффикстерімен қоса *-ғач* түріндегі көсемше аркылы жасалатындығы айтылады.

Қарақалпақ тилинде себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем *себеп бағыныңқы қоспа гап*, қырғыз тилинде *себеп жандама сүйлөм*, өзбек тилинде *сабаб эргаи гапли* кушма *гаплар*, үйғыр тилинде *сөвөп беқинда жүмлилиқ қошма жүмллиэр*, түрікмен тилинде *себэп эержеңли сөзлеми деп* аталады.

Көптеген түркі тилдерінің мысалдары себеп бағыныңқылардың себеп пен салдардың себеп-нәтиже отенкасының бір-бірімен байланысты болатындығы көрсетіледі.

Мысалдар: *Қастарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген оқиға сөзін бастаған жоқ. Онда жаңағы бүгілмеген аяғының жарасы бітпегендіктен, шалғыға жарамай, ол да бізбен бірге машина айдады.*

Кемеде топтанып отыру қауіплі болғанлықтан, мен жүзіп шығуды кеңес еттім. Быйыл қыс қатты келгенліктен, муз қалың қатқан еди.

Бирок айлана анчалық жарық болбогондуктан, кийин, кайсы, таи кайсы, ажырата алышпады.

Бу уй илғари бедахона булганидан, дарчаси хам йук эди. Одамлар куп булганидан, сухбат умимий магзуга қучмаган эди.

Мысалдардан байқағанымыздай, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шығыс септігіндегі есімшеге бітіп, басынқы сөйлеммен байланысқан.

Бағыныңқы сөйлемнің бұндай формасы қыпшақ тобындағы тілдерге тән болса да, өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде ондай емес екендігі сезіледі. Сол сияқты есімшенің *соң* шылауымен айтылуы арқылы себеп бағыныңқы сөйлем жасалады, бірақ аздап мезгілдік реңктері сезіледі. Мысалдар:

Қаз. *Басқа күн көрістері қалмаған соң, теңіз жағасына құлаған жүдеу ауылдың жетім кемпірі не істейді?* (Ғ. Мүсірепов).

Қ.қалп. *Шана қарға батып ысылдап жүрмеген соң, Ахантай алдынан тиртты*

Қырғ. *Өзү бойдок болгон соң, анын иши да көп. Өз курбуларым болбогон соң, баары бир жалғызга эсе да.*

Башқ. *Hin toğrolokto aytkanda yaratmayhing // Сен шындықты айтқанды ұнатпайсың.*

Yulga irtani halkında sigarbız // Жолға таң сәрісінде шығармыз.

Sağat östö huktı // Сағат үштен кетті.

Kistarın min öydö bulam // Күнде кешкісін мен үйде боламын.

Uynap höylahang da uylap höyla! // Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле!

Алт. *Avtomobil artka körö sürekey türgen barıp çat // Автокөлік атқа қарағанда өте жылдам жүреді.*

Turapın tışında saş car cat // Сыртта (үйдің сыртында) жаңбыр жауып жатыр.

Keşe epırde bis kinodo // Кеше кешкісін біз киноға бардық.

Vi bişik suukta çıkkın // Бұл кітап жақында гана шықты.

Nemelerdi turağa kiydirip salıng! // Нәрселерді үйге тасыңдар!

Сібірдегі түркі тілдес халықтардың синтаксисінің зерттелуі фонетикасы мен морфологиясына қарағанда кенжелеу деп саналады.

Л.А. Шамина «тек Е.И. Убрятованың якут тілінің құрмалас сөйлемдерін зерттегені болмаса, басқа тілдер туралы олай айта алмаймыз» дейді.

Якут. *Дьоно суох буолтар, онуоха буут биэрдэ // адамдар тез кетіп қалды, сол себепті ол да қашып кетті.*

София иннилэригэр «Табахтаамаң!», «Кургутун бааның!» диэн таблолар умайбыттарын диэки сэңийэтинэн ыйан кэбис-

тә // София иегімен алдындағы «Темекі шекпе» және «Белбеуіңді тақ» деп жазылған таблоны нұсқады.

Тыал күөлгә, Түнкәлэй кыһын кытта балыктыы сылдъар өттүлэригэр, куускэ баһайы үрэн сирилэтэр // Түнкелей қызымен балық аулап отырған көлдің арғы бетінде жел өте қатты соғып тұрды.

Соңғы кездері Л.А. Шаминаның «Атрибутивные бипредикативные конструкции в тюркских языках Южной Сибири», «Аспектуально-таксисные формы в тувинском языке», «Полипредикативный синтаксис тюркских языков Южной Сибири», «Актуальные проблемы грамматики тувинского языка в трудах Н.Ф. Катанова» атты зерттеулері жарыққа шықты.

Якут тілі түркі тілдері арасында құрылымы жағынан өзгеше болып келеді. Н. Малышева былай дейді: «Перед тюркологами Якутии стоит задача – определить историю происхождения якутского языка. По вопросу его исторического происхождения и взаимодействия с другими языками были высказаны самые различные мнения российских и зарубежных лингвистов. Исследователь Отто Бетлингк одним из первых предложил доказательство о тюркском происхождении якутского языка и пришел к выводу, что он значительно отличается от других языков и является самым древним из всех современных тюркских языков».

Бакылау сұрақтары:

1. Сібірдегі түркі тілдес халықтардың синтаксисінің зерттелуі.
2. Орта Азиядағы түркі халықтарының синтаксисінің зерттелуі.
3. Еділ бойы түркі халықтарының синтаксисінің зерттелуі.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – Баку, 1979.
2. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. – М., 1962.
3. Айтбаев Д. Өзбек тіліндегі салалас құрмалас сөйлемдер // Түркология. – 2011. – № 4.
4. Абдурахманов Т.А. Основы синтаксиса сложного предложения современного узбекского литературного языка: автореф. дисс... докт. филол. – Ташкент, 1962.
5. Сапашев О.С. Көне түркі тілі. Сөйлем мүшелері. – Алматы, 2000.

СЕМИНАРЛАР. ФОНЕТИКА

1-семинар. Түркі тілдерін зерттеу: салыстырмалы-тарихи әдістер

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің алғашқы өкілдері Ф. Бопп пен Р. Раск өз еңбектерінде тілдің дыбыстық жағын тарихи негізде талдауға көбірек көңіл бөлді. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің мақсаттарының бірі қазіргі белгілі тілдердің ата тілінің өзгерістерін зерттеу, яғни қайта құру. Реконструкция дегеніміз – ататілдің белгісіз қалған тілдік тұлғаларын, элементтерін, олардың мәнін, қасиет-белгілерін тарихи-салыстырмалы әдістердің жиынтығының бар мүмкіндіктерін қолданып, бүгінгі туыстас тілдерден іздестіру. Тарихи-салыстырмалы әдістің басты ұстанымы – тілдердің, тілдік фактілердің тарихи байланысы мен жүйесін сақтай отырып салыстыру.

Шығыс тілдерін зерттеуші орыс ғалымдары да салыстырмалы-тарихи әдісті қолданған. Алғаш рет XVIII ғасырда жасалған «Сравнительные словари всех языков и наречий, собранные десницею Всевысочайшей особы» (1733-1787) деген салыстырма сөздік шыққан болатын. Бұл әдістердің Ресейде ғылыми негізде дамуына А.К. Казем-Бек, И.Н. Березин, А.Е. Крымский және алтай грамматистері үлкен үлес қосты.

Дегенмен де салыстырмалы-тарихи әдіс тек О.фон Бетлингк пен В.В. Радлов, Л.З. Будаговтардың еңбектерінде ғана толық қолданыс тапты. XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап Н.Ф. Катанов, П.М. Мелиоранский, ал XX ғ. бастап Ф.Е. Корш, А.Н. Самойлович, Е.Д. Поливанов, т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулерге өз үлесін қосқан орыс түркологтары А.Н. Кононов, В.А. Богородицкий, Е.Д. Полива-

нов, Н.К. Дмитриев, С.Е. Малов, Э.В. Севортян, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак, Б.А. Серебренников, Н.З. Гаджиева, К.М. Мұсаев т.б. ғалымдар салыстырмалы әдіс негізінде жазылған зерттеулері бүгінгі күнгі ғылыми зертеулерге негіз болып келеді.

Түркітанушы ғалымдар салыстыра зерттеудің бірнеше типтерін айқындаған. Бұл типтерді ғалым Е.И. Убрятова төмендегідей саралайды:

1. Жекелеген түркі тілдерінің грамматикасын басқа тілді сипаттау үшін қолданылатын салыстырмалы материалдар: А. Казем-Бектің, О.Н. Бёлинктің, Н. Ашмариннің, Н.Ф. Катановтың еңбектерінде көрініс тапты [Убрятова Е.И., 1950].

2. Түркітанудың салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы зерттеулері орыс армиясының майоры М.А. Терентьевтің қазақ тілін түрік, парсы, өзбек тілдерімен салыстыра зерттеуін, Н.И. Ильминскийдің «Алтай тілінің грамматикасын» телеут, алтай, шор, тува тілдері бойынша салыстырғанын айта кетуге болады.

Қазақ грамматисі Т. Қордабаев: «Ильминскийдің бұл сөздігін қазақша-орысша сөздіктердің алғашқы қарлығашы деген жөн» деген болатын. М.А. Терентьев грамматикалық сипаттау тек морфологияға ғана арналғанын және де Ильминскийдің «Материалына» сүйенгендігін айтады. П.М. Мелиоранскийдің 42 еңбегінің 20-сы түркітануға, 20-сы лингвистикаға арналғанын және түрік, араб, парсы тілдерімен, В.В. Катаринскийдің алтай тілдерімен салыстыра зерттеуі де маңызды еңбектердің қатарында болып саналады.

Профессор М. Томанов тарихи-салыстырмалы әдістің қолданылатын мынадай негізгі орындары бар екенін айтады:

1) бір тілдің бір кезеңге қатысты, бірақ бір жүйеге жататын, қызметі мен семантикалық жағынан бір-біріне эквивалент болатын фактілерін салыстыру;

2) бір уақытта өмір сүрген, өмір сүретін, бір-біріне тілдік, тарихи жақындығы бар тілдер материалдарын салыстыру барысында түркі тілдерінің бір-біріне жақын, ұқсас екендігі анықталады [Томанов М., 1988].

Түркологияда салыстырмалы-тарихи зерттеуге жол ашқан Махмұд Қашқари болып саналады. Алайда академик Ә. Қайдар оны салыстырмалы-тарихи әдісті толық қолдана алмаған, түркі

халықтарының өзіне дейінгі тарихын, даму жолын талдамаған деп санайды [Қайдар Ә., 2004]. Академик Ә. Қайдар салыстырмалы-тарихи зерттеулерге қойылатын талаптарды төмендегі қағидалармен толықтырды:

1) тіл материалын салыстырғанда оның қазіргі жайын өткендегі тарихымен байланыстыра қараған жөн: кез келген салыстыру қазіргі қолданылып жүрген форма мен ең көне деп саналатын форманың арасындағы даму процесін белгілеу, дәлелдеу болып саналады. Қазіргі тілдердегі көне сөздерді Орхон-Енисей, Талас жазулары, «Құтадғу білік», «Диуани лұғат-ит түрк» т.б. ескерткіштерден іздеуге де, салыстыруға да болады.

2) салыстырмалы-тарихи зерттеуде әр тілдің ішкі заңдылығы есепке алынуы керек. Фонетикалық ерекшеліктер баяу өзгереді, олардың арасындағы заңдылық ұзақ сақталады, бұлардың бөрінен де грамматикалық ерекшеліктер әлдеқайда тұрақты.

3) салыстырмалы-тарихи зерттеу хронологиялық заңдылықты да қатаң сақтауы қажет. Хронологиялық тәртіп сақталынбаса, тіл фактілері анохронизмге ұшырап, тілдік заңдылықтар дұрыс ашылмайды: *Алаган қолым береген* мақалындағы *-аган // -еген* формасы қимылдың көп қайталануын, оның дағдылы амал-әрекетке айналып, сындық мағынаға өтуін белгілейді. А.М. Щербак XIV-XVI ғ. ескерткіштері тілінде *-аган// -оган* қосымшасын оны осы шақтық есімшеге тән деп санайды.

4) салыстырмалы-тарихи зерттеулерде тілдердің генеологиялық жақындығы есепке алынады. Ең алдымен, оның өз ішіндегі говорларымен, кейін қыпшақ-ноғай тобындағы ноғай, қарақалпақ тілдерінің материалдарымен салыстырған жөн. Әр тілден көрініс беретін аймақтық изоглоссалар синхронды және жүйелі шарттылық сипатта болады, мыс: *č~š, š~s* алмасулары қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің микроареалдарында кездеседі.

5) салыстырмалы-тарихи зерттеулердің фактілері – дыбыстар мен оның заңдылықтары, морфологиялық тұлғалар, сөйлем жүйесі және сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналары. Чуваш тіліндегі *хер* сөзі мен көпшілік түркі тіліндегі *қыз* сөзінің арасындағы айырмашылықтар осы тілдерге тән заңдылықтар *қ-ның х-ға, з-ның р-ға, ы-ның е-ге* алмасуы не сәйкестігі негізінде дәлелденуге тиіс.

б) дыбыс жүйесіндегі делабиализациялану, спирантизациялану т.б. процестердің қыпшақ және оғыз тілдерінде ұшырасуы конвергентті изоглоссалық құбылыстар да есепке алынады, мысалы, татар тіліндегі ДД-дың қысқандануы редукциялық сипатта болса, әзірбайжан тіліндегі ДД-дың қысқандануында фонетикалық ықпалдардың әсері болмайды немесе к дыбысының чуваш тілінде х дыбысына ауысуы тілдің біршама алға жылжуымен байланысты дыбыстың редукциялануы негізінде жүзеге асады тат. *kış* ~ чув. *xel* / *қыс*.

Тілдік деректерді салыстыру қазақ тілінде жіңішке дыбыс-талатын бірқатар сөздердің түрік тілінде жуан вариантта сақталып қалғандығын дәйектейді. Мысалы: түрік тілінде *koşa* сөзі «ер, күйеу» мағынасымен қатар, *koşa* «ескі, кәрі» мәнінде қолданылады. *Коша* сөзі қазақ тілінде *көсе* болып жіңішке айтылады.

Қысқаша айтқанда, түркі тілдері ертеден бері бір-бірімен салыстыра зерттеліп келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің негізгі белгілері.
2. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы Ә. Жүнісбектің сингема туралы пікірі.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова О.М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971.
2. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004.

2-семинар. Түркі тілдерінің негізгі фонетикалық ерекшеліктері

Қазақ тілі фонологиялық жүйесіндегі үндестік заңы жайлы еуропалық дәстүр бойынша қалыптасқан анықтамадан әлдеқайда терең де ауқымды, жаңаша көзқарас қалыптасып, дыбыс жүйесіндегі мағына ажыратуға қабілетті сегменттерге байланысты сегментология терминін профессор Ә. Жүнісбек енгізді.

Қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі тілдік ерекшеліктері:

- а) 8-9 дауысты дыбыстан құралуы;
- ә) қосымшаларды қысаң ДД-дың еріндікке айналмауы;
- б) дауыстыларда ерін үндестігінің әлсіздік танытуы;
- в) созылыңқы ДД-дың болмауы;
- г) дауысты және дауыссыз дыбыстардың көнесі мен жаңасының сәйкес келуі: *ағ-ав (ау), ег-ий, өз-үй, мысалы, тағ-тау, тег-тий, өгрен-үйрен;*
- д) сөз басында қатаң т, к, қ дыбыстарының қолданылуы *тіл, кел;*
- е) сөз басында и, ж, дж тарихи дыбыстарының тұрақсыздығы: *йақшы – жақсы – джақсы;*
- ж) дауысты дыбыстар арасында *п-б, қ-г, к-г* болып үяндауы (қақ – қағу, көк – көгеру, тап – табу) т.б. [Базылхан Б., 1999].

Долған тілінің негізгі ерекшеліктері:

Долған тілінде оқулық, бағдарлама, сөздік т.б. оқу құралдарын Е.Е. Аксенова, А.А. Барболина, В.Н. Парфирьев, М.И. Попова, Н.П. Бельтюкова, Н.М. Артемьев, А.А. Петров т.б. ғалымдар дайындады. <http://webcache.googleusercontent.com>

1. Вокализмдерде 20 фонема бар: 8 қысқа, 8 ұзын дауысты, 4 дифтонг бар: *а, о, у, ы, ә, в, и, аа, оо, уу, ыы, ээ, ев, уу, ии, ыа, уо, иэ, ув.*

2. Дауысты монофтонгтары фонетикалық 4 принцип бойынша құралады: қысқа-ұзын; алдыңғы-артқы. Мысалы.: *шағу-қир; киір-кіру; биис-ұрпақ; быыс-перде; курт-қазу; куург-күшену; куус-күш; куур-құрғау; тэс-тесу; гас-кю; кээс-қалдыру; Тар-кең; Тар-таяз; Ким-кім кэм-уақыт бит-өдет бут-бітіру кэт-киіну кет-үшу куьун/ күз ук-салу*

3. Дифтонгоидтар – (иэ, ув, ыа, уо).

- 1) а, ә, аа, ээ – *тең-таз;*
- 2) о, е, оо, ее – *кең-терең;*
- 3) ы, и, ыы, ии, ыа, иэ – *кең-таяз;*
- 4) у, уу, уо – *кең-терең.*

✓ Жаңа ұйғыр тілінің негізгі ерекшеліктері:

1. Ы дауыстысы айтылмайды, қ және ғ келгенде сақталып қалады: *ташның, оқуватимән, алидиган, жылқи, қыз* т.б.

2. Ы дауыстысының жойылуы себебінен и дауыстысы айтылады: *тилға, жипқа, ииқа* т.б.

3. Орта буын дауыстысының жіңішкелеп *и*-ге ауысуы: *da-da* – *dadisi*; *bala* – *balisi*; *qollan* – *qollinişi*; *ana* – *anisi*; *sözläşi* – *sözlişishi*.

4. Орта буын дауыстысының жіңішкелеп *у* немесе *ү*-ге ауысуы: *qulaq* – *qulugum*; *жүрәк* – *жүрүгүм*; т.б.

5. Сөз басындағы *й* дауыссызының *и*, *ы* және *у*, *ү* алдында *ж*-ға ауысуы: *жип*, *жипәк*, *жигла*, *жигирмә*, *жут*, *жутум*, *жуқури*, *жүрәк* т.б.

✓ Башқұрт тілінің фонетикалық ерекшеліктері:

Орфографиялық жағынан **о**, **ө** және **ү** фонемаларының ауысып келетіндігі де бұл тілдің ерекшелігін танытады. Бұған мысал: башқұртша «төң, һөң, һөт, үт» сөздері қазақша тиісінше «түн, соң, сүт, өт», ал қазақ тіліндегі «күн» атауы башқұрттарда «көн» болады. Соңғы сөзді татарлар ғана еш өзгеріссіз, сол қалпында пайдаланады, қалған түркі халықтарында ол «үн» ноғай, қырғыз, қарақалпақ, қырымлы, алтай, шұлым, шор, бараба, «кун» өзбек, ұйғыр, саха, қарайым, «кюн» қарашай-малқар, «гүн» түрік, түркімен, әзірбайжан, гагауз, «гюн» құмық тұлғаларында ұшырасады.

Башқұрт тілінің СЗД жүйесінде де осындай өзгешіліктер бар. Ол ең алдымен **с**, **ш**, **з** әріптерінің орнына **һ**, **ш**, **с** таңбаларының алмасып қолданылатындығынан байқалады. Мысалы, қазақ тіліндегі «сал» башқұртша – «*һал*», *сөз* – *һүдз*, *сабақ* – *һабақ*, *сөйлем* – *һөйләм*, *сұрау* – *қорау*, *соқпақ* – *һүкмақ*, *сыздауық* – *һызлауық*, *шанышқы* – *сәнске*, *тышқан* – *сыскан*, *шешен* – *сәсән*, *ағаш* – *ағас*, *неше* – *нисә*, *шаңғы* – *саңғы*, *лашын* – *ыласын*, *қамшы* – *қамсы*, *отырыс* – *ултырыш*, *ас* – *аш*, *таныс* – *таныш*, *қарсы* – *қаршы*, *ұқсас* – *оқшаш*, *кеңес* – *кәңәш*, *кісі* – *кеше*, *қыз* – *қыз*, *қайда* – *қайдза* және т.б.

✓ Түрікмен тілінің фонетикалық ерекшеліктері:

1. Негізгі түрік тіліндегі негізгі ұзын ДД-дың жүйелі болып сақталуы: *at* «*ad*», *öt* «*ateş*», *giz* «*kız*», *üç* «*üç*», *öt* «*od safra*», *düys* «*düş*, *rüya*», *biz* «*çivaldız*» т.б.

2. Жабық ұзын /*e*/ дауыстысының ұзын /*i/ye/* келуі *bil*, *giç*, *gice*, *ging*, *il* т.б.

3. Ашық ұзын /*a*/ дауыстысының фонем ретінде болуы: *dal* «*değil*», *del* «*yabancı*», *dari* «*ilaç*, *deri*», *at* – «*adım atmak*», *et* – *kase* «*bardak*», *kese* «*yatay*», *kar* «*iş*, *meslek*»,» т.б.

4. Екі буынды етістік түбір мен денелерінің соңындағы *i, u* және *i, ü* дауыстыларына тән *a* және *e/ye* болып келеді: *oka-, doka-, uvla-, baya-, berke-, galna-, çüyre-, semre-* т.б.

5. Дөңгелек белгісінің жоғалуы: *dolı, ulı, öli, uzın, için, bütün* т.б.

✓ **Қырғыз тілінің негізгі ерекшеліктері:**

1. Қазіргі қырғыз тіліндегі 14 дауысты фонеманың 8-і – қысқа дауыстылар, 6-ы – СД болып келеді. Морфологиялық құрылымы жағынан қырғыз тілі солтүстік және оңтүстік диалектілеріне бөлінеді. Әдеби тілі солтүстік диалектісі негізінде қалыптасқан, оңтүстік диалектісінде қазақ, өзбек тілдерінің әсері байқалады. Әртүрлі дыбыстардың қосылу нәтижесінде созылыңқы дауысты пайда болған: *öz, bör, cö, tö, cü, tü, alü, berü, arü, azü, altü, beş* т.б.

2. СД-ының басқаша сипат алуы: *a`rı -arı, ba`la, bala, b`atır- batır, b`or- bor, can, c`ak – cak* т.б.

3. Ерін мен езуге байланысты *а-о-о-о-ө-е-ө-ө, ü-е-ü-ө* дыбыстардың пайда болуы *bördoş, coldoş, korkok, böğö, böyrök, cürök* / *и-* дан кейін келген *а* дөңгеленбейді, мысалы *butak, kulak, kuşak*.

4. Фонетикасында сөз басындағы спирант *ж* қатайып, аффрикат *дж* болып, *ш* дыбысы қатайып *ч* болып айтылады, *с* дыбысы *ш* дыбысымен алмасады. Ілік септігінің жалғауы *н* дыбысымен аяқталады: *баланын, адамнын*.

✓ **Өзбек тілінің негізгі ерекшеліктері:**

1. Өзбек тілінде сөйлеушілер: **О-мен сөйлеушілер, А-мен сөйлеушілер** деп 2-ге бөлінеді: *охшом – ахшам*.

2. Үндестік заңы жоқ.

3. Екпінсіз болған *о* дыбысын екпінді етіп айту.

4. Сөз басында *й* дыбысы қолданылады: *йол – жол, йин – жин*

5. Сөздің ортасы мен соңында *ғ, г* дыбыстары қолданылады: *тағ – тау, ағыз – ауыз*.

Қазіргі өзбек тілінде барлық түркі халықтарына тән [o], [ö] дауысты дыбыстары [o], [ö], [u], [ü], [ɪ], [i] дыбыстарына сәйкес келеді және алғашқы буында дауысты дыбыстар созылыңқы болып айтылмайды. Жалпы түркі тілдерінің *о, е, ө* дауысты дыбыстарындағы түбірдің дифтонгизациялануы сөз буынына және ықпал соңғы буынына түседі.

✓ **Гагауз тіліне тән фонетикалық ерекшеліктер:**

1) гагауз тілінде тіл арты дыбыстары орнына дауысты дыбыстың екіленуі кеңінен қолданылады: *сабаа* орнына *сабах* – таң; доору орнына *доғру* – тура; даада орнына *дағда* – тауда; *заамет* орнына *захмет* – еңбек; *ююсек усек* орнына *юксек* – *биік*: *оол* орнына *огул* – үл, *оол* – тува, *оол* – хакас және шор, *уул* – алт. және қырғ., *аар* орнына *ағыр* – ауыр; *аар* – тув. *аар* – хак. және шор. *уур* – алт.

2) кейбір кезде тіл арты дыбыстары сөз басында түсіп қалады: *ачан* орнына *качан* – *қашан*; *ани* – *қайда*; сөз ортасында: *анатар* орнына *анахтар* – кілт; *масус* орнына *махсус* – арнайы; *ел иши уроу* – қол жұмысы сабақтары. Сөйлеу тілінде «х» дыбысының орнына «ф» айтылады: *тафта* орнына *тахта-тақтай*.

а) көне түркі сөздерінде «й» дыбысы түсіп қалады:

сөз басында: урек / *юрек* – *жүрек*, узер / *юзер* – *жүзер*;

сөз ортасында: оле / *ойле* – *солай*, соле / сойле – сөйле, айт, буук / *бююк* – *үлкен*. Сөздің басында бұл сөздерді салыстыратын болсақ, өзбек тіліндегі «й» дыбысының сақталатынын байқауға болады: *юрак*, *буюк*, *суйла* т.б. Көптеген жағдайда сөз басында ДД-дың алдында қос дыбыстардың (я, ю, е) пайда болуы байқалады. Бұл түркі тілдерінде көп кездесе бермейді. Мыс: юст / уст-жоғары, юч / уч-үш, ен / энг – ең, ески о / эски – ескі, екин / экин – егіп, есер / эсер – (жел соғып), ёз / оз-өз, ев / эв – үй, елбет / элбет – әлбетте, ёрнек / өрнек – мысал, юстюня / устюня – жоғары [Сырф В.И., 2012].

✓ **Қарайым тілінің ерекшеліктері:**

Қарайым тілінің диалектілерінде – 8 дауысты дыбыс, галиция диалектісінде – 6-25 дауыссыз дыбыс бар. Қарайым грамматикасын зерттеген К.М. Мусаев галиция диалектісінде *ң*, *ж*, *дж*, *ч* дыбыстары жоқ екенін, ал тракай диалектісінде болса, галиция диалектісінде қолданылатын *дз*, *ц* дыбыстары жоқ екенін айтады. Басқа түркі тілдерінен айырмашылығы әйел тегін білдіретін арнайы қосымшалары бар. Мысалы, *оруска* «орыс әйел», *эсовка* «поляк әйел», *раббатка* «еврей», *кулка* «күн», *таныгсызка* «бейтаныс», *консуга* «солдат», *арысланка*, «арыстан», *бузовка* «бұзау» т.б. Бұл ерекшелік чуваш тілінде ғана бар.

Қарайым тілінде адамның ұл не қыз деген мағынаны білдіретін 2-грамматикалық форма **-ча,-че// -ца,-це**. Мысалы, *достча /достца «құрбы», сюварчя/сиверце «сүйікті»* т.б. [Мусаев К.М., 1964].

✓ **Қарашай-балқар тілінің ерекшеліктері:**

Қарашай-балқар әдеби тілі Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан. Қазіргі кезде бұл тілде 2 диалект бар деп есептеледі. Бірінші топқа қарашай-бақсан-шегем диалектілері енеді. Бұл топтағы диалектіні **«ч-з-мен сөйлеушілер»** деп те атайды. Екінші топқа черкес-холамо-бызынчы диалектілері енеді. Бұл екі диалекті бір-бірінен, негізінен, фонетикалық ерекшелігімен ажыратылады. Ц-з диалектісіндегі сөздердің мынадай ерекшелігі бар: басқа диалектілерде сөздің құрамында ч дыбысы қолданылса, мұнда сөздің барлық деңгейінде ц дыбысы алынады. Мысалы, *ацлыкь* (ачлыкь орнына) «аштық», *юцунцю* (ючюнчню орнына) «үшінші», *цап* (чап орнына) «қашу» т.б.

Басқа диалектілерде сөз басында дж/ж дыбысы қолданылса, мұнда з дыбысы қолданылады. Мысалы, *зол* (джол/жол орнына) «жол», *зыл* (джыл/жыл орнына) «жыл» т.б.

Сөздердің бас жағынан басқа жерлерде қолданылатын б/п дыбыстарының орнына **ф** дыбысы пайдаланылады. Мысалы, *цоф* (чап орнына) «қаш», *цефхен* (чепкан орнына) – *«шұға»* т.б. Қарашай-балқар әдеби тілі қарашай-базсан-шегем диалектісі негізінде қалыптасқан.

Чуваш тілінің фонетикалық ерекшеліктері:

Чуваш тілін басқа түркі тілдерінен ерекшелейтін «таза чуваштық» белгілер қатарына сөздің басқа шеніндегі этимологиялық ДД-дың орнына ДД-дың дауыссыздармен тіркестерінің айтылуы жатады. Езулік ДД-дың орнына й-мен келетін дыбыс тіркестері, еріндік ДД-дың орнына в (у)- мен келетін дыбыс тіркестері (дифтонгтар) айтылады. Соңғы и түрі (в-мен келген) байырғы сөздер құрамында барлық уақытта сақталады. Егер бұл заңдылық сақталмаса, ондай сөз соңғы кездерде басқа тілдерден ауысқан деп қаралады. Чуваш вокализмінің тағы бір ерекшелігі – сөз ортасында ДД-дың «қысқарып» қысқанданады: *піс* – *пыш*, *пезэр* – *қайнату*, *шыв* – *су* [Томанов М., 1986].

✓ **Шор тілінің фонетикалық ерекшеліктері:**

Шор тілінде 8 қысқа, 8 созылыңқы дауысты дыбыс бар: а, ә (е) о, у, ы, и, аа, оо, уу, яя, ыы, ии, ээ (ее); дауыссыздар саны – 25: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, с, т, ф, х, ч, ш, щ, ц, ч, п. Шор тілінің құрамында 2 диалекті бар: біріншісі – **з / с (z)** немесе марасс диалектісі де, екіншісі – **й** немесе кондом диалектісі. Бұл екі диалектінің арасында мынадай айырмашылықтар бар: марасс диалектісіндегі з/с дыбыстарына кондом диалектісіне й дыбысы сәйкес келеді. Мысалы: *мизяк-пийик* «биік-биік», *кес-кий* «кию».

✓ **Хакас тіліне тән ерекшеліктер:**

а) өзге түркі тілдерінде сөз ортасында өзгеріп келетін **т ~ д ~ й** дыбыстарының **з** дыбысы қолданылады: *азах* басқа тілдерде *атах адақ*, *айақ* «аяқ», екінші топтағы тілдерде бұл байқалмайды;

ә) өзге түркі тілдерінде сөз соңындағы **й** дыбысының **с~з** дыбыстары қолданылады: *кес* (*кий*– «кию»), 2- топтағы тілдерде бұл құбылыс байқалмайды;

б) сөз басында басқа тілдерде қолданылатын **й ~ ж ~ дж ~ д ~ с** дыбыстарының орнына **ч** не **н, ң** (*н* орфография бойынша) қолданылады: *чыл* (басқа тілдерде: *жыл ~ джыл ~ дыл ~ сыл* «жыл»), *наңмыр // намдур // нанмур* (басқа тілдерде *йагмыр ~ йамгыр/жаңбыр*);

в) сөз ортасында **м/б** дыбыстарының алмасуы: *қэбэ/кеме, тэбир /тэмир/* темір т.б

✓ **Якут тіліне тән ерекшеліктер:**

а) өзге түркі тілдерінде сөз ортасында кездесетін **д, з, й** дыбыстарының орнына **т** дыбысы қолданылады: *атах* (басқа тілдерде: *адах, азақ, аяқ*, «аяқ»);

ә) өзге түркі тілдерінде **й~ж~дж~д~ч** дыбыстарының орнына **с** дыбысы қолданылады: *сыя* (басқа тілдерде *йыл, жыл, джыл, дыл, чыл* / жыл, суол (басқа тілдерде: *йол, жол, джол, чол/жол*));

б) кей сөздердің бастапқы **с** дыбысының түсіп қалуы байқалады: *агыс* (басқа тілдерде *сегиз* «сегіз»), *ән* (басқа тілдерде *сән* «сен»)

в) өзге түркі тілдерінде сөз ортасындағы **с, ш, щ** дыбыстарының **қ** дыбысына өтуі байқалады: *бықах* < *бышак//пышак//пичак* «пышақ»).

г) өзге түркі тілдерінде кездеспейтін *иа, иә, уо, үө* қос дауысты дыбыстары т.б.

С.Е. Маловтың «Якутский язык и его отношение к другим тюркским языкам» (1941) деген баяндамасында дыбыстардың ілгерілеу үдерісіне байланысты ілгерілеу заңдылығы термині алғаш рет қолданылады.

Ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылған сөз соңы мен сөз ортасында қолданылатын *у/г* дауыссыздарының қазіргі тілдерде сақталуы түркі белгісі болып табылатыны жайлы пікірлер басқа лингвистикалық әдебиеттерде де кеңінен айтылып жүр [Ескеева М.Қ., 2008].

✓ Алтай тіліне тән ерекшеліктер:

Фонетикада сөздің бірінші буыны әріптерінің алмасып келетіні *у – о, ү – ө, и – е, оо – уу* байқалады. Солтүстікте: *ул – оңтүстікте: ол (ол); сол сияқты одан әрі: ура – оро (ұра), мүрө – бөрү (бөрі, қасқыр), нүрүк – бөрүк (бөрік), сибис – семис (семіз), ник – бек (мықты, күшті, бек, берік), оол – уул (ұл, жігіт).*

Өзбек тілі сөздің басында қатаң *п* дыбысын көп қолданатын тілдер қатарына кіреді. В.В. Решетов өзбек тілінің кейбір диалектілерінде сөздің басында барлық уақыт қатаң *п* дыбысының қолданатынын айтады Ф.А. Абдуллаев өзбек тілінің қыпшақ говорларында сөздің басында *б* дыбысының орнына барлық уақыт *п* дыбысының қолданылатынын көрсетеді [Абдуллаев Ф.А., 1967].

Бақылау сұрақтары:

1. Чуваш тілінің фонетикалық ерекшеліктері қандай?
2. О-мен сөйлеушілер, А-мен сөйлеушілер қай тілде кездеседі?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Щербак А.К. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
2. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.
3. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Алматы, 2008.

3-семинар. Созылыңқы дауысты дыбыстардың ерекшеліктері

Түркі тілдерінің фонетикасына эксперименттік зерттеу әсіресе 1950 жылдан кейін күшті қарқынмен алға басты. Әзірбайжан тілінің фонетикасы туралы Ф.А. Кязимовтың (1951) чуваш тілінің фонетикасы туралы Е.Н. Степанованың кандидаттық диссертацияларын, якут тілінің фонетикасы туралы П.П. Барешковтың (1957), татар тілін басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеген У.Ш. Байчураның (1959,1961) еңбектерін атауға болады. Сол сияқты якут тілі туралы О.С. Корнилова (1959) мен Н.Д. Дьячновскийдің (1966), өзбек тілі туралы А. Махмудов (1960) пен С. Атамирзаеваның (1963/), азербайжан тілі туралы А.А. Ахунов (1964) пен Ш.М. Абдуллаевтың (1964), түрікмен тілі туралы А.А. Одековтың (1964) кандидаттық диссертациялары да түркі тілдерін эксперимент арқылы зерттеудің тарихына қосылған зор табыстар.

Д. Поливанов ұйғыр мен орхон жазуларынан басқа Махмуд Қашқари сөздігінде қысқа және СД-дың бар екендігін атап көрсетті.

Айта кету керек, Е.Д.Поливанов (1891-1938) – қуғын-сүргінде жүріп, жалпы тіл біліміне байланысты көптеген құнды пікір қалдырған ғалым. Ол алтай тіл бірлігін талдап, түркі, моңғол, корей және жапон тілдерін зерттеген, өзбек тілі диалектологиясының негізін жасап кетті.

Шетел ғалымдарынан О.Н. Туна мен Т. Текин кейінгі кездері көне түркі жазуларындағы созылыңқы дауысты дыбыстар туралы мақалалар жазды. А.М. Щербак кейбір жағдайда Енисей, Орхон жазуларында СД-дың бар екендігін графикалық жағынан да байқауға болады деп көрсетті. Ол үшін төмендегі сөздерді мысал түрінде көрсеттік: *йаағым – менің жауым, аатым – менің атым, баай – бай, йааш – жас,тааш – тас, аачсық – аш, аарқада – арқада, кейінде.*

Барлық түркі тілдерінде ДД-дың ашық, қысаң топтары қолданылады. ДД-дың ашық және қысаң сапалық топтарына жіктелуі ауыз қуысының ашылу дәрежесіне немесе дыбысталу процесінде тілдің көтерілуі дәрежесіне байланысты. Ашық дауыс-

тылар ауыз қуысының барынша ашылуы арқылы, қысаң дауыстылар сәл ғана ашылуымен дыбысталады. Дегенмен ауыз қуысының ашылу дәрежесі барлық ашық ДД-дың дыбысталуында бірдей дәрежеде бола бермейді. Фонетика мамандары ауыз қуысының барынша ашылуы арқылы пайда болатын дауыстылар мен бір қалыпты ашылуынан пайда болатын ашық дауыстыларды ажыратады.

Түркі тілдеріндегі дауыстыларды бұл принцип бойынша топтастырғанда, бір жағынан, сапалық тұрғыдан олардың біркелкі еместігін, екінші жағынан, сан жағынан әртүрлілігін көруге болады. Жалпы, туыс тілдер арасында дыбыстардың сапалық топтарының біркелкі болуы сирек кездесетін құбылыс. Мысалы, қыпшақ тобына жататын тілдер құрамындағы ДД-дың сапалық топтары бірдей емес.

Барлық түркі тілдерінде дауыстылар ашық, қысаң топтарға бөлінеді. Бірақ ДД-дың ашық, қысаң сапалық топтарының әр қилылығын түркі тілдерінің жеке топтарының әр түрлі генезистің қалыптасып, дамуымен байланыстыруға болмайды.

- әзірбайжан – 5 ашық дауысты, 4 қысаң дауысты;
- хакас – 4 ашық дауысты, 5 қысаң дауысты;
- якут – 4 ашық дауысты, 4 қысаң дауысты;
- башқұрт пен татар – 2, кейде 3, ашық дауысты, 8 түрлі жарты қысаң, қысаң ;
- қырғыз – 4 ашық және жартылай ашық дауысты, 4 қысаң және жартылай қысаң дауысты;
- өзбек – ашық дауысты – 2, қысаң және жартылай қысаң дауысты – 4;
- шор – нағыз ашық дауысты – 1, жартылай ашық дауыстылар – 3, қысаң дауыстылардың саны – 4.

Сонымен, түркі тілдерінің арасында ашық-қысаң ДД-дың саны бірдей болып келетін тілдер аз. Қазақ тіліндегі ашық, қысаң ДД-дың саны жоғарыда көрсетілгендердің ішінде тек қана әзірбайжан тілінде қайталанады.

А – тіл арты жуан дауысты, барлық тілдерде сапалық жағынан үқсас дыбысталады.

Қазақ тілі мен долғон тілінде сөздердің дыбысталуы бірдей болғанымен, мағыналары әртүрлі:

Қазақ	бар	күш	қазу	бір	үш	төрт
Дол- ғон	баар	куус	курт	биир	усь	туөрт

М. Рясянен еңбегінде дауысты **ы** дыбысының созылыңқы және қысқа түрлері мына мысалдар арқылы келтірілген: созылыңқы дауысты **ы** дыбысы якут тілінде *куп* «лезвие» ~ түрік. *куп*; якут. *kus* «қыз» ~ түрік. «*Kuz*». Қысқа дауысты **ы** дыбыспен келгенде: якут. *kus* /қыс ~ түрік. *kus*; якут. *kyl* /аттың қылы /түрік. *kyl* [Рясянен М., 1955].

Кейбір түркі тілдерінде қысаң ДД-дың өзі сапалық жағынан 2 түрлі болып келеді: жартылай қысаң (яғни қысаң мен ашық ДД-дың арасы) және айқын қысаң. Еділ бойы түркі тілдеріндегі қысаң ДД-дың мұндай түрі басқа тілдерде қайталана қоймайды. Осы ерекшеліктердің барлығын ескере келгенде түркі тілдерін ДД-дың сапалық түрлері ыңғайына қарай мынадай шағын топтарға шартты түрде жіктеуге болады:

1) дауыстылар 2 топқа: ашық және қысаң болып жіктелетін тілдер: якут, алтай, тува, қырғыз, балқар тілдері. Бұл тілдерде де, жоғарыда айтылғандай, дауыстылар ашық, қысаң болып екі топқа жіктеледі: а, ә (а), о, ө – ашық дауыстылар, ӛ, і, у, ү – қысаң дауыстылар. Бұл тілдердегі дауысты фонемалардың саны – **8**.

2) дауыстылар 3 топқа: ашық, жартылай ашық және қысаң немес ашық, жартылай қысаң, қысаң болып жіктелетін тілдер: әзірбайжан, қарақалпақ, башқұрт, татар, чуваш, қазақ, хакас т.б. Бұл тілдердегі ашық-қысаң (ашық, жартылай ашық, қысаң немес ашық жартылай қысаң, қысаң) ДД-дың саны 9 кейде 11-ге дейін барады

О дауыстысы бір тілде айқын ашық дауысты болып айтылса, екінші бір тілде айқын ашық естілмейді, сәл бәсең айтылады т.б. Жеке тілдерге тән осындай ерекшеліктерді ескере келгенде, түркі тілдерінің бір тобында дауыстылар ашық және қысаң болып 2 топқа бөлінсе, екінші бір тобында 3 түрлі сапалық топқа: ашық, жартылай ашық, қысаң топтарға бөлінеді.

Хакас тілінде ә дыбысы айқын ашық болып айтылса, әзірбайжан тілінде жартылай ашық түрінде айтылады. Оның есесіне хакас тілінде ашық â (қазақ тіліндегі ә) дыбысы жоқ. Сондай-ақ

хакас тілінде әзірбайжан тіліндегі қысаңнан гөрі ашыққа жақын айтылатын дауыстылар қатары жоқ болса, әзірбайжан тілінде қысаңға жақын айтылатын дауыстылар қатары жоқ. Сонымен, бұл тілдерде ДД-дың жалпы саны бірдей болғанмен, олардың сапалық түрлері бірдей емес.

Түрікмен тілінде э дыбысы көне дәуірлерде қалыпты айтылған дауысты дыбыстың орнына қалыптасқан да, созылыңқы дауыстының орнын созылыңқы â, î дыбыстары басқан. Әзірбайжан **ак**, түрікм. **эк** (ек), әзірб. **ал**. түрікм. **эл** (қол), әзірб. **ала**, түрікм. **элэ** (еле), әзірб. **бэш**, түрікм. **баш**, якут **біэс**, әзірб. **дә**, түрікм **д'і**, якут **діэ**, **дэ** (де), әзірб. **гёт**, түрікм **гіт** (кет) т. б.

Татар, башқұрт, чуваш тілдерінде жоғарыда көрсетілгендей жартылай қысаң ДД-дың қатары қалыптасқан: і', і/ ө, ө. Бұл күбылыс тек Еділ бойындағы тілдерге тән. Ол тілдерде (башқұрт, татар) жуан, ашық **а** дыбысынан басқа ашық ДД-дың бәрі қысанданып, қысаң дауыстылар, керісінше бір шама айтылатын дәрежеге жеткен.

Қырғыз ғалымы Қ. Дыйқанов қазіргі түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстардың пайда болуын кейінгі кезде жеке тілдердің өз дамуына байланысты жағдай деп қарайды.

Ф.Е. Корш шор тіліндегі «аас» /ағыз/ формасына қоса, «ойна», «аузы» формаларын да бірінші буынға түскен екпіннің әсері деп қарайды. Б. Қалиев «аас» формасы бірінші буындағы екпіннің әсерінен жасалғанымен, «ойна», «аузы» формалары сөздің бас буынына түсірілген екпіннің әсерінен емес, керісінше, сөздің соңғы буынына түсірілген екпіннің әсерінен жасалған деп қарайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркі тілдеріндегі жуан және жіңішке дауыстылар.
2. Ашық-қысаң, езу, ерін дауыстылар.
3. Еділ бойы түркі тілдері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы, 1981.
2. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. – М., 1964.
3. Антонов Н.К. Лекции по тюркологии. – Якутск, 1979.

4-семинар. Дауыссыздардың түсіп қалу құбылыстары

Түркі тілдері сөз ортасындағы **қ, ғ, к, г** дауыссыздарын айту-айтпауына қарай өзара жіктеледі. Көне дәуірде жазылып, бізге жеткен ескерткіштер тілінде көрсетілген дауыссыздарды сөз ортасында қолдану әдеттегі норма, қалыптасқан құбылыс екенін көруге болады. Алайда қазіргі түркі тілдерінің кейбірі ол заңдылықты жоғалтқан. Бұл топқа оғыз, қарлұқ және қыпшақ тілдерін жатқызуға болады.

Мысалы:

- қазақ – керек;
- өзбек – керак;
- татар – кирек;
- түрікмен – герек;
- көне түркі тілі – кергек;
- қазақ – құлак;
- көне түркі тілі – құлқак т.б.

Қырым татарларының тілінде сөздің басында, аяғында келетін кей дауыссыздар мен сөз ішінде және басында келетін қысаң дауысты дыбыстар түсіп қалады. Етістіктің келер шағының болымсыз түрі -ма, -маз қосымшасымен жасалады, мыс: *алмам* – «алмаймын», *алмамыз* – «алмаймыз». 1-жақ жіктеу есімдігінің ілік септігі «менім», «бизиң» болып айтылады.

Оғыз, қыпшақ тілдеріне ортақ болып келетін өткен шақ есімшесі оғыз тілдерінде **қ-ғ** дыбысы түсіріліп -ан-ен түрінде дыбысталады. Сол сияқты, **қ-ғ** дыбыстарының сақталу, сақталмауына қарай түркі тілдерінде барыс септіктің 2 түрі қалыптасқан: «солтүстік нұсқасы»: **қа-ке, ға-ге** және «оңтүстік нұсқасы» **а-е (ат-қа, ат-а)** т. б.

Осы өзгерістің нәтижесінде көне түркілік **қы-кі, ғы-гі** қимыл есім тұлғасы солтүстік батыс тілдерінде **у** түрінде қалыптасқан, қимыл есімінің (кейде түйық рай) жаңа тұлғасын қалыптастырады: **ал-ғу, ал-у, бер-ғу-бер-у** т.б.

Сөз соңындағы **қ, ғ, к, г** дауыссыздары түркі тілдерінің көпшілігінде түсіп қалған: элліг – элли – елу, атлығ – атлы – атты, сарығ – сары т.б. Бұл позицияда түрікмен, әзірбайжан тілдерінде **ғ, г** дыбыстары сақталып қалған. Сөз соңындағы **ғ, г** дыбыстарының қазіргі түркі тілдерінде әртүрлі көрініске ие болғанды-

ғы белгілі факт. Сөз соңында көне түркілік **ғ, г** қазіргі қыпшақ тілдерінде **у**, кейде й-ге, жеке сөздер құрамында қатаңдап **қ**-ға айналса, алтай тілінде **й** және ұзағырақ дауыспен айтылатын **й**, түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде қатаңдау естілетін **ғ** және, **у, в** тәрізді **о, у** дыбыстарынан соң, хакас тілінде **ғ (г)** болып естіледі. Осы ізбен көне түркілік *тағ, суғ* сөздері аталған тілдерде мынадай болып дыбысталады:

алтай	қазақ	қырғыз	түрік-мен	өзбек	хакас	чуваш
тағ	тау	тоо	дағ	тоғ	тағ	ту
су	су	су	дув	сув	суғ	шыв

Сөйтіп, сөз соңында **ғ, қ, г, к** дыбыстары бірсыпыра тілдерде сақталмай, түсіп қалған, кейбір тілдерде ғана сақталған. Сонымен қатар **ғ, г** дыбыстары әртүрлі өзгеріске де ұшыраған. Қазіргі таңда ұйғыр тілінде **-лығ// -ліг** жұрнақтарындағы «*г-г*» әріптері «*к*» әрібіне айналғандығы байқалады.

Ал қырғыз тіліндегі **-лығ// -ліг** жұрнақтары **-лу, -лү, -ту, -тү** жұрнақтарына айналған. Мысалы: *ташлығ* сөзі *-ташту* болып айтылады. Алтай тілінде созылыңқы айтылса, саха тілінде **-лағ, -тағ, -дах, -нах** секілді жұрнақтардың мағынасында қолданылады [Балқия Қ., 2015].

Тарихи тұрғыдан тұрақсыз дауыссыздар – **р, л, н** үнді дауыссыздары. Қарашай-балқар тілдерінде **н** дыбысының түсіп қалуы ол тілдердегі жіктелу жүйесінің қалыптасқан заңдылығына айналған: **мен чабаққыма (н), сен чабаққыса (н)**, бірақ сұраулық шылау **мы** жалғанса, **мен чабаққы-ман-мы?** // мен балықшымын ба?

Башқұрт, татар тілдерінде: китер < кил-тер, тутыр < тул-тыр, утыр < ул-тыр. Бұл етістіктің **л**-мен айтылатын нұсқасы жоқ: буһа < бул-һа, буғас < бул-һас болған соң. Қарақалпақ тілінде: боса < болса, қаса < қалса т.б. Қазақ тілінде бұл құбылыс кең таралған, кейбір сөздер **л** дыбысынсыз айтылады: әкел < алып кел, апар < алып бар, боса < болса, қап қойған < қалып қойған, әпер < алып бер т.б. Оғыз, қарлұғ тілдерінде де **л** дыбысының түсіп қалуы кездеседі.

Р дыбысының түсіріліп айтылуы көне дәуірде-ақ қалыптаса бастаған құбылыс. Бірле шылауы Х-ХІ ғасырларда 2 түрлі айтыла бастаған: бірле/біле, бірі **р** дыбысымен, бірі **р**-сыз қолданылған.

- Қыпшақ тілдерінде қолданылатын е көмекше етістігі **р** дыбысының түсіп қалуынан осы сипатта қалыптасып кеткен.
- Құмық тіліндегі көптік жалғаулы **-лар** септелгенде ілік, табыс, барыс септіктерде **р** дыбысы түсіп қалады: *йол-лар, йолла-ны, йолла-ға*.
- Қарашай, балқар тілдерінде көптік **р** дыбысынсыз қалыптасқан: **-ла -ле**.

Р дыбысының түсіп қалуы қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі. Алайда түркі тілдерінің бәрінде бұл жүйені заңдылық деп қарауға келмейді. Бір тілде **р** дыбысымен айтылатын сөз, екінші тілде дыбыссыз қолданылады:

- қазақ тілінде – арыстан
- оңтүстік батыс тілдерінде – асла
- қазақ тілінде – орта
- якут тілінде – отто
- қазақ – құрдас
- ұйғыр тілінде – құдаш
- түрік тілінің диалектісінде – гөдум
- башқұрт тілінде – тоған
- қазақ тілінде – тұрған т.б.

Бұл фактілер **р** дыбысын түсіріп айту белгілі бір аймақпен шектелмейтіндігі түркі тілдеріне ортақ, бірақ бірде-бір тілде жүйеге айналмаған құбылыс екенін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. **Р** дыбысының түсірілу себебі қандай құбылыспен байланысты?
2. Алтай тіліне тән ерекшеліктерді атаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы, 1981.
2. Щербак А. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
3. Антонов Н.К. Лекции по тюркологии. – Якутск, 1979.
4. Қасым Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2014.

5-семинар. Сөз басында ұшырасатын дауыссыздардың ерекшеліктері

Қазіргі түрік әліпбиінің 13 әрпі болып есептелетін J дауыссызы түрікше сөздерде қолданылмайды. Жалпы j дауыссызының көне иран тілінен келгендігі жайында кейбір әдебиеттерде мәлімет беріледі [Eker S. Çağdaş 2005]. Аталған дыбыс, негізінен, француз тілінен енген сөздерде ғана жұмсалады. Мысалы, 1988 жылы Анкарада жарық көрген II томдық түрікше түсіндірмелі сөздіктегі 71 сөздің 1-еуі итальянша, 3-еуі ағылшынша, ал қалғандары французша. Сөздікте қолданылмағаннан кейін ол тілде бірде-бір сөз бұл дыбыспен басталмайды деген сөз. Ал мұндай құбылыс өз ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа да тілдерде ұшырасады.

С.Е. Малов көне түркілік $y \sim g$ дауыссыздарының инлаут, ауслаут позициясындағы $w \sim j$ өзгерісін немесе элизияға ұшырауын тек қыпшақ тілдеріне ғана тән емес, олардан бұрын пайда болған қарлұқ, оғыз тілдерінде де (үйғыр, өзбек, түркімен, өзірбайжан), моңғол тілінде де кездестіруге болатынын айтады да, ең көне тілдер болып есептелетін чуваш тілінде көне түркілік $y \sim g$ -дің кей жағдайда сақталмауы түркі тілдерін тарихи қалыптасу кезеңдеріне жаңаша жіктеу жасау керек екен деген болжамға келеді [Малов С.Е., 1951].

Һ дауыссызы да түрік тілінің *han хан, hangi қайсы, daha тағы, hanım ханым тәрізді сөздері мен hirilti қорыл, пырыл, сырыл, hogultu қорыл, қорылдаған дыбыс, heу одағай ей, hithit мыңқылдақ* сияқты еліктеуіш сөздерде ғана жұмсалады. Бұлардан басқа құрамында **h** дыбысы ұшырасатын барлық сөздер кірме сөздер болып саналады. Мысалы: *hosa* (парсы: 1) қожса, молда, 2) ұстаз) *holigan* (ағылшын: бұзақы, бұзық, сотқар) *hususi* (араб: 1) жеке, жеке меншік; 2) жеке-дара, оңаша, ерекше, оқшау) және т.б.

Қарақалпақ тілінде көмекей **h** спирантының сапалық редуциясының нәтижесінде **a** дыбысының фонематикалық созыңқылығы пайда болады: *saam/saғat*), *қанаат/қанahanat*, *зұраат*.

Р (R) дауыссызымен түрік тілінде тек *rağ гар* «қатар келе жатқан бір топ адамнан бір уақытта шыққан аяқ дыбысы» сөзі басталады. Одан басқа **R** дыбысымен басталатындар араб,

парсы, француз, латын, ағылшын, итальян және т.б. тілдерден енген сөздер.

Р дауыссызының түрік тіліндегі ерекшелігі ағылшан тіліндегі баламасын еске түсіреді: «...В английском письме мы снова видим старую знакомку, букву R. Но не доверяйте ей, не производите их **R** как наше «р». Англичанам это не понравится. Их **R** в словах, подобных work – работа, звучит так страшно слабо, так ужасно слабо, что, можно сказать, вовсе не звучит. Получается не «уорк», как следовало бы по написанию, а нечто невнятное, где звук «р» как бы превращается в некоторое продолжение звука «о», изобразимое только методами самой усовершенствованной транскрипции. Я рискну вам сказать (строгие ученые не одобряют моих слов и будут правы буква R изображает скорее отсутствие звука, нежели звук» [Успенский Л., 1971].

Сонымен Щербак пікірін қорытындыласак, түркі тілдеріндегі дауыссыздарды дауыс қатысына қарай қатаң (күшті және үяң), әлсіз деп жіктеу әлдеқайда орынды болмақ.

Бұл дыбыс әзірбайжан, гагауз, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде санаулы сөздердің алдынан қосылып, протезалық қызмет атқарады.

- азерб. һурк /үрік, һис/ ыс, һөргүш /өркеш;
- гаг. һайғыр /айғыр, һалма /алма, һат/ ат;
- түрікм. һін/ ін, һэн /ең, һүр / үр;
- өзб. һул /ылғал, һүкіз /өгіз;
- ұйғ. һара/ ара, һасал /бал;
- халадж: һот /от, һағаш /ағаш, һай / айт, һалта/ алты, һар/ ер, һурун/ ак.

Түркі тілдерінде көмей арқылы жасалатын бір ғана дауыссыз дыбыс **Һ** тарихи даму барысында **х, к, қ, ғ, г** дыбыстарына ауысып кеткендіктен, оның қай уақытта сына, қыстырма болғандығын дәлелдеу өте қиын: **һ** дыбысы бірде **ғ**-ға айналса, бірде **г**-ге айналған, аһ түбіріндегі **һ** осы дыбыстың тарихи өзгерістерін айқын сипаттайды. Түркі тілдерінде бір кезде *тсарбыз* ~ *тһарбыз* формасында айтылған түбір **т** дыбысты түсірілгеннен кейін *һарбыз*, **с** дыбысы түсірілгеннен кейін *тарбыз* пішініне келген, қарбыз, дарбыз **й** ~ **дж** ~ **ж** ~ **т** ~ **д** ~ **ч** ~ **с** ~ **з** ~ **ш** сәйкестігі **с**-ті **һ** эпентезасы, **ш**-ны **й** эпентезасы ауыстырудың нәтижесінде **тһ**, **тй** дыбыс тіркестері пайда болған.

Түркітануда **Рамстедт-Пельо заңы** – протезалық, эпентезалық дыбыстар бірін-бірі алмастыра алады: **у ~ у (тау) ~ у (w) ~ п ~ б ~ в** сәйкестігін **h ~ x ~ қ ~ ғ ~ г** сәйкестігі алмастыруы.

Формуласы: **Р ~ f ~ b ~ w ~ v ~ h ~ x ~ g ~ r ~ q > 0.**

Мысалдар: **в ~ h ~ o**: чув. *bydyr*, бұлғ. *hotur*, хак. *hotuz*, өзге түркі тілд. *otuz*; чув. *bil*, хак. *hiel~ ho:l*, хак. *he:l*, түркм. *ho:l*, өзб., үйг. *hol*, чув. *bykur* үйг., өзб. *Hokuz ~ hokiz*, өзге тілд. *oguz* [Баскаков Н.А., 1988].

ДЖ дыбысы – XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – **дж (ж), с, т, й** дыбыстарының қолданылуы мен **ғ (г)** дыбысының айтылмай түсіп қалуы. Түркі тілдерінде сөз басында **дж, ж** дыбыстарының айтылатынын ең алғаш белгілі ғалым А.Н. Бернштам айтқан. Батыс түркі қағанатының түріктері VI ғасырдың аяғында **дж** дыбысымен сөйлеген.

Осы бір тарам-тарам болып кеткен күрделі сәйкестіктің түпкітегі **T[C/Ш]** күрделі аффрикаты екендігін, күрделі аффрикат ыдырағанда **тс, тш, дж, дз** сияқты қарапайым аффрикаттарға, **тй, дй, th, dh** сияқты косар дыбыстарға бөлініп кеткендігін Б. Сағындықұлы ғылыми жолмен дәлелдеп шықты: оғыз, қарлұқ-үйғыр тілдері үшін – **тй**, қарашай-балқар тілі үшін – **дз**, қыпшақ тілдері үшін – **дж** архетип болып есептеледі. Демек, қыпшақ тілдерінің тарихын қатаң **ч** аффрикатынан үяң **дж** аффрикатының пайда болған кезеңінен бастау қажет.

Т – Д сәйкестігі

М. Қашқари «Сөздігінде» түйе малының жалпы атауы – **теве/тевей/деве**. Бұл сөз оғыздарда **т** дыбысымен, түріктерде **д** дыбысымен айтылады. Оғыздар түріктерден ерекшеленіп, **т-ны д-ға, д-ны т-ға** айналдырып айтады: түйе сөзін оғыздар дава дейді.

Басқа түркі тілдерінде бұл атаудың фонетикалық нұсқасының **6-түрі** де кездеседі: *тебесің еру бармыш, үруң іцені ботуламыш//ол түйесіне қарай барды, ақ іңгені боталапты*. Сөз түбірі – **тебе, сi** – тәуелдік жалғауы (III жекеше түрі), **н** – дәнекер дыбыс, **еру** – барыс септік жалғауының көне түрі. Сол сияқты **теве /тебе** варианттарының қатар келіп қолданылуы түркі тілдерінің арасында бола беретін құбылыс **б/в** дыбыстарының өзара алмасып отыруы тұрақты фонетикалық заңдылықтардың қатарына жатады.

каз	қ.қалп	түрікм	өзб	тува	моңғ
түйе	түйе	дүйе	тун	теве	темее/н/.

Түркі-моңғол тілдерінің тарихи бірлестігі тұрғысынан алып қарағанда, **м-б-й** дыбыстарының өзара алмаса беретін ерекшелігіне тән құбылыс ретінде танылады [Бейсенова М.С., 1997].

Геминация құбылысы

Түбір мен қосымшалардың, біріккен сөздердің аралығындағы бірдей көршілес дауыссыздардың қосарланып келуі **геминация** құбылысы деп аталады. Қазіргі қазақ тіліндегі морфология құбылысын зерттеген ғалым А. Айғабылов морфонологиялық құбылыстар туралы: «Морфонологиялық құбылыстар – артикуляциялық мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу тіліндегі өзгерістердің ақырындап тілдік дәстүрге айналуынан қалыптасқан өзгерістер» дейді.

А. Айғабылов геминация құбылысын қазақ тілінде санаулы сөзде кездесетінін (*махаббат, аббат, мүдде*), дегенмен бүгінгі сөйлеу тілімізде қатар тұрған **б** және **д** дыбыстарының түсіріліп *махабат, абат, мүде* болып айтылатынын, яғни бұлар тілімізге араб-парсы тілдерінен енген сөздер, тілімізге келіп кіру барысында **б** және **д** дыбыстары түсіріліп айтылатын болған деп көрсетеді. Ғалым Ж. Аралбаев та қазақ әдеби тілінде геминант дауыссыздар сирек кездесетін құбылыс екендігін айтады.

А. Дәулетов: «Геминант дауыссыздардың морфемалар шекарасында кездесуін айрықша түсіндіріп отырудың керегі жоқ. Себебі көп морфемалы туынды сөздерде алдыңғы морфеманың соңғы дыбысы және соңғы морфеманың алдыңғы дыбысының дауыссыз болып келуі арқылы олар көршілес болып келіп, дауыссыздардың қосарлануын пайда етеді. Геминанттардың морфемалар шегарасында емес, ал бір морфеманың құрамында ұшырасуын дәлелдеу қиын және бұл айрықша зерттеуді талап етеді» дейді.

Дауыссыздардың қабаттасып қолданылуы (гелмината) 3 түрлі жағдайда байқалады. Бірінші, түбір морфемалардың құрамындағы дауыссыздардың қосарлануы.

1. Бұл құбылыс қазақ тілінде байқалмаса да басқа түркі тілдерінде бар. Мысалы, *аккыл* «күдік», *аппа* «ата», *чыккыр* «бөшке», *улли* «ұлы» т.б.

Өзб. *етти* «жеті», дуппи «тақия», *дуккак* «ловия», *мука* «үн»;

Қ. қалп. *Елли* / елу, *дурре* / дүре, *доллы* / қырсық, *дәкки* / тойтарыс, *гурриң* / әңгіме.

2. ДзД қабаттасуы түбір мен қосымшалар аралығында кездеседі де, дыбыс үндестік заңдылығына бағынады. Бұл типтес қабаттасу түркі тілдерінің барлығында да кездеседі.

3. Гелмината сөз ішінде кездеседі де, сөздердің мағынасына ықпал етеді. Мысалы, *кбызыл* / қызыл, *кбыззыл* / қып-қызыл, *кбысыл* / қысыл – *кбыссыл* / қатты қысу т.б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі *аппақ*; сөзін келтіруге болады. Қарақалпақ тілінің морфонологиясын зерттеген М. Құдайбергенов: «геминант дауыссыздардың пайда болуы тек фонетикалық немесе тек морфологиялық заң негізінде түсіндіру мүмкін емес. Геминация – тілдің морфологиялық құрылысының тарихи дамуы кезінде пайда болған морфонологиялық құбылыс. Сондықтан олар қазіргі түркі тілдерінде бірдей дәрежеде кездеспейді» дейді [Құдайбергенов М., 2006].

Ол қарақалпақ тілінде геминант дауыссыздар саны бойынша басқа түркі тілдерге қарағанда орташа дәрежеде тұрады және олардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі ашық буынға байланысты. Қарақалпақ тілінде геминант дауыссыздар араб-парсы тілдерінен кірген сөздердің құрылысында кездеседі (мухаббат, Аббаз, Мухаммед, әззел) деп көрсетеді.

Басқа түркі тілдерінде бұл құбылыс кездеспейді. Мұндай күшейтпелі мағына көбінде синтетикалық жолмен беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Башқұрт, татар және қазақ тілінде **в, ф** дыбыстары.
2. Әзірбайжан, түрік, қырғыз тілдерінде жалаң **ж** фонемасы.
3. А.М. Щербак атаған «сына» дауыссыздар қандай?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
2. Аралбаева Ж.А. Вокализм казахского языка. – Алматы, 1970.
3. Тенишев Э.Р. т.б. Түркі тілдері. – Алматы, 2002. – 165 б.
4. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Алматы, 2007.

МОРФОЛОГИЯ

6-семинар. Түрік тіліндегі изафет құбылысы (С.С. Майзель бойынша)

Изафет (парсыша: *اضافه* – *ezâfe*, *жалғастыру*) – есім сөздердің бір-біріне бағына байланысуынан жасалған сөз тіркестерінің ғылыми атауы, термин араб тілінен енген. Зат есім сөздердің анықтауыштық қатыстағы байланысы изафет деп саналады. Мысалы, *қол сағат*, *қала адамы*, *Алтайдың баласы* деген үш сөз тіркесінің әрқайсысында алғашқы сыңарлары анықтауыш сөздер, 2-сыңары анықталатын сөздер, сондықтан олар анықтауыштық қатыстағы сөздерден құралған болып саналады. Өзінің мағынасы жағынан **изафет** – «қосылу», «толықтыру» дегенді білдіреді. Түркі изафеттерінен бөлек араб және парсы изафеттері де кездеседі. Бірақ өз құрылысына қарай түркі тілдеріндегі, араб тіліндегі және парсы тілдеріндегі изафеттер бір-бірінен ерекшеленеді. Түркі тілдеріндегі I тип изафеттері компоненттерінің арасында морфологиялық көрсеткіш жоқ. Ал парсы тілінде «изафет» термині анықталушының постпозитивті анықтауышпен энклитикалық көрсеткіш арқылы байланысуын білдіреді. В.Л. Котвич изафеттің моңғол тілдерінде кездескеніндей, тұңғыс-маньчжур тілдерінде де кездеседі деп көрсетеді, алайда оның осы тілдер бойынша қолданылуы әртүрлі.

Түркі тілдерінде қалыптасқан изафеттің 3 түрі бар: *темір қасық*, *дала еркесі*, *оқушының дәптері*. Осы үш түрлі сөз тіркесіне қатысты ғалымдар пікірі әр қилы болып келеді: М. Балақаев қабысуға, С. Аманжолов матасуға жатқызады. Түрік изафеті, изафеттің 2, 3 түрін қабысуға жатқызу көзқарасы, матаса байланысқан тіркестің атаулы тіркестерге ұласуы туралы да ғалымдардың пікірлері талданады:

– кырғ. *мықтылардын мықтысы* мықтылардың мықтысы;

- тыуа *кызылдан кызыл* қызылдың қызылы;
- башқ. *матурзарзын матуры* сұлудың сұлуы;
- тат. *әйбәттән әйбәт* жақсылардың жақсысы;
- чуваш *асларан асла* ақылдының ақылдысы;
- өзб. *янгидан янги* жаңаның жаңасы;
- хак. *сілігден сіліг* сұлулардың сұлуы;
- ұйғ. *тоғридин тоғри* түзудің түзуі;

«Түрік изафеті» деп аталатын грамматикалық құбылыс, түрік тілі синтаксисінде негізгі позицияда, ал онда композицияны қалыптастыруда орталық орында тұр. Бұл құбылыс бүкіл түркітанушыларда үлкен қызығушылық тудырады. Өйткені ол барлық түркі тілдері үшін ортақ. Алайда оқулықтар мен ғылыми грамматикаларда берілген изафет туралы әдебиеттер жоқтың қасы десе де болады. Тіпті Ж. Денидің «Grammaire-de-la Langue turque» (Paris, 1920) атты ірі грамматикалық еңбегінде изафетке бірнеше бет қана арналған. Үнді-еуропа тілдерінің сабақтас құрмалас сөйлемдеріне сәйкес келетін осындай түрік сөйлемдерінің құрылымы жайында баяндалған еңбектің бір бөлігінде, түрік тілінде сөйлемдер изафет негізінде құрылмайтындай изафет туралы мүлдем айтылмаған. Изафет құру үшін бір-бірімен қарым-қатынасқа түскен екі сөздің бірі екіншісіне бағынып, оған тәуелді болуы қажет. Алайда бірі екіншісіне тәуелді екі сөздің бәрі бірдей изафет бола бермейді: «şehir gezmek» «қала аралау» немесе «şehir kadam» «қалаға дейін» тіркестері, бірінші мысалда тәуелділік табыс септігі жалғауы арқылы, ал екінші мысалда барыс септігі жалғауы арқылы жасалғанына қарамастан изафет тіркестер емес. Олардың изафет болмайтын себебі: бірінші мысалдағы екінші сыңар – етістік, ал екінші мысалда – демеулік сөз; изафет болса есімдер тіркесімінің арнайы түрі болып табылады.

Осылайша, генитивті аффикс қатыстылық ұғымын, ал салыстырымдық аффикс қарым-қатынас ұғымын білдіреді. Яғни бірінші аффикстің семантикалық қызметі екінші аффикстің мазмұнынан едәуір кең (бұл туралы толығырақ VIII тар. қараңыз).

Изафеттердің мынадай 3 түрі бар:

1) екі морфологиялық ерекшелігі бар изафет, немесе екі аффикстік изафет (яғни бірінші сыңары генитивті аффикспен, ал екіншісі салыстырымдық аффикспен жасалған изафет);

2) бір морфологиялық ерекшелігі бар изафет немесе бір аффикстік изафет (яғни бірінші сыңарында генетивті аффикс жоқ, ал екіншісінде салыстырымдық аффикс бар изафет);

3) морфологиялық көрсеткіші жоқ изафет немесе аффикссіз изафет (яғни бірінші сыңарында генетивтік аффикс, ал екіншісінде салыстырымдық аффикс жоқ изафет

А.П. Поцелуевский инфинитивті изафетті «әлеуетті сөйлем» деп атаған. Бұл ойын түсініктемесіз қабылдау қиын. Оның ойынша, тәуелді ой-пікірдің «жеткілікті дәрежеде анықталған логикалық субъекті болса», онда ол «әлеуетті сөйлем» болып табылады [Поцелуевский А.П., 1943].

В.А. Гордлевский инфинитивті изафетті қысқарған бағыныңқы сөйлем деп қарастырды [Гордлевский В.А., 1928].

Мұндай анықтама онымен салыстырғанда аталмыш форма қысқарған болып табылатын тұтас форманың барлығын меңзейді (тарихи-эволюциялық немесе синхроникалық тұрғыдан).

Инфинитивті изафет кез келген сөйлем мүшесінің рөлін атқара алады: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, бастауыш және баяндауыш.

<i>gurbet il</i>	<i>жат ел</i>
<i>çakıl yol</i>	<i>жұмыр тасты жол</i>
<i>düşman unsurlar</i>	<i>дүшпандық элементтер</i>
<i>ateş nefes</i>	<i>кеніш газы</i>
<i>çul heybe</i>	<i>қоржын</i>
<i>spor araba</i>	<i>спорттық көлік</i>
<i>emanet para</i>	<i>аманат</i>
<i>kukla hükümetler</i>	<i>қуыршақ үкіметтер</i>
<i>ifrat derece</i>	<i>шамадан тыс дәреже</i>
<i>zümrüt taş</i>	<i>зүмірет</i>

Зат есімнен жасалған анықтауыш анықталғышпен төмендегі көрсетілген тәсілдердің біреуі арқылы тіркеседі:

I изафет қабысу тәсілі анықтауыш – заттық зат есім: *taş körü / tac көпір, теşin palto / былғары пальто*.

II изафет меңгеру тәсілі: анықтауыш негізгі септікте тұрып, анықталғыш 3-жақтың тәуелдік жалғауларымен жасалады *gümruk depo-su/ «кедендік қойма»; istirahat ev-i / демалыс үйі*;

III изафет қиысу тәсілі: анықтауыш ілік септігінде тұрып, анықтағыш 3-жақтың тәуелдік жалғауымен жасалады

şehir-in kapı-sı / қала қақпасы; *kardeşim-in kitabı* / менің ағамның кітабы.

IV типтің құрамы мына тәріздес; түбір – жұрнақ (бір не бірнеше) – жалғау – аралас қосымша – жалғау. Мысалы: дау-лас-қан-дар-дікі-нен;

Түрік изафеті – түрік тілі синтаксисінде маңызды рөл атқарады. Бұл тақырып түркітанушыларды қызықтырады. Өйткені бұл құбылыс (түркі изафеті) барлық түркі тілдеріне ортақ болып табылады. Түркі изафетін зерттеген еңбектер қатарына біз А.К. Боровкованың «Природа турецкого изафета» атты мақаласын жатқыза аламыз. Екі тұлғасы да жалқы есімнен болған изафеттерді қарастырсақ. Бір мүшесінің екіншісіне тәуелді екендігін көрсететін изафет бұл қалып бойынша жасалынады: *s*

Napoleon'un Jozefini

Aleksandr'in Roksan'ı

Muhammed'in Bilil'i

Don Kişot'un Sanço Pansa'sı

Dante'nin Beatrice'i

Изафеттің тағы бір түрі:

Savruklar'in Hüseyin (X/5)

Mihriban'in Cevat

Михрибан

Şabangil'in Emine (I/112)

Hacı Rifatin İhsan (IX/37)

Nurettin Paşa'nın

Zekiye hanım [1]

Наполеонның Жозефинасы

Александрдың Роксанасы

Мухаммедтің Билилі

Дон-Кихоттың

Санчо Пансасы

Дантенің Беатричеси

Хюсейн (из семьи) Савруков

Джевад (сын, брат, муж)

Эминэ (дочь) Шабавгили

Ихсан (сын) Хаджа Рифата

Зекие-ханым Нурэттина – паши

А. Әке атымен анықталатын изафеттер. Түркияда фамилия яғни адамның аты қолданбастан бұрын әке аты және оған қоса оғл немесе *kızı* сөзі қолданылады. Мысалға: *Hasan oğlu Ahmet*, *Хасанұлы Ахмед*; *İsmail oğlu Mahmut*, *Исмаилұлы Махмуд*; *Hüseyin kızı Fatma* *Хүсейінқызы Фатма*.

Ә. Адам аттарын жасайтын изафеттер. Түрік тілінде екі зат есімнен қалыптасқан өте көп адам аттары бар. Олар $C_0 + M_0$ қалыпы бойынша жасалынған. Мысалы: *İlhan (il тайна han хан) – ер адам аты*, *Perihan (peri пері han хан) – әйел адам аты*. *Aufer (ay ай fer жылтырақ) – әйел адам аты*, *Nurten (nur нур ten тән) – әйел адам аты т.с.с.* [Гордлевский В.А., 1928].

Қазақ тілінде де изафеттің 3 түрі бар:

- бір зат есім сөздің екінші зат есімге анықтауыш болып, қосымшасыз қабыса байланысуы арқылы жасалған сөз тіркесі. Мысалы, *алтын сағат, күміс сырға, кірпіш үй*;
- нөльдік тұлғадағы зат есімнен болған анықтауыш сөз бен тәуелдік жалғаудың 3-жағындағы анықталатын сөзден жасалған сөз тіркесі. Мысалы, *ауыл адамы, халық соты, үкімет қаулысы, ата батасы*. т.б.;
- ілік септік жалғаудағы анықтауыш сөз бен тәуелдік жалғауындағы анықталатын сөзден жасалған сөз тіркесі. Мысалы, *менің кітабым, сенің сағатың, оның дәптері*.

Изафет қолданысына қарай бір-біріне ауыса алады. Мысалы, *ауыл баласы – осы ауылдың баласы, бұл мектептің оқушылары – мектеп оқушылары* т.б. изафеттің бұл түрінің сынарлары бір-бірінен алыс тұрып та байланыса береді. Мысалы, *студенттің бүгінгі берген жауабы, т.б.*

Изафеттік сөз тіркестері құмық тілінде кеңінен таралған. Изафет тек қана зат есімнен тұра алатындықтан изафетке жататын әрбір сөз зат есім болып кетеді, нақтырақ заттың атауы және керісінше, егер атау өзінен кейінгі зат есіммен изафет құрмаса, ол сын есім ретінде танылады, нақтырақ сапаның атауы ретінде. Изафетке тек зат есім кіре бермейді, бірақ тек изафетте ғана басқа сөз таптары зат есімнің белгілерін иеленеді: *қонақланы алтысы «қонақтардың алтауы», қатыплайы яхшысы сыйлы болур алтындап... «әйелдердің жақсысы алтыннан қымбат»*.

Алты саны және яхшы анықтауышы посессивті **-сы** аффиксін алып, зат есімнің белгілеріне ие болады, яғни субстанцияланған. Басқа да сөз таптары субстанциялана алады, мысалы етістікті формалар, үстеулер: *бугюнню тангаласы бар // «бүгіннің ертеңі бар»* (үстеу **-ню** және **-еы** аффиксін алып субстанцияланды).

Изафетке жататын кез келген сөз табы субстанцияланады: *Қъазанын қъарасы, яманни яласы югъар «Қазанның қарасы, жаманның аласы жүғады»* (мақал). Берілген сөздерде грамматикалық белгі болып **-сы** аффиксі айтылады.

Жана күрделі сөздердің жасалуы, негізінен, белгілі бір мандандыру мағынасымен жасалып, нәтижесінде жаңадан құ-

ралған сөз мағынасы жай ғана компонент ұғымы болмай, жаңа ұғым береді: *баш бае «сылтау»* (*баш «бас» + бас «жіп»*), *арба баш «оюлы киіз»* (*арба «арба» + баш «бас»*), *ашкъазан «асқазан»* (*аш «ас» + къазан «қазан»*), *къозукъулакъ «қымыздық»* (*къозу «қозы» + къулакъ «құлақ»*), *гийик от «тимьян»* (*гийик «қасқыр» + от «шөп»*), *арпачён «теріскен»* (*арпа «арпа» + чён «арам шөп»*), *обгюзъемиш «мушмула»* (*обгюз «бұқа» + емиш «жеміс»*), *къолгъап «қолғап»* (*къол «қол» + къап «мөшек»*), *къолкъотур «зең»* (*къол «қол» + къотур «қотыр, ауру»*).

Құмық тілінің және де басқа түркі тілдерінің жалпы грамматикалық жүйеде қасиеттік ерекшелігі ретінде зат есімнің сын есімнің формальдық қасиетіне ие болмай-ақ, белгілі бір конструкцияларда атаулы сөз тіркестерінде анықтауыштың ролінде келуін айтуға болады: *таги чыр «тасты қабырға»*, *нақтырак «тас + қабырға»*.

I типтегі изафеттік құрылымның бірінші мүшесінің адъектіленген табиғатын құрау үшін, Н.З. Гаджиева анықтауыштың ауыспалы мағынада қолданылған зат есім орнына қолданылуын сенімді деп санайтын бірнеше сипаттамалар ұсынған: *өзер. даш урэк «тас жүрек»*, *тат. куркак син куян йоьрэк «сен қорқақсың, қоян жүрек»*. С.С. Майзель изафеттегі екі компонент те субстантивті бірлік деп санайды және препозитивті компонентте адъективті семантиканың болуын жоққа шығарады. Нақтырак айтқанда ол изафетті тек зат есімнен тұратын сөз тіркесі деп санайды [Гаджиева Н.З., 1970].

Изафеттің сөзжасамдық мағынасына көптеген түркітанушылар назар аударған. Н.К. Дмитриев изафеттің бұл ерекшелігін бастапқы емес, түркі тілдеріндегі туынды ерекшелік деп ойлайды және бұл құбылысты сөзжасамның морфологиялық үдерісі деген зерттеушілермен келіспейді. Ол сөзжасамдық мағынаны изафет тек жеке нақты жағдайларда ғана сонымен қатар, тілдік қатынастардағы белгілі бір өзгерістерге байланысты иелене алады деп санайды [Дмитриев Н.К., 1940].

Бақылау сұрақтары:

1. Изафеттің түрлерін мысалмен дәйектеніз.
2. С.С. Майзельдің изафет туралы ойын жүйеленіз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Боровков А.К. Природа изафета в тюркских языках // Академия наук СССР академику Н.Я. Марру. – Л., 1935. – С. 165-177.
2. Гордлевский В.А. Грамматика турецкого языка. – М., 1928.
3. Гаджиева Н.З. Природа изафета в тюркских языках. – СПб., 1970. – № 2.

7-семинар. Түрік тіліндегі қысқарған сөздер

Қысқарған сөздер түркі тіл білімінде зерттелген. Ғалымдар қысқарған сөздерді түркі тілдеріндегі күрделі сөздер категориясына орайластыра қарастырады. Күрделі сөз ұғымы Н.Ф. Катановтың, Н.И. Алимариннің еңбектерінде, сондай-ақ А.Н. Коновтың, Н.К. Дмитриевтің, Н.А. Баскаковтың зерттеулерінде терең тұжырымдалған.

Белгілі ғалым Н.А. Баскаков сөзжасамның негізгі үш түрлі тәсілі бар екендігін сөз ету үстінде ХХ ғасырдың бастапқы тұстарынан бастап түркі тілдерінде қысқарған сөздердің алғашқы нышандары бой көрсете бастағанына назар аудартады да, төл тілдің өз мүмкіндіктері арқылы жаңа сөз жасаудың жолдарын санамалап, олардың қатарына сөз қысқарту амалын да жатқызады.

Зерттеу жұмыстары түркі тіл білімінде: З.А. Аликулов (өзбек тілі), С.Н. Мұратов (башқұрт тілі), М. Адилов (әзірбайжан), Ахунзиянов Э. (татар).

Ахмеди Ысқақов «Күрделі атау сөздердің бір алуандарының әрі қысқартылып, әрі біріктіліп жұмсалып жолы орыс тілінің әсерінен туғандығын, қысқарған сөздер әдеби тілдің жазбаша нысанында күрделі сөздің белгілі бір түрі болып қалыптасқандығын баяндап, осы термин ұғымына тек қана орыс тіліндегі үлгі бойынша жасалған төрт түрлі жолмен аббревиатураларды жатқызады.

Профессор С. Исаев дәстүрлі қысқарымдардың қатарына шартты және ТУ-154, Газ-51 тәрізді рәмізді қысқартылымдарды қосады. Кісі есімдерінен сый құрмет, еркелету семантикасын үстейтін морфемалардың дәнекерлесуі арқылы жасалған Жәке, Сәке, Сәбе, Айнаш тәрізді кісі есімдері – сөз

қысқарту амалының тарихи ұлттық үлгілері -ақа, -еке, -тай, -шы қосымшалары үстемеленіп ықшамдалған кісі есімдерінің де жатқызылуы.

Тілдегі **акронимдер** – күрделі атаулар сыңарларының, әсіресе кісі есімдерінің алғашқы буындарын құрастыру арқылы сазды-образды, экспрессивті мазмұнда жасалған қысқарымдар: Нұрсал – Нұрлан – Салтанат.

Түрік тіліндегі қысқарған сөздер

1. Түрік тілінде де ұйымдар, елдер, кітап-журналдар т.б. атауларын қысқарту әр сөздің бірінші әрпін жазу арқылы жүзеге асырылады:

TBMM – Türkiye Büyük Millet Meclisi (Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі); TBMM Başkanlık Resmi Konutu ilk kez görüntüledi (SABAH газеті, 18.09.2014).

TDK – Türk Dil Kurumu (Түрік тілі қоғамы); TDK'nın «müsait» tanımı, Meclis Genel Kurulu'nda tartışma konusu oldu (Hürriyetgazeti, 11.03.2015).

TDED – Türk Dili ve Edebiyatı Derneği (Түрік тілі мен әдебиеті бірлестігі); TDED, burs başvurularını 30 Eylül'e kadar kabul edecek (SABAH газеті, 18.07.2014) т.б.

2. Түрік тілінде кейде сөздердің, әсіресе соңғы сөздің бірнеше әрпін бас әріппен жазу арқылы қысқарған сөздердің жасалуында айырмашылық байқалады.

Мысалы: TÖMER – Türkçe Öğretim Merkezi (Түрік тілін үйрету орталығы); Ankara Üniversitesi TÖMER Kayseri Şube Müdürü Oktay Durukan, çocuk kitaplarının, anadilin öğretiminde birinci derecede rol oynadığını belirtiyor (VATAN газеті, 16.04.2003) т.б.

3. Кейде ортадағы сөздерден әріп алынбайды:

BOTAŞ – Boru Hatları ile Petrol Taşıma Anonim Şirketi (Құбыр желісімен мұнай тасымалдау жөніндегі акционерлік қоғамы); 2012 yılında, Bakanlar Kurulu kararı ile sermayesi arttırılarak BOTAŞ'a devredildi (Hürriyet газеті, 06.01.2015).

İLESAM – İlim ve Edebiyat Eseri Sahipleri Meslek Birliği (Ғылыми және көркем туындылардың авторларының қауымдастығы); Gül'ün dayısı, şair ve yazar İLESAM üyesi Abdullah Satoğlu da resepsiyona katıldı (VATAN газеті, 24.04.2011) т.б.

- ✓ Барлығынан байқалатын ортақ түйін:
- күрделі тіркестерді қысқарту тәсілдері Қазан төңкерісінен кейін қалыптаса бастаған;
- орыс тіліндегі қысқарған сөздер түркі тіліндегі күрделі атауларды қысқартуға үлгі болған;
- түркі тілдерінің барлығында да әріптік, буындық қысқартулар 1920 жылдан бері қарай жазба тіл үлгілерінде көріне бастады, соңғы он жылдықтарда күрделі сөздерді қысқарту құбылысы өнімді тәсілдердің біріне айналды.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркі тілдеріндегі қысқарған сөздер туралы баянданыз.
2. Орыс тілінен түпнұсқа қалпында қабылданған аббревиатура туралы не білесіз?
3. Түркі тілдеріндегі қысқарған сөздердің жасалу жолдарына мысал келтіріңіз.
4. Кісі есімдерінің қысқартылу түрлеріне мысал келтіріңіз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Юлдашев А.А. Башкирский язык // Языки мира. Тюркские языки. – М., 1997.
2. Кононов А.Н. Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы. – Ташкент, 1960.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі / Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М.Томанов. – Алматы, 1971.
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы, 2010.
5. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Части речи и словообразование. – М.: изд-во АН СССР, 1952.

8-семинар. Қазақ тіліндегі септік жалғауларын өзге түркі тілдерімен салыстыру

Қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғаулары басты 2 топқа: грамматикалық септіктер мен көлемдік септіктерге жіктелетіні белгілі. Септік жалғауларының морфологиялық және семантикалық дамуы 2 түрлі грамматикалық категориямен тығыз байла-

нысты: тіл құрамында жалғаулардың пайда болып, молаюы және етістіктердің меңгеру қабілетінің кеңеюі. V-VIII ғасыр ескерткіштері тілінде шылаулар өте аз. Сондықтан септік жалғауларының шылаулар жетегінде қолданылуы аса сирек ұшырайды. Ал кейінгі дәуірде шылаулардың сан жағынан молаюымен бірге, септік жалғауларының да семантикалық саралануы күшейеді. Осындай өзгерістің екінші бір түрі етістіктердің меңгеру қабілетінің дамуымен байланысты болған [Томанов М., Қордабаев Т., 1975].

Түркі тілдеріндегі септік жалғауларын зерттеген ғалымдар олардың санын 6 не 8 түрін көрсетеді. Б.А. Серебренников пен Н.З. Гаджиева септіктердің **атау, ілік, табыс, барыс, жатыс, шығыс** 6 түрін атайды, осы секілді Н. Баскаков та 6 түрін көрсетеді, бірақ ол атау септігін **негізгі** деп атайды.

Синтаксис саласында септік тұлғалары сөздерді байланыстыру тәсілінің бір жолы болып табылады. Ғалым Ә. Хасеновтің пікірінше, «Септіктер категориясына тән ерекшеліктің бірі – мотивациялануы. Әр септік әртүрлі қатынасты – заттың затқа немесе заттың белгілі бір процеске қатыстылығын айқындайды».

Ал профессор С. Аманжолов септік жалғауларының белгіленген нақты бір мағынаны білдірмеу себебін «Сөйлемдегі әрбір сөздің мағынасы бар. Бірақ сөздің дара мағынасынан басқа қарым-қатыстық мағынасы да болады. Бұл қарым-қатыстық мән жалғауларға да байланысты. Бұған қарап, әрине, жалғаулардың өз мағынасы жоқ деген пікір тумасын. Бұлардың мағынасы жасырын тұрған затқа ұқсайды. Ол жасырын мағына сөз бен сөз арасы жалғанғанда көрінеді, білінеді», – дей келе септік жалғауларының сөз бен сөзді байланыстыру қызметінде септік жалғаулары арқылы жасалған қатынастардың мағыналық жағының шектеліп қалмайтындығын білдіреді [Аманжолов С., 1994].

Тіліміздегі септік жалғауларының саны өзге тілдермен (орыс тілі, ағылшын тілі, жапон тілі, неміс тілі т.б.) салыстырғанда көп.

Қырғызша септеу:

- Атооч жөндөмө (Атау): ким? эмне? (кім? не?)
- Илик жөндөмө (Ілік): кимдин? эмненин? (кімнің? ненің?)
- Барыш жөндөмө (барыс): кимге? эмнеге? қайда? (кімге? Неге? қайда?)

- Табыш жөндөмө (табыс): кимди? эмнени?
- Жатыш жөндөмө (жатыс): кимде? эмнеде? кайда?
- Чыгыш жөндөмө (шығыс): кимден? эмнеден? кайдан? (кімнен? неден? кайдан?)

✓ **Түйін.** Қыпшақ тобындағы тілдерде толықтауыштық қатынастағы меңгеріле байланысу арқылы жасалған фразеологизмдердің құрамында алшақтықтар қалыптасқан. Бұл алшақтық тілдің заңды тарихи дамуының нәтижесі.

Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі *-дай, -дей* аффиксін үстеу жасаушы форма деп таныса, құмық тіліндегі осы тұлғалас қосымшаны сирек қолданылатын, ескірген септеулік шылау деп көрсетеді [Дмитриев Н.К., 1948]. Түркітануда атау септік негіз, атау, қосымшасыз түбір (Н. Дыренкова); негіз (И.А. Батманов); белгісіз (неопределенный) (Н.К. Дмитриев); абсолютті (А.П. Поцелуевский) т.с.с. болып түрліше аталады.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде атау септік басқа септіктерге негіз болатын сөз ретінде түсіндіріледі.

- Атау
- Ілік -ың, -иң
- Барыс -ы,-и
- Табыс -қа,-гә,-а,-ә
- Жатыс -та, -тә,-да,-дә
- Шығыс -тан, -тән, -дан, -дән [Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З., 1979].

✓ **Атау септігі** затты дербес, тәуелсіз түрде атап, ешкімге қатысы жоқ, тәуелсіз, дербес дүние ретінде көрсетеді. Жай септеуде де, тәуелді септеуде де атау септіктің арнайы қосымшасы болмайды. Атау септік формасы, бір жағынан, басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма болса, екінші жағынан, ол тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, онан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратындықтан, арнай талдайтын негізгі форма ретінде қаралады. Осыған орай, ол негізгі септік деп аталады.

✓ **Ілік септік** формасы мен тәуелдік форма өзара бір-бірімен қосымшалары арқылы байланысады. Бұл септік меңгеру, я меңгерілу жағынан тікелей етістікке қатыспайды, әрқашан соңғы тәуелдеулі есім сөзбен, я субстантивтенген сөзбен байланысты болады (фермердің малы, колледж директоры). Осыған орай

атау формадағы әрбір сөзге жалғанатын ілік септіктің қосымшасы я меншікті (иелікті), я басқа бір қилы қатынасты білдіреді.

✓ **Барыс септік** адамның психологиясымен байланысты болады. Қандай да бір іс-әрекет белгілі бір мақсат көздейді. Бұл септіктегі сөз әрқашан етістік мүшемен (сөзбен) тікелей де, жанайы да байланысып, негізінде, қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді (*Ол ертең Астанаға жүреді; оқушы кітапханаға кітап алуға кетті* т.б.). Барыс септіктегі сөз мағынасына қарай сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та болады.

✓ **Табыс септігі** – тек тура толықтауыш қызметінде жұмсалатын септік. Ол сөйлем ішінде әрдайым сабақты етістікпен синтаксистік қатынасқа түсіп, іс-қимылдың тура объектісін көрсетеді. Табыс септігі жасырын түрде де айтылады. Бұл септіктегі сөз етістікпен байланысып, сөйлемде тура толықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы: *Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып* (Абай).

✓ **Жатыс септігінің** негізгі мағынасы іс-қимылдың орнын, мекенін білдіру. Бұл септіктегі сөздер, негізінде, көлемдік, мекендік және мезгілдік мағына береді. Осыған сәйкес, сөйлемде беретін мағынасына қарай жанама толықтауыш та, мезгіл пысықтауыш та, кейде орнына қарай, баяндауыш та болады.

✓ **Шығыс септік** іс-әрекеттің, қимылдың қай жерден, неден басталғанын білдіреді. Бұл септік іс-амал, қимыл-әрекеттердің шыққан орнын, себебін, мезгілін, мөлшерін және басқа да әр қилы мағыналарды білдіреді. Осы мағыналарына қарай, шығыс септіктегі сөз сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та, кейде баяндауыш та болады.

✓ **Көмектес септікті** сөз іс-қимылдың қандай құралмен жасалғанын білдіреді. Бұл септік іс-амалдың құралы мен тәсілін, мекені мен мезгілін, ортақтасу, бірлесу, астасу, ұштасу сияқты жай-күй қатынастарын және басқа әр алуан мағыналарды білдіреді. Көмектес септіктегі сөз сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та бола береді.

Көне түркі тіліндегі септік жалғаулары бірінің орнына бірі қолданылған. Оларды қазіргі қазақ немесе басқа түркі тілдеріндегідей нақты жүйелік байқалмайды. Сол себептен септеуліктердің грамматикалық көрсеткішпен тіркесуін сөйлемнің мазмұны,

мағынасы арқылы анықтаймыз. Мысалы: *Йағру қоңдуқта кісре аңыз білік анта өйүр ерміс – Жақын қонғаннан кейін жаман ілімді сонда үйренген еді*. Осы сөйлемдегі «қоңдуқта кісре» тіркесі жатыс септігінде тұр.

Татар тілінің грамматикасының авторлары: «Частицами называются служебные слова, придающие отдельным словам или предложению в целом различные смысловые, модальные, модально-волевые или эмоционально-экспрессивные оценки», – деп анықтама береді. Демек, олар да демеуліктерді ерекше топ деп танып, жеке сөз деп есептейді.

Чуваш тілінің маманы И.В. Павлов «Интересен и тот факт, что как в чувашском так и в других тюркских языках употребление служебных имен с аффиксом множественного числа не наблюдается», – деген пікір айтады.

Хакас тілінде септіктер саны 10-ды құрайды, ал мектеп оқулықтарында септіктің негізгі 8 түрі оқытылып жүр:

- Адылғы (атау) кем? ниме?
- Тарылғы (ілік) кемнің? нименің?
- Пирілгі (барыс) кемге? нимеге?
- Көрімгі (табыс) кемні? нимені?
- Орынғы (жатыс) кемде? нимеде?
- Сығынғы (шығыс) кемнең? нимедең?
- Пудіргі (көмектес) кемнең? нименең?
- Ызылғы (бағыт-бағдар), кемзер? нимезер?
- Сылтағлығ (себеп-салдар), кемнезер? нимезер?
- Тиңнетіріс (салыстырмалы), кемче? нимече?

Қазіргі хакас тілінде 5 септік бар – негізгі, тәуелді, барыс, табыс, жатыс, шығыс, бағыт және көмектес-құралдық. Олар субъект-объектілік / негізгі және табыс: *чил улам на тыыпча* «жел күшейе түсті», *ол аңчы* «ол аңшы», *мин палых туттым* «мен балық ұстадым», аттары көліңер «аттарды ерттендер».

Посесивті тәуелдік: *тағның идегі // таудың етегі, порчоларының чызы // гүлдердің иісі*; коматативті және құрылымдық (көмектес-құралдық: *арғызынаң тоғасты* «ол жолдасымен жолықты», *палтынаң оотхан* «балтамен шапты»); қимылдың түрлі себептері (барыс, жатыс, шығыс, бағыттау: *вокзалга парарга* «вокзалга бару», *городта чуртирга* «қалада тұру») мәнді білдіреді [Тенишев Э.Р., 1976].

Зат есімнің септелуі

– Атау	jayas	«ағаш»	mла «бала»
– Ілік	jayas-тын		mла-нын
– Барыс	jayas-қа		mла-яа
– Табыс	jayas-ты		mла-ны
– Жатыс	jayas-та		mла-да
– Шығыс	jayas-тан		mла-дан
– Көмектес	jayas-тау		mла-тай

Әзірбайжан:

- ким ня щара шансы
- кимин няйин щаранын шансынын
- кимя няйя щарайа шансына
- кими няйи щараны шансыны
- кимдя нядя щарада шансында
- кимдян нядян щарадан шансындан [Түрсынова М.А., 2012].

Ілік септік

Э.В. Севортян «Категория падежа» мақаласында ілік септігі жалғауларын 2 топқа бөліп қарастырады да, оңтүстік батыс тобындағы тілдерде қолданылатындарға **-ын, -ин, -ун, -үң** қосымшаларын, Орхон-енисей ескерткіштерінде және түрікмен тіліндегіге **-ың, -иң, -уң, -үң** қосымшаларын, басқа түркі тілдеріндегіге **-ның, -ниң, -нуң, -нүң, -тың, -тиң, -дың, -диң, -нын, -нин, -нун, -нүн, -тын, -тин, -дын, -дин** қосымшаларын жатқызады.

Ілік септік жалғауының тарихы, қайдан шыққандығы, алғашқы тұлғасы туралы бірнеше пікір бар. М. Томанов осы пікірлерге талдау жасай отырып: «В.В. Радлов ілік септіктің алғашқы тұлғасы **-ың** деп қарайды да, бұның өзі о баста тәуелдік жалғаулы болған, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне ғана жалғанған дейді. Радловтың осы пікірін көп өзгеріссіз Богородицкий де қайталайды. Богородицкийдің түсіндіруінше, морфологиялық ығысу арқылы есімдіктер құрамында қалыптасқан **-ның** аналогия жолымен басқа есім сөздерге де ауысты. Кейін есім сөздер де осы **-ның** аффиксін қабылдайтын болды.

Ал **-ның** тұлғасының құрамын Г. Рамстедт былайша түсіндіреді: алғашында **-н** түрінде болған ілік жалғауы дауыссыз дыбыстарға біткен түбірлерге жалғанғанда алдынан «жалғастыру-

шы» дауысты дыбыс қосып алса керек. Содан кейін түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ығысудың нәтижесінде **-ның** қалыптасады [Рамстедт Г., 1957].

Чуваш тіліндегі 8 септіктің бірі – ілік септігі. Бұл септік *-ән-ён, -нән-нён, -(йән)-йён* қосымшалары арқылы беріледі.

- қырғ. *мықтылардын мықтысы* мықтылардың мықтысы;
- тыуа. *кызылдан кызыл* кызылдың қызылы;
- башқ. *матурзарзын матуры* сұлудың сұлуы;
- тат. *әйбәттән әйбәт* жақсылардың жақсысы;
- чув. *асларан асла* ақылдының ақылдысы;
- өзб. *янгидан янги* жаңаның жаңасы;
- хак. *сілігден сіліг* сұлулардың сұлуы;
- ұйғ. *тоғридин тоғри* түзудің түзуі.

Якут тілінде де 8 септік болғанымен, басқа түркі тілдерінде қолданылатын ілік септігі жоқ. М. Томанов бұл туралы: «Түркі тілдерінің ішінде ілік септік жалғауы кездеспейтін – якут тілі. Якут тілінде **-та** қосымшасы арқылы біздің тіліміздегі ілік пен «жасырын» табыс септік мағыналарын береді. Якут тілінің бұл ерекшелігі моңғол тілінің ықпалы деп түсіндіріледі. Якут тілінің қалыптасу, даму тарихында моңғол тілінің ықпалының басым болғандығы белгілі. Ондай ықпалдың нәтижесі бұл ыңғайда ғана емес, тілдің басқа салаларында да байқалады. Сонымен, бұл жағынан якут тілі – түркі тілдерінің ерекше түрі» деп атап көрсетеді [Томанов М., 1992].

Щербак А.М. «Грамматика староузбекского языка» еңбегінде үстеулерді жасалуына қарай есімді және етістікті деп 2-ге бөліп қарайды да, соның ішінде есімді үстеулердің сөйлем құрамында жұмсалы барысында септік жалғауларының көнеленуі қалыптасқандығын көрсетеді:

- барыс септігі – бірге;
- жатыс септігі – қайда, анда;
- шығыс септігі – қайдан;
- құрылымдық септік – кундузун.

Якут тілінде ілік септігінің жалпы болмауы, түптен келгенде, матасу формасының жоқтығы, өзбек, татар тілдерінде көмектес септіктің мәні оны **бәлен** шылауы арқылы беріуі, *ат бәлен килдем* синтетикалық тәсілдің орнына аналитикалық тәсілдің орнығып қалғандығын көрсетеді. [Дмитриев Н.К., 1962].

Барыс септігі

Қазіргі түркі тілдеріндегі жатыс жалғауының нұсқасын салыстыра қарағанда, дауысты дыбыстар ыңғайынан болсын (кейбірінде бұлардың еріндік нұсқасы бар) СзД жағынан болсын, негізінен **-да** тұлғасының айналасына топтасады. Әрине, басқа дауыссыз кейбір тілдерде тек **-д** (әзірбайжан, түркімен) болып келетіні де бар. Ал чуваш тілінде **-ра, -ре, -че** тәрізді басқа түркі тілдерінің ешқайсысына ұқсамайтын нұсқалар қолданылады. Қалай болғанда да жатыс септік жалғауы сыртқы тұлғасының көне дәуірден қазіргі тілге дейін көп өзгеріссіз жеткен. Тіл дамуының барысында бұл септік жалғауына қатысты өзгерістер қолданылу мағыналары мен етістіктерді меңгеру жүйесінен ғана байқалады.

Барыс септігі қазіргі өзбек тілінде *менга, сега, унга*; ұйғыр тілінде *униңга* боп айтылса ескі қолжазба мен ескерткіштерде мөңгә түрінде жалғанады. Бұл сөздердің бәрінде де **н** дыбысының сақталып отырғанын көреміз:

- қазақта: *Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда*;
- өзбекте: *Кизим, сенге айтаман, келиним, сен эшит*;
- түрікменде: *Ғызым, сана айзян, гелним, сен эшит*;
- қырғызда: *Кереге саа айтам, келиним, сен ук*;
- ұйғырда: *Қизим, сана ейтай, келиним, сен тиңша*;
- әзірбайжанда: *Ғызым, сәнә дейирәм, кәлиним, сән эшит*.

Б.А. Серебренников **-да** тұлғасының бойында болған локатив мәндерінің морфологиялық тәсіл тұрғысынан жіктелуін **-дан** негізінде жаңа жалғаудың қалыптасуымен түсіндіреді **-дан** жалғауының қалыптасуымен бірге аблаватив мәні соған ауысты, **-да**, локатив мәні **-да** тұрғысында орнығып қалды. Заттың, үдерістің пайда болған, бөлініп шыққан объективін білдіруде қолданылады. *Табғашда адырмиты, қанатты (т) / Табғаштан айырылып, жанды болды. Тәңрі тег теңріде болмыш түрк білге қаған / ... Тәңірдегі тәңіріден жаралған түріктің білгір ханы.*

Соңғы кездері құмық тілін зерттеуде оң өзгерістер салыстырмалы фонетика, морфологиялық еңбектермен толыға түсті. (Д.М. Хангишев, Н.Х. Ольмесов, Н.Э. Гаджихмедов, К.С. Кадыраджиев).

«Құмық тілі мен орыс тілінің салғастырмалы грамматикасында» фонетика бойынша ең негізгі орынды әр тілдердегі дыбыстардың анықталуы, ассимиляцияның фонетикалық айқын-

далуы, сингармонизмнің, комбинаторлық өзгерістердің берілуі алады. Морфология бойынша: салыстырмалы жоспарда сөздердің морфологиялық құрылымы және морфемалардың грамматикалық жүйесі сипатталады [Ольмесов Н.Х., 2000].

- Атау (Баш гелиш) кітап.
- Ілік (Еслик гелиш) кітапны.
- Барыс (Багъым гелиш) кітапға.
- Табыс (Тюшюм гелиш) кітап, кітапны.
- Жатыс (Ер гелиш) кітапда.
- Шығыс (Чыгъым гелиш) кітапдан.

Құмық тіліндегі Атау септік кім? не? деген сұраққа, табыс септік кімді? нені? деген сұраққа жауап береді.

Түркмен тілі. Түркмен тілінде **-да, -де** нұсқаларына ие. Бірақ қатар қолданылған кей СзД бірі екіншісіне ықпал жасап, дыбыстың өзгеріске түсуі өте көп байқалады. Мысалы, түбірдің соңы **н** дыбысына бітіп қосымша **д** дыбысынан басталса, айтылуда **д** дыбысы **н** болып айтылады, жазылуда ескермейді. Мысалы: *менне (менде) мұннан (мұнда)* т.б. Сөздің соңы **м** дыбысына бітіп қосылатын қосымша **д** дыбысынан басталса, **д** дыбысы айтылуда **н** болып айтылады. Мысалы: *кимне (жазылуда кимде) адымна (жазылуда адымда)* т.б. **Н** дыбысына біткен сөздерге **б** дыбысынан басталатын қосымшалар қосылса, **я** сөз тіркессе, айтылуда **б** дыбысы **м** болып айтылады. Мысалы: Он мир (жазылуда он бир) он мәш (он бәш) т.б.

Гагауыз тілінде: тәуелді септеуде атаудан басқа септіктерде түбірге **н** дыбысын қосып барып септейді. Мысалы: *досту, достунун, достуна, достуну, достунда, достундин* т.б. Егер **н** дыбысына біткен екі не одан көп буында сөздер септелсе, гагауыз тілінің фонетикалық заңдылығы бойынша түбірдегі соңғы дауысты дыбыс созылыққа қасиетке ие болады. Мысалы: Атау – сонан (көше), ілік – сокаан, барыс – сокаа, табыс – сокаа, жатыс – соакта, шығыс – соактан т.б.

Башқұрт тілінде. Соның ішіндегі жатыс септігі түбірге **-да, -дә, -за, -зә, -та, -тә, -на, -нә, -ла, -лә** қосымшалары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *ауылда, атта* т.б.

Саха тілі. Олар: атау, біргелік, табыс, даралық, барыс, шығыс, құралдық, салыстырмалы септіктер, жатыс септігінің орнына табыс септігі қолданылады.

Хакас тілі. Атау, ілік, барыс, табыс, жатыс септіктері бар. Жатыс септігі зат есімге **-да, -де, -та, -те** қосымшаларын қосу арқылы жасалады.

Тыва тілі. Атау, ілік, барыс, жатыс, шығыс, табыс, бағыттық. Жатыс септігі **-да, -де, -та, -те** қосымшалары арқылы жасалады.

Тофалар тілінде *шайдан иш* (яғни бір бөлшегін) деудің орнына *шөйда ишивит* дейді. *Судан әкел* дегенде *сугда һал, наннан бер* дегенде *һиямуда һан* т.б. дейді.

Шор тілі. Атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, құралдық септіктер. Жатыс септіктің қосымшасы **-да, -де** арқылы жасалады. Демек, жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің мезгілдік мағынасы көлемдік мағынаның негізінде кейін қалыптасқан деуге болады.

Қырғыз тілі. *Сага мындай сөздөрдү ким айты? Ызагулга ал сөздөр катуу тийиптирби?*

Түрік тілі.

Табыс септігінде:

- | | |
|------------------------|-----------------------------|
| – <i>şehri tehliye</i> | <i>қаланы көшіру</i> |
| – <i>silahı teslim</i> | <i>қару-жарақты тапсыру</i> |
| – <i>sulhü takviye</i> | <i>әлемде бекемділік</i> |

Шығыс септігінде:

- | | |
|-----------------------------|--------------------------|
| – <i>mükalemeden maksat</i> | <i>әңгіменің мақсаты</i> |
| – <i>istikbalden endişe</i> | <i>болашақты ойлау</i> |
| – <i>paradan istifade</i> | <i>ақшаны жұмсау</i> |

Жатыс септігінде:

- | | |
|-----------------------------|---------------------------------|
| – <i>tahsilde ısrar</i> | <i>оқуда жігерлілік</i> |
| – <i>işte devam</i> | <i>жұмыста шыдамдылық</i> |
| – <i>harekette tereddüt</i> | <i>іс-әрекетте батылсыздық</i> |
| – <i>gitmekte acele</i> | <i>кетуге асығыстық</i> |
| – <i>cevapta gecikmete</i> | <i>жауап беруде бәсеңділік.</i> |

Шығыс септігінің қазіргі түрікмен, түрік тілдерінде *бенден, сенден, ондан*; гагауыз, қарайым тілдерінде *бәнден, сәнден, ондан*; құмық, қарачай, қырғыз тілдерінде *менден, сенден, ондан*; татар тілінде *миннән, синнән, аннан*; өзбек тілінде *мендан, сөндан, ундан*; тува тілінде *миннән, сәннән, оннан*; хакас тілінде *миннень, синнень, аннань* және ұйғыр тілінде *мениңдин, сениңдин, униңдин* боп айтылуы.

Чуваш тілі. Септіктердің ішіндегі жатыс септігі түбірге **-ра, -ре, -та, -те** қосымшалары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: пасарта (базар).

Көмектес септігінің ерекшелігі.

Шор тілінің грамматикалық ерекшелігі көмектес септігіне қосымша мағына үстемелейтін **-ба, -бе, -па, -пе, -ма, -ме** жалғауларын қолдану арқылы жасалады, мысалы, малтаба – балтамен.

Бақылау сұрақтары:

1. Сан жағынан септіктер неге әртүрлі?
2. Шор тілінің септіктерінің ерекшелігі неде?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы, 1966.
2. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
3. Дмитриев Н. К. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – М., 1955.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1988.

9-семинар. Түркі тілдеріндегі сан есімдер және түрлері

Түркі тілдері сөз таптарының бірі сан есімді басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеу тілдердің ортақтығы мен ерекшелігін, жеке тілдерге қатысты ішкі заңдылықтардың сипатын көрсетуге септігін тигізеді. Сан атаулары – өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны анық көріне бермейді. Түркологтар жалпы сандық ұғымның қалыптасуын ақиқат өмірмен байланыстырады. Н.А. Баскаков: «Сан есімдер – есімдерден бөлініп шыққан сөз табы, олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіреді» [Баскаков Н.А., 1952].

Түркі тілдеріндегі сан есім – көне ескерткіштерден келе жатқан сөз таптарының бірі. Сан есімге салыстырмалы-тарихи зерттеу жүргізу барысында аталған сөз табының мағыналық топтарының жасалу жолдарына қатысты елеулі өзгерістерді көруге болады.

Сан есімнің жалпы сипатын, жасалу жолдарына байланысты фонетикалық, грамматикалық өзгешеліктерін М. Томанов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, А. Есенқұлов, Ф.Е. Исхаков, Б.А. Серебренников, Н.З. Гаджиева, Ә. Нұрмаханова еңбектері арқылы салыстырып ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, өзгешеліктерін көрсетуге болады. Соңғы ширек ғасырда түркі халықтарының сан есімдері жөнінде бірталай еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалды. Мәселен, академик В.А. Гордлевскийдің «Түркі тіліндегі елу сан есімі» атты арнайы еңбегі бар, автор халықтардың сан есімдерін өзіне дейін зерттеген В.В. Радлов, Н.Я. Марр, В.В. Бартольд сияқты ғалымдардың пікірлерін негізге алған.

Қазақ, қарақалпақ, ұйғыр тілдерінде сан есімдер – 6, өзбек тілінде – 7, түрікмен тілінде – 2, қырғыз тілінде – 2, гагауз тілінде – 3, қарайым тілінде – 4, татар тілінде – 5-ке бөлінеді. Қырғыз тілінде сан есім есептік және реттік болып бөлінеді.

Реттік сан есім **-нчы (-нчи, -нчу, -нчү)**, ал жуан дауыстыларға бітсе **-ынчы/-инчи, -унчу, -үнчү** жалғауларының көмегімен жасалады.

Жинақтық сан есім есептік сан есімдерге **-оо (-өө)** жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, **эки: экөө – екеу, үч: үчөө – үшеу.**

Бөлшектік сан есім: $-3/4$ – төрттен үч, 2,6 – эки түтүн ондон алты – екі бүтін оннан алты. Сан есімдер көне түркі тілінде жұрнақсыз-ақ дара (*бір, ікі, отуз, сегизон*) және күрделі (*бір он, беш йегірмі, ікі қырқ*) болып ескерткіштерде қолданылса, қазіргі түркі тілдерінде есептік сан есімге қатысты фонетикалық ерекшеліктерге қоса, кейбір ондық атауларының бірлік атауларына байланыстылығы көрінеді.

Есептік сан есімдер көне түркі тілінде жұрнақсыз-ақ дара (*бір, ікі, отуз, сегизон*) және күрделі (*бір он, беш йегірмі, ікі қырқ*) болып ескерткіштерде қолданылса, қазіргі түркі тілдерінде есептік сан есімге қатысты фонетикалық ерекшеліктерге қоса, кейбір ондық атауларының бірлік атауларына байланыстылығы көрінеді.

– **Қаз.:** *bir eki, üş, dört, bes, altı, ceti, segiz, toğız, on, ciyırma, otız, qırıq, elw, jetpis, seksen, toqsan, cüz, miñ vb.*

- **Түр.:** *bir, iki, üç, dört, beş, altı, yedi, sekiz, dokuz, on, yirmi, otuz, kırk, elli, yüz, bin vb.*
- **Өзб.:** *bir, ikki, üç, tört, beş, älti, yetti, säkkiz, tokkiz, on, yigirmä, ottiz, qırq, ellik, ming vb.*
- **Алт.:** *бир, эки, үч, төрт, беш, алты, джетти, сегис, тогус, он, он бир, джирме, одус, кырык, бежен, алтан, джетен, сегизен, тогузон, джус, мун.*
- **Хак.:** *Пір, ікі, ус, төрт, нес, алты, читі, он ус, тогыс, он, он пір, он ікі, сигіс, чибіргі, отыс, хырых, иліг, алтон, читон, мунь, оғызон, чус, сигізон.*
- **Башқ.:** *бер, ике, өс, дүрт, биш, алты, ете, һигез, тугыз, ун, ун бер, егерме, утыз, кырк, илле, алтмыш, етмеш, һикһән, муһһән, йөз.*

✓ Сан есімдердің есептік сан мен реттік сан түрлері барлық түркі тілдерінде мағынасы мен атқаратын қызметі және жасалу тәсілдері бойынша бірдей. Ал басқа түрлері бірінде аталса да, екіншісінде аталмайды, оның үстіне жасалу тәсілдері де біраз өзгеріске ұшырағандығы сезіледі.

БІР сан есімінің тілдегі қолданылу өрісі өте кең. Қосымшасыз тұлғадағы *бір* санының тіркесімдік қабілеті, тіркес сипатына сай оның мағыналық бояуының құбылуы (сандық мағынаның көмескіленуі, солғындауы, жойылып басқа мағынаға ауысуы т.б.) контекст арқылы ажыратылады десек, сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ішінде кездесетін бір санының қосымшасыз тұлғасы мақал-мәтелдер білдіретін жиынтық мағынадағы сандық, өлшемдік, мөлшерлік «бояуларды» бірде қалыңдатады, бірде жұқартады:

В.З. Панфилов әртүрлі тілдердегі *бір* сан есімінің этимологиялық негізін 1-жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігімен байланысы бар екендігін көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды: *бір* түсінігі адамның жеке тұлға ретіндегі түсінігі негізінде туған *мен* -імен байланысты, яғни өзіне қатысты басқа да ортада өзінің ішкі жан-дүниесімен тікелей ұштасып жатады. [Панфилов В.З., 1977].

Типологиялық тұрғыдан зерттеу жасаған К.И. Майтинский болса, жіктеу есімдігі мен бір сан есімінің демеуліктермен ұқсастығы бар екендігін айтты. [Майтинской К.И., 1969]. Жоғарыда айтылған пайымдаулардың растығын түркі мәліметтері де

расайтындай, мәселен *bi* элементінің *bi:g* *bir* негізінен шыққандығы, яғни бұл түркі тілдеріндегі *ben* *мень* және *bi* *бұл* сілтеу есімдігімен тікелей байланысты екендігін дәлелдеп тұрғандай. Бұл жерде тіпті жана этимология да болуы мүмкін: *bi:g* - *bi* -мен + ер адам > *bir* > *bi:g* *бір*. Алайда логикалық тұрғыдан алып қарасақ, **-r** элементі (қосымшасы) жинақтық көпше түрдің көрсеткіші бола алмайды [Псянчин В.Ш., 1975].

Қазақ тіліндегі **та** буыны бір замандарда *bir* деген ұғымды білдірген. Мұны басқа көне сөздерді талдағанда барып түсінуге болады: **та+л** (бір тектес, ұқсас заттардың жеке біреуі, данасы) зат есімі бізге сандық *bir* семасын жеткізіп тұр. «*Тарау*», «*тармақ*» сөздері де осы сипатта. Тақ – жұппен алмасып келіп отыратын сандық ұғым «*жеке*», «*дара*», «*жалғыз*» ұғымдарын да береді.

ЕКІ.

- әзерб. Ікі екі;
- қазақ екі *жарты*, *бір бүтін болу*, екі *аяғын бір етікке тығу*, екі *дүниеде риза болу*, екі *көзі төрт болу*;
- қырғыз: *эки бакыр*, *бир тукур болуу*, *эки бутун бир кончуна сыйдыруу*, *эки дүйнөдө ыраазы*, *эки козу торт болуу*.

ҮШ.

- әзерб., қырғ., түрікм., үйғ. үш;
- өзб. уч;
- тат.оч;
- каз., тува, шор, ққалп. үш;
- як., хақ. үс;
- чув.; виссе.

Үчүсі – үшеуі. *Хұсайын мырзаның ұғланлары уа нәбирелері көб ерді уа үчүсі қачыб құтылды // Хұсайын мырзаның ұлдары мен немерелері көп еді, үшеуі қашып құтылды* (Б. Әбілғазы).

Жеті саны түрік халқы үшін – киелі, құпиялы. Мысалы, *жеті қат көк*, түрікшесі *yedi kat gök* – аспан әлемінің жеті қабатымен байланыстыра алынған: Күн, Ай, Шолпан, Меркурий, Қызыл жұлдыз, Мүштәри (Юпитер), Сатурн. Дүниенің үш бөлігі – Аспан Көк, Жер және Жер асты саналған. Аспан әлемі – құдай әлемі, Жер – адам әлемі, Жер асты – қара түнек шайтандар әлемі болып есептелген. Сонымен *жеті қат көк / yedi kat kök* түркі

халқы арасында кұпия саны деп танылған. Қазақ және түрік халықтарында дүниенің бітпейтін аспан әлемі негізінде қолданыс тапқан. Осымен тығыз байланыса *жеті қабат жердің асты*, түрікшесі *yedi kat yerin dipi* – деген фразеологизмде жеті қабат жер астын білдірген.

ЖЕТІ: едди (әзерб.), еди (түрікм., түрік), жиде (тат.), чеди (тува), етти (кұм., өзб.), сэтте (як.), четти (шор), сичче (чув.), жеті (қаз., қ-қалп., қырғ.), ете (башқ., ноғ.);

ТОҒЫЗ – доггуз (әзерб.), туңқиз (өзб.), тоңқууз (үйғ.), докуз (түрікм., түрік), таххар (чув.), токуз (як.), тоғыс (хак.), тос (тува), тоғыз (қаз, қ-қалп.), туғыз (башқ., тат.);

ОТЫЗ – үш он (с. үйғ.), үжен (тува), тоуз (әзірб., қырғ., құм., түрік, түрікм.), отгуз (үйғ.), уттиз (өзб.), одус (алт., шор), отыз (қаз., қ-қалп., ноғ), утыз (тат., башқ.), ватар (чув.);

ҚЫРЫҚ түртон (с. үйғ.), дөртен (тува), кырык (басым тілдерде қолданылады);

ЕЛУ: елу, эллик, еліг, биэс уон (якут), пісон (с. үйғ.), бежен (тува);

ЖЕТПІС: с.үйғ. жетон тув. чеден алт. дьетен әзірб., құм., түрік., түрікм., өзб. йетмиш, үйғ. иәтмиш, ноғ. етпис, башқ. етмеш, қаз., қ-қалп. жетпіс, қырғ. жетимиш, чув. ситмел (М.А. Тұрсынова).

Реттік сан есім көне түркі тілінде есептік сандарға **-ынч, -інч, -нчы/-нчі, -ынчы/-інчі, -унчы/-үнчі, -нті** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған: **екінті, үшінч, бірінч, онынч, бірінчі, екінчі, төртүнчі, үчүнчі** т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде реттік сан есімнің жұрнақтары:

- **қазақ т.:** -інші/ыншы (бірінші, алтыншы);
- **құмық т.:** -инчи -ынчы, -юнчю (-үнчү) -үнчу, -нчи, -нчы;
- **татар т.** е -енче, -ынчы, -нче, -нчы (беренче, икенче, алтынчы);
- **түрікмен т.:** -инжи, -ынжы, -үнжи, -унжы, -нжи, -нжы (биринжи, икинжи, үчүнжи);
- **башқұрт т.** -енса, -ынсы, -нсе, -нсы (беренсе, икенсе, өсөнсе);
- **чуваш** тілінде -меш (перремеш – бірінші, иккеш – екінші, виссемеш – үшінші);
- **якут т.** -ис, -ыс, -ус, -үс, -с (сүүс, тыһынча);

- **тува** т. -кы, -ки, -чы, -чи, -ку, -кү, -гу, -гү (бирги, йинчи, тоску).

Көне түркілік реттік сан есімнің жұрнақтарының қазіргі түркі тілдеріндегі сипатында фонетикалық өзгешеліктерді есепке алмағанда, чуваш, якут, тува тілдері көзге түседі.

Жинақтық сан есімнің көне түркі тіліндегі жұрнағы ретінде **-егү** (бірегү, икегү, үчегү) жұрнағын айтсақ, қазіргі түркі тілдеріндегісінде көнелікті фонетикалық өзгерістерімен сақтағандары да, жаңаша қолданыстары да бар:

- каз., ноғ., түрікм. т. -ау, -еу (біреу, екеу, үшеу);
- ноғ., құм. т. -ав, -ев (бирев, экев, учов);
- қырғ. т. оо, өө (бирөө, экөө, үчөө);
- якут т. -ыа, -ыан, -йақ (алтыа, алтычан, алтау-ақ);
- тува т. -елээн, -алаан, -елээ, -алаа (үжелээ-үжелээн; бежелээ-бежелээн);
- шор тілінде -ала, -еле (пезеле, ужеле);
- өзб. т. -ов (биров, эков);
- ұйғыр тілінде -үлэн, -лэн (үчүлэн, бешүлэн иккилэн);
- чуваш т. -ан, -ен (иккен, таваттан) түрінде қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінде топтық сан есімнің жұрнақтары қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек тілд. -дан, -ден, -тан, -тен екіден, бірден, учтадан;

- түр. *birer-birer* бір-бірден; *ikişer- ikişer* екі-екіден;
- гаг. *бешар-бешар* бес-бестен;
- тат. *икешәр-икешәр* екі-екіден;
- өзб. *икки-икки* екі-екіден;
- әзірб. *бир-бир* бір-бірден;
- тыуа *он-он* он-оннан т.б.;
- қырғ. *эки-экиден* екі-екіден;
- түркм. *бир-бирден* бір-бірден;
- башқұрт, татар, құмық, түрік, ноғай тілдерінде -шар, -шәр, -ар, -әр, -сар, -сер, -ар, -ер (унар, икешер, алтышар);
- **хақас** тілінде -лар, -лер, -ар, -ер (пірер, кілер, алтылар);
- **якут** тілінде -лыы, -лии, -луу, -лүү, -тыы, -тии, -туу, -түү, -дыы, -дии, -дуу, -дүү, -ныы, -нии, -нуу, -нүү (биирдии, икилии, үстүү) ретінде топтап көрсетуге болады.

Болжалдық сан есім көне түркі тілінде есептік сан есімдерге **-ча, -че** жұрнағы жалғану арқылы жасалса, қазіргі біраз тілдер сол жұрнақты сақтағандығы байқалады.

Болжалдық сан есімнің жұрнақтары *-даган, -деген, -лаган, -леген, -таган, -теген, -дап, -деп, -лап, -леп, -тап, -теп; -дай, -дей, -тай, -тей:*

- казак, татар, башқұрт, ноғай тілдерінде *ондаган, йөзләгән, меңләгән, уьшевлеген, алтавланган, онавланган;*
- қырғыз, хақас, якут, түрік, татар, өзбек, әзірбайжан *-ча, -чә, -ча, -че отысча, он писче, йүзләрчә;*
- башқұрт тілінде *унлап, утызлап, йөзлап, -лап/-ләп; -тача;*
- өзбек тілінде *-ларча, -лаб мингларча, унлаб, юзлаб* болып келеді.

Қазіргі түркі тілдерінде **бөлшектік сан** есімнің жұрнақтары бірінші сыңары шығыс септікте, екінші сыңары атау түрінде қолданылу казак, башқұрт, татар, қырғыз тілдеріне тән:

- өчтән ике (2/3);
- йөздән биш (5/100) және бірінші сыңары жатыс септікте, екінші сыңары атау түрінде қолданылу түрік, әзірбайжан, құмық тілдеріне (үчдә ике (2/3);
- *йүздә беш (5/100) тән болса, изафет түріндегі қолданыс тува, шор, құмық, хақас тілдеріне (үштүң ийизи (2/3), дөрттүң үжү (3/4); четтининь алтызы (6/7);*
- құмық, алтай, тува, шор тілдеріне *еттини эки боьлуьн бир пай (3 ½), бирни етти ярып, бир пай (1/7), дөрт боьлуьн бир пайын алдым (1/4)* тән екендігі көрінді.

Түркі тілдері өздерімен көршілес халықтармен салыстырғанда, сан, санақ жайлы ұғымын ежелгі кезеңде қалыптастырған. Түркі тілдерінде санаудың екі түрлі тәсілін білген. Мыңнан жоғары сандық ұғымды білдіретін сөздер басқа тілдерден ауысқан: миллион, миллиард – орыс тілінен ауысқандар т.б.

Түркі тілдерінің көпшілігінде 20, 30, 40, 50 сандарын білдіретін сөздер 2, 3, 4, 5 сан атауларымен ешқандай байланыспайды, ұқсастығы жоқ. Ал, 60, 70, 80, 90 сандарын білдіретін сөздер – 6, 7, 8, 9 сан атаулары негізінде қалыптасқан. Түркі тілдерінде реттік сандар бірнеше аффикстер арқылы жаслады.

Болжалды сандық ұғымды білдірудің ең көп кездесетін түрлері мыналар: **-ча, -джа,**

- қырғыз тілінде: бешче;
- хакас тілінде: онджа, отысча, чүсче (жүздей), пісче;
- әзірбайжан тілінде: онларджа, отуэларджа, иузлердже;
- қазақ, қырғыз, башқұрт тілдерінде -дай/-дей;
- башқұрт тілінде: алтымыштай, мыңдай;
- қырғыз тілінде: отуздай.

Сан есім құрамында кездесетін көне қосымшалардың жағдайы басқашарақ. Олар: -ыз, -із (сегіз, тоғыз), -ты, -ті (алты, жеті). Бұл морфемалардың этимологиясы белгісіз. Қосымша сөзде жиі кездесетін элемент, бірақ ол басқа сандарда қайталанбайды. Ал сан есім сөздердің құрамында кездесетін басқа жымдасқан морфемалардың түп негізі белгілі сөзге барып тіреледі. Бұл заңды, өйткені сан есім сөзжасамының негізі – синтетикалық тәсіл емес, аналитикалық тәсіл. Оған дәлел ретінде құрамы күрделі морфемадан тұратын алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан атауларын келтіруге болады.

Н.К. Дмитриев кейбір жеке сөздердің этимологиясына келсек, алтмыш (алпыс), ете (жеті) сөздерінен **-мыш, -меш** жұрнақтары арқылы жасалған, ол алғаш он дегенді білдірген болу керек. Мұндай сан есім формалары көптеген түркі тілдеріне қатысты дейді. Ол сексен, тоқсан сөздерін сегіз, тоғыз сөздерімен байланыстырады да, олардың құрамындағы екінші компонентті он сөзінің өзгерген түрі деп санайды.

Есептік сан есімдер көне түркі тілінде жұрнақсыз-ақ дара (бір, ікі, отуз, сегизон) және күрделі (бір он, беш йегірмі, ікі қырк) болып ескерткіштерде қолданылса, қазіргі түркі тілдерінде есептік сан есімге қатысты фонетикалық ерекшеліктерімен де айтылады.

✓ Есептік: *бир* «бір», *ийи* «екі», *үш* «үш», *дөрт* «төрт», *беш* «бес», *алды* «алты», *chedi* «жеті», *сес* «сегіз», *тос* «тоғыз», *он* «он», *он бир* «он бір», *чээрби* «жиырма», *үжен* «отыз», *дөртен* «қырық», *бежен* «елу», *алдан* «алпыс», *cheden* «жетпіс», *тозан* «тоқсан», *чүс* «жүз», *мүң* «мың», т.б.

✓ Реттік сан есімдер -кы жұрнағының және *дугаар* «нөмір» сөзінің қатысуымен жасалады: *бешки* «бесінші», *он дугаар* «оныншы», *cheden төрткү* «жетпіс төртінші» т.б.

- ✓ Бөлшектік сан есімдер: *бештиң ийизи* «бестен екі», т.б.
- ✓ Жинақтық сан есімдер: *аллан, дырзы* жұрнақтары арқылы жасалады. Топтау сан есімдері: *бир-бир* «бір-бірден», *он-он* «он-оннан», т.б.

Сан есімдердің бірлік сандары мен 50-ге дейінгі ондық сандарында басқа түркі тілдерінен айырмашылық жоқ. Тек 50, 60, 70, 80, 90 сандары салар *ellion* «елу он», яғни алпыс, *ellijirmi* «елу жиырма», яғни жетпіс, *elliotos* «елу отыз», яғни сексен, *elligurel* «елу қырық», яғни тоқсан деп саналады. Он мыңның орнына қытай тілінен енген *zany* сөзі қолданылады. Ал жинақтау сан есімі тек 2 (*ehelo*), 3 (изо/изево) сөздерімен ғана байланысты қолданылады [Тенишев Э., 1976].

Қазіргі түркі тілдеріндегі сан есімдер туралы М.А. Түрсунова төмендегідей қорытынды жасайды:

1. Қазіргі түркі тілдерінде сан есімнің мағыналық топтарына қатысты ерекшеліктер де, ұқсастық пен айырмашылықтар да бар. Мысалы, бүкіл түркі тілдерінің ішінде өзбек тіліндегі есептік сан есімдер **-та** жұрнағы арқылы да жасалады. Яғни, басқа түркі тілдеріндегідей жұрнақсыз да, **-та** жұрнағы арқылы да қолданылу бар: *бир – битта, уч – учта, турт – туртта, беш – бешта*.

2. Қазақ тілінен ерекшелік ретінде ұйғыр-оғыз тобындағы кей тілдердегі 20, 30, 40, 50 сандарын білдіретін сөздер 2, 3, 4, 5 сан атауларының негізінде пайда болғандығын айтуға болады: *Йгон/екі он (20), үжон/үш он (30), тортон/төрт он (40)* т.б.

3. Реттік сан есімге қатысты ерекшелікті чуваш , тува, тофалар тілдерімен байланысты айтуға болады, себебі аталған сан есімнің жасалуына барлық түркі тілдерінде **-нч** (варианттарымен) жұрнағы қызмет етсе, чуваш тілінде бұл тұлға **-меш** жұрнағы, ал тува, тофалар тілінде **-қы** жұрнағы арқылы беріледі.

4. Топтық сан есімдер түркі тілдерінің бәрінде бірдей қолданыла қоймайды. Сан есімнің бұл түрі қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, башқұрт, құмық, ноғай, татар, хақас, чуваш , якут сияқты тілдерде ғана кездеседі.

5. Бөлшектік сан есімдерге қатысты ерекшелік олардың сыңарларына, яғни бірінші немесе екінші компонентіне қатысты болып келеді. Қазақ тіліндегі сөздердің бірінші сыңары шы-

ғыс септікте, екінші сыңары атау түрінде қолданылып, бөлшектік сан жасаса, бұл башқұрт, татар, қырғыз, ұйғыр тілдеріне де тән болып келеді.

6. Түрік, әзірбайжан, құмық т.б. тілдерде сөздің бірінші сыңарындағы сөз жатыс септігі болып келеді. Бұл тілдің тарихына байланысты құбылыс, яғни жатыс септігінің шығыс септік орнына жүру кезеңіне сәйкес келеді. [Түрсунова М.А., 2012].

Қазақ тіліндегі мөлшер мағыналы сөздер

Тіл білімінде сандық және мөлшер мағыналы сөздер мен сөз тіркестері «түсіндірмелі сөздер» немесе «сандар мен зат атауларының арасында қолданылатын сөздер» (В.А. Гордлевский), «нумеративті сөздер» (А.Н. Кононов, А.М. Щербак), «сметтік есімдер» немесе «сметтік сөздер» («сметные имена», «сметные слова»), (А.Н. Баскаков, Ә.Т. Кайдаров) деп аталса, кейбір ғалымдар лексиканың бұл бөлігін атауда «сан-мөлшерді білдіретін сөздер» (Ф.Р. Зейналов) «мөлшерлік сөздер» (Н.И. Лятегина), «есептеп шығарылатын» (считаемый), «есептеп шығарылмайтын» (несчитаемый), «санауға келетін» (исчисляемый), «санауға келмейтін» (неисчисляемый) сөздер, метрологиялық лексика, классификаторлар (Л.А. Молчанова), мезуративтер (М.М. Копыленко, В.В. Акуленко, С.А. Букреева), «халықтық номенклатура» (Т.В. Дементьева) деп атайды.

Зерттеуші Т.Г. Бугаева мөлшер, өлшем мағыналы сөздер мен сөз тіркестерін ішкі семантикалық құрылымдарына қарай *классификаторлар, сметтік сөздердің жиынтығы, өлшемдік атаулармен байланысы бар құрылымдар* деп 3 топқа бөледі. Бұл терминдердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, әрқайсысына жеке-жеке анықтама береді [Бугаева Т.Г., 1979].

Қазақ тіл білімінде мөлшер ұғымына қатысты қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін зерттеушілер тарапынан нақты да жүйелі жинақталған, жалпы атауын белгілі бір терминмен берген бірізді еңбек қазірше жоқ. Олар әрбір зерттеушінің еңбегінде әртүрлі аталып келеді. Тілдік тарихи даму үдерісіне қарасақ, мөлшер мәнді сөздер түркі тілдерінің барлығында, оның ішінде қазақ тілінде жиі кездеседі. Мысалы, *бір үйір жылқы, бір табын сиыр, бір отар қой, бір уыс бидай, бір қадақ кү-*

ріш, бір шелек сүт, бір құшақ отын, бір құлаш жіп, бір қарын май, бір жұтым су, бір үзім нан, таяқ тастам жер, сүт пісірім уақыт т.б.

Түрік халқы сан деген ұғымды өздерінің сөздік қорларында әртүрлі атаған. Мысалы: сан, сансыз, қыруар, көп, мол деп санауға болмайтын заттарды атаса, ол заттардың ең кішкентай бөлшектерін кішкентай, титімдей, бір тамшы, бір мысқал, құйтымдай десе, енді бірде жазықтықтарды – даладай, ат тебеліндей, түйнектей, алақандай десе, судың мөлшерін – терең, таяз, бөлшек ұғымдарды – жарым, жарты деген.

А. Байтұрсынұлы есептік, реттік сан есімдерді сипаттай келіп: «...нәрсенің бүтінін емес, бөлімінің санын көрсететін сөздер бар: олар «темілдік» деп аталады. Темілдік сан: *жарты, жарым, ширек*. Қазақтың тілінде темілдік санның есімі тіпті аз», – дейді [Байтұрсынұлы А., 1991].

Академик А. Ысқақов «затты жеке-дара лап атамай, оның жиынын тобымен атайтын зат есімдерді «көптік мәнді есімдер» деп атап, оларды: 1) сұйық заттардың атауы; 2) газ тектес заттардың атауы; 3) уақ, ұнтақ, ұйысқан, майда заттар мен бытыранды, таранды, үгітінді заттардың атауы; 4) дерексіз ұғымдардың атауы; 5) өздігінен табиғи жолмен бөлшектенбейтін кесек заттардың атауы; 6) жаратылыс құбылыстарының атауы деп алты топқа топтастырады [Ысқақов А., 1991].

А. Ысқақов қазіргі қазақ тілінде сан есімдер сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын сөздер бар екендігі, олардың жеке-дара түрінде де, сөз тіркесі түрінде де кездесетіндігін айта келіп, *жарым, жарты* сөздері бөлшектік ұғымдардың, *жалғыз, жалқы, сыңар, дара сөздері бірлік ұғымдардың, центнер, килограмм, тонна, қадақ, батпан сөздері салмақ өлшемдердің, қадым, қарыс, кез, метр, шақырым, ат шаптырым, қозы көш (жер) аралық өлшемдердің және ет асым, қас қаққаниша, қас пен көздің арасында, әу дегенше* сияқты уақыт, мерзім өлшемдердің атаулары есебінде қолданылатындығын көрсеткен.

Профессор Е. Жанпейісов қазақ тілінде жиынтық, жалпылық мәнді аталымдар: *жарым, жарты, жалқы, сыңар, дара, қос, егіз сөздері – сын есімдер, центнер, қара батпан, килограмм, тонна, гектар, кубометр, адым, қарыс, кез, метр,*

шақырым сөздері – зат есімдер, ат шаптырым, қозы көш (жер), ет асым, қас қаққанша, қас пен көздің арасында, әу дегенше – тұрақты тіркестер дейді.

Бұл сөздердің барлығы да мөлшерлік мағынада қолданылғандарымен, сан есімдік қызмет атқармайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Сан ұғымының әртүрлі берілуін түсіндіріңіз.
2. Мөлшер мағыналы сөздердің түрліше аталуы.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 384 б.
2. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М., – Л., 1960.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
4. Қалыбаева А. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.
5. Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент, 1997.

10-семинар. Түркі тілдеріндегі есімшелердің қолданысы

Есімшелер туралы өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап жарық көрген еңбектердің авторлары ретінде мына ғалымдарды атауға болады: А.К. Боловков, И.А. Батманов, Л.П. Поцелуевский, Н.П. Дыренкова, Н.Н. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Е.И. Убрятова, А.Н. Кононов, М.З. Закиев, Н.З. Гаджиева, В.М. Касимов, Д.Г. Тумашева, М. Томанов, Е. Ағманов, М. Оразов және т.б.

Түркі тілдеріне қатысты зерттеу еңбектері мен жазба ескерткіштерінде келтірілген есімшеге қатысты қосымшалар: *-мыш, -міш -ған, -ген -атын, -етін -ар, -ер -мас, -мес -асы, -есі -дашы, -деші -мақ, -мек -ушы, -уші -ажаң, -ежең.*

Осылардың ішінен қазақ тілінде сақталғаны: *-ған, -ген; -атын, -етін; -ар, -ер; -мас, -мес; -мақ, -мек; -ушы, -уші.* Қазіргі қазақ тілінде есімшелердің *-ған (-ген, -қан, -кен), -ар (-ер, -р, -е), -атын (-етін, -ытын, -йтын), -ушы (-уші), -мақ -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақтарының бар екендігі белгілі. Бұлардың бәрі

бірден қалыптаса қалған жоқ. Қазіргі қазақ тілінде қолданып жүрген туынды түбір етістіктерді жинақтап, оларды жасайтын жұрнақтарды саралай келіп, барлық фонетикалық варианттарымен қоса есептегенде 200-ге жуық аффикстердің қатысы бар екендігі байқалады.

Қазіргі қазақ тілінде келер шақ қосымшасы ретінде танылған **-ар, -ер** қосымшасы әр түркі тілдерінде әртүрлі шақта қолданылады:

1. Қазақ, өзбек, қарақалпақ – келер шақ.
2. Әзірбайжан, түркімен – келер, осы шақ.

В.В. Радловтың айтуынша, олардың кейде келер, кейде осы шақта қолданылуы құрамындағы дауысты дыбыстардың ашық-қысаң болуына байланысты болады. Бұл қосымшаның түркі тілдерінде мынадай фонетикалық варианттары бар: **-ар, -ер, -ыр, -ир, -ур, -үр, -яр, -йер, -йар**.

М. Оразовтың айтуынша, ашық-қысаң дыбыстардың қолданылуына қарап, осы келер шаққа қатысты пікір айту қиын [Оразов М., 1997]. Дегенмен әзірбайжан тілінде **-ар, -ер** келер шақта, **-ыр, -ир** осы шақта қолданылады.

М. Қашғари сөздігінде **-ған, -ген** қосымшасы бар. Бұл қосымшаның қалдығы ретінде кимылдың қайталануын білдіретін **-аған, -еген** жұрнағын көрсетуге болады.

-аған, -еген қосымшасы қазіргі түркі тілдерінде етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ ретінде сақталған.

- қазақ тілінде: *көреген, қашаған, жасаған, күмпиген т.б.*;
- өзбек тілінде: *билагон, алигон, тепагон, конагон*;
- қарақалпақ тілінде: *алаған, береген, қабаған, қашаған, сүзеген*;
- әзірбайжан тілінде: *гачаған, бураған, атоған т.б.*
- түркімен тілінде: *денеген, үйреген*;

Өткен шақ есімшелері

Есімшенің **-ған, -қан, -ген, -кен** тұлғасы қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар тілдерінде, сондай-ақ алтай, тува, шор, тофалар, хакас, өзбек, қызғыз тілдерінде бұрынғы өткен шақ мәнінде қолданады:

- қазақ: жазған;
- қырғыз: джазған;

- өзбек: йажған;
- татар: йазған;
- алтай: барған;
- шор: парған;
- ноғай: барған;
- хакас: чатхан т.б.

Оғыз тілдерінде мұндай есімше тұлғасы айтылмайды. Орхон-Енисей жазбалары тілінде де мұндай қолданылмаған. Бұл жазбаларды оғыз тілдерінің ескерткіші дейтін пікірді дәлелдейтін белгінің бірі осы айырмашылық болса керек.

Әбілғазының «Түркі шежіресінде» *Ағырышмаған* – айырылмаған, ажыраспаған. *Фабдолла хан бірлән һеч қаған ағырышмаған қарындашмыз / Фабдолла ханмен ешқашан айырылмаған туыстыз* деген мысалдар жоғарыда айтылған нәрсені дәлелдейді.

-мыш, -міш, (-мыс, -міс) есімшелері оғыз тілдерінде бұрынғы өткен шақ мәнін береді, қыпшақ т.б. тілдерде қолданылатын қан тұлғасының эквиваленті. Орхон-Енисей жазбаларында да өткен шақ мәнінде осы тұлға қолданылған. Қыпшақ тілдерінде мұндай тұлға қолданылған ба дейтін сұраққа айқын жауап беру қиын. Алайда осыдан бұрын айтылғандай, қыпшақ тілдерінде осы тұлғада қалыптасып кеткен зат есімдер мен сын есімдер баршылық. Дегенмен ондай сөздер құрамындағы мыш тұлғасы есімшеден гөрі қимыл есімге жақын. Өйткені ондай сөздер құрамындағы **-мыш** шақ мәнін беруде бейтарап тұлға ретінде көрінеді.

Якут тілінде бұл тұлға **-быт** есімше тұлғасы айтылады, ол да осыған ұқсас грамматикалық мән туғызады. Алайда якут тіліндегі - быт бұрынғы өткен шақ мәнінде де, айғақты өткен шақ мәнінде де қолданылады.

Сонымен қатар түркі тілдерінде жаңа дәуірлерде қалыптасып, орныққан есімше тұлғалары бар. Ондай тұлғалар барлық түркі тіліне бірдей ортақ емес, кейде тілдердің шағын тобына, кейде көрші орналасқан 23 тілге ортақ болса, кейде бір ғана тіл ерекшелігі байқалады.

Сондай тұлғалардың бірі **-атын** қазақ, қарақалпақ, алтай, өзбек, татар т.б. тілдерде ауыспалы шақ мәнінде қолданылады. Оның арғы түбі **-а (ыы)** жақ көсемше) тұрған (бар етістігінің өткен шақ есімше тұлғасы). Осы **-а** тұрған тіркесінің фонетикалық

өзгерісі қазақ тілінде **-атын**, қарақалпақ тілінде **-атыған**, татар тілінде **-атырған**, алтай тілінде **-атан**, өзбек тілінде **-адиган** тұлғаларын туғызады.

Ал құмық, чуваш, хакас тілдерінде осы мәнде **-аған** тұлғасы қалыптасқан. Оның арғы негізі **-а** (көсемше) **-ған** (есімше):

- құмық: *алаған (алушы, алатын);*
- хакас: *парған (баратын, барушы);*
- чуваш: *пареган (жүретін, жүруші).*

Құмық тілінде қазақ тіліндегідей **-ған -ген** есімше жұрнақтары кездеседі. Құмық тілінде бұл жұрнақ **-гъан (-ген), -агъан (-еген)** түрінде сақталған. Құмықтардың мәшһүр ақыны Ыырчы Къазакъ «Буса «Агъ!» деген булан артмай кәмеклер» деген жырында зат есімге айналған есімдікті осы жұрнақтарсыз берген. Бәлкім сол кездің өзінде-ақ осылай қолдану таралған болса керек:

Акъсайланы алды буса Анадол –
Ол хужудан ялдап нечик оътейик?!

Негізінен **-гъан (-ген), -агъан (-еген)** жұрнақтарды қолданған кезде бұл жыр жолдары былай берілуі керек:

Акъсайгъанланы алды буса Анадол –
Ол хужудан ялдап нечик оътейик?!

Қырғыз тілінде Етіштің **өткен шағы** эмне кылды? эмне кылған? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, *мен бар+ған*. Ал осы шақ термині **учур чак** деп аталады, эмне кылып жатат? деген сұраққа жауап береді [Тенишев Р., 1976].

Ауыспалы шақ есімшесі (*-r, -jur* афф.), келер шақ есімшесі (*-ar, -tacy, ma, -ly* афф.) өткен шақ есімшесі (*-mys, -an, - dug, - suq* афф.).

Көсемше *-p, -pan, bany, -a, -y, -u, -aly, -ac, matyn, -jin, -sar* аффикстер арқылы жасалады.

Септеуліктер қызметіне қарай 3-ке бөлінеді: атау немесе табыс септікті меңгерген септеуліктер (*birla, saju, tара, ücün, üza*) барыс септікті меңгерген септеуліктер (*tađı, tađ*), шығыс септікті меңгерген септеуліктер (*ötrü, kasra, jan, nary*).

Сөзжасамның синтаксистік (аффикстік) тәсілі көптеген жұрнақтар арқылы жасалады. **-cy/-ci** (мамандық аты), **-caq/cak** (сын есім), **-can, -cyg** (кішірейту, еркелету), **-tas/-das** (ортақ әрекет иелері), **-lyq,-lik** (бір нәрсенің көптігі), **-y/-g** (процесс аты), **-y/-qi** (қимыл нәтижесі).

Аналитикалық тәсіл (сөзқосым): рун. *Taluj ögüz* «мұхит – теңіз», *quz quduz* «қыз-әйелдер».

Етістіктің синтетикалық сөзжасамы жұрнақтарына **-la/-la, -a/-a, -ad/-ad, -yq/-ik, -ra/-ra** аффикстері жатады.

Етістік сөзжасамның аналитикалық тәсілі: *baz qyl* / басылу, *urus qyl* / ұрысу, *bitig, biti* / жазба жазу.

Ф.С. Хакиязнов бұлғар тобын зертей отырып, бұлғар тобындағы тілдер номинатив құрылым тілдері қатарына жатқызады. Ондағы сөздер тәртібі субъект – объект – предикат болып келеді. Бұлғар мәтіндерінің ерекшеліктері рубрикаландырудың барлық пунктерін ашуға мүмкіндік бермейді, себебі мәселе шешілмеген.

Түркі тілдеріндегі көсемше және оның жасалу жолдары

Көсемше етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мынадай жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1. **-а, -е, -й** жұрнағы арқылы ауыспалы осы шақ және келер шақ жасалады.

Zarf-fiiller, basit ve türemiş fiil türlerine veya olumsuz fiil yapılarına aşağıdaki ekler getirilerek yapılır. **-а, -е, -у** ekleri ile değişken belirsiz zaman, şimdiki zaman ve gelecek zaman yapılır.

2. **-ып, -іп, -п** жұрнағы арқылы өткен шақ көсемше жасалады **-ып, -іп, -п** ekleri ile geçmiş zaman zarf- fiili yapılır.

3. **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** жұрнағы арқылы істің басталмағанын, оның тек келешекте болатындығын білдіретін келер шақ көсемше жасалады.

Түрік тілінде де осыған ұқсас келеді: *-gali, -geli, -kali, -keli* «ekleriyle işin başlamadığını, onun gelecekte olacağını bildiren gelecek zaman zarf-fiili yapılır».

Мысалы: *Балалар жолда жеміс тер-е жүрді // Çocuklar yolda yemiş dererek gittiler.*

Жұмысты бітір-ін үйге келдім // İşi bitirip eve geldim.

Салыстырылған тілдерде бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өзінің көсемшелі формасы арқылы басыңқы сөйлеммен байланысқа түседі.

Мысалдар: *Еламан жап-жас келіншектің кісі бойын тінтіп, ішіп-жеп бара жатқан сұғанақ көзін ұнатпады* (Ә. Нұрпейісов). *Есептің арғы жағы айтылмай, отырғандар күлісіп кетті* (Ғ. Сланов). *Қысқа жіп күрмеуге келмей, бір ту биені сойып алдым* (Ғ. Мүсірепов).

Қырғ. *Көгүлтүр түтүнү бурк эте тушүп, машина жөнөп кетти* (Т. Сыдыкбеков). *Менин да башым айланып, жер көчүп бара жатқансыйт* (Ч. Айтматов).

Өзб. *Жамила бошини дурра билан махкам тангиб олиб, хамма ённи чиннидек килиб супуриб олди.* (Мирмухсин). *Дарахт япроқлари саргайиб, ариқларда хазон уюмлари оқиб келди* (А. Мухтор).

Қырғыз тіліндегі «*Аз асқа қарауыл болма*», «*Аз елге жасауыл болма*» «*Аз ашқа бақавул болма*», «*Аз әлгә йасавул болма*» мақалы екі тілде де әр жолы ұйқасып, болма сөзі қайталанып және екеуі де болымсыз етістік тұлғасы арқылы жасалып тұр. Бұдан біз олардың жасалу жолының да өте ұқсас екеніне көз жеткіземіз.

Етіс категориясы және оның түрлері

Етіс жайын ең алғаш сөз еткен – М. Қашқари, ғалымдар етіс туралы зерттеу жүргізгенде, алдымен М. Қашқаридың пікірлеріне тоқталады. Тілші ғалымдар арасында етіс категориясы әртүрлі пікір тудыратын грамматиканың қиын да күрделі мәселелерінің бірі ретінде қаралып келеді. Етіс категориясы жайындағы әртүрлі көзқарастар түркітанушы ғалымдар тарапынан да болды. 1957 ж. 27-30 тамызда Уфада өткен Бүкілодақтық Координациялық Кеңесте Б.А. Серебренников «О залогe в финно-угорских и тюркских языках» атты баяндама жасады.

Етіс категориясының бар-жоқтығы туралы мәселе түркітануда біраз талас тудырған еді. І. Кеңесбаев 1939 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» атты оқулығында Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбановтардың үлгісімен етістің 6 түрін көрсетіп, салт, сабақты етістіктерді етіс ретінде танығанмен, кейінгі еңбекте-

рінде етістің 4 түрін ғана атайды. Етіс түрлерін (өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік) тану жағынан кейінгі ғалымдар арасында алшақтық байқалмайды. С. Аманжолов қана өздік етісті етіс қатарына қоспайды. А. Байтұрсынұлы етістің 10 түрін атап көрсетті, Н. Сауранбаев пен Ф. Бегалиев етісті семантикалық категория ретінде қарастырып, 8 түрін, С. Аманжолов 3 түрін, А. Ысқақов 5 түрін көрсетті. Қазіргі тілімізде қалыптасқан өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз түрлерін Ы. Маманов айтқан болатын.

Етіс категориясы жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары мен қазақ тілінің академиялық грамматикасында, соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» да (2002), М.Ә. Жүнісованың «Ескі түркі тіліндегі етіс категориясы», Б.М. Сүйеркүл «Ат-тухфа...» ескерткіші (XIV ғ.) тіліндегі етістік категориялары». Етіс категориясын тарихи тұрғыдан зерттеп, құнды пікірлер айтқан профессор М. Томанов пен М. Оразовтың еңбектерін атауға болады.

30-жылдардың аяғынан бастап, көрсеткіштері бірдей болғандықтан, сабақты етіс пен өзгелік етіс біріктіріліп, салт, сабақты етістер етіске тән мағынасы мен қызметіне қарамастан, етіс аясынан алшақтатыла бастады. Бұл үдеріс 1957 жылы Уфада өткен етіс мәселесін қарастырған координациялық кеңесте де өріс алды. Бірқатар түркологтар 4 етістің жасалуына негіз болады деп есептеп, негіз етісті етіс категориясының құрамына қосып жүр.

Белгілі морфолог О. Қалыбаева 1949 жылы «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» кандидаттық, 1960 жылы «Қазақ тіліндегі етістікті негіздер» атты докторлық диссертациясын қорғады, 1971 жылы «Етістіктің лексико-грамматикалық сипаты» монографиясы жарыққа шықты.

Ортақ етіс қосымшасының этимологиясы, даму жолы туралы біршама пікірлер айтылған. Б.А. Серебренников «Из истории звуков и форм тюркских языков» атты мақаласында ортақ етістің **-ys, -is** көрсеткішінің даму тарихын баяндап, бұл қосымшаның өте көне дәуірден бері қолданылып келе жатқанын, сол кезден бері фонетикалық өзгеріске түспеуі екі талай деген сенімсіздікпен оны көне түркі тіліндегі көптік және қимылдың бірнеше қайталауын білдіретін **-s/ш** қосымшасымен байланыстырады.

А.Н. Кононов көне түркі жазба ескерткіштер тілінде қолданылған **-s** қосымшасының этимологиялық жақтан көптік, жұптық қосымшаларымен байланысты деп есептейді. Автордың көрсетуінше, бұл қосымша жіктік, тәуелдік жалғауларының құрамында және оғыз, қырғыз, сегіз сияқты сөздердің құрамында қолданылады [Кононов А.Н., 1960].

Бақылау сұрақтары:

1. Сан ұғымының әр түрлі берілуін түсіндіріңіз.
2. Мөлшер мағыналы сөздердің түрліше аталуы.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 384 б.
2. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М., – Л., 1960.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
4. Қалыбаева А. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.
5. Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент, 1997.

СИНТАКСИС

11-семинар. Түркі тілдеріндегі жай сөйлемдердің зерттелуі

П.М. Мелиоранскийдің еңбектерінен бастап, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Т. Сайрамбаев, Р. Әміров т.т. ғалымдардың еңбектерінде сөйлемнің анықтамасы, басты белгілері құрамына қарай бөлінуі, типтері т.т. мүмкіндігінше сөз болып келеді. Аталған ғалымдардың ең негізгі көңіл бөлген мәселелері сөйлемнің басты белгілері болғаны белгілі. Мысалы ғалым В.В. Бабайцева сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік және интонацияны жатқызса, Н.А. Чахоян предикативтілік пен модальділікті, Н.С. Валгина оған предикативтілік, модальділік пен интонация үшеуін жатқызады. К. Аханов, Р. Әміров, Т. Сайрамбаевтың пікірлері де соңғы пікірмен сәйкеседі. Сөйлем синтаксисі сөйлемнің құрылу принциптерін, сөйлемнің құрамын, олардың түрлері қарастырады.

Түркі тілдеріндегі жай сөйлемдер өзіндік синтаксистік құрылымымен ерекшеленеді. Әртүрлі бағыныңқы қатынастар есімше, көсемше, етістікті-есімді құрылыммен беріледі. Түркі тілдерінің құрылымында жалғаулық сөйлемдердің дамуы үшін шарттар бар. Жалғаулықты күрделі сөйлемдердің дамуында араб және парсы тілдерінің тигізген әсері мол. Мыс, татар тілінде орыс тілінің ықпалы зор деп айтуға болады. Түркі тілдерінде сөзжасамда аффиксация (қосымшалар) басым келеді.

Сондай-ақ сөзжасамның аналитикалық тәсілдері бар: қос есімдер, редупликация (күрделілену), құрамды етістік және т.б.

Қазақ тілі құрмалас сөйлемін ана тілімізде зерттеу де А. Байтұрсынұлы «Тіл құралы» (1924) оқулығынан басталады.

Н.А. Баскаков «Түркі тілдерінің тарихи-типологиялық құрылымы» атты методологиялық еңбегінде морфология мен синтаксис, сөйлем мүшелері кеңінен талданады. Бұл еңбекте ғалым

Н.А. Баскаков сөйлем мүшелерінің генезисін зерттеуде методологиялық мағынасын бағалау қиын: түркі тілдеріндегі есімді және етістікті негіздің сыртқы ұқсастығы әдеттегі жай емес және сөз таптарының дамуында өзіндік тарихи үдерісімен ерекшеленеді деген қорытындыға келеді.

Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі етістікті-есім омонимдер туралы дәлелдер, осыны зерттеу кезіндегі нәтиже, әрі түркі тілдеріне жатпайтын тілдердегі құжаттарға жасалған сілтемедегі теориялық ретінің бөлімдері, түркі прототілінде әр бірінші түбірі затты және оның әрекетін білдіретіндігі толғандырады.

Бұл еңбектердің ең алғашқысы А. Казем-Бектің «Общая грамматика турецко-татарского языка» (Қазан, 1846) деген кітабы болып есептеледі. «В заключение я скажу, что словосочетание турецко-татарского языка, хотя кажется нетрудное в своих началах, представляет обширное поле исследования для филолога. Я счастлив тем, что первым мог писать так пространно об этом предмете, может быть, не пройдет много лет, как появится на русском языке собрание синтаксических правил турецко-татарского языка полнее, подробнее моего: от искреннего сердца желаю полного успеха моим последователям на сем поприще».

М.А. Казем-Бек синтаксиске арналған бөлімін «Сөз тіркестері» деген атпен бастайды да, онда сөздердің байланысу, тіркесу тәсілдері және сөйлемдердің байланысуы мен фразаның құрылысы қаралатындығын баяндайды. М.А. Казем-Бек синтаксистің объектісін анықтай келіп, әрбір тілдің сөз тіркесі этимологиямен логиканы байланыстыру, біріктіру тәсілі болып есептеледі. Сондықтан сөз тіркесі де, сөйлемдерде өз ара байланысы этимологиялық және логикалық жақтан қаралуы тиіс деп көрсетеді. Автор сөйлемді синтаксистің ең негізгі бөлімі деп қарап: «Суждение о предмете, посредством сочетания несколько слов они называются фраза» деп қарайды.

Сөйтіп, Казем-Бек грамматика мен логиканы, пікір (суждение) мен сөйлемді теңестіреді.

Ы. Жакыповтың «Азыркы қырғыз тилинин жөнөкөй сүйлөмүнүн синтаксиси» еңбегінде қазіргі қырғыз тілінде сөйлемнің негізгі белгісі ретінде: 1) оның аяқталған ойды білдіруі; 2) белгілі бір пікірді білдіруі; 3) интонация болуы; 4) белгілі бір пікірді

білдіруі; 5) алдында немесе артында тұрған сөйлемдермен байланысқа түсуі.

Сүйүнбек Ибрагимов «Кыргыз тилинин синтаксиси» (2010) еңбегінде сөйлемді 4-ке бөліп қарастырады: «Сүйлөмдүн колдонулуш максаты жана айтылыш жагына карата 4-кө бөлөбүз: жай, суроолуу, илептүү, суроолуу – илептүү сүйлөмдөр. Илептүү сүйлөм дагы 12 түрдүү маанини билдирүүсү мүмкүн (буйрук, акыл айтуу, алкыш, таңдануу, какшык, ураан ж.б.).

Түркітану саласында сөйлемді тіл бірлігі ретінде түсініп, жай сөйлемді эмпирикалық түрғыдан зерттеу жұмыстары басталған болатын. 1983 жылы И.Х. Ахматов жай сөйлемге алғаш болып үлкен құрылымдық-семантикалық зерттеуін жариялаған болатын, ол бойынша, қарашай-балқар тілінде сөйлем тілдің синтаксистік бірлігі саналатын материалдарға сүйене отырып жасалған.

80-жылдардың соңына қарай моделді ұғымға негізделген Сібір тілдеріндегі жай сөйлемдері зерттеле басталды. Осы тұстан хант тілінің сөйлемдері зерттелінді: Черемисина 1989; Соловар, 1990, манси тілін Скрибник, Якушко, чукот-коряк Мальцева және түркі алтай – Тыбыкова, 1991; ұйғыр – Абдуллаев, 1992; шор – Телякова, 1994; тува – Серээдар, 1995; хакас – Чертыкова, 1996 бойынша зерттеулер жүргізілді.

Н.Ч. Серээдар, Е.К. Скрибник және М.И. Черемисиннің (1996) жұмыстарының зерттеу қорытындысы бойынша Сібірдегі түркі тілдерінің тараған жері, саны жинақталған. Бұл туралы М.И. Черемисина «Оңтүстік Сібірдегі түркі тілдерінде жай сөйлемдерді зерттеу» туралы еңбегінде егжей-тегжей баяндаған.

Сөйлем парадигмасының екі анықтамасы – кең (күрделі) және тар деп түсінік берілген. Алдымен парадигманың әр текті 3 компоненті ерекшеленді. Біріншіден, сөйлемнің барлық түрленуін ескере кеткен жөн.

Мен китап окъуйма // Мен китап оқимын;

Мен китап окъудум // Мен китап оқыдым;

Мен китап окъурукъма // Мен китап оқимын;

Мен китап окъур эдим // Мен китап оқитын едім;

Китап окъуйма // Китап оқимын және т.б.

Екіншіден, мүлде басқа құрылымдық моделі бар бір құрылымның басқа мағыналы құрылымды конструкциямен салыстыру қаралады:

*Мен юй ишледим // Мен үй тұрғыздым;
Юй мени хайырымдан ишленди // Үй мен үшін тұрғызылды.
Үшіншіден, құрылымды салыстыруға мән беру:
Мен отун жардым // Мен отын жардым;
Мени отун жарғаным // Менің отын жарғаным т.б.*

Қарашай-балқар тіл білімінде Ахматов (1987) жай сөйлем парадигмасының жалпы талдауы жетіспейді. Сонымен қатар сөйлем парадигмасы – бұл грамматикалық форманың модальды, уақыты мен жаққа бөліну бойынша құрылымы болып табылады.

М.З. Закиевтің татар тілінің материалдарында жай сөйлем парадигмасы және жалпы құрылымдық формасы қарастырылған, келесі парадигмалар кіреді:

- 1) жағымды / жағымсыз;
- 2) сөз сөйлеу мақсатына қарай;
- 3) жақ пен түріне қарай;
- 4) рай категориясына қарай (шынайылық / бейшынайылық);
- 5) синтаксиске қарай;
- 6) айқындылық / бейайқындылық;
- 7) етіс бойынша;
- 8) коммуникативті актуалдылыққа қарай. Осы көрсетілген

сөйлем парадигмасын басқа да түркі тілдеріне қолдануға болады.

«Татар грамматикасында» қандай да бір жалпы мағынамен біріккен синтаксистік форманың құрылымы ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге «үқсас парадигмаларды біріктіруде оларды салыстыру формасы үлкен маңызға ие, яғни бинарлы оппозиция түріндегі оппозитивті қатынастары». Жай сөйлем парадигмасының осындай анықтамасы лингвистикаға қарама-қайшы келмейді. Ф. де Соссюрдің идеясын қолдайтын Головин (1969) сияқты лингвистер тілдік құрылым теориясына сүйене отырып, парадигманы кейбір инварианттардың жиынтығы деп қараған.

Қарашай-балқар тілінің жүйелі түрде зерттеле бастауы тек XX ғасырдың 60-жылдары ғана басталды. Осы уақыт бойы қарашай-балқар тіл білімі көптеген біршама маңызды монографиялармен толықты. Олардың ішінде синтаксиске арналған еңбектерді де айтсақ болады. Қарашай-балқар тіліндегі жай сөйлем синтаксисі сұрақтары қаралатын ең алғашқы еңбек ретінде И.Х. Ахматовтың «Главные члены предложения и средства их

выражения в современном карачаево-балкарском языке» атты монографиясын айтуға болады. Бұл еңбекте бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық функциясы толықтай және нақты анықталған, олардың құрылымдық типі көрсетілген. Жай сөйлемді зерттеу мәселесінде олардың айтылуына керекті құралдарға ерекше көңіл бөлінген.

1973 жылы У.Б. Алиев «Синтаксис карачаево-балкарского языка» атты монографиясын жариялайды. Бұл монографияны карашай-балқар тілі синтаксисінің ғылыми сипаттамасының толықтай зерттеуге зор үлесі тиетін еңбек деуге болады. Бұл еңбекте автор әртүрлі синтаксистік бірлікті ғылыми-теориялық талқыға салды. М.Б. Кетенчиев карашай-балқар тілінің синтаксисіні зертей отрып, сөз тіркестерін, жай және күрделі сөйлемдерді, сөйлем мүшелерін талқылайды.

Карашай-балқар тіл білімінде ең басты назар жай сөйлемдерді бөлу сияқты мәселелерге аударылады. Бұл негізде Х.С.-А. Джанибекованың еңбегін айтуға болады. Ол өз еңбегінде номинализацияны жеке бір ерекше трансформациялық құбылыс ретінде қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, етістікті синтаксистік бірліктің номинализациясы атаулы бірлік вербализациямен коррелятивтік қарама-қайшылықта кездеседі.

Төменде карашай-балқар тілінің материалдарында көрсетілген синтаксистік құрылымды қарастырамыз. Мысалы:

Кюн Тейрини уланына ушагъын! // Күн Тәңірі ұлына ұқсагын!

Кюнлерибиз жауунсуз болсунла // Күндеріміз жауынсыз болсын!;

Бир жолгъа эки кийик келтиргин // Бір жолға екі киік алып кел;

Ата-анангы къуандырыучу, халкъынга жараучу болгъай эдинг // Ата-анаңды қуантып, халқыңа қалаулы бол.

Сөйлем парадигмасының барлық түркі тілдерінде рай категориясы ретінде мойындала қоймаған түрлер: қалау рай, болжамды рай, ниет, мүмкіндік, рұқсат, өкініш, жалған әрекет және таң қалу райлары. Келесі мысалдарда көрсетілгендей олардың әрқайсысының өзіндік өкілдері бар:

Ол махтаргъа тийишлиди // Ол мақтауға лайық;

Ол жырчы болса керекди // Ол жыршы болса керек;

Ол окъуяллыкъды // Ол оқи алады;

Санға эришшулеге барыргъа боллукъду // Саган жарысқа қатысуға болады;

Сен къарыуду болсанг эди // Сен мықты болсаң еді т.б.

Құмық тілінің синтаксисіндегі бүгінгі күнге дейін құмық тіл білімінде осындай синтаксисіндегі қиын мәселе салдарынан монографиялық зерттеулер жетіспейді.

Академик А.Н. Кононов түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын зерттеу «өзекті мәселе: сөйлем түрлерін жай, күрделі және құрмалас, бір-бірінен бөлу» деп көрсетеді [Кононов А.Н., 1984].

Түркі тілдеріндегі күрделі сөйлемдерді зерттеу мәселесі

Изумруд Гусеновна Агаева «Құмық тіліндегі жай күрделі сөйлемдер» еңбегінде құмық тіл білімінде күрделі сөйлемдерді зерттеу мәселесі оның өңделмегенінде ғана емес, қазіргі синтаксистегі күрделі сөйлемдерді салыстыру, сондай-ақ күрделене бастаған жай сөйлемдердің нақты критерийлерін шектеу маңызды болып отыр деп қарастырады.

Қазіргі синтаксис ғылымында күрделі сөйлемге байланысты көптеген теориялар, концепциялар мен пікірлер баршылық.

Тілдік өзгешеліктерге байланысты терминологиялық әрқилылық оның толығымен зерттелінбегенін көрсетеді [Андреев И.А., 2005].

Сөйлем – сөйлеудегі қарым-қатыныс құралының бір бөлшегі. П.М. Мелиоранскийдің еңбектерінен бастап, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Т. Сайрамбаев, Р. Әміров т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөйлемнің анықтамасы, басты белгілері құрамына қарай бөлінуі, типтері т.с.с. мүмкіндігінше сөз болып келеді. Аталған ғалымдардың ең негізгі көңіл бөлген мәселелері сөйлемнің басты белгілері болғаны белгілі.

Мысалы ғалым В.В. Бабайцева сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік және интонацияны жатқызса, Н.А. Чахоян предикативтілік пен модальділікті, Н.С. Валгина оған предикативтілік, модальділік пен интонация үшеуін жатқызады. К. Аханов, Р. Әміров, Т. Сайрамбаевтың пікірлері де соңғы пікірмен сәйкеседі. Кейбір еңбектерде сөйлемнің басты белгілері етіп интонация мен предикативтік категория айтылып жүр. Бү-

ларға қоса модальділік категориясы, сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы болуы сияқты біршама белгілері де сөз етілді.

Тіл деректеріне қарағанда тұрлаулы мүшенің түгел болуы сөйлем жасаудың негізгі шарты емес сияқты, өйткені кейде бастауышы, кейде баяндауышы түсіп қалатын сөйлемдер де аз емес, олар сөйлемді аяқтайтын интонацияға ие болса болды, сөйлем бола береді.

Предикативтік категория – сөйлем үшін ең керекті шарттың бірі, ол сөйлемнің табиғатымен байланысты. Көпшілік ғалымдар модальдік пен предикативтік категория жөнінде сөз болғанда, оның етістік райлары, шақ, жақ арқылы берілетіндігін айтады. Ал олардың морфологиялық-синтаксистік жолмен жасалатынын ұмытуға болмайды. Мәселен, морфологиялық тәсіл арқылы жасалуына мынандай сөйлемдер келтіруге болады. *Қаландаров оның өтінішіне көнді. Қуанышым қойныма сыймай жатыр. Дегенмен екі жарты бір бүтін болсақ, жақсы тағам (палау) жасармыз.* Бұл алынған мысалдарға етістік шақтары арқылы тек болған, болып жатқан емес, енді болатын іс-әрекеттер де берілген.

Интонация сөйлемнің лексикалық құрамы, грамматикалық құрылысымен бірігіп, қарым-қатынас жасаудың күшті құралына айналады. Демек, сөйлем құрауда лексика-грамматикалық фактор, предикативтік категория интонациямен бірігіп, адамның ойын, көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін қызмет етеді.

Қарайым тілінде жай сөйлем синтаксисі зерттелмеген, күрделі сөйлем синтаксисі зерттелмеген. Синтаксистік әсердің саралауында мыналарды нақ ажырата білу керек:

1) кітап тілі – Библия мен діндарлардың аударма тілі, онда тілдің негізгі синтаксистік қағидаттары қатаң түрде сақталады. Бұл синтаксистік құрылым қарайым тілінің өзіндік синтаксисі болып табылады;

2) ауызекі тіл және әдеби тіл синтаксисі славян тілдеріне тән көптеген ерекшеліктерге ие.

Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері:

Сөйлемдегі анықтауыш оны анықтайтын сөзбен септік арқылы байланысады, бұл түркі тілдеріне тән емес: *колуну онуну 'оң қолымды, мендян өзюмдян 'менің өзімнен'.*

Сан есім мен есім сөз сандық мөлшерді білдіру үшін: *эки уланлар 'екі ұландар'.* Тәуелдік сөз тіркесіндегі сөздердің орны

бұзылған: олардағы сөз орындары славян құрылымы бойынша өзгереді: *башнын чачы > чачы башымнын 'менің басымның шаптары*. Есім сөздер мен есімшелердің анықтауыштық сөз тіркестерінде: *алнында оптурадогон маймун > маймун ол тура догон алнында 'алдында отырған маймыл*. Қарайым тілінің жайылма сөйлемдеріндегі сөздер орны славян тілдеріндегідей өзгеріске ұшыраған. Өзге түркі тілдерінен бір ерекшелігі сөйлем мүшелерінің еркін ауысуы еркін жүреді.

Қарайым тілінде сөйлемнің мына құрылымы кең таралған: баяндауыш – бастауыш – толықтауыш – пысықтауыш: *Басландыанын каты тирлигий анғы орунда // Басталды оның қиын жұмысы жаңа жұмыс орнында*.

Түркі тілдерінде көп таралған есімше мен көсемше синтаксистік құрылымдары қысқартылған.

Түркі тілдерінде жай сөйлемдер екі тұрлаулы мүшелі болып және бір тұрлаулы мүшелі сөйлем болып та бөлінеді. Екі тұрлаулы мүшелі сөйлемде сөйлемнің грамматикалық қазығы болып есептелетін – бастауышы мен баяндауышы. Әдетте бұндай сөйлемдер толымды сөйлемге негіз болады.

Н. Баскаковтың айтуы бойынша, ескі сөз тіркестері екі сөз тіркесінің бірігуін көрсеткен. Бұл ежелгі сөз құрылымын ескі ұйғыр тілінде, қараханид дәуірінің әдеби тілінде көре аламыз: *мыс. тув. Мал хавула чор ол // мал жайлауды жайлайды; Фазыл – тимерше ул / тимерше турур ул / Фазыл – теміріші // Теміріші болған ол, сол / сол, кім теміріші*.

Жай сөйлемдің түрі: *бу ат – жакъсы дыр немесе бу ат жакъсы, мысалы бірінші мысалға қарағанда, бу ат – жаксы ат (жаксы турур ат ол) // бұл ат жақсы ат), жаңалау түрі болып табылады [Баскаков Н.А., 1956]*.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркі тілдерінде сөйлемнің қай құрылымы кең таралған?

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Казем-Бек А.К. Общая грамматика турецкого-татарского языка. – Казань, 1939. – 318 б.
2. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.
3. Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. – Казань, 1995.

12-семинар. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері

Түркі тілдерінде зерттеушілердің назарын көбірек өзіне аударған бір тұрлаулы мүшелі сөйлем болып есептеледі. Бұл туралы барлық түркі тілдерінің грамматикаларында айтылады. Бірақ олар бір-бірінен кейбір өзгешеліктермен ажыратылады. Тұрлаулы мүшелі сөйлемдерді А.Н. Кононов мынандай түрлерге бөледі: 1) модалдық-жақсыз, 2) белгісіздік-жекелік, 3) жалпылау-жекелік, 4) атаулы.

Қазақ тілінде бір тұрлаулы мүшелі жай сөйлемнің түріне белгісіз жақты және жақсыз сөйлемдерді жатқызады. Ешбір мүшелеуге келмейтін атаулы сөйлемдер бұған жатпайды деп көрсетеді. Шындығында, бір тұрлаулы мүшемен айтылатын белгісіз жақты, ауыспалы жақты немесе жақсыз сөйлемдердің қай-қайсысы да түркі тілдерінің табиғатына байланысты.

Ол ауылға кеткен. Оның ауылға кеткені. Бұл мысалда Н.А. Баскаков «Предложения с развернутыми членами в каракалпакском языке» еңбегінде сөйлемнің түрленуін көрсетеді. Оның көрсетуі бойынша, сөйлемдерді түрлендіру барысында бастауыш пен баяндауыш былайша өзгеріске ұшырайды екен:

а) негізгі септіктегі сөйлемнің бастауышы айқындаушы тіркеске көшкенде, баяндауышқа айқындаушы болып түрленеді. Табыс септігінің жалғауын алады.

б) сөйлемнің баяндауышы анықтаушымен түрленеді, ілік септігімен байланысты сөйлемдегі басқа сөз таптары өзгермей түрленеді.

Қарайым тілін зерттеген К.М. Мұсаев жай сөйлемдер құрылымына қарай екіге бөлінеді: 1) екі бас мүшелі (немесе олардың біреуі ғана қатысқан) жалаң сөйлем; 2) тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, есімшелі, көсемшелі оралымдар қатысқан жайылма сөлем. Мысалы: қарайым тілінде *Иисли бағ аұтты эз қабағын // Хош иісті бақ өз қақпасын ашты; Кивдире-догоң достун йалыныба нафстнын, кыз сыбырдайд анын кулагына // Қыз досын ыстық жалынымен өртей, оның құлағына сыбырлайды.*

Қазақ тілінде бір тұрлаулы мүшелі жай сөйлемнің түріне белгісіз жақты және жақсыз сөйлемдерді жатқызады. Ешбір

мүшелеуге келмейтін атаулы сөйлемдер бұған жатпайды деп көрсетеді.

Шындығында, бір түрлаулы мүшемен айтылатын белгісіз жақты, ауыспалы жақта немесе жақсыз сөйлемдердің қай-қайсысы да түркі тілдерінің табиғатына байланысты.

Жай сөйлемнің типтік құрылысы: бастауыш – толықтауыш – баяндауыш болып келеді. Анықтауыш әдетте анықталушының, пысықтауыш баяндауыштың алдында тұрады. *Мин был кешене бөгөн көрзем // Мен бұл кісіні бүгін көрдім.*

Башқұрт тілін зерттеген А.А. Юлдашев сұраулы сөйлем сұрау есімдігінен, лепті бұйрық тұлғасындағы етістіктен басталады: *Касан китәһәң? Қашан кетесің? тува. Мал-маганыңар ыт, қуштан сол-дур бе?/ Мал жандарыңыз ит-құстан аман ба?*

Килегез әле бында! // Келіңіз, қане мында! Йәшәһен дуслық! // Жасасын достық!

Сөйлемнің екі түрі де ерекше интонациямен ерекшеленеді. Сұрау мәні тек интонация арқылы, сонымен бірге баяндауыштың орын тәртібімен және де ерекше интонацияның мы сұраулық тұлғамен сәйкестігі арқылы беріледі: *қайтты? қайтты? Ошо мо? Осы ма?*

Башқұрт тілінде сөйлем түрлері басқа түркі тілдеріндегі сияқты: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып 4 түрге бөлінеді.

Түркі тілдері үшін, негізінен, жай, жайылма сөйлемдердің мынадай құрылымдық типтері тән болады: «бастауыш – толықтауыш – баяндауыш», «бастауыш – пысықтауыш – баяндауыш», «бастауыш – пысықтауыш – толықтауыш – баяндауыш», «пысықтауыш – бастауыш – толықтауыш – баяндауыш». Бұл жағдайда заттық мағынадағы сөздермен берілген кез келген сөйлем мүшесінің, анықталушы сөз алдында тұратын анықтауышы болады.

Х. Басымов: «Баяндауыш мүше шығаратын мағынасы жағынан бастауыштың болмыс ісін, жайын, сапасын не екендігін айқын білдіреді» дейді.

І. Бәйтенев: «Қара сөзде сөйлемнің аяғына, көбінесе етістіктен кейін тұрған сөзді – баяндауыш дейміз» дейді.

С. Аманжолов: «Бастауыштың ісін, қимылын білдіріп, сөйлемде ойды тиянақтайтын сөйлемнің мүшесін баяндауыш дей-

міз және бастауышқа бағынып, онымен жақ жағынан жекеше, көпше түрде үйлесіп айтылатын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейміз».

М. Балақаев: «Бастауыштың ісін, жайын білдіретін сөйлем мүшесі» десе, Х. Арғынов: «Баяндауыш бастауыштың қимылын, ісін, жайын, күйін, заттың сындық сапасын, санын, мөлшерін, мекенін, мезгілін білдіреді» деген тұжырым айтады.

Бастауыш – ең негізгі тұрлаулы мүшенің бірі.

Бастауыш қарақалпақ тілінде **баллауыш**, қырғыз тілінде **ээ**, өзбек тілінде **эга**, ұйғыр тілінде **егә**, түрікмен тілінде **эе** деп аталады. Түркі тілінде бастауыш атау формасында көптік, тәуелдік жалғауларын қосып алып та айтыла береді. Бастауыш зат есімнен, субстантивтенген сын есім, сан есімнен, есімдіктен, қимыл-әрекет аттарынан т.б. сөздерден жасала береді. Түркі тілінің көпшілігінде бастауыштың табиғатына да байланысты, өйткені бастауыштар көбінесе сөздердің атау формасында айтылады. Алайда кейбір тілдердің өзіне тән ерекшеліктері де кездеседі. Кейде бастауыш өзбек тілінде – дан формасын қосып алған зат есімнен жасалады.

Өзбек: *Яхши қыз – ёқадаги қундуз, яхши йигит – кукдаги юлдуз // Жақсы қыз – жағадагы қундыз, жақсы жігіт – көктегі жүлдыз.*

Чуваш: *Кашкӑр кашкӑра аякранах паллать // Қасқыр қасқырды тұяғынан таниды.*

Турӑ пармасассӑн кашкӑр ҫимес // Құдай бермесе, қасқыр жемейді.

Алтай: *Салкын тынғыды / жел күшейді;*

Балық дьүзүп дьат / балық жүзіп барады.

Жіктеу есімдіктері **-дир** аффиксін қосып алып, бастауыштың белгісіз екендігін білдіреді. Тұйық егістіктерден болған бастауыштардың жасалу тәсілінде әр тілдің өзіне тән фонетикалық заңдылығы бар.

Сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қыса байланысатын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз.

Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақ-

тарына (қаншасы? нешесі, нешіншісі? қайсы? қандайы? т.б.) жауап береді. Бастауыш баяндауышпен жақ арқылы, кейде жекеше-көпше (1, 2-жақта) түрде де қиыса байланысады.

Шеткі үйлерден бір-екі адам шығып айқайлады. Сендер де атты қарасуға шықтыңдар ма? Қызыл күн бұрынғысынан да қызарды. Тымақтылар да көрінеді. (С. Сейфуллин).

Бұл төрт сөйлемде *адам, сендер, күн, тымақтылар* атау септігінде тұрып, баяндауышпен қиыса байланысып түр – *адам айқайлады*.

3-жақта, *сендер шықтыңдар ма – 2-жақ, көпше, күн қызарды*.

3-жақ, *тымақтылар көрінеді – 3-жақ*), негізгі ойдың қазығы болып бастауыш қызметін атқарып түр.

Vireneksem şkula kayriş	Оқушылар оқуға кетті.
Kinege sitel şinçe vırtat	Кітап үстелдің үстінде тұр.
Vil layih tivat	Ол жақсы жұмыс істейді.
Yımılka valli karandaş iltim	Қарындасым үшін қарындаш алдым.
Mana pir uyiha otpusk paçış	Маған бір демалыс берілді.
Min akatin şavni viratin	Не ексең, соны оарарсың.
Kinege vulani usilli	Кітап оқу пайдалы.
Tabak turtnine siyenlii teşşi	Шылым шегудің зиян (екенін) айтады.
Çul şivra putat ,minşin tesen vil şivran yıvır	Тас суда (төменге) батады , өйткені ол судан ауыр.
Çilhen şimmi şuk	Тілдің сүйегі жоқ.

Бастауыш құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. *Олжабек не болғанын білмеді. Egis даласы ирек-ирек бел болып калған* (Ғ. Мұстафин.) деген екі сөйлемнің біріншісінде бастауыш – *Олжабек* дара бір ғана сөзден болып тұрса, екіншісінде бастауыш – *egis даласы* екі сөзден құралып күрделі болып тұр. Бұл жерде *даласы* дегенді *egis* сөзінен бөліп алуға болмайды. Бастауыш атау септігінде зат есім мен есімдіктен болады: *Бәйге бригадаға беріледі. Сіз өз басыңызды гана ойламаңыз*.

Атау септігінде тұрып заттанған басқа сөз таптары да (сын есім, сан есім, етістіктің есімше, тұйық етістік түрлері т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш

Барлық тілде де тиянақты ойды аяқтап, бастауыштың іс-әрекетін, ісін білдіретін мүше предикат-баяндауыш деп аталады.

Профессор Т. Сайрамбаев: «Баяндауыш бастауышқа бағынып, оның қимылын, іс-әрекетін, кім, не екенін, заттық, мекендік, сындық, сандық қасиеттерін білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі», – деп қорытады.

Т. Сайрамбаев баяндауыштың төмендегідей негізгі қасиеттерін санамалап береді: «Біріншіден, баяндауыштың бастауышқа бағынышты сөйлем мүшесі екендігі; екіншіден, баяндауыштың сөйлемдегі ойды тиянақтайтындығы; үшіншіден, баяндауыштың бастауышпен жақ, жекеше, көпше түрде үйлесуі; төртіншіден, баяндауыш бастауыштың түрліше қасиеттерін көрсетеді; бесіншіден, предикативтілік білдіруі; алтыншыдан, олардың екі құрамда болатындығына байланысты; жетіншіден, сөйлемнің бас мүшесі екендігі т.б.»

Баяндауыш пен оның қандай тұлғалардан жасалуына көптеген ғалымдар түрлі көзқараспен келді. Баяндауыштық тұлға туралы Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев еңбектерінде әртүрлі дәрежеде сөз болады.

Баяндауыш қарақалпақ тілінде – **баянлауыш**, қырғыз тілінде – **баяндооч**, өзбек тілінде – **кесим**, ұйғыр тілінде – **хэвэр**, түрікмен тілінде – **хабар** деп аталады. Түркі тілінде баяндауыштар бастауышпен предикаттық байланысқа түсіп, оның қимылын, іс-әрекетін, күйін білдіреді.

Шор. *Ыларды поны Ырызы чок-0 соктилер // Олар бұл бейшараны сөкті.*

Ылар агаштарды пургу-ба пурчалар // Олар агаштарды паршалайды.

Гагауз. *Kızla(r) topladıla(r) çiçek da ördüle(r) feneñ //Қыздар гүл терді, гүлдестеден тәж жасады.*

Чуваш : *Сурăх ылханĕ кашкăра ҫитмест // Қойдың қарғысы қасқырға тимес.*

Кашкăр кашкăра аякранах паллать // Қасқыр қасқырды тұяғынан таниды.

Турă пармасассăн кашкăр ҫимес // Құдай бермесе, қасқыр жемейді.

«Үмайқа табынса, оғул болур» [Қашғари М., 1983].

Құмай сөзін көктүріктік *Ұмай* есімімен байланыстырып жүргендер де бар. Бүкіл түркі жұртында **жер-ана Ұмай** – шаңырақтың киесі деп ұғынылады, Қырғыздарда *ұмай* деп аталған ою-өрнек үлгісі бар, мұндағы ою-өрнек күс бейнесін елестетеді екен. Расында да, қырғыз танымында *Ұмай* – ертегілік күс. Мифтік құмайдың түп ана сипатына ие болуына қарағанда, оның Ұмаймен сабақтас болуы жоққа шығарылмайды.

Ал түрікпен халқындағы *Хұмай* – өзінің көлеңкесі түскен пендесіне күт-бақыт әкелетін мифтік күс. Парсы фольклорындағы *Хумаюн*, көне орыстық кітаби фольклордағы *гамаюн* құстарының бейнелері мен есімдері *түркінің құмай бейнесі мен сөзінен өрбіген болар* деп шамаланады [Мифы народов мира, 1980; 123-б.]. Парсылар да құмайдың көлеңкесінің қасиеті бар деп санайды. С. Қасқабасовтың айтуынша, «көктегі Тәңір – ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады» [Қасқабасов С., 1984].

Әзірбайжан тілінің грамматикасында бастауыш пен баяндауыштың қатарында егер бастауыш заттың атын білдіріп, 3-жақ көпше түрде тұрса, баяндауыш та міндетті түрде көпше түрде болуы керек.

Н.К. Дмитриевтің пікірінше, *Онлар кәлди және Онлар кәлдилер* деген екі сөйлем де дұрыс құрылған. Егер баяндауыш жекеше түрде тұрса, онда бастауыш айтып тұрып та іс қимылды білдіреді деген сөз (онлар кәди). Екінші жағдайда (онлар кәлдилер) бастауыш бөлек ұжымдық жақты білдіреді, яғни жеке-дара іс қимылды білдіреді, яғни бірге келген жоқ, біртіндеп немесе топпен [Тюркское склонение в ареального-историческом освещении», 1992].

Анықтауыш қарақалпақ тілінде *анықтауыш*, қырғыз тілінде *анықтооч*, өзбек тілінде *аниқловчи*, ұйғыр тілінде *ениқлиғучи*, түрікмен тілінде *айырғычлар* деп айтылады. Түркі тілдерінде анықтауыштар өздерінің тұлғасы, атқаратын қызметі жағынан бір-біріне ұқсас. Барлық тілдерде де анықтауыштар сөйлемнің есімнен болған мүшелеріне тікелей қатысты болып, соның сындық сапасын, белгісін, мөлшер санын анықтайды, өзі анықтайтын сөзімен лексика-грамматикалық байланысқа түседі.

Шор: *Эски-қуску небелерди пир толук-та чыгчалар // Ескі-құсқы заттарды бір бұрышта сақтайды.*

Алтай: *Постыг паланынг аразында пір јаксы сылыг кыс одур // Жас балалардың арасында бір сұлу қыз отыр. Көзининг дьажы мөлтрөп чыгып келди // Көздерінде жас тұнды. Ак кырдың бажынанг адыктап көрүп турды // Ак қырдың басынан анықтап көріп тұрды.*

Толықтауыш

Толықтауыш қарақалпақ тілінде *толықлауыш*, қырғыз тілінде *толуктооч*, өзбек тілінде *тулдирувчи*, ұйғыр тілінде *толуктурғучи*, түрікмен тілінде *долдургычлар* деп аталады. Түркі тілдерінде толықтауышта өзінің тұлғасы мен сөйлемдегі қызметі жағынан өзгешеліктен гөрі ұқсастығы күшті. Толықтауыштар көбінесе баяндауышпен байланысты болып, оның қимыл процесінің объектісі болып келеді.

Чуваш: *Каишкәрпа каварла, анчах пайшална авәрла // Қасқырмен көріссең, итінді бірге алып жүр.*

Шор: *Сага конфет чиирге полар – Сен кәмпит жеуді догар.*

Малга от четпеен // Малга шөп жетпейді.

Мага акча тың керек // Маган ақша өте қажет.

Слерге мында чадарга чарабас // Сіздерге мұнда тұруға болмайды.

Құмық. *Атангны билими булан алим болмассан // Әкеңнің білімімен галым болмассың.*

Алтай *Салкын көзнөкти ача сокты // Жел терезені ашыты.*

Эчкилер өлөнъ дьип дьат // Ешкілер шөп жеп жатыр.

Татар *Өйдә гәлләр матур була // Үйде гүлдер әдемі көрінеді.*

Көзен көннәр кыскара // Күзде күн қысқарады.

Тәнлә урамда матур көй ишетелде // Түнде көшеден әдемі әуен естілді.

Мин татар телен өйрәнәм // Мен татар тілін үйренемін

Быел абыем өйлән // Бұл жылы менің ағам үйленеді.

Түркі тілдерінде толықтауыштар тұлғасына, синтаксистік қызметіне қарай тура және жанама толықтауыштар болып екіге бөлінеді. Тура толықтауыштар табыс септігінде тұрып, сабақты етістіктермен тығыз байланыста болады. Тура толықтауыштың септік жалғауы кейде ашық, кейде жасырын болып келуі көптеген тюркологтардың назарын өзіне аударған. А. Қазем-Бек «Қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістік-

тің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады» деп көрсеткен. Сол сияқты «Алтай тілінің грамматикасында да тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуын оның белгілі, белгісіз зат болуынан» деп баяндайды.

Пысықтауыш

Пысықтауыш қарақалпақ тілінде *пысықлауыш*, қырғыз тілінде *бышыктооч*, өзбек тілінде *хол*, ұйғыр тілінде *һаләтлар* деп аталады. Түрікмен тілінде пысықтауыштар өз алдына дербес мүше болмай, толықтауыштардың бір бөлегі сияқты болып қаралады. Түркі тілдерінде пысықтауыштар зерттеліп, оның грамматикалық тұлғасы мен грамматикалық мағынасы, толықтауыштардан ажырату тәсілдері анықталады:

- хак. *Агааталай осхас чалбах чир кирек // оған теңіздей кең жер керек;*
- хак. *Темір чилеп / темірдей, сенъирткеиш чилеп /шегірткедей;*
- тув. *Базаанчы база дириг кижиниң сеткили ышкаиш дыцраргыр // Базаанчы тоже, как душа живого человека, чуткий;*
- алт. *Сэн оицош / сен сияқты;*
- хак. *пулуттар осхас / бұлт тәрізді;*
- тув. *чнда пицаиш / қалқан сияқты;*
- шор. *абам оицаиш / менің әкем сияқты;*
- қырғ.: *бир жак жар, бир жак суу;*
- әзірб. *икл од арасында // екі от арасында;*
- өзб.: *икки ут арасида қолмок» // екі от арасында қалу;*
- қар.-балқ.: *«эки отну арасында турурчъа» // екі от арасында тұру;*
- қырғ.: *аңгектен качса, дөңгөккө // Оттан қашсаң, жалынға; еңбектен қашсаң, дөңбекке;*
- ұйғ.: *бир баладин қутулуп, униңдинму яман бир балага тутулмақ» // бір баладан құтылып, бір балага тұтылу.*
- қар.-балқ.: *отдан чыкъ да джалыннъа дегенча // оттан қашып, жалынға орану.*

Түркі халықтарында:

От тесә ағыз көймә // От дегенге ауыз күймес;

Отуз озгуч бірлә өчурмәс // Отты жалынмен өшірмес;

*От тутунсыз болмас, Игіт йазуқсыз болмас // От түтін-
сіз болмас, Жігіт жазықсыз болмас;*

*Кул ургунчә, көз урсә иіг // Кул үрлегеннен, шоқ үрлеген
жақсы.*

Түркі тілдеріндегі сөйлем табиғаты мен стилистикалық ерекшеліктері

Түркі тілдеріндегі атаулы сөйлемнің даму тарихын зерттеу белгілі қиындықтармен тұстас, себебі атаулы сөйлем етістік байламдарының даму тарихымен тығыз байланысқан. Егер түркі тілдерінде осы шақтағы етістік байламдардың жүйесін қарастыратын болсақ, онда біз байлам құралдарының өзіндік ерекше әртүрлілікпен кездесеміз.

Қазіргі түркі тілдерінің қатарында кез келген грамматикалық санаттағы атаулы баяндауыш өзіндік безендіруді иемденбеуі мүмкін:

*Алт. Мен алтај кижи // Мен алтайлықпын; Слер алтај улус
// Сендер алтайлықсыңдар.*

Башқұрт тілінде баяндауыштық аффикстер толықтай болмауы мүмкін. Түр мен санына сілтеу құрылысы міндетті болып келетін жекелік есімдікпен белгіленген субъекте көрсетіледі, мысалы: *Мин язъwсь // Мен жазушымын; Ыин уқъwсь // Сен оқушысың.*

Көптеген түркі тілдерінде баяндауыштық аффикстардың болмауы барлық 3 түрді де қамтиды, мысалы: қарайым тілінде *Мен тувул кемпір // Мен кемпір емеспін* түрінде кездеседі.

Көптеген түркі тілдерінде кез келген грамматикалық санаттағы атаулы баяндауышта 3-жақтың жекеше түрінде етістік болмауы мүмкін:

- қырғ. *Кенен дүјнөдө жаз // Кең әлемдегі жаз;*
- тув. *А.С. Пушкин – улуг орус чоғалчы // А.С. Пушкин – ұлы орыс жазушысы;*
- чув. *Кіпер въръм // Ұзын көпір;*
- якут. *Кини саха // Ол якут.*

Атаулы баяндауышта 3-жақ жекеше түрдің болмауы септік безендіруінде немесе ресми сөздердің келуімен мүмкін:

- тат. *Бізнің полк окопта // Біздің полк окопта;*
- тув. *Бо ном башқының // Бұл кітап мұғалімдікі;*

- түрікм. *Тээ жылың босагасында // Жаңа жылдың қарсаңында.*

Атаулы баяндауыштағы жеке безендірудің болмауы ерте кезде-ақ түркі тілдерінің ескерткіштерінде көрсетілген: Орхон-Енисей. *Бән билгө Тонжуқуқ // Мен данагөй Тоныкөкпін.*

Атаулы баяндауышты осы шақ формасы рөлінде қолдану түркі тілдерінде кеңінен тараған:

- әзірб. *Сән мәним гардашымсан // Сен менің бауырым-сың;*
- қырғ. *Биз студентбиз // Біз пионермиз;*
- тув. *Мен студент // Мен студентпін.*

Чұлым тілі тіл номинативті тілдердің қатарына жатады. Басқа түркі тілдеріне карағанда бұл тілде сөйлемнің тұрлаулы мүшелері мен тұрлаусыз мүшелерінің орналасуында қатты өзгеріс байқалады. Сөйлемдер арасындағы байланыс құралы (жалғаулықты және демеулік шылау) мүлдем қалыптаспаған, чұлым-түркі тілінің жоғалмауының негізгі себебі құрмалас сөйлемдеріндегі синтаксисті-реликтивтік жағдайдың сақталып қалуы болып табылады.

- *Ма:мы:зы са:тысхан кыста:рынан әптә тәтә:зы тәйза жанда ескән сатты:рын ол аннал таннанган нөнә олар сатыстыр.*
- *Анасы мен қызы үйдің ішінде сөйлесіп жатты, (ал) әкесі терезе сыртынан тыңдады (және) олардың не жайлы сөйлесіп жатқанын түсінуге тырысты.*

Долған тілі:

- *Балықтыыр кэм буолла // Балық аулайтын мезгіл жетті.*
- *Биһиги диэк үчүгәйдик ыллыыр аматтан һуок этә // Біздің аймақтан ән шырқаушылар кезікпеген.*
- *Тээтэм минигин ытарга үөрәппитә // Әкем мені садақ атуға үйреткен.*
- *Барыкааттара дьилэригэр төннүбүттэр, һүпүтү булбатактар // Бәрі үйге келді, адасқандар табылмады.*
- *Ән мээңә һанарыма, көрбүт кәпсээтин // Сен бос сөйлем, көрген адам сөйлесін.*
- *Миша футбол көрө олорор // Миша футбол көріп отыр.*
- *Кыһыым атактары тигә һатыыр // Менің қызым аяқ киім тиге алады.*

Көптеген түркі тілдерінде атаулы баяндауыш 1-категорияның көрсеткіштеріне ие немесе баяндауыш аффиксіне ие.

Бақылау сұрақтары:

1. Номинативті тілдер қатарында қандай тілдер бар?
2. Түркі тілдеріндегі сөйлем табиғаты туралы баяндаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1970.
2. Томанов М., Қордабаев Т. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1975.

13-семинар. Түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлем

Профессор С. Аманжолов құрмалас сөйлем синтаксисіндегі даулы мәселелердің бірі үйірлі мүшенің табиғатымен тығыз байланысты екенін ерекше аңғарып, алғашқылардың бірі ретінде оларды жай сөйлем қатарында таныды және мағыналық принципті алғаш рет басшылыққа алды. Құрмалас сөйлем синтаксисіне тән заңдылықтарды қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі, төл табиғаты тұрғысынан қарастыруды көздеді [Аманжолов С., 1994].

Қазақ тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдерді төмендегі түрлерге бөледі:

- 1) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 2) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 3) мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 4) амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 5) себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 6) мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем;
- 7) түсіндірмелі сабақтас сөйлем;
- 8) ыңғайлас сабақтас сөйлем.

Түркі тілдеріндегі бағыныңқы сөйлем мәселесі бойынша әлі күнге дейін пікірталас тынған жоқ. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде айтарлықтай қиындықтар грамматикалық тұрғыдағы бастауыш пен есімше, көсемше және есім-етістіктерінің түзілі-

сімен байланысты. Бұл сұраққа жауап ретінде түрлі тұжырымдар да айтылды. Түркітанушылардың бір тобы барлық есімше, көсемше және есім-етістікті түзілімдерді бағыныңқы сөйлем мүшелері ретінде таныды. Бұл тұжырым, асылы, тек түркі тілдерінің табиғи логикалық жүйесіне негізделгендіктен, көне дәстүрлік ұстанымға ие. Түркі әдебиетінде бұл тұжырымды алғаш рет А. Казем-Бек таныстырған болатын, артынан В. Гордлевский, А.К. Боровков, Дж. Валиди еңбектерінде, сонымен қатар өзге де шетел түркітанушыларында көрініс тапты.

Ал екінші топ өкілдері болса, бағыныңқы сөйлемді анықтауда басты қағида ретінде баяндауыштың жеке етістікті формада келуі деп барлық есімше, көсемше және етістік-есім түзілімдерін жай сөйлем құрамына кіргізеді.

Қазіргі таңда басыңқы, бағыныңқы сынарлы сөйлем ретінде тек өзінің бастауышы бар түзілімді сөйлемдер категориясын ұстанатындар бар. Түркі әдебиетінде есімше, көсемше және етістікті-есім түзілімдерін айғақтауда маңызды синтаксистік категорияға енгізу тұралы мәселені алғаш рет Ж. Дени ұсынған болатын. Ж. Дени етістік формасының есімше және **масдар термині** арқылы жасалатын бағыныңқы түзілімдерін «квази предложение» деп атайды. Ол мысал ретінде француз тілі синтаксисін аналитикалық деп, түркі тілдерінің синтаксисі жеке емес формалар негізіндегі синтетикалық деп келтіреді [Denu J., 1921].

«Есімше және көсемше түзілімдерінің анықтамасы бағыныңқы сөйлемдердің маңызды түрі ретінде түркітанушылар арасында кеңінен танылды. Н.К. Дмитриевтің пікірінше, түркі тілдеріндегі потенциалды басыңқы мен потенциалды бағыныңқы сөйлемдер арасындағы сыртқы байланыс, потенциалды бағыныңқының баяндауышы болатын, бағыныңқы форма арқылы беріледі [Дмитриев Н.К., 1948]. Дербес субъектісі бар потенциалды бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлем субъектісінен айырмашылық жасайтындығын А.П. Поцелуевский айтқан болатын.

Ж. Дени, Н.К. Дмитриев және А.П. Поцелуевский ұстанған қағида негізінде С.А. Соколов аралық қалып орындарын иеленетін есімше, көсемше және етістікті-есім түзілімдерін бастауыштарымен қоса ерекше синтетикалық категорияға енгізуге болады дейді.

Бір жағынан оларды баяндауышы жекеленген формадағы етістік болатын бағыныңқы сөйлемдердің классикалық формасымен салыстыруға болмайды. Екінші жағынан, олар қағидаға жүгіне отырып, сөйлем мүшесі ретінде субъектілері жоқ қарапайым есімше, көсемше және басқа да мүшелерден айтарлықтай айырмашылық жасайды [Соколов Н.А., 1966].

М.Ф. Закиев Ж. Денидің ұстанымын ұстана отырып, есімше және көсемше түзілімдерін синтетикалық бағыныңқы сөйлем деп атайды [Закиев М.Ф., 1963].

Э.В. Севортян грамматикалық тұрғысынан алып қарағанда сөйлемдегі белгіленетін ауызша байланыс баяндауыштың қалай берілгендігіне еш қатысы болмайды [Севортян Э.В., 1963]. Бұл тұжырымды Е.И. Убрятова да қолдайды. [Убрятова Е.И., 1976].

Сонымен қатар Э.А. Грунина да бағыныңқы сөйлемді анықтауда маңызды бір фактор ретінде бастауыш пен баяндауыш арасындағы коррелятивті байланысты айтады [Грунина Э.А., 1961].

Алт. Мен көп улус көргөм, дже мындай джарааш кысты көрбөдім // Мен көп жүртты көргем, бірақ мынадай сүлу қызды көрмедім. Озогы чакта бистиң Алтайда тогус өзөктің бириккенінде, тогус туудың қолтығында үч қарындаш кижилер джурттаган // Ерте уақытта біздің Алтайда тогыз өзектің тогысқан тұсында, тогыз таудың қолтығында үш ағайынды кісі тұрыпты.

Елік паласын табалбай, енелип жүре кун алгай; эркезин журтка тужуруп, энези ыйлай кун алгай // Елік өзінің баласын таба алмай, іздейтін болады, әке баласын біреуге беріп, жылайтын болады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің сыңарларының арақатынасы септік жалғаулары, септеуліктер, сабақтастырушы интонация, жалғаулықтар және бірқатар басқа да көмекші сөздермен, интонациямен беріледі. Мысалы: *Туранга келиривисте, хүн дағлар артынче ажа берген // Біз Тұранга келгенде, күн таудан асқан еді. Чаяс чаап келген, ынчангааш көге-бугалар чааштына берсилээн.*

Қазақ тілінде де құрмалас сөйлемдер салалас және сабақтас деп жіктеледі. Салалас құрмалас сөйлем интонация, шылау мен

шылау сөздер арқылы байланысып, тұтастықта айтылатын жай сөйлемдерден тұрады.

Сабақтас құрмалас сөйлем компоненттері жалғаулықтар (себептік, шартты), сонымен бірге бағыныңқы сөйлем баяндауышының морфологиялық көрсеткіштері арқылы байланысады: *Жамгыр жаабаса, жер көгөрбөйт // «Жаңбыр жаумаса, жер көгермейді».*

Салалас сөйлемдер мынадай жалғаулық шылаулардың көмегімен жасалады: *-day* «және», *ham* «және», *basa* «сондай-ақ», *ne* «еш» шылауларының көмегімен жасалады.

Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемдер және оның жасалу тәсілдері, кейбір фонетикалық варианттарын есепке алмасақ, барлық тілдерде ұқсас, жалпы ортақтық қасиетке ие екендігі сезіледі. Оны шартты бағыныңқылардың аттарынан да білуге болады. Шартты бағыныңқы қарақалпақ тілінде *шөрт бағыныңқы қоспа гап*, қырғыз тілінде *шарттуу жандама сүйлөм*, өзбек тілінде *шарт эргаи гапли* кушма гаплар, ұйғыр тілінде *шэрт беқинда жумлилик қоиша жумлилэр* деп аталады. Бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің ортасындағы мағыналық қатынас шарттасу негізінде байланысады. Шартты бағыныңқы жасаудың негізгі тәсілінің бірі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты райлы етістікке бітіп, басыңқы сөйлемнің шартын білдіреді.

Құмық: *Ял алым болмай гъай адам, шимыде болмай // Дұрыс демала алмаған адам, жұмысты да істей алмайды; Молланы кеп гуонагълары бар // Қазидың да күналары бар.*

Қырғыз: *Жамгыр жаабаса, жер көгөрбөйт // Жаңбыр жаумаса, жер көгермейді.*

Алтай: *Кижси сени таш пыла атса, сен аны май была, адып ий // Кісі сені таспен атса, сен оны аспен ат*

Өзбек. *Агар у чорани амалга ошара олмасам, сен хам, мен хам қутилиб, бахтли турмушга эриша олмаймиз (С. Айний).*

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас қарақалпақ тілінде *қарсылас бағыныңқы қоспа гап*, қырғыз тілінде *қаршылаш жандама сүйлөм*, өзбек тілінде *тусиксиз эргаи гапли* кушма гаплар, ұйғыр тілінде *қаршилик бекинда жумлилик қоиша жумлилэр*, түрікмен тілінде *гарийлыклы эержең сөзлеми* деп аталады. Салыстырылған тілдердің қайсысында болса да, қарсы-

лыкты багыныңқылы сабақтас сөйлемдер басыңқы сөйлемде айтылған пікірге қарсы келеді. Түркі тілдерінде қарсылықты багыныңқылы сабақтас сөйлемдердің жасалу тәсілдері көбінесе бір-біріне ұқсас, тектес болып келеді.

Мысалдар: *Ол тап қазір қашса, Теміркелердің тұтқынға алатыны анық* (Ә. Нүрпейісов) *Отагасы, жауапты мен бұралқыға берсем де, сөзім сіздерге арналған еді* (Ф. Мүсірепов).

Амал багыныңқылы сабақтас сөйлем қарақалпақ тілінде *сын багыныңқы қоспа гап*, қырғыз тілінде *кыймыл жандама сүйлөм*, өзбек тілінде *равиш эргаш гапли қушма гап*, ұйғыр тілінде *һаләт беқинда жумлилик қошма жумлиләр*, түрікмен тілінде *һал зержең сөзлеми* делінеді. Амал багыныңқылы сөйлем басыңқыда айтылған пікірдің, әртүрлі әрекеттің қандай түрде, қалай айтылғандығын білдіреді.

Багыныңқының баяндауышы есімшеге **-ша /-ше,-ча /-че** біткенде:

- **Қаз.:** *Жақсы аттың жалын сақтағанша, Жақсы жігіттің арын сақта.*
- **Қыр.:** *Алаштан алтоо ьолгончо, Энелештен экөө бол Көрүктүүнү көрүп алганча, Сүйгөнүндү сурап ал Яманниң яхшиси болгичә, Яхшиниң ямини бол.*
- **Ұйғ.:** *Каримуқниң дени болгичә, Бугдайниң самини бол*

Багыныңқының баяндауышы шартты райлы етістікке біткенде:

- **Қаз.:** *Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірер. Ел қонысынан айырылса, ел ырысынан айырылады.*
- **Өзб.:** *Беморнинг тузалгуси келса, Табиб уз оеги билан келади / Филбондан ошнанг булса, Дарвозангни катта қил.*

Себеп багыныңқылы сабақтас сөйлем қарақалпақ тілінде *себеп багыныңқы қоспа гап*, қырғыз тілінде *себеп жандама сүйлөм*, өзбек тілінде *сабаб эргаш гапли қушма гаплар*, ұйғыр тілінде *сәвәп беқинда жумлилик қошма жумлиләр*, түрікмен тілінде *себәп эержеңли сөзлеми деп* аталады.

Мысалдар: *Қастарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген оқшау сөзін бастаған жоқ. Онда жаңағы бүгілмеген аяғының жарасы бітпегендіктен, шалғыға жарамай, ол да бізбен бірге машина айдады.*

Кемеде топтанып отыру кәуипли болғанлықтан, мен жүзип шығуды кеңес еттім. Быйыл қыс қатты келгенликтен, муз қалың қатқан еді.

Бирок айлана анчалық жарық болбогондуктан, кийин, кайсы, таи кайсы, ажырата алышпады.

Түкүгүн көкирип көткөн көзиниң чөрилири бүгүн бегир рәң болуп, қатигиниң товинига қарап сақипту. Бүк ягачларниң ичидан туюқсизла иргип чиққан тоиқанни көрүп, Пантелей Прокофьевич чөчүп кәтти.

Чары магазине барып, бирнәче тәзе китап гетирди. Виз ишден чыкып, өйүмизе ядаман гелдик.

Салыстырылған мысалдардан байқалғандай, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшеге бітіп, басыңқы сөйлемнің әртүрлі жағдайын керсетеді. Бірақ кейбір тілдер амал бағыныңқы сабақтас сөйлемдерге келтірген мысалдары формасына қарай көсемше-баяндауыш болса да, мағынасынан ешқандай басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимылдың белгісін, сипатын көрсетіп тұрғандығы білінбейді. Демек, бағыныңқы сөйлемнің көсемше-баяндауыш формасы жан-жақты қызмет атқарады, сондықтан оның формасымен қоса мағынасын да есепке алу керек.

Құмық тілінде жақты сөйлемнің екі құрылымдық түрі бар: етістікті баяндауышты жақты сөйлем және есімді баяндауышты жақты сөйлем.

Къыйналып ишлегенингни къуванып аиарсан/Еңбекпен дайындаганыңды, қуанышпен жейсің (еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей). Ёлавчу бусанг, ёлгъа тюш/Егер жолаушы болсаң, жолға шық.

Құмық тілінде етістікті жай сөйлем құрамы түрліше берілген.

Сондай-ақ мақал-мәтелді сөздер бірінші жақ жекеше және көпше түрде етістікті-баяндауыш формасында кездеседі: *Гелгенче – гелешебиз, гелген сонг – уьлешебиз. Жалақы алғанга дейін қарыз аламыз, алғаннан кейін таратамыз.*

Сонымен қатар есімді баяндауышты жақты сөйлемдер жиі кездеседі: *Ярлы бусам да, харлы туююлме ~ Жарлы болсам да, тәуелсізбін.*

Бір құрамды есімді баяндауыш жиі кездесетін жақты сөйлемдерде зат есімді білдіретін модальді модификатор **бол-** көп қолданылады:

*Атанғы билими булан алим болмассан ~ Ата білімімен
ғалым болмайсың.*

Мақалдар салаласа құрмаласқанда, олардың әрбір тармағы мағынасы жағынан жақын, бір-бірінен ажырату мүмкін емес, мысалы:

Иштегеним анам билә адама, уренгеним пойыма.

Ұста курган шәкірт һәр мақамайды йурғалур,

Ұста курмаган шәкірт андан мұндан қармалур.

Келтірілген мысалдардан көргеніміздей, салаласа құрмаласқан тармақтардың баяндауышы тиянақты болып келеді.

Мақал-мәтелдер семантика-грамматикалық құрылысы тұрғысынан жай сөйлем түрінде:

қаз.: қызы бардың назы бар.

- өзб.: кизи борнинг нози бор;
- қырғ.: кызы бардын назы бар;
- түрікм.: гызы барың нәзи бар.

Қаз.: бал ұстаған бармағын жалар.

- түр.: bal tutan parmagını yalar;
- түрікм.: бал тутан бармағыны ялар;
- тат.: бал татқан бармақ ялый;
- алт.: пал тутқан пармақын жалаір;
- қырғ.: май кармаған бармағын жалайт.

Құрмалас сөйлем түрінде:

- қазақ: оқ жарасы бітер, тіл жарасы бітпес;
- қырғызда: кылыч жарасы бүтөт, тил жарасы бүтпөйт;
- өзбекте: қилич ярасы тузилади, тил яраси тузилмайди;
- түрікм.: гылыч ярасы битер, дил ярасы битмез;
- тат.: кылыч ярасы төзәлер, тел ярасы төзәлмес;
- башқ.: қил ярачы китер, тел ярачы китмәс;
- түрікте: bıçak yarası geçer, dil yarası geçmez.

Құрмаласқан сөйлемдердің мақалдардан жасалған түрін паратакис, гипотакис деп қарауға болар еді дейді, түркі фразеологиясын зерттеуші ғалым А. Нұрмаханов, бірақ олар жалғаулықтар арқылы да байланысады. Ал мақалдардың құрамындағы тармақтары шылау сөздермен байланыспайды. Бұл олардың табиғатына тән қасиет, өйткені мақалдардың құрамындағы әрбір сөздің қалыптасқан өз орны бар, артық сөзге орын жоқ. Ғасырлар бойы халықтың құлағы да үйренген, көңіліне де жақын.

Бақылау сұрақтары:

1. Құрмаласқан сөйлемдердің мақалдардан жасалған түрлеріне мысал келтіріңіз.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлеріне мысал келтіріңіз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1970.
2. Қасым Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2013.
3. Алиев У.Б. Синтаксис карачаево-балкарского языка. – М., 1973.
4. Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. – М., 1975.

14-семинар. Қаратпалар мен қыстырмалардың синтаксистік құрылымы

Қаратпа сөз дегеніміз – сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру үшін, не басқаның назарын аудару мақсатында айтылатын сөз, сөз тіркесі. Қаратпа сөздер түркі тілдерінің қайсысында болмасын, сөйлемде айтылу кезінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді, белгілі әуенмен айтылады, яғни сөйлеушінің көңіл күйін білдіреді. Қаратпа сөздер қатарында: жалқы есімдер, туыстық атаулар, эмоционалдық мәнді сөздер т.б.

Қаратпа сөздің осындай функциясына қарап, қаратпа вокативтік сөйлем деп те атайды. Қаратпа сөздер сөйлемнің ішінде жиі қолданылады. Ол сөйлемнің басында, ортасында, соңында, яғни барлық позицияда да келе береді. Түркі тілдерде қаратпа сөздердің тұлғасы мен атқаратын қызметі бір-біріне ұқсас.

✓ **Татар:** *Марат Кяримович, сезне сорыйлар // Марат Каримович, сізді сұрайды; хязер чакырам // Қазір шақырамын; хязер ул кия // Қазір ол келеді; ул ойдя юк // ол үйде жоқ.*

✓ **Шор:** *Эзе, аргыш, кай полганзын, ноо–ла пар табагынын, сад-гай-быс!*

✓ **Шор:** *Оганнар, угактар, ол парчын шыны айдар! Сарыг кыс, сен кырчанзын, кайде ачыга мен кирпардым, мага полуш! // Сары қыз, сен көрдің бе, мен қайғы шексем, сен маган болыс.*

✓ Түрік: *Beu efendi* (мырза), *hanım efendi* (ханым), *doktor beu* (дәрігер мырза) *avukat beu* (қорғаушы мырза), *tetmur beu* (қызметкер мырза), *tühendis beu* (инженер мырза), *tüdüir beu* (директор мырза), *öğretmen hanım* (мұғалім ханым), *hemşire hanım* (медбике ханым).

✓ **Долған:** *Доробо, доготторум! // Сәлем, достарым! Би-хири накалы кэпсэтэһниит! // Біз долған тілінде сөйлейік!*

✓ **Алтай:** *Ай, қарға қарындаш! Қаркылдап ийзе қуу жақшы деп мен укканым, укалу кожонг дезе угарга кулакка жақшы те-ген, маа кожонгдоп пер-чи // Қарға қарындас, мен сенің дауы-сыңды керемет деп естідім, жақсы ән тыңдау құлаққа пайдалы дейді, маған да ән салып берші* [Словарь алтайского и аладагс-кого наречий тюркского языка, 2005].

✓ **Ұйғыр:** *Қызым, сиңә әйтәм, киленем, син тыңла.*

Қыстырма сөз

Қыстырма сөздер қазақ синтактологы Т. Сайранбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар», «Синтаксистің кейбір мәселелері» кітаптарында егжей-тегжей тоқталған: қыстырманы синтаксистік категория деп таниды [Сайранбаев Т., 1996]. Қыстырма сөз – сөйлеушінің не жазушының айтылған ойға түрлі көзқарасын, сезімін білдіретін ерекше мәнге ие сөздер. Қыстырма сөз бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады. Түркі тілдерінің барлығында қыстырма сөздер сөйлем түрінде кездеседі.

Қарақалпақ тілінде кирис сөз, қырғыз киринди сөз, өзбек кириш булақлар, ұйғыр тілінде қистурма сөз, түрікмен гириш сөзлер делінеді.

Төмендегі мысалдарды салыстырсақ, қыстырма сөздер өзгешеліктен гөрі ұқсастығы басым:

- **мәселен** – масалан – мәсилән – меселем;
- **дұрыс** – дурыс – дурус – дуруст;
- **рас** – ырас – рост – раст;
- **мейлі** – мейли–майли; мүмкін – мүмкин – мүмкүн;
- **бәлкім** – бәлким – балким – бәлки – белки;
- **ықтимал** – итимал – ықтымал – эхтимол – этималим – эхтимал;
- **албетте** – албетте; албатта – әлвәттә – әлбетде т.б.

Мысалдар: *Монша тәртібі, құдайға шүкір, өзгеріп, анадан-мынадан арылып та үлгерді* (Ғ. Мүсірепов). *Бұлар, елдің ойлауынша, Әжігерей қайда болса, сонда болуы керек* (Б. Майлин). *Сары ма, ырысы ма, әйтеуір тағы бір өзгешеліктері бойынша намысқор кісілер. Рас, менің байқауымша, сіздің халық – ақын халық* (М. Әуезов).

Демек, салыстырылған тілдердің барлығында да қыстырма сөздер сөйлеушінің айтылған пікірге күмәнін, өкінішін, сенімін, қостайтындығын, қуанышын т.б. неше түрлі көзқарасын көрсетеді. Бұл сөздердің сөйлем құрамына енуі пікірді жинақты, анық, ықшам, орамды етіп көрсетумен қатар, оны дәл түсіндіруге жәрдем береді.

15-семинар. Түркі тілдеріндегі төл сөз және автор сөзі

Бөгде сөздің түрлері: төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөздердің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілері.

Төл сөздің тыныс белгілері туралы төрт түрлі ерекшеліктері (ережелер) айтылған. Бұл ережелер түркі тілдерінің қайсысында болсын практикалық грамматикаларының бәрінде де бар, яғни бұлар дәстүр бойынша тұрақталған ережелер:

1. Егер төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөздің өзі тырнақшаға алынады да, автор сөзімен екі арасына үтір мен сызықша қойылады: *«Қасиетін сезем деп ана тілдің, Қауырсыны қалмады қанатымның», – деп поэзия пырағы Мұқағали Мақатаев жырлаған.*

2. Төл сөз автор сөзінен соң орналасса, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылып, төл сөздің өзі тырнақшаға алынады: *Ахмет Йүгінеки бабамыз айтып кеткен: «Ердің жүзін күйдіретін нәрсе – тіл».*

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасса, төл сөз тырнақшаға алынып, өзінен бұрын тұрған автор сөзінен кейін қос нүкте, соңындағы автор сөзінің алдынан үтір мен сызықша қойылады: *Мағжан Жұмабаев қазақ тілі туралы: «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім!» – деп қалай тауып айтқан.*

4. Төл сөз ортасында автор сөзі келсе, төл сөз тырнақшаға алынып, автор сөзінің алды артынан үтір мен сызықша қойылады: *«Тіл – елінің қылышы, – деп айтқан ойшыл Жүсіп Баласағұни, – тіл қылыштан да өткір».*

Түрікмен тілінде: *аман назарын вне гезлери пителип, Байрамын элинден япышды да: – Олардан маца да етерми? – дийип сорады. (Б. Кербабаев) Инди бу агажыц он бэши саны кувватлы хемде берк шахасы бар. Буларыц иккисем гулуп кесе йыкылдылар. Мен она чопанларыц адаты саламлагилары ялы, хайкырып силам бердим.*

Байрамың эли // Байрамның цолы; агажың шахасы // агаштың жаңцасы; буларың иккиси // булардың екеуг, чопанларың адаты // шопандардың эдеті болып айтылып, түрікмен тілінің өзгешелігін көреміз.

Татар тілінде: *эти белэн әни эшкә баралар. Эти әнигә әйтә: «Әйдә, мәктәпкә барабыз».Эти миңа әйтте: «Бер әйбер дә әйтеп булмай», – ди. // Әкем маған айтты: «Ештеңе айтуга болмайды». Эшлә, улым, эшлә. Эшлэгән кеше дә генә хөрмәт булыр // Жұмыс істе, ұлым, істе жұмыс істегенге гана құрмет болады.*

Төл сөздегі бастауыш төлеу сөзге айналғанда, анықтауыш немесе басқа тұрлаусыз мүше болады. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», – деп күңіренді Абай. Абай қалың елі, қазағы, қайран жұртым деп күңіреніп отыр.

Төл сөздің автор сөзімен байланысуы үшін төлеу сөзде айтты, айтады, хабарлады, бұйырды, өтінді т.б. етістіктерді талап етеді.

Мысалы: *ол менен: – Сен қайда барасың? – деп сұрады. Ол менен қайда баратынымды сұрады.*

Төл сөздің құрамындағы баяндауыш сөз немесе сөз тобы төлеу сөзге айналғанда, толықтауыш, бастауыш немесе сөйлемнің басқа мүшесіне айналып кетеді. Мысалы: «Жұмысқа кешікпей келіндер», – деді бастық. Бастық біздің жұмысқа кешікпей келуімізді ескертті.

Түркі тілдеріндегі шылаулар – кейін пайда болған құбылыс, себебі түркі тілдерінің құрылымы оларды сөйлеуде қажет етпейді. Түркологтардың зерттеулеріне қарағанда шылаулар көне түркі тілінде кездеспейді және араб-парсы мәдениеті шеңберіне кі-

ретін тілдерде исламды қабылдауына байланысты пайда бола бастаған.

Сөйлем құрамындағы сөздерді байланыстыруда қызмет ететін шылау сөздердің 2 түрі болады: бірі – жалғаулықтар. Өзара тең тұрған сөздерді, сөйлемдерді байланыстырып, солардың арасындағы грамматикалық қатынастарды білдіретін аналитикалық сипаттағы байланыстырушы сөздер жалғаулық шылаулар. Олардың басқа түрлерден ерекшелік қасиеті – бір сөздің аясынан шығып, екі сөзге, екі сөйлемге бірдей мағына қосып ұштастыра алуы. Бұлардың ескеретін жері сөз тіркесін құраудан гөрі байланыстырушылық қасиеті басым болады.

Септеулік шылауларға қарағанда жалғаулықтану процесі көне түркі тілінде жаңа да ізін сала бастаған. Олар тілдің даму эволюциясында біртіндеп барып, бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, қосымшалар жалғану арқылы сіңісу процесі негізінде біріктіріліп, абстрактілі грамматикалық мағынаны иеленген жаңа сөздер құрайды.

Қ. Ертаев кейбір түркі тілдерінде септеуліктер жеке сөз табы болатындығын және В. Радловтың еңбегінде 40-тан астам септеуліктер барын сөз етеді.

Ф.А. Ганиев татар тілінде септеуліктердің синтетикалық формаларымен бірге аналитикалық формасы да барын атап, оның 8 түрі бар деп есептейді:

1. Социотив (қуралдық-көмектес) белән септеулік шылауы арқылы жасалады.

2. Дестикатив (себептік) өген септеулігі арқылы жасалады.

3. Салыстырмалы кебек, шикелле, пәдәр, төсле, суман, кәтле, чаклу септеуліктері арқылы жасалады. Мағынасы жағынан олар бүркіттей, аюдай сөздерімен мәндес.

4. Жатыс септік (Местный падеж). Нөлдік формалы зат есімдерге буенча, буйлап, өсендәгә, аступта, аступда, аступдагу сөздерінің біреуін тіркеу арқылы жасалынады.

5. Шығыс астунан, өстенен сөздері арқылы жасалынады.

6. Барыс астунан, өстенен сөздері арқылы жасалынады.

7. Себепті: арқасында, сәбәпле септеулігі арқылы жасалады деп көрсеткен.

Н. Оралбаева, Ф.А. Ганиевтің пікірін толық келтіреді де, ойлануды қажет ететін пікір деп бағалайды, ал аналитикалық септік терминін өзі де қолданады.

Чуваш тілінің маманы И.В. Павлов «Интересен и тот факт, что как в чувашском так и в других тюркских языках употребление служебных имен с аффиксом множественного числа не наблюдается» деген пікір айтады.

Саха тіліндегі бөлүкчөлөрдү зерттеген Н.Е. Петровтың еңбегінде 23 түрік тіліндегі бөлүкчөлөрдүн дәрежесі әртүрлі екендігі, демек 13 тілде сөз қызметші сөз тобы қатары алынса, 8-і қызметші сөздердің құрамында көрсетілгендігі жөнінде мәлімет берілген. [Петров Н.Е., 1978].

Саха тіліндегі айтылып жүрген мәселенің бірі – бөлүкчөлөрдүн мүшелерге өзгеру қасиеті. Мысалы: *келесиң бе? – келеми сиң, барасың ба? – барамы сиң.*

Татар тілінде 5-ке, тыва тілінде 4-ке, гагауыз тілінде 2-ге, әзірбайжан тілінде 6-10-нан, қазақ тілінде 6-8-дің аралығында болады. Қырғыз тілінде де бөлүкчөлөр деп аталып, мәнісіне қарай 8 топқа бөлінеді [Карымшакова А.Т., 1980].

Демеулік сөздер – бұл сөздің өзгермейтін компоненті, демеулік сөздерсіз құрылған парадигмалық және категориялық сәйкестік сөзге қосымша мағына береді, яғни кейбір грамматикалық форма қалыптасады. Демеулік сөздер бір уақытта әртүрлі функция атқарады. Лингвистер демеулік сөздердің фундаменталды қасиетін сипаттауда көп түрлілігін атап өтеді, күрделі терминдерді: көмекші-шылауларды, көмекші-есімдерді, көмекші-қыстырма т.с.с. сөздерді қолданғанды жөн санайды [Николаева Т.М., 1985].

Татар тілінің грамматистері: «Частицами называются служебные слова, придающие отдельным словам или предложению в целом различные смысловые, модальные, модально-волевые или эмоционально-экспрессивные оценки» деп анықтама береді. [Ганиев Ф., 1982]. Демек, олар да демеуліктерді ерекше топ деп танып, жеке сөз деп есептейді.

Түркі тілін зерттеген ғалымдардың барлығы да көмекшілерді сөз деп есептейді. Бірде-біреуі оны қосымшалардың қатарына қоспайды. Ғалымдардың көмекшілерді сөз деп есептеуіне оның тұлғалық құрамының тұрақтылығы да себепші болған. Тек де-

меулік шылаулар ғана. Онда да барлығы емес, бірнеше фонемалық варианттар **-ма, -ме, -па, -пе, -ба,-бе** тұрғысына ие болады.

«Лексикалық мағынасынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болғандықтан демеуліктер, өзге шылаулармен салыстырғанда, аффикстер сияқты грамматикалық көрсеткендерге жуықтау (жақындау) болады. Бірақ бұдан, әрине, олар аффикстер екен деген қорытынды шықпасақ тиіс» дейді А. Ысқақов.

Бақылау сұрақтары:

1. Көмекші сөздердің қызметі неге әр тілде әртүрлі?
2. Ф.А. Ганиевтің септіктері туралы мысалдарын талдаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. – М.: Наука, 1982.
2. Карымшакова А.Т. Фонетика жана морфология. 1-б. – Фрунзе: Илим, 1980.
3. Давлетов С., Құдайбергенов С. Азыркы қырғыз тили: морфология. – Фрунзе, 1980.
4. Проблема словообразования в тюркских языках. – Казань: Фикер, 2002.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
6. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.

Студенттердің оқытушымен өздік жұмысы (СОӨЖ):

- 3-апта. № 1. Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері.
4-апта. № 2. Еділ бойындағы түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері.
5-апта. № 3. Оғыз тобындағы тілдердің фонетикалық ерекшеліктері.
6-апта. №4. Орта Азия түркі тілдерінде кездесетін жалғаулардың түрлері.
7-апта. №5. Саны аз тофа, долған, халаж, үрім тілдері бойынша грамматикалық зерттеулер.
8-апта. №6. Кавказдағы түркі тілдес халықтардың грамматикасының зерттелуі.
9-апта. №7. Қыпшақ тобындағы тілдердің есімдіктерін салыстыру.
10-апта. №8. Алтай тілдерінің синтаксисінің зерттелуі.
11-апта. №9. Сібірдегі түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлем түрлері.
10-апта. №10. Еділ бойы тілдерінде кездесетін көмекші сөздерді қазақ тілімен салыстыру.

Студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ)

✓ «Түсіп қалған әріпті тап»

Қай тіл екенін анықтаңыз, өлең не туралы

*Эрк...м деп мээрим...нди токчу эл...н,
неб...р...м деп жет...леп журчу эл...н.
айл...нып, жал...нып, жыттап журчу эл...н.
жанып турган чырагымсын эл...н,
тутуп жургон тум...рымсын эл...н.
саг...нып, зар...гып,
ызал...нып, тут...ланам мен.*

✓ Қай тіл екенін анықтаңыз, өлең не туралы, үстеу сөздерді анықтаңыз.

*Бөгөн һинең тыуган көнөң,
Көтөп алган күңел байрамың.
Йөрәгеңә бәхет қошо қунып,
Иң-иң гүзәл йырын һайраһын!
Бөгөн һинең моңдан торған көнөң,
Күркәмдәрзән-күркәм бер мөлең.
Ақ язьмышың һиңә бүләк итһен
Был донъяның барлық саф йәмен!*

✓ Аударыңыз және зат есімдерді белгілеңіз

*Болали уй – бозор, боласиз уй – мозор.
Болали уйда сир ётмас
Жанжалли уйда барака бўлмас
Етти ўлчаб бир кес*

*Кам гапирсанг, кўп эшитасан .
Камбагалнинг бир тўйгани – бой бўлгани
Керакли тошининг оғирлиги йўқ
Ваҳиманинг кўзи катта
Тек турмаган тўқ турар
Тил қиличдан ўткир.*

✓ **«Жедел жауап»**

Шарты: бұл бөлімде әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі. Студент жауап бере алмаған жағдайда келесі ойыншының жауап беруге мүмкіндігі болады.

I топ:

*Даг көрбейн эдээн азынма мәтелінің аудармасы қандай?
Якут тілі қай топқа жатады?
Қырғыз-қыпшақ тобындағы тілдерді атаңыз.
Созылыңқы дыбыстар қай тілдерге тән?
Қазақ тілінде – ұл, басқа тілдерде қалай аталады?
Урус булса атан, – Билендя булсэн балтан аудармасы қалай?
«Қазақ тілінің тарихи грамматикасының» авторы кім?
Көмей дыбысты тілді атаңыз.*

II топ:

*Суг көрбейн идиш ужулба! мәтелінің аудармасы қандай?
Түрік тілі қай топқа жатады?
Үйғыр-оғыз тобындағы тілдерді атаңыз.
Сына дауыссыздарды атаңыз.
Қазақ тілінде – үйрен, басқа тілдерде қалай аталады?
Чыланның шокары даиштында аудармасы қалай?
«Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» авторы кім?
Ешибір тілге ұқсамайтын өзгеше тіл?*

III топ:

*Далашкан күске сүтке дүжер мәтелінің аудармасы қандай?
Өзбек тілі қай топқа жатады?
Оғыз-түрікмен топшасындағы тілдерді атаңыз.
Қай тілде ерін үндестігі ерекше байқалады?
Қазақ тілінде – бауыр, басқа тілдерде қалай аталады?
Бола бошидан, углон ёшидан аудармасы қалай?
«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» (1992) авторы кім?
Үндестік заңы сақталмайтын тіл?*

✓ **Қай тілден алынған өлең екенін анықтаңыз және сөз табына талдаңыз:**

*Мәдрәсәдән чыккан шәкертләр ни диләр
Мәдрәсәдә*

Аңламадык
 Бер нәрсә дә;
 Селкенмәдек
 Таи төсле без,
 Жилбер-жилбер
 Жил бәрсә дә.
 Чаршау кордык,
 Кояш безгә
 Нурын чөчеп
 Жибәрсә дә;
 Каршы тордык,
 Кудык, безгә
 Яктылыктан
 ни килсә дә.

✓ Таблицаны толтырыңыз.

қазақша	түрікше	яку тша	тат ар	түрік мен	үй- ғыр	өз- бек	құ- мық
Аққу	Kuğu						
Саһар	Ötücü Kuğu						
Көгілдір	Küçük Kuğu						
Қаз	Kaz						
Үйрек –	ördek						
Шағала	martı						
Құтан	balıkçıl						
Дуадақ	toy kuşu						
торғай	serçe						
қарға	karga						
Бозторғай	tarlakuşu						
ләйлек	leylek						

✓ Әр қатарға қай тіл екенін жазыңыз:

күдірет, бұйрық, жазмыш, жазу, пешене, маңдай, бақ, салым, талай.
 тақдир, езмыш, пешана, насиба, бахт, толе, кисмат, хисса, улуш.
 тәкъдир, язмыш, бөхет, өлеш, тигән, өлеш.
 тақдир, пешана, несивә, (насиба), нәсип, кисмат.
 тәғдир, пешене, несийбе, несип, бақ, талай, ығбал.
 язмыш, насип, кисмет.
 язмыш, насип, талитъ, талай, языв,кысмат, къадар.

✓ Сан есімді тіркестерді аударыңыз және қай тілдікі екенін анықтаңыз.

kırk defa soyledim
kırk evin kedisi,

*kyrk jamaly kyrk jylyn basinda
kyrk jylda bir
soji qurylsyn
qyrykka jaryla altam bin inde
qyrk torlo hojlau
coro qyrk
qyrk kojnok
qyrk cilten
бир жасак жар, бир жасак суу
икк од арасында
икки ут арасында қолмок
эки отну арасында турурчыа
икки баланиң оттурисыда.*

✓ Мақал-мәтелдерді аударып, морфологиялық талдау (сөз таптары-на) жасаңыз.

*Аввал үйла, кейин сүйла
Агар одамни билмоқчи бўлсанг, унинг дўстига боқ
Аҳмоққа қонун битилмаган
Айтган жойдан қолма, айтмаган жойга борма
Айтилган сўз – отилган ўқ
Бола бошидан, уғлон ёшидан
Балиқ бошидан сасийди –
Берган худога ёқибди
Беш қўл баробар эмас
Берганнинг бетига қарама.*

✓ Қай тілден алынған және не туралы екенін баяндаңыз.

*Булбул чимәнни сөйәр, адәм – Вәтәнни.
Жут қогдисаң, өсәрсән, қогдимисаң, өчәрсән.
Ана Жутуң аман болса, рәңги-роюң зәпиран болмас.
Ана сүт бәргән Вәтиниңгә муһәббәт бағла.
Ана Вәтиниң – алтун бөшүк.
Жутуң чөл болса, сән уни гүл қил.
Һәр кимгә өз Жүти өзиз.
Адәм түгүлган йеридә өзиз, гүл – ечилган йеридә.
Қизил гүл бәргидә яхиш.
Әрни түгүлган йәргә тартиду, иштини – тойган йәргә.
Вәтәнсиз огул – чимәнсиз булбул.*

✓ Ортақ зооним түрін анықтаңыз және жалғаудың қай түрлері жалғанған?

*Başkırdın avızı yesen de kan, yemesen de kan (Ноғай)
Börinin balası böri bolur (Қыпшақ)
Kurt eniği köpek olmaz (Бұлғар)*

Böriden eçki pütpes (Алтай)
Kaşkar savarençen surah kayalla tuhas suk (Чуваш)
Canavar azından kuzu alınmaz (Гагауыз)
Suskiçi huçanan peerişçen me (Хакас)
Börü arıklığın bildirmes itke tişin ircaytır (Алтай)
Börü kartlığın belletmez itke tişin akşaytır (Қарашай)
İt bilen yoldaş bolsan kolindin tayak çüşmisun (Үйғыр)

✓ **Мақал-мәтелдегі ортақ зооним түрін анықтаңыз және жалғаудың қай түрлері жалғанған?**

Kurdun ağızı yese de kan yemese de kandır (Түрікше)
Kurda konuk giden köpeğini yanında götürür (Түрік)
Kurt/İt ağzından kuzu/kemik alınır mı? (Түрік)
Kurda mihman bolsan, körünün yanında bolsun (Түрікмен)
Kurdun adı kötü, arada tilki var, baş keserler (Түрік)
Şagal bar başını iyer, gurdun adı yamandır (Түрікмен)
Tilki var baş korapır, kurdun adı pislige çhib (Әзірбайжан)
Bөрiнiң аузы жесе де қан, жемесе де қан (Қазақша)
Bөрiнiн yesa ham oғzi kan, yemese ham aғzi kan (Өзбекше)

✓ **Септеулі сөздердің түрін анықтаңыз, қай тілден алынған?**

Бөшүк нахшиси

Әллэй ейтай мән баламни (әллэй, әллэй, әллэй, әллэй),
Әллэй ейтай мән қозамни (әллэй, балам, әллэй).
(Әллэй, әллэй, әллэй, әллэй, әллэй).
Бегимдики қизилгүлүм (әллэй, әллэй, әллэй, әллэй),
Татлиқ хушхуй булбулум (әллэй, балам, әллэй, балам).
(Әллэй, әллэй, әллэй, әллэй, әллэй).

✓ **Изафеттік тіркестерді аударыңыз.**

- табиғат құбылысы: *гюн шавласы – ...; язны гюню – ...; танг салкъыны – ...; кыши вакъ-ти – ...;*
- этнонимдер: *къумукъ халкъы – ... къумукъ эли – ..., орус алимъ – ...; татар кызы – ...; къазакъ язывчусу – ...; турк солтаны – ...; рус укучысы – ...;*
- хремотоним: *алтын сагъат – ...; агъач къашыкъ – ...; темир къану – темир қақпа; .. юзюк – ...; мамукъ тешек – ...;*
- кәсіп: *туварчы Агъ-мат – қойшы Ахмет; секретарь кыыз – хатшы қыз; къомузчу къатын – ...; пакъыр халкъ – ...;*
- фитоним: *дарман от –; дарман сув –; алма терек;*
- адам қасиеті: *таши улан – .../таш – тас, улан – бала; мамукъ юрек – жумсақ жүрек; мамукъ «мақта»+ юрек «жүрек»; къувукъ баш – .../къувукъ – қабық; малайик адом – мейірімді адам/малайик – періште, адом – адам;*

- соматикалық белгі: *къял боюн ...; къабакъ баш – үлкен бас; алтын чач – өдемі; буз сыпат – суық келбет*
- аң-құс: *къабан тырнакъ – ...; къяшну къанаты – ...; къаз бурун – ...; къяргъый бурун – қисық мұрын къяргъый – ...; эшек къялакъ – ... /эшек – есек, къялакъ – ...; долма гѣз – үлкен көз /долма – ...; чычкъан гѣз – ...;*
- орын: *таги чыр – тас қабырға; эшикни къялагъы – есік тұтқасы; юрт ягъасы – ауыл сырты; топуракъ тѣбе – ...; буз тебе – ...;*

✓ Мәтелдердің қай тілден алынғанын және сөйлемнің қай түрі екенін анықтаңыз.

Урус булса атан – Билендя булсэн балтан

Сѣтъкя пешень – суга оърляръ.

Ходайнэ онотканнэ – ходай онота

Визав Сіуір тартау

Ман, зыраан сеек сутке тус парча

Визағи Сіғиғ доғигатаз

Морзук калчанын билинмес

Надан достан дана душман ягшыдыр

✓ Кұмық тілінен мақалдарды аударып, сөйлем түрін анықтаңыз.

Душман хомурсгъа буса да, сен ону пил гѣр

Хомурсгъаны бутунга оърленме къойсанг, башынга минар

Сютге къонгузакъ тюшгенде йимик

✓ мөлшерлік сөздер:

- көлем мөлшері: бір шымшым, бір уыс, бір тілім, бір құшақ т.б.
- қалыңдық өлшемі: пышақ сырты, шынашақ, бармақ, екі елі т.б.
- қашықтық өлшемі: адым, таяқтастам, шақырым, қозы көш жер, ат шаптырым т.б.
- ұзындық өлшемі: тұтам, сынық сүйем, кере кез, аршын, құлаш т.б.
- бір мағынасы: жеке, дара, жалғыз, жалқы;
- екі мағынасы: егіз, қос, пар; -төрттен бір мағынасында: ширек;
- уақыт мөлшері: сүт пісірім уақыт, шай қайнатым, биенің бір сауымындай уақыт
- салмақ өлшемі: қадақ, пүт, келі, батпан

Ана тилим – дана тилим

(Илья Бәхтия)

Улуқ анинің жүрөк сөзини

Аңлидим дәсләп ана тилимдин,

Кәрдум әс кирип һаят көзини,

Мени чоң қилған дана тилимдин.

Оқудум мәнму «А», «Б»–дин башлап,

Илим тәмини тетип билимдин.

Қандай халық ?

✓ **Көп нүктенің орнына түркі тілдерінің бірін жазыңыз.**

Ресейдегі ... жалпы саны – 382255 **тілі** ... өздерін «...» деп атайды.

Этникалық құрамы. Олардың этникалық тарихы толық зерттелмеген.

Бір топ ғалымдар ... ата тегі түркі тектес халық болмаған, түркі тілдес тайпалар кейін келіп қосылып, оларды түркі тілдес тайпаларға айналдырған дейді. Көпшілік түркітанушылардың пікірінше, ... о бастан-ақ түркі тілдес халықтардың ұрпағы.

Діні ... христиандықтың православ бағытын ұстанады.

Жазуы ... тілі Саха республикасында орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып табылады. Жазуы кириллицаға негізделген. ... 1929-1939 жылы латын әліпбиін қолданған, ал 1939 жылдан орыс әліпбиін қолданып келеді.

Зерттелуі ... тілі, әдебиеті мен тарихын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. ... тілін зерттеуде О.Н. Бетлинг, Д. Хитров, Э.К. Пекарский, С. Ястремский, В.В. Радлов сияқты үлкен ғалымдар белсене ат салысқан. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде ... тілін Л.Н. Харитонов, Е.И. Убрятова, Н.К. Антонов, Е.И. Коркина Н.Е. Петров сияқты ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты зерттегені белгілі.

✓ **Көп нүктенің орнына түркі тілдерінің бірін жазыңыз.**

... **тілі** Ресейдің құрамында өмір сүретін чуваш халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып есептелінеді. ... жалпы саны – 1839228 .

Этникалық құрамы ... өздерін Еділ бойында тұратын бұлғарлардың тікелей ұрпағымыз деп есептейді, олардың этникалық құрамына тек бұлғар тайпаларына тиісті элементтері ғана кіріп қоймай, қыпшақ тайпаларының да, финдердің де элементтері араласқан.

Діні. Мұсылмандықты қабылдамаған. Халықтың бір қатары қазір орыстардың ықпалымен шоқынды болып кеткен, бір бөлігінде ежелгі шамандық дәстүрлер басым.

Жазуы. Кирилл әліпбиін қабылдаған. XX ғ. Иван Яковлевич Яковлев орыс әліпбиіне сүйене отырып, ... тілінің дыбыстарына сай келетін жаңа бір жазу жүйесін қалыптастырған болатын.

Зерттелуі. Алғашқы ... тілін зерттеушілердің қатарына Н.И. Золотницкий, Н.И. Ашмарин, Н.А. Лебедев т.б. жатқызуға болады. Қазан төңкерісінен кейін ... тілін зертеуге В.Г. Егоров, Н.А. Андреев, Н.К. Дмитриев Д. Немет, И. Будиц, А. Ронаташ С.П. Горский сияқты ғалымдар өз үлесін қосқан

Қай халықтың мұрасы туралы?

... халкь оъзюню бырынғы тарихи, бай маданияты, тили, авуз яратывчулугу ва адабияты буланғы, оъзюне хас болған адатлары, кылыкълары, менлиги буланғы оъзден, оъктем халкь. Ону минг йылланы боюнда яратыла гелген авуз яратывчулугу, халкь айтывлары ва аталар сөзлери бизин бай, гезел кьумукъ тилибизни бирден-бир безейген ва бирден-бир бай этеген жавгьарларыдыр. Гелигиз, шо жавгьарларыбызны – айтывларыбызны ва аталар сөзлерибизни эсгиленме кьоймай, тас болма кьоймай, аявлап, асырап сакьлайыкь!

Таблицаның бос жерін толтырыңыз.

Қазақ тілі:	<i>шамасы</i>	<i>демек,</i>	<i>қысқасы</i>	<i>сөзсіз,</i>	<i>шығар</i>	<i>менің-ше</i>
Қарақалпақ тілі	<i>шамасы</i>		<i>қысқасы</i>	<i>сөзсіз</i>		<i>менің-ше.</i>
Қырғыз тілі		<i>демек</i>	<i>қысқасы</i>		<i>чығар</i>	<i>меним-че.</i>
Өзбек тілі:		<i>демак,</i>		<i>сузсиз,</i>		<i>мё-нимча</i>
Ұйғыр тілі:	<i>чамиси</i>		<i>қисқиси</i>			
Түрікмен тілі		<i>гыскача</i>		<i>сөз-сиз,</i>		<i>мениң-че.</i>

Жіктеу есімдігін жазыңыз.

Татар тілінде:	<i>мин – мен син – сен ул – ол</i>	<i>без – біз сез – сендер алар – олар</i>
шор		
гагауыз		
қырғыз		
якут		
ұйғыр		
түрік		

✓ Қай халықтың фольклор үлгісі, аударыңыз, етістік түрлерін анықтаңыз.

Ахмақ девиләр

Қарға таразичи, сегизган хәвәрчи, тошқан уялчақ вақитта, сәһрайи балағәрдәндә атиси бир, аниси башқа үч оғул болган экән. Өң кичиги бир анидин ялеуз экән, чоңлири бир анидин экән; ата-анилири өлгәндин кейин, улар мирас бөлүшүпту. Бөлүшүпту, бир қорада биллә яшапту. Чоңлири кичиклирини аний тепип, алдап-салдап униң мирасини тәң йәп бопту. Өзлириниңкигә нәвәт кәлгәндә, кичигини өйдин қоғлап чиқирипту.

Ака-ука

Өткән заманда лиңгилчақ ясайдиган ака-ука өткән экән. Акисиниң исми Бақи, инисиниң исми Шасақи экән, Бақи иниси Шасақиниң қилған ишлирини яратмайдекән. Шасақи барлық һүнирини ишлитип, асил таиштин көз қоюп, бәкму қамлаштуруп бир егәр ясапту. Бақи өмүргә келип мундақ егәрни ясап

көрмөгөн экөн. Инисиниң мундақ устилигини көрөлмөстин, Бақи инисиниң өйдө йоқлирини билип, униң йеңи пүткөн егәрини көйдириветипту.

Синтаксистік тапсырма.

Берілген мысалды аударыңыз, қай тілден алынған және сөйлемнің қай түрі екенін анықтаңыз.

Дәрес бөткәс, өйгә бергә қайтырбыз

Джашчыкъ шышаны сындырды

Барыка аттара дьизлэригэр төннүбүттэр, һүппүтү бул батактар

Alarında yok senindi, yok benimdi, diye bir toprak kavgası mı veyahut bir kadın kaçırma meselesi mi çıktı kim bilir!

Сыңғыр-сыңғыр соңғы қоңырау, Жүреклердің тарын шертеди, Нама шалған, соңғы қоңырау, Ойларымды алып кетеди.

Аяз болса сувытар,

Булыт болса йылытар,

Тувған-оьскен ерлерин

Тентек киси мутар

Әгәр һин булмаһаң, мин уқып бөтә алмас инем.

Жаҳл келса, ақл кетар

Йадаган бу кёрюмлярбя, йебирдим башымны йастых үстюня, йабунадогон шыдаба башым ашыра.

Gülmə qonşuna, gələr başına

Allaa bir karıuı karêr, başka kari uıaçêr

Кобллеген конак аткарап, коьмеклеген – явдан куткарап.

Бахыт қусың бәлентте қанат қақсын, Уллысаң, муқәддесең Ана-Ұатаным

Әл көрки мақал, әр көрки сақал.

Чыгып кенесадан иштырылдылар суудага мидраш үвгя, кайсы тартылды кечягя дейин.

✓ Басқа түркі тілдеріндегі нұсқасын табыңыз.

«**Оқ жарасы бітер, тіл жарасы бітпес**» деген құрмаластың түркі тілдеріндегі екінші компонентін табыңыз.

– Қырғызда: *Қылыч жарасы бүтөт,*

– Өзбекте: *Қилич ярасы тузилади,*

– Түрікменде: *Ғылыч ярасы битер,*

– Татарда: *Қылыч ярасы төзәлер,*

– Башқұртта: *Қил ярачы китер,*

– Түрікте: *Viçak yarası geçer*

Bân seni severim,

Aç gözlerini.

*İlküaz gülüşünnân
Yakta üreemi.
Дагдан чыкты бир козу
Бурма бурма бойнузу.
Индже бели вай козу
Янаклары кырмызы.
Къызым санъа айтаман, келин сен анна.
Ата джуртуму башы болмасам да, босагасы ташы болайым.
Акыллы бир сөз бесдир, акмага муң сөз хебесдир*

Қай тілден алынған, сөйлемді аяқтаңыз.

*... сизин!
Байрамыгъыз ...!
Гъакъ юрекден ...!
Тувгъан гюнюгюз булан ...!
Янгы йылыгъыз ...!
Насип ерайман!
Оъмюрлю-насибли ...!*

*Өмүр жүкүни алдим һапашлап,
Рәхмәт ана тил, рәхмәт дилимдин!*

Kurda konuk giden köpeğini yanında götürür (Түрік)
Börünen dost olsan, itin yanında olsun (Қырым түрікшесі)
Kurda mihman bolsan, körünün yanında bolsun (Түрікмен)
İt bilen yoldaş bolsan kolindin tayak çüşmisun (Үйғыр)
Kurdun adı kötü, arada tilki var, baş keserler (Түрік)
Şagal bar başını iyer, gurdun adı yamandır (Түрікмен)
Tilki var baş korapır, kurdun adı pislige çihib (Оңтүстік Әзірбайжан)
Kurdun ağzi yese de kan yemese de kandır (Түрікше)
Bөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан (Қазақша)
Bөрinin yesa ham oғzi kan, yemese ham ağzi kan (Өзбекше)
Başkırdın avızı yesen de kan, yemesen de kan (Ноғай)
Kurdun oғlu kuzu olmaz (Түрік)
Bөрinin balası bөri bolur (Қыпшақ)
Kurt eniği köpek olmaz (Бұлғар)
Bөriden eçki pütpes (Алтай)
Kurt/İt ağzından kuzu/kemik alınır mı? (Түрік)
Kaşkar savarençen surah kayalla tuhas suk (Чуваш)
Canavar azından kuzu alınmaz (Гарауыз)
Suskiçi huçanan peerişçen me (Хакас)
Kurt Zayıflığını ite bildirmez dişini gösterir (Түрік)
Bөрü arıklığın bildirmes itke tişin ircaytır (Алтай)
Bөрü kartlığını belletmez itke tişin aқşaytır (Қарашай)
Bөri arığın bildirmez üçün itge түgün çüyre aylandıra erdi (Қарашай)

Диалогтық үлгілер қай тілден алынған?

✓ Қандай фольклор үлгісі және диалогты оқып, аударыңыз.

Қата-қата төгіләр

- Қуйруғиң немишкә қисқа?
 - Әқлим қисқа болгачқа.
 - Дүмбөң немишкә ой-дөң?
 - Жүкни агир тартқачқа.
 - Пүтуң немишкә йоган?
 - Бала шундин кәлгәчкә.
 - Ағзиң немишкә йоган?
 - Тола-тола күлгәчкә.
 - Немә тола күлисән?
 - Күлмәй қойсам, өлмәмсән.
- Күлдүм, тизгини ешәк
Кәйнигә четилгачқа.
– Қата-қата төгилә,
Бизниң мәлини чөгилә.

- Исәнмесез! Мин китапханәгә язылырга телим.
- Сезгә шушы бланкны тутырасы була.
- Фото кирәк буламы?
- Юк. Бер генә минут көтегез, Сезнең абонементны тутырам.
- Рәхмәт! Китап сайлыы торырга буламы?
- Рәхим итегез!

- Танг яхишы болсун!
- Сав бол!, Сав болугъуз!
- Геч яхишы болсун!
- Кеп-гәл нечикдир? Кююгюз-гәлыгъыз нечикдир?
- Биз ёлукъгәнанык не яхишыдыр!
- Сизин гәрмегеним кәп бола
- Сизин гәрмегеним не заман, не девюр
- Ишлер нечикдир?
- Савлукъ нечикдир?
- Эсен-аманмысыз?
- Хош гелдигиз!

- Дороо Дорообо! бо!
- Тугу кәпсиигин?

- Суох.Эн кэпсэлиң?
- Суох.
- Кэпсээнңит? Хайдах олоро5ут?
- Кэминэн.Эһиги?

- Günaydın!
- Günaydın!
- Nasılsın?
- İyiyim, sen nasılsın?
- Teşekkür ederim, ben de iyiyim.
- Ne var ne yok?
- Her şey yolunda!

- Xoş yaxşimusiz?
- Yaxşı, özinizçü? Qandaq ahvaliniz?
- Nahayiti yaxşı, rahmat. Aninjznin salamatligi hazır qandaqraq?
- Xelila yaxşı.
- Uninga mandin salam eytin! Salamat bolsun!
- Rahmat sizga!

Coldon ötüp bara catkan colooçu katındı kördü:

- Emne üçün ıylaysın?- dep suradı.

Katın çay-maanisin ayttı:

Colooçu angemege tüşügön son, katınga ayttı:

– Sız beker ıylabanız! Kiçi balanızdı okuuga ciberiniz, Bilim-tügönbö5 baylık deyt. Atanın döölötü koldun kirindey. Bat ele cogolot.

ГЛОССАРИЙ

АДВЕРБИАЛДАНУ – сөздің үстеу тобына өтуі

АГГЛЮТИНАЦИЯ – сөз түбіріне аффикстердің қосылуы арқасында жаңа тілдік грамматикалық формалардың пайда болуы.

АДЪЕКТИВАЦИЯ – сөздің сын есімдер тобына өтуі

АНАЛИТИКА – (гр. анализис – ыдырау және сунтһесис бірігу) – жалпы мәнінде алғанда бүтіннің құрамдас бөліктерге ыдырауы

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР – мұндай туындылар текстологиялық негізде дайындалып, әр шығарманың дұрыстығы, дәлдігі түпнұсқалар сақталған қолжазбалармен салыстырылады, бір қалыпқа түсіріледі, олардың жазылу тарихын, қоғамдық мәнін, көркемдік сипатын айқындайтын түсініктеме-лер жазылады.

АЛЛОФОН – фонеманың әртүрлі айтылуы

АУСЛАУТ – сөз соңындағы дыбыс.

АССИМИЛЯЦИЯ – (лат. ассимилятио – үқсасу, сіңісу, сіңу, т.б.) саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың басыңқы ықпалы нәтижесінде сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы.

БҮЛҒАР ТІЛІ – ежелгі бұлғар тайпаларының тілі.

ВОКАЛИЗМ – (лат. воцалис – дауысты) тілдің белгілі бір даму дәрежесіндегі дауысты дыбыстар жүйесі.

ГЕНЕАЛОГИЯ – лингвистикалық типологияның терең-беткі және этикалық-эмикалық тепе-теңдігінің негізінде тілдік типті анықтайтын саласы.

ГЕНЕЗИС – (гр. генезис – «жаралу тегі») – белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен онан әрі дамуын бейнелейтін ұғым.

ГЕМИНАЦИЯ – тілдің морфологиялық құрылысының тарихи дамуы кезінде пайда болған морфонологиялық құбылыс.

ГЕЛМИНАТА – (лат. гемино – екі еселеймін) – сөйлеу мүшелерінің ерекше күш түсіруі арқылы айтылатын қосылған дауыссыз дыбыс (аттар).

ГРАММАТИКА – (гр. – әріп, жазу) тілдің құрылымы, яғни морфологиялық категориялар мен тұлғалар, тілдің құрылысын зерттейтін тіл білімінің саласы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ – бірінғай мағынасы бар грамматикалық тұлғалар қатарларының қарама-қарсы қойылатын жүйесі.

ДЕРИВАЦИЯ – бастапқы тіл бірліктерінен басқа туынды тіл бірліктерін жасау процесі.

ДИАХРОНИЯ (гр. diachronos – уақыттың өтуі) – тіл жүйесінің тарихи дамуын зерттейтін тіл білімінің аспектісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – қоғамдық функциялардың көпшілігінде қолданылатын тіл, белгілі бір территорияға тараған және құқықтық (заңдастырылған) мәртебеге ие болған метафоризация.

МОНОФТОНГ (от гр. monos – бір + phthongos – дыбыс) – артикуляциялық және акустикалық бүтіндігімен, біркелкілігімен сипатталатын жалаң дауысты қосындысыз, артикуляциялық тұрғыдан біркелкі айтылып, акустикалық тұрғыдан бірыңғай естілетін дауысты дыбыс.

МОРФ, МОРФА (гр. morphē – форма) ағыл. morph – морфеманың тұлғалық өзгешеліктерінің (түрлерінің) бірі.

МОРФЕМА – (гр.) тілдің негізгі бірлігі, ең кіші таңба, түбір мен аффикстердің жалпылаушы ұғымы.

МОРФОЛОГИЯ – (грек. форма және сөз, ілім) тілдегі сөз тұлғаларының құрылысы мен мағынасын айқындайтын тіл механизмдерінің жүйесі, сөз құрылымы, сөз табы туралы ғылым.

МОРФОНОЛОГИЯ (грек. morphé – форма + phone – дыбыс, фонема + logia – ілім) – әртүрлі типтегі морфонемалардың фонологиялық құрылымын және морфологиялық айырмашылықтарды білдіру үшін фонологиялық салыстыруларды пайдалануды зерттейтін тіл білімінің саласы.

ОСМАН ТҮРІКТЕРІ – оғыз тайпасының көсемі Ертоғрылдың баласы Осман (Оспан) 1299 жылы өзін Селжук мемлекетінің мұрагерімін деп жариялап, ыдырап кеткен биліктерді қайтадан бір орталыққа жинап, Осман империясының негізін қалады. Оның халқы өздерінің шыққан тегі түркі екенін ұмытпай, ұлтын «Осман түріктері» деп атады.

ПАЛАТАЛЬ ДАУЫСТЫЛАР – жіңішке дауыстылар немесе тіл алды не таңдай дауыстылар деп аталады.

ПЕЧЕНЕГТЕР – орта ғасырлардағы тайпалар одағы. Грек тілінде пачынах, түрікше бажанак немесе бөжөнөк, славян тілдерінде печенег аталған тайпа атауы. Көне түркі көшпелілерінің сармат және угро-фин тайпаларымен араласуы нәтижесінде қалыптасқан деп есептеледі.

ПРОТЕЗА (гр. Prologis – алдына қою) – сөз басында қосымша дыбыстың пайда болуы.

РЕКОНСТРУКЦИЯ – атагілдің белгісіз қалған тілдік тұлғаларын, элементтерін, олардың мәнін, қасиет-белгілерін тарихи-салыстырмалы әдістердің жиынтығының бар мүмкіндіктерін қолданып, бүгінгі туыстас тілдерден іздестіру.

РОТАЦИЗМ – [з~р] дыбыстарының ауысып айтылуы.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ФОНЕТИКА – тілдің дыбыстық жүйесін туыс тілдердің дыбыстық жүйесімен салыстыра зерттеп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырады.

СИГМАТИЗМ – қандай да бір дыбыстың [s] немесе [ʃ] дыбыстарына тарихи ауысуы.

СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ – сөйлемді, оның мүшелерін, түрлерін, құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді анықтау.

СИНТАКСИСТІК ТИПОЛОГИЯ – сөз тіркесі деңгейі бірліктерін сөйлем деңгейінен сол сияқты синтаксистік функцияларын ескере отырып, түрлі деңгейлер бірліктерін салыстыру.

СИНГАРМОНИЗМ (гр. үндесу) – үндестік заңы. Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң.

СИНХРОНИЯ (гр. Sync. hronos бір мезгілде болатын) – белгілі бір даму кезеңіндегі тілдің жағдайы.

ТҮБІР – сөздің лексикалық мағынасын сақтаушы негізгі бөлік.

ТҮРКІ – этнонимі түркі халықтарының бәріне ортақ атау.

ТҮРІК – этнонимі Осман түріктерінің аталуы.

ТҮРКСОЙ – (түр. Үлүсларарасы Түрк Күлтүрү Тешкілаты), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы.

ТҮРКІТАНУ – түркі тілдес халықтардың барлық рухани-мәдени өмірін, әдебиет, тіл, тарих, археология, этнография, география, әлеуметтану, философиясын түгел қамтитын ғылым саласы.

ТІЛ БІЛІМІ (Lingua. лат. тіл) – тілдерді зерттеуші ғылым, яғни барлық бар тілдерді, бір кездері болған тілдерді – жалпы адамзат тілін зерттейді.

ТІЛ ТИПІ – өзара белгілі бір байланыстағы тілдердің жетекші нышандарының берік жиынтығы, онда әлдебір нышанның болу-болмауы басқа нышанның немесе нышандардың болу-болмауымен шартты болып келеді.

ФАРИНГАЛ ДАУЫССЫЗДАР (гр. Ράγιηх. жұтқыншақ) – тіл ұшының жұтқыншақтың ішкі қабырғасына тиюінен пайда болған дауыссыз дыбыс, мыс. фр. R.

ФОНАЦИЯ сөйлеу мүшелерінің жұмысы, сондай-ақ естуге болатын сөздің дыбысталуы.

ФОНЕМА (гр. phone дыбыс, дауыс) – төменгі белгілермен айқындалатын негізгі тіл единицаларының бірі: тілдің ең аз мөлшердегі мағыналық жігін ажырату бірлігі.

ФОНЕТИКА – тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы.

ФОНЕМАЛАР – тілдік бірліктердің ең кішісі және негізгісі.

ФОНЕТИКАЛЫҚ ЗАҢДАР (дыбыстық заңдар) – тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ұдайы жүзеге асатын фонетикалық өзгерістер.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛДЕР – әртүрлі халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тілдер.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ – (гр. білім (жалпыға бірдей), анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым.

ЭТНОС «гр. *ethnos*.) – тайпа, халық.

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Алт. – алтай
Әзірб. – әзірбайжан
Бараб. – барабин
Башқ. – башқұрт
Бұлғ. – бұлғар
БС. – біріккен сөз
Гаг. – гагауз
Гр. – грек
Долғ. – долған
Қаз. – қазақ
Қар.-балқ. – қарашай -балқар,
Қар. – қарайым
Ққалп. – қарақалпақ
Құм. – құман
Құм. – құмық
Қырғ. – қырғыз
Қыр. – қырымш.
Лат. – латын
Ноғ. – ноғай
Осм. түр. – Осман түріктері
Өзб. – өзбек
Сал. – салар
Сар. ұйғ. – сары ұйғыр
Тат. – татар
Тел. – телеуіт
Тоф. – тофалар
Түр. – түрік
Түркм. – түркімен
Тув. – тува
Ұйғ. – ұйғыр
Ұр. – ұрымдар
Угр. – фин. – угро-фин
Хақ. – хакас
Хал. – халадж
Чув. – чуваш
Шағ. – шағатай
Шұл. тат. – шұлым татарлары
Шор. – шор

Як. – якут

ДД – дауысты дыбыстар

ДсД – дауыссыз дыбыстар

ВС. – Вопросы языкознания

ҚС. – қысқарған сөз

МҚ. – Махмүд Қашғари

ДТС. – Древнетюркский словарь

СИГТЯ – Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков

СД – созылыңқы дауыстылар

ТТСГ – Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

2. Абель Ремюза. Лингвистика / пер. со 2-го французского изд. – СПб., 1881.
3. Абдикарим Н. Директивные падежи алтайских языков и их выражение в составе словосочетаний // Междунар. научный инст. «Educatio» IV (11), филол. науки. – 2015.
4. Абдрахманов Г.А. Основы синтаксиса сложного предложения современного литературного узбекского языка. АДД. – Ташкент, 1960. – 41 с.
5. Авакова Р., Бектемирова С. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы, 2012. – 204 б.
6. Аджимамбетова Г.Ш. Образование сложных наречий в крымскотатарском языке // Вопросы духовной культуры. Филологические науки. <http://www.nbuv.gov.ua>
7. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
8. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – 136 б.
9. Академик Н.Т. Сауранбаевтың еңбектері. – Алматы, 2000.
10. Алиев У.Б. Синтаксис карачаево-балкарского языка. – М., 1973. – 351 с.
11. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – А, 1994. – 320 б.
12. Антонов Н. К. Лекции по тюркологии. – Якутск, 1979. – 75 с.
13. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 71 б.
14. Артемьев Н.М., Петров А.А. Долганский язык в таблицах. – СПб, 2003. – 66 с.
15. Ахметьянов Р.Г. О генеалогической классификации кыпчакских тюркских языков // Советская тюркология. – Баку, 1978. – № 6. – С 31.
16. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы, 1975.
17. Бабалова Г.Г. Из истории отдельных терминов: коллективная монография. – Омск, 2011. – Т. 5. – 94 с.
18. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 592 б.
19. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
20. Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы: фонетика. – Алматы, 1999. – 165 б.
21. Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. – М., 1975. – 288 с.

22. Баскаков Н.А. Алтайский язык. – М., 1958. – 115 с.
23. Баскаков Н.А. Тюркские языки. – М., 1960. – 248 с.
24. Башкирско-русский словарь / Типо-литография Б. Бреслова. – Оренбург, 1899. – 237 с.
25. Бәширова И.Б. XIX ғасыр ахыры-XX йөз башы татар әдәби теле: жанр-стильләре, аерым грамматик категорияләрдә норма һәм вариантлылык. – Казан, 2008.
26. Бенцинг И. Классификация тюркских языков // Чувашская энциклопедия <http://www.enc.csp.ru>
27. Бекжан О. Этносаралық қарым негізіндегі түркі тілдерінің таптастырымы // «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: Тіл. Тарих. Руханият» атты конф. – Алматы, 2015.
28. Бернштам А. Н. Социально-экономический строй Орхон-Енисейских тюрок VI-VIII вв. – М. – Л., 1946.
29. Бессонов А. Г. Букварь для башкир. – Казань, 1907.
30. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. – Т.1.
31. Боровков А.К. Природа турецкого изафета // сб. Академия наук СССР академику Н.Я. Марру. – Л., 1935. – С. 165-177.
32. Бигаев Р.И. Гагаузы в Средней Азии / Р.И. Бигаев, П.А. Данилов, М.У. Умаров // Изв. АН УзССР серия общ. наук. – Ташкент, 1960. – № 6.
33. Бирюкович Р.М. Лексика чулымско-тюркского языка. – Саратов, 1984.
34. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Т.1. – СПб., 1869. – 545 с.
35. Благова Г.Ф. Тюркское склонение в ареально-историческом освещении. – М, 1982. – 304 с.
36. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – М., 1953.
37. Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. 1,61. – Ankara, 1990.
38. Габдрахманова А. Грамматическая семантика и функциональные характеристики аспектуально-видовых форм глагола прошедшего времени в татарском, турецком и английском языках. – Чебоксары, 2009.
39. Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М., 1986.
40. Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. – М., 1973. – 408 с.
41. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. – М.: Наука, 1982.
42. Гумилев Л.Н. Алтайская ветвь тюрок-туго // Советская археология. – М., 1959. – № 1.
43. Гумилев Л. Н. Энциклопедия. – М., 2013.
44. Гриценко К. Ф. Якутские топонимы на лаах / Языки и топонимия Сибири. – Томск, 1966.

45. Гордлевский В.А. Грамматика турецкого языка. – М., 1928. – 140 с.
46. Грамматика карачаево-балкарского языка. – Нальчик, 1972.
47. Давлетов С., Құдайбергенов С. Азыркы кыргыз тили. Морфология. – Фрунзе, 1980. – 272 б.
48. Данилова Н.И. Смысловая структура аналитических средств связи в якутском языке. – Новосибирск: Наука, 2001. – 143 с.
49. Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. – М., 1962. – 606 с.
50. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Уфа, 2007. – 276 с.
51. Дмитриев Н.К. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – М., 1955.
52. Донидзе Г.И. Хакасский язык. Языки мира: тюркские языки. – М., 1997. – 543 с.
53. Доскараев Ж. Исследования по тюркологии. – Алматы, 1969.
54. Древнетюркский словарь. – М., 1971. – 676 с.
55. Дыйканов Қ. Қыргыз тіліндегі үндүүлөр. – Бишкек, 2010.
56. Дыренкова Н.П. Исследователи Горного Алтая (XVII-XX вв.). – Горно-Алтайск, 2003.
57. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Алматы, 2007. – 420 б.
58. Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara, 2005
59. Ефремов Н.Н. Сложные предложения с пространственным значением в якутском языке // Научный журнал Куб ГАУ. – 2011. – № 70 (06).
60. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989. – 288 с.
61. Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы кыргыз тилинин фонетикасы. – Бишкек, 2013. – 115 б.
62. Жүбатова Б. Түркі әлемінің шығыс елдерімен мәдени-тілдік байланысы. – Алматы, 2014. – 328 б.
63. Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. – Казань, 1963. – 464 с.
64. Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. – Казань: ИНСАН, 1995. – 464 с.
65. Ильминский Н.И. Вступительное чтение в курс турецко-татарского языка // Материалы по истории образования и просвещения народов Волго-Уралья в рукописных фондах Н.И. Ильминского. – Казань, 2015.
66. Иманов Сейт Батыр. Татары Пугачевского восстания. – Набережные Челны, 1994. – 496 с.
67. История о великом князе Московском. – СПб., 1913. – 106 с.
68. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – Алматы, 1988.
69. Ишкильдина Л.К. Историческое развитие консонантизма башкирского языка. – Уфа, 2013. – 264 с.
70. Кажыбек Е. Глагольно-именная корреляция глагольных корней в тюркских языках. – Алма-Ата, 1986. – 270 с.

71. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. – Алматы. 1984. – 116 б.
72. Казем-Бек А. Общая грамматика турецкого-татарского языка. – Казань, 1939. – 318 б.
73. Karşılaştırmalı türk lehçeleri sözlüğü. II dizin. Kültür Bakanlığı. – Ankara, 1992. – 502 s.
74. Карымшакова А.Т. Фонетика жана морфология. 1-б. – Фрунзе: Илим, 1980.
75. Катаринский В.В. Краткий русско-башкирский словарь. – Оренбург, 1893.
76. Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. – Оренбург, 1898. – 196 с.
77. Кенесбаев І., Мұсабаев F. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1962. – 233 б.
78. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. – 360 б.
79. Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. – Алматы, 2010. – 40 б.
80. Қасым Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2013. – 284 б.
81. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Л., 1972. – 272 с.
82. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.– Л.: АН СССР, 1956. – 569 с.
83. Корш Ф. Классификация турецких племен по языкам // Этнографическое обозрение. – М., 1910.
84. Кумыков Т.Х. Этногенез балкарского и карачаевского народов в исторической литературе // О происхождении балкарцев и карачаевцев. – Нальчик, 1959.
85. Қондыбай К.Ә. Түркі тілдеріндегі сөзжасам мәселелері // Түркі филологиясының өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми on-line семинар материалдары жинағы. – Ақтөбе, 2015.
86. Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономастикасы: поэтонимдердің этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 2013. – 237 б.
87. Қудайбергенов М. Қарақалпақ тилинің морфонологиясы. – Ташкент, 2006.
88. Караджа О.С. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері – Алматы, 2015.
89. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – 208 б.
90. Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – М., 1941. – № 3. – 97-101 с.
91. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы, 2010. – 212 б.
92. Махмұт Қашқари. Диуани лұғат-ит-түрік. 3 т. / А. Егеубай. – Алматы, 1997. – 376 б.

93. Мелиоранский В.В. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. Ч. I. – Спб., 1884. – 92 с.
94. Молгаждаров Қ.Қ. Түрк тилдеріндегі көмөкчү сөздөрдүн калыптанышы. – Бишкек, 2012.
95. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. – М., 1964. – 344 с.
96. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1999. – 53 б.
97. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. – М., 1979.
98. Нурмаханова О.М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971. – 292 с.
99. Ольмесов Н.Х. Сопоставительная грамматика кумыкского и русского языков. Фонетика. Морфология. – Махачкала: ДГУ, 2000. – 280 с.
100. Ондар Н.М. Парные слова в тувинском языке. – Кызыл, 2004.
101. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе: Илим, 1964. – 311 с.
102. Оразов М. Көмөкші сөздер. – Ташкент, 1997.
103. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі егістік категориялары. – Алматы, 1980.
104. Педагогический журнал Башкортстана. – Уфа. – 2010. – № 2. (27).
105. Петров Н.Е. Частицы в якутском языке. – Якутск: Кн. изд-во, 1978. – 297 с.
106. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка: фонетика и морфология. – М., 1964. – 298 с.
107. Пірімбетов Т.Т. Туынды сөз түрлері – сөзжасам саласының өзекті мәселесі // Филология сериясы. – 2012. – № 2. – 33-б.
108. Поцелуевский А.П. Основы синтаксиса туркменского литературного языка. – Ашхабад, 1943. – 101 с.
109. Проблема словообразования в тюркских языках. – Казань: Фикер, 2002. – 368 с.
110. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий, Т.1. – СПб., 1905. – 370 с.
111. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание / пер. с нем. – М., 1957. – 254 с.
112. Рассадин В. И. Тофаларский язык и его место в системе тюркских языков. – М.– Берлин, 2015. – 218 с.
113. Ряснянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. – 222 с.
114. Саая Оюмаа Маадыр-ооловна. Долгие гласные тувинского языка: в сравнении с тюркскими языками Южной Сибири и монгольскими. – Новосибирск, 2015. – 30 с.
115. Сағындықұлы Б. Түркі тіліндегі сына дауыссыздар мен сына дауыстылар // Филологияның қазіргі кезіндегі басымдықтары: дәстүрі мен болашағы. – Алматы, 2012.
116. Сайранбаев Т. Синтаксисің кейбір мәселелері. – Алматы, 1996. – 137 б.
117. Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – М., 2005.

118. Сапашев О.С. Көне түркі тілі. Сөйлем мүшелері. – Алматы, 2000.
119. Сат Ш.Ч. Грамматика тувинского языка. – М., 1955. – С. 207.
120. Севортыян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М., 1962. – 643 с.
121. Севортыян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1966. – 437 с.
122. Серебrenников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979. – 302 с.
123. Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. – Горно-Алтайск, 2005. – 504 с.
124. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – 211 с.
125. Сырф В.И. Гагаузская фольклористика // Наукова періодика України, – 2012. – № 57-58. – 146 с.
126. Тенишев Э. Строй саларского языка. – М., 1976. – 575 с.
127. Тенишев Р. Язык желтых уйгуров. – М., 1966. – 84 с.
128. Тикеев Д.С. Основы синтаксиса современного башкирского языка. – М., 2004. – 311 с.
129. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – 192 б.
130. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 234 б.
131. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы, 1986.
132. Тоқтабай А. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы, 2006. – 328 б.
133. Тузжу Керим. Омонимы, образованные путем фонетических изменений в турецком и кыргызском языках // Международный научный журнал «Символ науки». – 2016. – № 1.
134. Тұрсынова М.А. Көне түркі тіліндегі сан есім жұрнақтарының қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – № 3(137).
135. Тұрсынова М.А. Түркі тілдеріндегі ілік септігінің сипаты // Вестник Карагандинского университета. Серия филология. – Қарағанды. – 2012. – № 2 (66).
136. Türk lehçeleri grameri. editör Ahmet b Erçilasun. – Ankara, 2007. – 1340 s.
137. Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. – Астана, 2011. – 1-т. – 482 б.; – 2-т. – 496 б.
138. Түркі филологиясының өзекті мәселелері // Исем хәберзәрзең семантик тәрзәре // Халықаралық ғылыми on-line семинар материалдары жинағы. – Ақтөбе, 2015.
139. Тюркские языки в условиях глобализации. – Астана, 2011. – 396 с.
140. Хабичев М. Карачаево-балкарское именное словообразование. – Черкесск, 1971. – С. 269.

141. Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонет. Морф. – Якутск, 1947. – 313 с.
142. Фахрутдинов Р.Г. История татарского народа. – Казань, 1971. – 255 с.
143. Хәзирги карақалпақ тили. – Нөкис, 1974. – 320 б.
144. Хертек А.Б. Развитие значений послелогов, управляющих локальными падежами, в тувинском и хакасском языках // Молодой ученый. – Чита, 2013. – № 2. – С. 232-238.
145. Шәженов Ж. Қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1965. – 79 б.
146. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – М, 1977. – 191 с.
147. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М., 1962. – 296 с.
148. Чувашский язык и этнос в истории евразийской цивилизации. – Чебоксары, 2011. – 175 с.
149. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 407 б.
150. «Эл-Алтай». Журнал Респ. Алтай. – Горно-Алтайск, 1998.
151. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1965. – 973 с.

Интернет көздері:

<http://webcache.googleusercontent.com>

<http://www.enc.cap.ru>

<http://www.nbuu.gov.ua>

<http://edu-science.ru>

<http://www.garshin.ru>

<http://www.grammar.ru>

<http://dic.academic.ru>

<http://www.philology.ru/linguistics>

1-ҚОСЫМША

Жеке түркі тілдері туралы зерттеу еңбектері

Алтай тілдері

1. Баскаков Н.А. Алтайский язык. – М., 1958.
2. Котвич В.Л. Исследование по алтайским языкам. – М., 1962.
3. Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. – Л., 1970.
4. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы: фонетика. – Алматы, 1999.

Әзірбайжан тілі

1. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке: опыт сравнительного исследования. – М., 1962.
2. Ширалиев М.Ш., Севортян Э.В. Грамматика азербайджанского языка (фонетика, морфология и синтаксис). – Баку: ЭЛМ, 1971.
3. Будагова З.И. Азербайджанский язык (краткий очерк). – Баку: ЭЛМ, 1982.
4. Сеидов Ю. Грамматика азербайджанского языка. Морфология: учебник высшей школы. – Баку, 2006.
5. Kazimov Q.Ş. Müasir Azərbaycan dili. Morfologiya. Ali məktəblər üçün dərslik. – Bakı, 2010.

Башқұрт тілі

1. Киекбаев Д.Г. Основы исторической грамматики урало-алтайских языков. – Уфа, 1996.
2. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – 2-е изд. – М., 2008.
3. Кулаев М. А. Основы звукоподражания и азбука для башкир. – Уфа, 1912.
4. Тикеев Д.С. Основы синтаксиса современного башкирского языка. – М., 2004.

Гагауз тілі

1. Гайдаржи Г.А. Гагаузский язык // Российский этнограф. – М., 1993.
2. Гайдаржи Г.А. Гагаузский синтаксис. Придаточные предложения союзного подчинения. – Кишинёв, 1981.
3. Дмитриев Н. К. Фонетика гагаузского языка. – М., 1962.
4. Покровская Л. А. Синтаксис гагаузского языка в сравнительном освещении. – М., 1978.
5. Покровская Л. А. Синтаксис современного гагаузского языка. – СПб.: Комрат, 1999.

Долған тілі

1. Артемьев Н.М., Петров А.А. Долганский язык в таблицах. – СПб., 2003.

Қазақ тілі

1. Досмұхамедұлы Х. Қырғыз-қазақ тіліндегі сингармонизм заңы. – Павлодар, 2010.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. I, II кіт. – Алматы, 1967.
3. Кажибеков Е.З. Глагольно-именная корреляция глагольных корней в тюркских языках. – Алматы, 1986.
4. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, 1986.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.
6. Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент, 1997.
7. Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы, 2002.
8. Салқынбай А. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: практикалық курс. – Алматы, 2005.

Қарайым тілі

1. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология. – М., 1964.
2. Мусаев К. Синтаксис караимского языка. – М.: Academia, 2003.

Қарақалпақ тілі

1. Басқаков Н.А. Каракалпакский язык. Т. 2, Ч. 1. – М., 1957.
2. Хәзирги қарақалпақ тили. – Нөкіс, 1974.

Карачай-балкар тілі

1. Алиев У.Б. Синтаксис карачаево-балкарского языка. – Черкесск, 1973.
2. Хабичев М. Карачаево-балкарское именное словообразование. – Черкесск, 1971.

Құмық тілі

1. Ольмесов Н.Х. Сопоставительная грамматика кумыкского и русского языков. Фонетика. Морфология. – Махачкала: ДГУ, 2000.

Қырғыз тілі

2. Абдувалиев И. Қырғыз тили: морфология боюнча лекциялар. – Бишкек, 2003.
3. Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы. – Бишкек, 2013.
4. Дыйқанов Қ. Қырғыз тіліндегі үндүүлөр. – Фрунзе, 1959.
5. Ибрагимов С. Қырғыз тилинин синтаксиси. – Бишкек. КМПУ, 2001.
6. Карымшакова А.Т. Фонетика жана морфология. 1-б. – Фрунзе: Илим, 1980.
7. Давлетов С., Күдайбергенов С. Азыркы қырғыз тили. Морфология. – Фрунзе, 1980.

Қырым-татар тілі

1. Самойлович А.Н. Опыт краткой крымско-татарской грамматики. – Петроград, 1916.
2. Меметов А. М. Крымтатарский язык: морфология: В 2-х ч. / А.М. Меметов, К. Мусаев. – Симферополь: Учебно-педагогическое изд-во, 2003.

Ногай тілі

1. Басаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь. – М.– Л., 1940.
2. Калмыкова С.А., Саруева М.Ф. Грамматика ногайского языка. Ч. 1. Фонетика и морфология. – Черкесск, 1973.
3. Проблемы историческо-сравнительного изучения языков народов Карачаево-Черкесии. – Черкесск, 1985.
4. Бирабасова М.А. Сложноподчиненное предложение в современном ногайском языке. – Карачаевск, 2003.

Ўзбек тілі

1. Боровков А. Очерки по истории узбекского языка. – М., – Л., 1948.
2. Щербак А.К. Грамматика староузбекского языка. – М., 1962.

Салар тілі

1. Тенишев Э. Строй саларского языка. – М., 1976.

Татар тілі

2. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – М., 1953.
3. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. – М.: Наука, 1982.
4. Тюркские языки в условиях глобализации. – Астана, 2011.
5. Махмутова Л.Т. Опыт исследования тюркских диалектов: мишарский диалект татарского языка. – М.: Наука, 1978.
6. Тумашева Д.Г. Диалекты сибирских татар. – Казань: изд-во КГУ, 1977.

Тофалар тілі

1. Рассадин В. И. Фонетика и лексика тофаларского языка. – Улан-Удэ, 1971.
2. Рассадин В.И. Тофаларский язык и его место в системе тюркских языков. – М., – Берлин, 2015.

Тува тілі

1. Исхаков Ф.Г., Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка. – М., 1961.
2. Монгуш Д.И. Формы прошедшего времени изъявительного наклонения в тувинском языке. – Кызыл, 1963.

3. Кунаа А.Ч. Синтаксис простого предложения тувинского языка. – Кызыл, 1970.
4. Татаринцев Б.И. Смысловые связи и отношения слов в тувинском языке. – М., 1987.
5. Сат Ш.Ч. Грамматика тувинского языка. – М., 1955.
6. Мартан-оол М.Б. Тувинский язык // Письменные языки мира. – М., 2000.
7. Бичель-дей К.А. Звуковой строй диалектов тувинского языка. – М., 2001.
8. Шамина Л.А. Полипредикативные синтетические предложения в тувинском языке. – Новосибирск, 2001.
9. Ондар Н.М. Парные слова в тувинском языке. – Кызыл, 2004.

Түрікмен тілі

1. Грунина Э.А. Туркменский язык. – М.: Восточная литература, 2005.
2. Беляев И.А. Грамматика туркменского языка. – Ашхабад, 1915.
3. Поцелуевский А.П. Основы синтаксиса туркменского литературного языка. – Ашхабад, 1943.
4. Баскаков Н.А. К истории изучения туркменского языка. – Ашхабад, 1965.

Түрік тілі

1. Қараджа О.С. Түрік тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері. – Алматы, 2005.
2. Казем-Бек. А.К. Общая грамматика турецкого-татарского языка. – Казань, 1939.

Ұйғыр тілі

1. Насилов В.М. Грамматика уйгурского языка. – М., 1940.
2. Садвакасов Г. Современный уйгурский язык. Морфология и синтаксис. – Алматы, 1966.
3. Талипов Т. Развитие фонетической структуры уйгурского языка. – Алматы, 1972.
4. Талипов Т. Фонетика уйгурского языка. – Алматы, 1987.

Хакас тілі

1. Грамматика хакасского языка / под ред. проф. Н.А. Баскакова. – М., 1975.
2. Донидзе Г.И. Хакасский язык. Языки мира: Тюркские языки. – М., 1997.
3. Дыренкова Н.П. Грамматика хакасского языка. – Абакан, 1948.

Чуваш тілі

1. Андреев И.А. Чувашский язык. – Чебоксары, 1986.
2. Егоров В.Г. Современный чувашский литературный язык в сравнительно-историческом освещении. – Чебоксары, 1971.

3. Котлеев В.И. Хальхи чаваш челхин фонетики, графика тата орфографийе. – Шупашкар, 1978.
4. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976.
5. Мышкин З.Ф. Сопоставительная характеристика звуковых систем русского и чувашского языков. – Чебоксары: изд. ЧГУ, 1994.
6. Резюков Н.А. Сопоставительная грамматика русского и чувашского языков. – Чебоксары, 1959.
7. Сергеев Л.П. Чаваш челхи. Синтаксис. – Шупашкар: Чаваш кенеке издательстви, 1993.

Шор тілі

1. Дырленкова Н.П. Грамматика шорского языка. – М., 1941.
2. Чиспияков Э.Ф. Учебник шорского языка. – Кемерово: Кемеровское кн. изд-во, 1992.

Якут тілі

1. Черемисина М.И. Морфология тюркских языков Сибири. – Новосибирск, 1985.
2. Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонет. Морфология. – Якутск, 1947.
3. Петров Н.Е. Якутский язык. – Якутск, 1958.

«Языки мира» сериясы. – Москва, 1997.

- М. Ш. Ширалиев. Азербайджанский язык
 Л. Ш. Арсланов. Алабугатских татар (ногайцев) язык
 Н. А. Баскаков. Алтайский язык
 Л. Ш. Арсланов. Астраханских ногайцев-карагашей язык
 Л. А. Покровская. Балканских тюрков языки
 Л. В. Дмитриева. Барабинских татар язык
 А. А. Юлдашев. Башкирский язык
 Е. А. Поцелуевский. Боджнурди язык
 Л. А. Покровская. Гагаузский язык
 С. И. Андросова. Долганский язык
 А. Т. Кайдаров. Казахский язык
 К. М. Мусаев. Караимский язык
 Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык
 А. А. Чеченов, И. Х. Ахмашов. Карачаево-балкарский язык
 Б. О. Орузбаева. Киргизский язык
 С. Р. Изидинова. Крымско-татарский язык
 Д. И. Реби, Б. М. Ачкинази, И. В. Ачкинази. Крымчакский язык
 Л. С. Левишская. Кумыкский язык
 Н. А. Баскаков. Ногайский язык
 Э. Р. Тенишев. Саларский язык
 Э. Р. Тенишев. Сарыг-югурский язык

Е. А. Поцелуевский. Сонкорско-тюркский язык
М. З. Закиев. Татарский язык
В. И. Рассадин. Тофаларский язык
Ш. Ч. Сат. Тувинский язык
А. Н. Кононов. Турецкий язык
Б. Ч. Чарыяров, О. Н. Назаров. Туркменский язык
А. П. Ходжиев. Узбекский язык
Г. С. Садвакасов. Уйгурский язык
С. Н. Муратов. Урумский язык
Э. Р. Тенишев. Фуюйских кыргызов язык
Г. И. Донидзе. Хакассский язык
А. М. Щербак. Халаджский язык
Е. А. Поцелуевский. Хорасано-тюркский язык
И. А. Андреев. Чувашский язык
Р. М. Бирюкович. Чулымско-тюркский язык
Г. И. Донидзе. Шорский язык
Л. Ш. Арсланов. Юртовских татар (астраханских ногайцев) язык
Н. К. Антонов. Якутский язык

«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» бойынша ғылыми еңбектер

Әзиза Нұрмаханова. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1970.

Нұрмаханова Әзиза Нұрмаханқызы 1924 жылы Муйнак қаласында (Өзбекстан) дүниеге келген. 1949 жылы Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институтын, 1954 жылы КСРО ҒА Мәскеу қаласындағы тіл білімі Институтының аспирантурасын бітірген. 1954 жылы КСРО ҒА тіл білімі институтының арнайы Кеңесінде (Мәскеу қаласы) «түркі тілдері» мамандығы бойынша «Прямая и косвенная речь в современном каракалпакском литературном языке» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1954-1957 жылдары Өзбек ССР ҒА-ның Қарақалпақ АССР-дегі ғылыми қызметкері, 1957-1960 жылдары Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1960-1962 жылдары Қарақалпақ АССР-і Оқу министрі, 1962-1968 жылдары Өзбек ССР ҒА-ның түркі тілдері секторының меңгерушісі, 1968-1978 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры, 1973-2001 жылдары Абылайхан атындағы әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі, профессоры. 20-дан астам монографияның, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың, ғылыми мақалалар мен көркем туындылардың авторы. Негізгі ғылыми еңбектері:

1. Қарақалпақ тіліндегі төл сөздер мен төлеу сөздер» (1954).
2. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы (1971).
3. Лекцияның терең сезімдік әсері (1984).

Томанов Мархабат. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық түркология комитетінің мүшесі М. Томановтың ғылыми еңбектері сан-салалы, жан-жақты. Ол бірінші рет түркітануда қалыптасқан ғылыми ойларға, тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ тілінің тарихи грамматикасын жазды. Бұл күні бүгінге дейін бірегей еңбек әрі дара оқулық ретінде танылып отыр. М. Томановтың бұл оқулығында түркітану ғылымының Орта Азия аймағына баса назар аударылған. Онда түркі тілдерінің фонетикалық морфологиялық құрылысы айрықша сөз



етіліп, грамматикалық мәннің жасалу тәсілдері мен морфемалар туралы мағлұмат беріледі. Есім сөз тұлғасының өзгеруіне, сөз таптарына жеке-жеке тоқталады. Етістік тарауында тарихи-салыстырмалы тіл білімінің соңғы жаңалықтары пайдаланылған. Сондай-ақ, ежелгі деректерді кешенді, жан-жақты салыстыра зерттеу арқылы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін ашып көрсеткен түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып, түркітануға үлкен үлес қосты. Түркі тілдерінің негізгі жүйелілік ерекшеліктерін анықтап, оларға тән ортақ белгілерді көрсетіп берді. Соңғы мың жарым жыл бойында түркі халықтары басқа халықтармен жиі қарым-қатынасқа түсіп, өте кең көлемді мекенді жайлап, түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат алған.

Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінің қай-қайсысымен салыстырғанда да, бастау бұлағы – ортақ, даму жолы – бір, сондықтан оның кейін шыққан жас тіл бола алмайтындығын терең ғылыми пайымдаулармен, тарихи деректермен дәлелдеген ғалым да М. Томанов еді.




Баскаков Николай Александрович

Баскаков Николай Александрович (22.3.1905, Ресей, Архангельск облысы Сольвычегодск – ғалым, түркітанушы, филол.ғ.д. (1950), профессор (1932) Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген (1929). Ресейдің (1929), Түрікменстанның (1962), Қарақалпақстанның (1960), Қазақстанның (1967) еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Н. Баскаков көп жыл бойы ҒА Тіл білімі институтында бас ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 1920-1930 жылдары түркі халықтарының тілі жөнінен деректер жинау мақсатында Қарақалпақстан, Ойрат автономиялық облысы (Таулы Алтай автономиялық облысы) Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстан, Дағыстан, Солтүстік Кавказ жерлерін аралады.

Баскаков – түркі тілдерін жан-жақты зерттеген ғалым. Ол «Түркі тілдері» деген еңбегінде (1960) түркі тілдерінің даму тарихын кезеңдерге бөліп, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық ерекшелігін кеңінен анықтады. Баскаков түркі тілдерінің фонологиясын, морфологиясын, типологиялық сипатын, топонимия мен антропонимия мәселелерін зерттеп, жеке монографиялар жариялады. Алтай тілінің солтүстік диалектісін және құман, қарақалпақ диалектілерін зерттеді. Алтай, гагауз, қарайым, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, хакас тілдерінің аударма сөздіктерін жасауға қатысты. Н. Баскаков – әлем шығыстанушылары арасында өзіндік орны бар ғалым. Ол – Финн-угор қоғамының корреспондент мүшесі (Финляндия, 1966), Орал-Алтай қоғамының (Германия, 1967), Венгрия ориенталистері ғылыми қоғамының (Будапешт, 1971), Ұлыбритания, Ирландия, Польша ориенталистері, Азия және Түркі лингвистикалық қоғамдарының құрметті мүшесі.

Дыбо Анна Владимировна – ресейлік лингвист, түркітанушы, компаративист, PFA корреспондент-мүшесі (2008), филология ғылымдарының докторы (1992), PFA Тіл білімі институтының Орал-Алтай тілдер бөлімінің менгерушісі, РМГУ Шығыс мәдениет институтының Компаративистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері. Анна Владимировна – салыстырмалы тарихи тіл білімі (славистика, индоевропеистика, алтаистика, ностратика) санатындағы маман. Анна Дыбо арғы мәдениет пен ана тілін (алтай мәліметінде) семантикалық қайта құру сала-сындағы абыройлы еңбектердің авторы.

150-ден астам еңбегі бар, «Түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы» (М., 1984-2006) атты алты томдықтың бір-неше тарауының және «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» атты шығарылатын көптомдық мақалаларының авторы. Еуропа лингвистикалық атласын әзірлеуге қатысуда, семантикалық және морфологиялық қайта құру, семантикалық типология мәселелерімен айналысады.



Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы.

Базылхан Бұқатұлы 1932 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы, Цэнгэл сұмында дүниеге келген. Дүние жүзіне есімі белгілі алтаист, түркітанушы, моңғолтанушы мәшһүр ғалым. Қазақ, моңғол тілінің маманы, қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи зерттеуінің тұңғыш негізін салушы. Филология ғылымдарының докторы (1993), профессор (1995), Халықаралық Моңғолтану одағының мүшесі (1990), Моңғолия Ғылым академиясының бірінші дәрежелі сыйлығының иегері (1992), Моңғолияның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (2008) Б. Базылхан Өлгий қаласында «Қазақ моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи-грамматикасы» (1973) атты қысқаша курсың баспадан жарыққа шығарады. Көп жылдар бойы түрік, моңғол, манчжур-тұңғыс, жапон, корей тілдерін салыстырмалы зерттеп, алтай төркіндес тілдері туралы жаңа теориялық тұжырым жасады.

Қасым Балқия. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2013.

Қасым Балқия – филол. ғ. д., профессор, Педагогикалық білім беру Халықаралық ғылым академиясының академигі, 10 монография, 330-дан аса еңбектің және ғылыми жобалар, типтік оқу бағдарламалары мен стандарттардың авторы. Негізгі еңбектері: Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер (1996), Сөзжасам: семантика, уәждеме (2003), Когнитивтік лингвистика: Таным. Уәждеме.



Монография (2014), Метафоралы аталым: когнитивті-семантикалық сөзжасам.
Монография (2015).



Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Региональные реконструкции / под ред. Э.Р. Тенишева. – М., 2002.




Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1986.

Серебренников Борис Александрович (06.03.1915, Холмогоры – 28.02. 1989, Москва) – лингвист, ССРО ҒА академигі. Орал, алтай, үндіеуропа тілдері бойынша салыстырмалы, жалпы тіл білімі бойынша: «Об относительной самостоятельности развития системы языка», «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков», «Категория времени и вида в финно-угорских языках пермской, волжской групп» т.б. құнды еңбектердің авторы.

Гаджиева Нинель Зейналовна (4 декабрь 1926, Баку – 28 октябрь 1991, Москва) – түрколог, лингвист-шығыстанушы, ф. ғ. д., профессор. «Проблемы тюркской ареальной лингвистики: Среднеазиатский ареал», «Тюркоязычные ареалы Кавказа», «Тюркские языки» сияқты көрнекті еңбектердің авторы.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Фонетика. Ч. II Морфология. Ч. III Синтаксис. Ч. IV Лексика / под общей ред. Н.К. Дмитриева. – М, 1955-1962.



Азнабаев А.М. Сравнительная грамматика тюркских языков [Электронный ресурс]: учебник. – Башкирия, 2011.

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. – М.: Наука, 2006.

Томанов Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мархабат Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы» кітабын осы оқу құралының авторына сыйлап, мынадай автограф жазыпты: «Коллега, шәкірт Гүлжамалға үлкен болашақ тілеймін! Июль, 1986 жыл».



3-ҚОСЫМША

«Мәңгілік ел қақпасына жету» ойыны

Ойынның мақсаты – түркі халықтары және түркі тілдері туралы білетіндерін ортаға салу. Алтын сандықта «Білім» атты қазына бар. Ойын 3 кезеңнен тұрады. 1-кезең «Тас қақпада» морфологиялық тапсырма, қазақ тілінен басқа түркі тілдерінде жауап беру керек. 2-кезең «Күміс қақпа», 3-кезең – шешуші кезең «Алтын қақпа» деп аталады. Әр кезең 10 сұрақтан тұрады. Сұрақтарға толық жауап берілген жағдайда қақпа ашылады. Үш қақпаны да ашқан топ алтын сандықтың сұрақтарына жауап береді. Алтын сандықтың сұрағына жауап берген топ жеңіске жетеді.

«Тас қақпаның» тапсырмасы:

«Түркі» сөзін жіктеу, сөйлемдер құрастыру

«Қазақ» сөзін септеу, сөйлемдер құрастыру



«Күміс қақпаның» тапсырмасы:

Қазақ тіліндегі «Қызы бардың назы бар» деген мәтелдің басқа түркі тілдеріндегі нұсқасын тап.

Түрік тіліндегі бұл мәтелдің басқа тілдердегі нұсқасын тап: «**Bal tutan parmagını yalar.**»



«Алтын қақпаның» тапсырмасы:

Блиц-сұрақтар:

1. Қырғыз-қыпшақ тобына жататын тіл – ?
2. Оғыз-селжук топшасындағы тіл – ?
3. Оғыз-бұлғар топшасындағы тіл – ?
4. Оғыз-бұлғар топшасындағы тіл – ?
5. Қарлұқ тобына жататын тіл – ?
6. Ұйғыр-оғыз тобына жататын тіл – ?
7. Оғыз-түрікмен топшасындағы тіл – ?
8. Якут топшасындағы тіл – ?
9. Ұйғыр-оғыз тобына жататын тіл – ?
10. Қыпшақ-бұлғар тобындағы тіл – ?

Блиц-сұрақтар:

1. Гагауыздар өмір сүретін мемлекет – ?
2. Татарлар өмір сүретін мемлекет – ?
3. Сахалар өмір сүретін мемлекет – ?
4. Түріктер өмір сүретін мемлекет – ?
5. Сары ұйғырлар өмір сүретін мемлекет – ?

6. Долғандар өмір сүретін мемлекет – ?
7. Халаждар өмір сүретін мемлекет – ?
8. Қырым-татарлары өмір сүретін мемлекет – ?
9. Құмықтар өмір сүретін мемлекет – ?
10. Үрімдер өмір сүретін мемлекет – ?

«Алтын сандықтағы» тапсырма:

Түркі этнонимдері туралы мақал-мәтел не фразеологизмдерді айту.

Мысалы:

Қазақта айран көп



«Мәңгілік ел қақпасы»

Қақпа алдында өлең оқылады.



Суретті-танымдық тапсырмалар



✓ «Қоржында не бар?»

Мақсаты – заттар көрмей таңдалып, затқа қатысты фразеологизм не мақал-мәтел, қанатты сөздерге мысал келтіріледі және шығу мотивін айтады. Мысалы қоржыннан жүзік алған студент жүзік сөзін қосып мақал-мәтел айту керек және қосымша танымдық мәлімет берілу керек.



«Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген»

Сүлеймен – (Соломон евр. Шеломо) – Дәуіттің ұлы, мейірімді, данышпан патша болған, желдің бағытын, құстардың тілін білген. Алланың өмірі мен оған жындар қызмет етіп, су астынан асыл тастар жинаған. Су патшасы Сүлейменнің алты қырлы, жұлдыз пішіндес, бет жағында «Бәрі де өтпелі» деген жазуы бар, «қолынан келмейтіні жоқ» сиқырлы жүзігі болыпты-мыс. Шайтан сақыр жүзікті алып қойып, Сүлеймен сиқырынан ада болады. «Тіліміздегі жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген» деген мәтел осыған байланысты туындаса керек. Аңызда Сирия мен Палестинадағы керемет архитектуралық құрылысты Сүлейменнің жындары тұрғызғандығы айтылады. Бұдан басқа су пайғамбары Сүлейменнің сиқырлы айнасы, кілемі болған.

«Сиқырлы құмыра» ойыны.

Құмырада түркі тілдерінің атауы жазылған қағаздар бар. Қағазды суырған студент сол тіл туралы баяндайды. Мысалы чұлым тілі. Чұлым тілінің таралу аймағы қазіргі Орталық Чұлымда қалыптасқан, Томск облысының Тегүлдет ауданында орналасқан. Бүкіл Ресейлік 2002 ж. Халық санағы бойынша жалпы саны – 656 адам. Бұл тіл номинативті тілдерге жатады. Ойынның шарты – 3 минут. Берілген уақытта көп мәлімет берген студент жеңімпаз болып табылады.



Жұмбақтың жауабы не?

*Сары кашлы Гөлбаһар,
Ай тулғанда ай бағар,
көн тулғанда көн бағар.*

«Қамшы тастау» сайысы.

Ортаға әр студент түркі халықтарының бір өкілі ретінде шығады. қолдарында өрілген қамшы болады. Қойылған сұраққа жауап беру үшін қолындағы қамшысын ортаға қояды. Қойылатын сұрақтар бір тақырып төңірегінде болады. Оны әр қамшыгер өзі таңдайды. Ойынның мақсаты – қатысушылардың бір-бірін тыңдап, ойлы, салмақты жауаппен қарсыласын таңдандыру болып табылады.



✓ «Адасқан әріптерден» сөз құрап, алтын тостағанға салыңыз, аударыңыз.

а г ы ч р
ы ш ъ к
арыслан
Къырмызы
Тумар
ю б л л ю б
Түрік




5-ҚОСЫМША

Сөзжұмбақты шеш: Түркі этнонимдері

				Қ					
				а					
				з					
				а					
				қ					
				с					
				т					
				а					
				н					

6-ҚОСЫМША

«Ай мен жұлдыз»: қай түркітілдес мемлекеттердің туы?



Тілдік анкета

1	2
Тіл туралы қысқаша мәлімет:	<i>Құмық тілі</i> — түркі тілдері қыпшақ бұтағының батыс тобына жататын тіл. Қарашай, балқар, ноғай, қарайым, қырым татарлары тілдеріне жақын. Құмық тілі Дағыстанның алты әдеби тілінің бірі болып саналады.
Географиялық таралымы:	Құмықтардың қазіргі жалпы саны 300 мыңнан астам, ал бұл тілде сөйлеушілердің саны 400 мыңнан асады. Дағыстан халықтары арасында саны бойынша 3-орында, Ресей Федерациясында – 503,1 мың адам, оның 431,7 мыңы (14,9%) – Дағыстан Республикасында. Дағыстандағы құмықтардың жартысы (51%) ауылдық аймақтардағы Қарабудаккент, Бойнақ, Кумторқалы, Бабаюрт, Қыякент, Хасавюрт, Қызылюрт және Қайтас сияқты 8 ауданға таралған. Барлық құмықтардың жартысына жуығы Махачкала, Бойнақ, Хасавюрт т.б. қалаларда және қала типтес елді мекендерде, қалалық елді мекенге айналған бұрынғы құмық ауылдарына топтастырылған. Дағыстаннан тыс Ресейдің басқа аймақтарында 71 мыңға жуық адам, яғни Ресей Федерациясындағы құмықтардың 14%-дан астамы тұрады. Шешен Республикасының Гудермес және Грозный аудандарында (9 мыңға жуық) және Солтүстік Осетия – Алания Республикасының Моздок ауданында (13 мыңға жуық) өмір сүруде. РФ-ның Ставрополь өлкесіне (6 мыңға жуық), сондай-ақ Тюмень облысына (12 мыңнан астам), Югра – Ханты-Мансий автономиялық аймағына (10 мыңға жуық), Ямала-Ненец автономиялық аймағына (3 мыңға жуық) қоныстанды.
Мемлекеттік және ресми тілдері:	<i>Құмық тілі</i> 7 ғасырдан бастап Солтүстік Кавказдағы орыс әкімшілігімен қатынаста ресми тіл қызметін атқарған. Дағыстанның мемлекеттік тілі Құмық тілі Дағыстан Республикасының Конституциясына сәйкес, 1994 жылы орыс және Дағыстандағы басқа тілдермен қатар мемлекеттік тіл болып танылды.
Тілді зерттеушілер	Ян Потоцкий, Н.К. Дмитриев. Құмық диалектологиясы И.А. Керимов, Н.Х. Ольмесов, М.Г.Афанасьев
Этнонимдік аталуы	Ғылымда «құмық» этнонимінің шығу тегі айқын емес. Өздерінің аты – кьумукь (құмық), осы эндоэтнонимнен орысша, ноғайша – кумык, шешенше – гумкхи сөзі шығады, Дағыстанның таулы халықтарында құмық сөзі «өзен аңғары тұрғындары» деген мағынаны білдіреді.

1	2
	<p>Ғалымдар құмық этнонимінің этимологиясын түрліше түсіндіреді: «гунн» (тайпа аты), «кьон» + «укъ» (салт атты тайпа), «кум» (күм), «кув» (акку, шамамен, бұрынғы тайпалар тотемі).</p> <p>Кейбір зерттеушілер оны қимақ-қыпшақпен – түркі тайпалары бірлестігінің атауымен (IX ғасырдың 2-жартысы) байланыстырса, «күм», «күмлық» дегеннен шығады деп есептейтіндер де бар.</p>
Жазуы	<p>Құмық жазба ескерткіштері 16 ғасырдан белгілі. Құмықтар ертеден араб жазуын пайдаланып келді. 1928 ж. латын, 1938 ж. кирилл әліпбиіне көшірілген. Онда 38 жөне гъ (ғ), къ (к), нь (н), оь (ө), уь (ү), ж(дж) тәрізді 6 қосымша әріп бар. Грамматикасында оғыз тілдерінің, Кавказ халықтары тілдерінің әсері байқалады. Сөздік құрамында орыс тілінен енген сөздер мол кездеседі. Құмық тілі қайтағ, тер, бұйнақ, хасавюрт деп аталатын диалектілерге бөлінеді. Құмық тілі Дағыстанның алты «әдеби тілдерінің» бірі. Әдеби тілі бұйнақ және хасавюрт диалектілерінің негізінде қалыптасқан.</p>
Діні	<p>Діні жағынан <i>құмықтар</i> Исламның сүнниттік бағытына кіретін олардың басым бөлігі шафиғи мәзһабын, қалғаны ханафи мәзһабын ұстанады.</p>
Ұлттық мерекелері:	<p><i>Құмықтарда</i> атап өтілетін ең басты ұлттық мереке <i>Навруз (Жаңа жыл)</i> мерекесі болып табылады. Бұл ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Навруз мерекесі қарсаңында адамдар көшелерді, үйлердің айналасын тазалап, от жағып <i>кьыш гюйдюров</i>, қыспен қоштасу, көктемді қарсы алу дәстүрін өткізеді. Бұл мерекеге арналып құмықтарда арнайы тамақтар дайындалған. Соның бірі бидай дәндерінен дайындалған <i>семе не</i> тағамы, сонымен қатар үн мен наннан дайындалған <i>боза</i> сусыны, жүзімнен дайындалған <i>жаба</i>, <i>муселлес</i> сусыны. Бұған қоса жұмыртқаларды қайнатып, бояп көпшілікке таратады. <i>Навруз-байрам</i> мерекесіне орай балалар <i>навруз-байракъ</i> дайындаған. Ағаш бұтақтарын тазалап, оған түрлі сыйлықтар мен орамалдарды ілетін болған. Құмықтардың <i>навруз</i> мерекесіне өлеңдер айтқан <i>Кьыш чыкъды, язбаш гелди, Бюлбюлден аваз гелди, Чакъыра хораз гелди, Шатман, шатман, Навруз гюню мубарак! Досну чырагъы янсын, Оту сёнсюн намартны!</i></p>

1	2
	<p><i>Аллагъ насипли этсин Рагъмулу ва чомартны!</i></p>
<p>Ұлттық тағамдары:</p>	<p><i>Құмықтардың ұлттық тағамдарына хинкал, күрзе (түшпара), долма, аш (палау), чишилик (кәуап), бозбаш, чуду, гюлеме, этмек, т.б. ет, қамыр, сүт өнімдерінен жасалған тағамдар жатады. Жүзімнен сусын, шарап жасайды. Джёрме, кыйма, сохта, айран, гыпы айран, джууурт айран, гырджын, хычын атты тағамдар мен сусындар жатады. Баста деген тары ботка негізгі тағамдарының бірі болып табылады. Айран, қаймақ, ірімшік кең жайылған. Хычин деген шелпектері кең таралған. Шұжықтар, орамалар да бар. Сүт, май, тұз бен бұрыш қосылған шай ішеді.</i></p>
<p>Мәдениеті</p>	<p>«Сүйдім таяқ» атты құмық халық ойынында, күлдіргі «домбайлар» өнерінде, ашугтар айтысы мен үйлену кәделерінде театрға тән мол элементтер бар. Дағыстан театр әуесқойларының драма үйірмелері лезгиндерде 1914 жылы, лактарда 1915 жылы, құмықтарда 1916 жылы құрылды. Құмық тілінде «Елдаш» деген газет жарық көреді.</p>
<p>Антропонимдер</p>	<p><i>Құмықтарда: ай «ай», гюн «күн», чопан «шолпан» т.б. Есімдердің аспан денелерімен байланыстырылып аталуы құмықтардың Күнге, Айға, жұлдыздарға табынғандығының дәлелі болып табылады. Мысалы, гюнарив «күн секілді әдемі», айдай «ай секілді», айбике «ай ханымы», чолпан «шолпан», юлдуз «жұлдыз», юлдузат «жұлдыз есімі». Балтерек, Юлдуз, Перезе, Инчегюл, Сунгурбек, Динислам, Шихмирза, Пирмагъаммат, Нюрмагъаммат</i></p>
<p>Жақсы көретін әзілдері</p>	<p>Гетип қял, амалсыз Абусупиян апендиден дарс алмагъа гелип, Къзанышда биз бир нече паравуллу яш бар эдик. Бир гюн ол ёкъда, биз гъаясызлыкъ этип, бир мишикни къуйругъуна чакъалары булангы темир къутукъну тагыып йиберип, жанны негъакъ къыйнагъан эдик. Къачгъан сайын ондамунда урунуп, къутукъну зангырагъан тавушундан эпсиз къоркъуп, ари-бери къача туруп тазза гьалсыз болуп, ахырда бир ягъына багъып ёкъ болуп гетген эди. Сонг о мишикге не болду буса да билмедик, ол шо арагъа дагъы гелип гёрюмеди. Арадан кёп гюнлер оьтюп, Абусупиян апенди бизге дарс берип турагъанда, къырыйы бираз ачылып турагъан эшикден бир башгъа мишик астаракъ гирип гелип, бир мноюште чёнчюп токътады. Абусупиян апенди мишикге тергевлю къарап турду, сонг:</p>

1	2
	<p>– Астаракъ гетип къал шундан, амалсыз. Гъалигине паравуллу яшлар къуйругъунга къутукъ тагъып бакъдырар, – деди.</p> <p>Тамаша болуп, биз бир-бирибизге къарадыкъ, неге тюгюл о ишни Абусупиян апенди билмей деп сююнуп тура эдик. Билсе де, бир зат да билмейген гиши болуп туруп, ораву гелгенде шолай айтып, бизин уялтгъан эди.</p>
Танымал тұлгалары	Ташав-хаджи Эндиреевский, Абусуфьян Акаев Ахмед Ибрагимович Османов, Джалалутдин Атаев
Мақал-мәтелдері	<p>– Дослукъ деген бир терекдир, герюшюдюр емиши</p> <p>– Адамны тили – гъакъылыны язвчусу</p> <p>– Китаплар алимлени бахчалары</p> <p>– Алгъасавлукъ – пашманлыкъны къызардашы</p> <p>– Эринчеклик-байлыкъны къызы, пакъырлыкъны анасы</p> <p>– Адамны гзю – юрегини гюзгюсюдюр, ону сырларын билдирер</p>

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1984.
2. Портал Всероссийская перепись населения. – М., 2010.
3. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М., – Л., 1940.
4. Керимов И.А. Очерки кумыкской диалектологии. – Махачкала, 1967.
5. Афанасьев М.Г. Русско-кумыкский словарь // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. Вып. 17. – Тифлис, 1893.

8-ҚОСЫМША

Интеллектуалдық сайыс «Бәйтерек – үш әлем ағашы»



Бұл сайыс 3 деңгейлік сатымен өтеді.
қырг. Бәйтерек
тат. Байтирәк
алт. Бәйтерек
баш. Байтирәк

I деңгей.

✓ Түркі тілдеріндегі Бәйтерек туралы аңыздарды баяндаңыз.

II деңгей.

✓ «Бәйтерек» тақырыбында эссе жазу, сөйлемдер құрмаласа байланысу керек.

III деңгей.

✓ Суретке қарап қай халықтың өкілдері екенін анықтап, эссе жазыңыз.



I деңгей.

✓ Түркі тілдеріндегі Бәйтерек туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріңіз
Мысалы: «Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ».

II деңгей.

✓ «Бәйтерек» тақырыбында эссе жазу, сөйлемдер құрмаласа байланысу керек.

✓

III деңгей.

✓ Суретке қарап қай халықтың өкілдері екенін анықтап, эссе жазыңыз.



9-ҚОСЫМША

«Ойлан, тап»

**Бос орынды толтыр: этнограф-тарихшы, тарих ғылымдарының докторы
А. Тоқтабайдың классификациясы бойынша**

Орта Азия түріктері:	Сібір түріктері:	Еділ-Қама түріктері	Кавказ түріктері:	Еуразия түріктері:
Қазақтар	Алтайлықтар	Башқұрттар	Әзірбайжандар	
Өзбектер	Долғандар			Қырым татарлары
Қырғыздар	Шорлар	Татарлар	Қарашайлар	
	Саха			Ұрымдар
Қара-қалпақтар	Тывалықтар		Ноғайлар	Түріктер
	Хакастар			Қарайымдар



Авторы	Кітаптың аталуы	қала	Шыққан жылы
Гайдаржи Г. А.		Кишинёв	
Левитская Л.С.		Москва	
Қайдар Ә., Оразов М		Алматы	
Қарымшақова А.Т.		Фрунзе	
Ольмесов Н.Х.		Махачкала	
Ондар Н.М.		Кызыл	
Поцелуевский А.П		Ашгабад	
Петров Н.Е.		Якутск	
Рассадин В. И.		Улан-Удэ	
Тикеев Д.С.		Уфа	

Ребусты шеш

Суда Сөлэйман



Камилләт-кат туннариенә



Беркечкенә

ЫРНИҮТМ

Ғикашағи, ғикукарн ғикафика Мустафааға

АЛОПКИКЛ

Зил-зил, Зилешкә, Зилә моя кубышка

10-ҚОСЫМША

Викторина «Сен сахаларды білесің бе?»

1. Тарихы

Саха Республикасының елтаңбасындағы 7 ромбик нені білдіреді?

Саха елі деп неге аталады?

Сахалардың арғы бабалары кімдер?



2. Якутияның географиясы

Якутияда ең алғаш ашылған алмаз кен орны қалай аталады?

Якутияның қысы-жазының ерекшелігі?



3. Якут фольклоры

«Ньургун Боотур» олонхосындағы басты кейіпкерді ата

Жаңылтпаш –

Жұмбақ –

Мақал-мәтелдер –

Олонхо –

Ертегі –

Аңыз –

Халық әндері –

Ысыах мерекесінде қандай салт-дәстүрлер орындалады?

4. Якут тілі

Якут тілінде танысу туралы диалогын құр

Сәлемдесудің қандай түрлерін білесіз?



5. Ұлттық киімі

Ұлттық киімінде қандай түстер қолданылады?

Сахалардың әйелдерінің бас киімі қалай аталады?

6. Наным-сенімі

Сахалар әйелдердің пірі не деп ойлайды?

Сахалардың тотемдерін ата.

7. Би өнері

«Өрнек» биінің авторы кім?

8. Ұлттық спорт түрлері

Сахаларда ең көп таралған ойын түрі.
Ұлттық ойынның 6 мәрте чемпионы кім?

9. Ұлттық мерекелері

Ұлттық қызықты мерекелері не деп аталады?

10. Сахалардың дәстүрлі дастарханы

Строганинді қалай дайындайды (чир, омуль,
нельма, муксун)?

Саламат деп аталатын тағамы неден жасалады?

11. Өнері

Сахалардың музыка аспаптарын атаңыз.

Картина не деп аталады, авторы кім?

12. Үстел ойындары

«Тыксаан» ойынында фишканы неден жасайды?

«Хабылык» ойынында таяқтың ұзындығы қандай
болады?



11- ҚОСЫМША

Түркі тілдеріндегі мәтіндер

Қырым татар тіліндегі мақал-мәтелдер:

*Эвинъде не болгъаныны – къоншынъдан сора.
Къызым санъа айтаман, келин сен анна.
Бит итке, ит те къуйругъына
Шакъа, шакъа – юрек якъа.
Аш дегенде – къаядан атарсынъ.
Сен хан, мен хан, аткъа пичен бермек адам ёкъ.
Ватансыз адам – йырсыз бульбуль
Ат къартайса – эшекнен достлаша, йигит къартайса – ястыкънен.*

Долған тілінде:

*Балыктыыр кэм буолла / Балық аулайтын мезгіл жетті.
Биһиги диэк үчүгэйдик ыллыыр аматтан һуок этэ / Біздің аймақтан ән шырқаушылар кезікпеген.
Тээтэм минигин ытарга үөрэппитэ / Әкем мені садақ атуға үйреткен.
Барыкааттара дыиэлэригэр тәннүбүттэр, һүпнүтү булбатактар / Бәрі үйге келді, адасқандар табылмады.
Эн мээнэ һанарыма, көрбүт кэпсээтин / Сен бос сөйлеме, көрген адам сөйлесін.
Миша футбол көрө олорор / Миша футбол көріп отыр.
Кыыйһым атактары тигэ һатыыр / Менің қызым аяқ киім тіге алады.*

Қарашай-балқар тіліндегі мақал:

Ата джуртуму башы болмасам да, босагасы ташы болайым.

Алтай мақал-мәтелдері:

*Коокойго кой кабыртпа, копчыга сбс тыгдатпа / Қасқырға қой қай-тартпа, өсекшіге сыбыс тыңдатпа
Ақсак бр а тутпас, ишли јаман сс тутпас / Ақсақ қасқыр жануар ұстай алмас, жаман тіл сөз ұстай алмас
Блингенди бр јиир, айрылганды айу јиир / Бөлінгенді бөрі жиді, айырылганды аю жейді.
Күршө-арий аякри таванран паха / Жақсы көрші – алыс туыстан артық.*

Әзірбайжан тілінде:

*Мал саһиббинә окшамаса һарамдыр
Ағыз илә гулагын арасы дөрд бармагдыр
Ахшамын хејриндән сабаһын шәри јахшыдыр
Дост мин исә аздыр, дүшмән бир чохдур)
Алим олмаг асандыр, адам олмаг чәтин*

*Адам вар ки, адамларын нахишыдыр,
Адам вар ки, һејван ондан јахшыдыр*

Түрік тiлiнде:

*Abdalın dostluğu köyü görene kadardır)
Adam ahbabından bellidir
Ak gün agartır6 rara gün karatur
Altın eşik gümüş eşige muhtaçtır
Bedave sırke baldan tatlıdır
El ekden üstündür
Peşembenin gelişі Çarşambadan bellidir*

Түрікмен тiлiнде:

*Надан достан дана душман ягшыдыр
Акыллы бир сөз бесдир, акмага муң сөз хебесдир
Гар «ягды» дийип бегенме – аязы бардыр,
Ишанм «гелди» дийип бегенме – нязы бардыр
Бир акылсыза акыл беренден,
Кал дагыны иңге билен ун эден ягшыдыр*

Қырым татарлары тiлiнде:

*Һар заһаың камалы вар-дыр
Hal halin joldашы 6ыр*

Тува тiлiнде мақал-мәтелдер:

*Даг көрбейн эдэң азынма,
Суг көрбейн идиң ужулба!
Далашкан күске сүтке дүжер
Ядараанда хамнаар,
Аараанда чыраалаар
Бодуңну богдага дөмейлеве,
Эжиңни эникке дөмейлеве.
Боду бодун билинмес,
Чыланның шокары даштында
Кижиниң шокары иштинде*

Ана туралы:

*Эркем деп мээриминди токчу элен,
неберем деп жетелеп журчу элен
айланып, жалынып, жыттап журчу элен.
жанып турган чырагымсын элен,
тутуп жургон тумарымсын элен.
сагынып, зарыгып,
ызаланып, туталанам мен.*

Аркадий Лукин

Сывлаш

Таван сершыв!

Эс сывлаш, тетеп, –

Ман сансар шух черем тапмасть.

Ман сансар сывламасть «упке те,

Ман сансар самрак чун сунмасть.

Таса та селем пултар сывлаш –

Лартатпар йывас-чечексем.

Ус сывлашра вара сут сывлам

Шарса тавать мерчен чиксе.

Ус сывлаш пултар...

Кайак-кешек

Шарантарать хавас юрра;

Уй-хире, улахе ем-ешел,

Ик кус тулли варман – умра.

Т»усейеп сакарсар та шывсар,

Чун пур пер ялкаше сап-сут.

Анчах та Сывлашсар-Сершывсар

Пурнаймап эпе пер минут.

Мин Таймырым (Долган тілінде)

Биирдэ кэртим мин тээлбэр,

Зулус ыраак тээрин.

Каракпын мин арыяат,

Иньэбин кам кууспутум.

Бэрт боскуой, мин этэ Таймыырбын,

Кырабыттан таптыбын.

Улакан дойдубун, мин дьоммун,

Иньэм кэрдэк, чаныбын.

Тыа уута бэрт гилбээниир,

Тыыммын эмиэ эрдэрэр,

«Дорообо, догоо!» – эгэлээр

Зырдык, боскуой мин Таймыырбар.

Қырым тілі / Qırım qızı

Bağçada Qırım qızı

Kökte Çolpan yıldızı

Qalem kibi qaşları

On sekizdir yaşları

Kel seni alayım

Men de senin olayım

Babañ razı olmasa

Bir çaresin tapayım

(Alıp seni qaçayım)

*Bağçada Qırım qızı
Yanaqları qırmızı
Alma berdim almadiñ
Men peşinden qalmadım*

Бесік жыры

*Ай-я десем, ярашыр
Гуль бағчалар долашыр
Меним кучюк кызыма
Нелер айтсам ярашыр
Меним кызым юкъласын
Къырмызы гуллер къокъласын
Осип, буюп кеткен сонъ
Къартанасын ёкъласын
Ай-я, ай-я, ай-ясы
Не заман тиер файдасы
Яз тиймесе, кузь тиер
Ашыкъмасын бабасы*

Шайхзада Бабич

*Башкортостан – нурбостан,
Рәйханостан, гәлбостан.
Шунда тыуган, шунда үскән
Башкорт улы арыслан.
Уралкайзың асты алтын,
Өстө шигыр, үзе нур;
Киләсәктә был ергә
Хозай үзе кызыгыр;
Фирзәүестәр төзөләр,
Әлуан нигмәт тезеләр;
Күкте ташлап мәләктәр,
Был ерзәргә гизенер*

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	3
КІРІСПЕ.....	5
ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ	9
ДӘРІСТЕР	12
1-дәріс. Түркі тілдерін классификациялау принциптері.....	12
ФОНЕТИКА	22
2-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы: басты ерекшеліктер.....	22
3-дәріс. Түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесі.....	31
4-дәріс. Түркі тілдеріндегі консонантизмдер жүйесі.....	42
5-дәріс. Түркі тілдеріндегі дыбыстық құбылыстар: ротацизм, йотация.....	47
МОРФОЛОГИЯ	55
6-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы.....	55
7-дәріс. Түркі тілдеріндегі жалғаулардың қызметі.....	66
8-дәріс. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жүйесі.....	80
9-дәріс. Түркі тілдеріндегі есімдіктер.....	97
10-дәріс. Түркі тілдеріндегі етістік категориясының түрлері.....	107
11-дәріс. Үстеулердің морфологиялық белгілері және адвербиалдану құбылысы.....	115
12-дәріс. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш сөздер.....	119
СИНТАКСИС	133
13-дәріс. Түркі тілдерінің салыстырмалы синтаксисі.....	133
14-дәріс. Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлем синтаксисі.....	138
15-дәріс. Түркі тілдеріндегі сабақтас құрмаластар.....	146
СЕМИНАРЛАР. ФОНЕТИКА	151
1-семинар. Түркі тілдерін зерттеу: салыстырмалы-тарихи әдістер.....	151
2-семинар. Түркі тілдеріндегі негізгі тілдік ерекшеліктер.....	154
3-семинар. Созылыңқы дауысты дыбыстардың ерекшеліктері.....	162
4-семинар. Дауыссыздардың түсіп қалу құбылыстары.....	166

5-семинар. Сөз басында ұшырасатын дауыссыздардың ерекшеліктері	169
МОРФОЛОГИЯ	175
6-семинар. Түркі тіліндегі изафет құбылысы (С.С. Майзель бойынша)	175
7-семинар. Түрік тіліндегі қысқарған сөздер	181
8-семинар. Қазақ тіліндегі септік жалғауларын өзге түркі тілдерімен салыстыру	183
9-семинар. Түрік тілдеріндегі сан есімдер және түрлері	193
10-семинар. Түрік тілдеріндегі есімшелердің қолданысы	204
СИНТАКСИС	212
11-семинар. Түркі тілдеріндегі жай сөйлемдердің зерттелуі	212
12-семинар. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері	220
13-семинар. Түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлем	230
14-семинар. Қаратпалар мен қыстырмалардың синтаксистік құрылымы	237
15-семинар. Түркі тілдеріндегі төл сөз және автор сөзі	239
Студенттердің оқытушымен орындайтын жұмысы (СОӨЖ)	244
Студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ)	244
ГЛОССАРИЙ	256
ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР	260
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	262
1-ҚОСЫМША	269
2-ҚОСЫМША	275
3-ҚОСЫМША	280
4-ҚОСЫМША	282
5-ҚОСЫМША	284
6-ҚОСЫМША	285
7-ҚОСЫМША	286
8-ҚОСЫМША	290
9-ҚОСЫМША	292
10-ҚОСЫМША	294
11-ҚОСЫМША	296

Оқу басылымы

Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ**

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

Мұқабаны безендіруде сурет
www.vostokolyub.ru сайтынан алынды

ИБ №10271

Басуға 14.12.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 18,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №5713.

Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби Атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.